

Λ 2017

4152 к



Аққан Жұлдыз

Гружен Валерий
Фейнберг Арташес Киракосович
Султанов Равшан
Автуров Александр
№ 09 2017 г.г.г.

Аққан Жұлдыз

**Серікбол Төлеуғазыұлы туралы
естелік**

Семей - 2013

ББК 61.328.9 (5Қаз)72

Т68

Аққан жұлдыз (Төлеуғазинов Серікбол Төлеуғазыұлы туралы естелік кітап) – Семей: Үш биік баспасы, 2013. – 250 бет.

ISBN 9961-514-85-6

Бұл кітап ҚР ұлттық қауіпсіздік қызметінің опері болып қызмет еткен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери қарсы барлау департаментінің аға опері Серікбол Төлеуғазыұлының ғұмырнамасы болып табылады.

Отыз алты жасында аспаннан құйрықты жұлдыздай ағып түскен азамат бейнесі, өнегемен ұштасқан өмір жолы, қызмет жолындағы алғырлығы мен табандылығы, Отанға деген адалдығы толассыз естеліктердің жазылуына арқау болды. Бұл жинақ аз ғұмырда ел аузында жүрерлік іс тындырған, әріптестері мен достарының, туыстарының жүрегінде із қалдырған адамның екінші ғұмыры іспетті.

Осы кітап шығуына зор үлесін қосқан журналист
Сабырбай Қайрат Зекенұлына
Нұрғалиевтар әулеті үлкен алғысын білдіреді!

© Төлеуғазинов С.Т., 2013

© «Үш биік» баспасы, 2013

СЕРІКБОЛ ТӨЛЕУҒАЗЫҰЛЫ
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери
қарсы барлау департаментінің аға опері



(1975-2012 жж.)

ҒҰМЫРДЕРЕК

Серікбол Төлеуғазыұлы - тамылжыған шұрайлы мекен Ақсуатта, 1975 жылы 2 желтоқсанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданы Қызыл кесік аулында дүниеге келген. 1982 жылы Ақсуат орта мектебінің Іші сыныбына барып, 1992 жылы 11-ші сыныпты оқып бітірді. 1992-1993 жылдар аралығында Семей технологиялық институтындағы ет-сүт өндірісі мамандығы бойынша дайындық курсына оқыған.

1993 жылы Семей технологиялық институтының механикалық факультетіне түсіп, 1995 жылы экономикалық факультетіне ауысты. 1999 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «агроөндіріс кешеніндегі экономика және менеджмент саласы» мамандығын тәмәмдап, «инженер-экономист» дәрежесін алған.

1999 жылдың қазан айында Семей қаласындағы мемлекеттік зейнетақы қорына бас маман болып жұмысқа тұрады.

2000 жылдың қараша айында ҚР Әскери қарулы күштерінің жарлығымен әскери борышын өтеуге шақырылады. Әскери борышын Семейдің 64031 әскери бөлімшесінде атқарды. 2001 жылдың қазан айында «Сержант» атағын алды.

Әскери борышын шынайы, абыроймен, Отан сүйгіштікпен атқарып, әскери қызметтің қиын-қыстау қыры мен сырын меңгерді. 2001 жылы әскери борышын өтеп келгеннен кейін, Семей қаласының мемлекеттік зейнетақы қорына бас маман болып қайта қызметке оралады.

2002 жылы сәуір айынан Семей қаласының «Шығыс» аймақтық бұйрығымен ҚР ҰҚК әскери барлау Басқармасында бас маман қызметінде 2007 жылдың шілде айына дейін жұмыс атқарады. Жұмыс істеу кезінде 2002 жылдың оныншы сәуір айында «прапорщик» әскери атағы берілді.

2007 жылдың шілде айында Семей қаласының «Шығыс» аймақтық бұйрығымен ҚР ҰҚК әскери қарсы барлау Басқармасында оперлік іс атқарушы қызметіне ауыстырылады. 2008 қантар айында ҚР ҰҚК басқарма бұйрығымен Төлеуғазынов Серікболға «лейтенант» әскери атағы берілді.

2008 жылдың қараша айында «Шығыс» аймақтық бұйрығымен ҚР ҰҚК әскери барлау басқармасының бұйрығына сәйкес Төлеуғазынов Серікбол Төлеуғазыұлы Алматы облысы Үшарал қаласының ҚР ҰҚК ӘҚБ бөлімшесіне оперлік іс атқарушы қызметіне ауысты.

2010 жылдың 15 қантар айында ҚР ҰҚК 8-ші Департамент басқармасы бұйрығымен «аға лейтенант» әскери атағы берілді.

2011 жылдың наурыз айында Төлеуғазынов Серікбол Төлеуғазыұлы Семей қаласы «Шығыс» аймақтық бұйрығымен ҚР ҰҚК әскери қарсы барлау басқармасына жұмысқа ауысты.

2011 жылдың қараша айында Ресейдің Москва қаласындағы Федеральдік Қауіпсіздік Қызметіне оқуға жіберілді.

2001 жылдың қараша айында ҚР азаматшасы Төлеуғазынова (Айтқалиева) Әсел Танатқызымен заңды некеге тұрды. Қазіргі таңда, үш қыз баласы бар.

Ұлттық қауіпсіздік ұйымында әскери борышын өтеу барысында Серікбол Төлеуғазыұлы өзін білікті, білімді жағынан көрсетті және жұмысын жоғары

деңгейде атқара білді. Жұмысқа бар ынтасымен беріліп, зор жауапкершілікпен қарайтын. Оперлік қызметтік жұмысындағы жетістіктер үшін бірнеше рет ҚР ҰҚК жетекшісімен мақталған.

Серікбол Ұлттық Қауіпсіздік саласында жұмыс істей жүріп Алматыда оқып академияны бітірсе, өз білімін одан әрі жетілдіру мақсатында Москва қаласына да барып, білім алып, тәжірибе жинақтап келген болатын.

Ұлттық Қауіпсіздік саласында өз өмірінің ақырғы күніне дейін аянбай еңбек етті. Аса білімді, іскер де парасатты азамат ретінде жұмыстағы жетістіктері үшін атқарған қызметіне сай мемлекет тарапынан еңбектері жоғары бағаланып Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Төрағасының бұйрығымен «ҰҚК-КНБ Қазақстан кеудеге тағатын арнайы белгісімен марапатталды. III дәрежелі №116 27.06.2002 жыл.

Қазақстан Республикасының жарлығына сәйкес 2011 жылдың 25.04 №1615 л.с. бұйрығымен «Мінсіз қызметі үшін» медалымен наградталды.

2012 жылдың 20 сәуіріндегі №170 Қазақстан Қорғаныс министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне 20 жыл» мерекелік медалымен наградталды.

Алматы, Москва академиясында оқығанда алған сертификаттары мен мақтау қағаздары барлығы да үйде сақтаулы, ұрпағы ертең мақтан етерліктей-ақ. Бір айта кетер жай, бақыт демекші, сол бақытқа масаттанбай, қарапайымдылықпен үкімет тарапынан берілген марапаттарды қабылдай білді...

АЗАМАТ ЕДІҢ БАҒАЛЫ !

«Шудасын тарап желменен,
Желмая қайда желмеген».
Бес күндік жалған дүние,
Ешкімге опа бермеген.
Біреудің алып баласын,
Біреудің алып дарасын.
Қауыштырған жерменен,
Ақылы озық бауырым.
Күңіренді міне қауымың,
Көкіректері толы шерменен.
Ата-анаң қалды аңырап,
Аға-бауыр зар жылап,
Көздерінен жас селдеген.
Жарың қалды жабығып,
Қыздарың қалды қамығып
Жоғыңа сенің сенбеген.
Достарың қалды қимаған,
Қызметтестерің қалды силаған,
Серікболымыз нағыз Ер деген.
Секомыз нағыз Ер деген!
О, Серікбол өренім,
Сырын шертсем көненің.
Би Боранбай ат шалдырған,
Шал қажы із қалдырған,
Тумасы едің Өр елдің.
Ер Тоқабай бабаңның,
Кегенбайдай дананың
Шамшырағы көзі едің.
Адал бағыт ойға алған,
Тыныштығын елдің ойлаған,
Ақжолтайдың өзі едің.
Жұрт қамы болып ойында,
Ерейментау бойында,
Мәңгілікке неге бөгелдің?
Көп еді әлі көрерің!
Жақсылармен жарастың,
Жамлоздармен санастың,
Ығына жүрмей «төренің».
Алашыңның бағы үшін,
Қазағыңның қамы үшін,
Алғысын алдың көп елдің.
Тәрк етіп енді өмірді,
Суытып талай көңілді,

Бақилыққа неге жөнелдің?
Ақсуаттық өренім!
Оу, Секошым сардарым,
Тайбурылдай тарланым.
Ғұмырың келте болса да,
Қыран құстай самғадың.
Көкейінде кетті-ау, амал не!
Небір заңғар арманын.
Ешкім қарсы тұра алмай,
Бұйрығына АЛЛА-ның.
Ардақ тұтқан адалды,
Азамат ең бағалы.
Өзіңсіз міне өтуде,
Небір күндер қаралы.
Елес берсе нұр бейнең,
Кеудеге симай кетердей.
Жүрегіміз жаралы,
Пейіліміз енді тек,
Жаның болып жәннатта.
Пейіштің ессін самалы,
Азамат едің бағалы!

Серік Жұматов,
Ақсуат ауылы

АРМАНДА КЕТКЕН ҚАРҒАМ-АЙ...
(Алғы сөз орнына)

Әттең, жалған дүние-ай... Алланың әміріне қарасы тұрар шараң жоқ. Жасым сексенге толар шақта Серікболымдай сүйікті ұлымнан қапыда айрылып, қайғыдан қабырғам қайысар деп ойлаппын ба? Осы ғұмырымда ыстық пен суық, жаман мен жақсыны көріп егде тартқан басымыз, бауыр етім баламның қазасына шыдауға мәжбүр болды. Жаным күйзеліп, жүрегім қан жыласа да Жаратқанның жарлығына мойын ұсынып, өз-өзімді қолға алуыма тура келді. Өйткені, қалған бала-шағамның амандығын ойлап, бір күнде болса солардың тілеуін тілеуім керек екендігін түсіндім. «Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады» дегендей, біз жыласақ бала-шағамыз қоса егіліп, еңселері түсіп кететінін байқадым. Олар да өздеріненгөрі бізді ойлап, «ата-аналарымызға қартайған шақта қиын болды ғой» деп қабағымызды бағып, көңілімізді демеуге тырысты.

Алайда, қанша жерден өз-өзіңді жұбатсаңда арда азаматымның, үмітімді арқалаған ұлымның асыл бейнесі, кісілік келбеті, ізденімпаз әрекеті көз алдымнан кетпейтіні анық. Өмірде өзі жоқ болса да рухы жанымда тұрғандай, кейде бір алыс сапардан оралардай әсермен өз-өзіңді алдарқатуға тырысасың. Жатсаң-тұрсаңда ойыңнан шықпайтын сәттерде сұлбасымен сырласып, көңіл түкпіріндегі көп дүниені актарып, жанға түскен ауыртпалықтан сәл де болса сейіліп қаласың. Ішкі тебіренісінді сыртқа шығаруға, сағынышыңды бір сәтке басуға, көңіліңді кернеген, жүрегіңді тербеген ойларыңды бір арнаға жинақтауға қағаз бен қаламға жүгінуге тура келді.

Арманда кеткен қулыным – Серікболым! Сен менің мақтанышым, арманымды асқарға жетелеген арысым, топқа салсам озып шығар тұлпарым, қияға салсам жарып шығар сұңқарым едің. Сен біздің әулеттің ғана мақтанышы емес, еліңнің, аймағыңның мақтанышына айналып едің. Талаптың мініп тұлпарын, талай асуды артқа тастап, биіктерді бағындыруға құштар көңілмен көп шаруа тындырып едің. Еліне бергеніннен берерің көп еді. Ұлы Абай атқандай көпшілікті сүйіндіруге жараған ұл едің. Енді міне өзіңсіз қалған өмірде, сен тындырған істерді, сен қалдырған үлгілі іздерді, жастарға көрсеткен өнегенді көңілге медеу тұтып ғұмыр кешеміз. Біз үшін сен аспаннан ағып түскен жарық жұлдыздай жарқ еттің де, ғайып болдың. Сөзің мен ісің ел есінде сақталатынына әкелік жүрегіммен сенем. Сен жайлы естеліктер дегі мені осылай үміттендіреді.

Естелік – өткен шаққа шолу жасап, артта қалған өмір жолының ойқырына бір барып қайту ғана емес, ұрпаққа өнеге-үлгі боларлық жандардың ел тарихына қалдырған ізін әспеттеу үшін керек. Содан да болар бүкіл саналы ғұмырын туған елдің қауіпсіздігіне арнаған санлақ қызметкерлер қатарына іліккен ҚР ҰҚК-нің офицері болған Серікбол Төлеуғазыұлының жүріп өткен жолдары қаншама жанның естелік жазуына арқау болыпты. Ол топырағы

күтты, жері шұрайлы қасиетті мекен Ақсуат өңірінің түлегі. Қызыл кесік топырағында дүниеге келген. Ардақты да аяулы ұлымыз табиғатынан көркем мінезді, сыпайылық пен ізеттілікті бойына сіңірген, дидарынан парасаттылық пен инабаттылықтың лебі есіп тұратын.

Ұлттық қауіпсіздік ұйымында әскери борышын өтеу барысында Серікбол өзін біліктілік пен білімділік жағынан көрсете біліп, қызметін жауапкершілікпен жоғары деңгейде атқара білді. Жұмысқа бар ынтасымен берілгендіктен өз міндетіне аса ұқыптылықпен қарайтын. Оперлік қызметте жүрген жылдары үздік жетістіктері үшін бірнеше рет ҚР ҰҚК басшылығы тарапынан мақтауға ілікті.

Секотайымыз Ұлттық Қауіпсіздік саласында істей жүріп Алматыдан Академия бітірді. Өз білімін одан әрі жетілдіру мақсатында Москва қаласына да барып, білімін жетілдіріп, тәжірибе жинақтап қайтты. Ұлттық Қауіпсіздік саласында өз өмірінің ақырғы күніне дейін тынымсыз еңбек етті. Білікті де, іскер қызметкер ретінде жұмыстағы жетістіктері үшін, атқарған қызметіне сай мемлекет тарапынан еңбектері жоғары бағаланып тұрды.

Алматы, Москва академияларында оқығанда біліктілігін дәйектейтін сертификаттары мен мақтау қағаздарының барлығы да үйімізде сақтаулы. Бұл құжаттар ертең ұрпағы мақтан етерлік дүниелер екені анық. Бір айта кетері – үкімет тарапынан берілген түрлі марапаттарды мақтаныш сезіммен қабылдаса да, ол жайында ешкімге мастанып, мақтанғанбай қарапайымдылығын сақтап жүрді.

Әрине, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы бағыт-бағдарды жүзеге асыру әрбір адамның қолынан келе бермейтін өге жауапты іс. Менің түсінігім бойынша ондай жауапты іс тек талай сыннан өткен, өмір қайшылығында шыңдалған адамдардың ғана қолынан келеді. Жас кезімізде ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерінің ерліктері жөнінде көркем әдебиеттерді оқып, фильмдер көріп, оларға таң қалып, үлкен сүйіспеншілікпен, құрметпен қабылдаушы едім. «Чекист» деген атаққа ие болған адам халық батырындай болып ерекше әсер ететін. Әскери адамдар, оның ішінде мемлекеттің қауіпсіздігін қорғап жүрген азаматтардың қызмет барысындағы қиыншылықтары мен күрделі сәттері қарапайым адамдарға беймәлім болғандықтан олардың ерліктері мен есімдерін көпшілік жұрт біле бермейді.

Баламыз болса да, Секомыз құпия саланың қызметкерлері мен қызметі туралы бізге ашылып айта бермейтін. Арамыздағы әңгімені тіршілік барысында кездесегін қайшылықтар мен ағайынның ахуалына бұрып, елдегі ағайынның жай-жапсарын түгендеуге арнайтын. Бір жағынан ол шынында да елдің жағдайын жақын, шынайы білуге құлшынып отыратын. Үйінде болғанымызда да үнемі күн демей, түн демей жұмыста жүретін. Оның бүкіл жұмысы құпиялықпен байланысты болғандықтан біз де, қайдан келдің? қайда барасың? деп мазаламайтынбыз. Кейде тіпті таңғы сағат төртке дейін жұмыста болып келетініне де куә болдық. Ондайда оның осыншама кешіккеніне алаңдаған кездеріміз де аз болған жоқ. Сөйтсек, чекистік қызметтің біз білмейтін қыр-

сыры көп болатын көрінеді. Қызмет бабымен жанып тұрған оттың ішінде жүретінін енді түсінгендейміз.

Секо Үшаралда қызмет істеп жүргенде де талай адамдармен танысып, тілдесіп, араласып тәлім-тәрбие алды. Бұл өмір туған жеріндей болып көрінетін еді. Құлшырған жерін жайлап, суын сулап жалынды жастық шағының куәсі болған Үшаралдай берекелі жерге ыстық ықылас, алғысын үнемі айтып отырушы еді. Осы жерде дүниеге келген сүйікті қызымыз Ұлжан Үшарал топырағынан нәр алып, кіндік қаны тамған жердің батасымен көгеріп өсіп келеді. 2011 жылдың жаз айында Үшаралдың басынан ауыл ағаларынан бата алып. Семейге бет бұрған көштерін құрметпен шығарып салды. Сол ауылдан дос-жолдас тауып, күні бүгінге дейін араласып келеді.

Үшаралда еңбек еткен үш жыл да өте шығып, жемісті қызметтің арқасында, өз ісіне бекем, адал болғандықтан, басқарма Секоны Семей қаласының Ұлттық Қауіпсіздік комитетіне аға оперлік қызметке ауыстырады. Жақсы адамға қызмет еткен жерің екінші үйің, ал ұжым ол сенің екінші отбасындай болып кетеді деген бар. Соны біз Секоның қызмет барысындағы өмірінде байқадық. Өз әріптестерінің ортасына сіңісіп, бар жігерімен өзінің сүйікті де тынымсыз жұмысына кірісіп кеткен еді. Ол үшін жұмысты, оған туындайтын сұрақтарды шешу кезек күттірмеуі керек деп есептейтін. Ол өзімен бірге қызметтес болған әріптестерінің біліктілігін, адамгершілігін мақтан тұтып, айналасына дәріптеп отыратын. Әсіресе, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шығыс Қазақстан облыстық басқармасының бастығы С.Садықовтың өте әділдігін, сабырлылығы мен қарапайымдылығын өзіне үлгі тұтып, ол туралы беріліп айтқан әңгімесін талай рет тыңдап едік.

Секо бұл дүниеден өткенше халық қауіпсіздігін сақтау саласына бар жігерін жұмсап, барынша адал еңбек етті. Секомен көзінің тірісінде бірге қызметтес болған әріптестері оның ақтық сапарында аза тұтып, хатым-дастарқанында тебірене сөз сөйлеп, көңілімізді толқытқан. Қырқына арналған хатымға Қазақстан Республикасы ҰҚК әскери қарсы барлау департаментіне қарайтын, Астана, Семей, Аякөз, Үшарал және әскери округтерінде істейтін әріптестері келіп асқа қатынасып, Қазақстан Республикасы ҰҚК әскери қарсы барлау департаментінің бастығы М.Мұхатовтың Секоның ата-анасына жолдаған хатын оқығанда, ұлымыздың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тыныштығын сақтауда Отан алдындағы қызметін үлкен абыроймен атқарғанына тәуба еттік. Олардың баламыз туралы тебірене айтқан, шынайы сезімдерінен шыққан әрбір сөзі жадымызға жатталып, санамда сақталып қалыпты. Сол азаматтардың сөздерін сол қалпында қағазға түсіріп көрейін: *«Секо біздерге қолынан келген жақсылығын аямайтын, кеңпейіл азаматтың бірі еді. Мінезі өте сабырлы, түрлі жағдайда да өзін тоқтата алатын ұстамды, көңілі кіршіксіз ақ жарқын, әр істі тиянақты атқаратын білімдарлық қасиетке ие болатын. Көңілі дархан, қолы ашық еді, бар-жоғына қарамай үйіне үнемі жолдастарын ертіп кететін – кейде тобымен, кейде жалғыз. Өйткені ол жаны жайдары, көңілі ашық, мінезі жұмсақ, досқа берік әрі адал азамат еді. Секомен бір рет кездескен адам онымен әңгімелесіп, танысқан соң,*

айнымастай дос болып кете беретін. Ол өз ойын ешкімнен жасырмайтын, барын аямайтын жан еді. Тіршіліктің тамыры татулық дегендей, ешкімді бөле-жармай, үлкенге ілтипат, кішіге ізеттілік көрсетіп, қамқарлық жасап жүретін-ді.

Секоньң жан дүниесі ерекше таза, айналасына да сондай талап қоя білетін, алдына қойған мақсатына жету жолында қашан да аянбай еңбек ететін азамат еді. Секо тіршілігінде ең жоғарғы сатыға қызметін қоятын, одан биік тұратын ештеңе болмау керек деп есептейтін. Сол түсінігімен бір уақ тыным таппай, демалыссыз, сағатпен санаспай еңбек майданының алғы шегбінде жүріп өмірден озды.

Комитет қызметкерлері арасында өте беделді болды. Нағыз азаматтың тектілік тұлғасы танылып тұратын. Секо қашанда сабырлы, аспайтын-саспайтын орнықты, қалпынан айнымайтын байсалды, аз сөйлеп көп тыңдауға бейім жан еді. Кейде сыпайы әзілімен-ақ ойындағысын әдемі жеткізіп білетініне қазыға қарайтынбыз. Аз ғана жұмырының басым бөлігін еліміздің қауіпсіздігін қорғауды нығайтуға арнаған алғыр қызметкер ретінде есімізде сақталатын болады. Ол көбінесе қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жедел маңызы бар түрлі мәліметтерді дер кезінде алуға, нысықтап, дайындауға жетекшілік ететті. Секо қандай да бір сенім артылған жұмысқа өзіне тән іскерлікпен, ыждахаттықпен, бар күш-қуатын, тәжірибесін салып, құшына кірісетін және онысын қарамағындағылардан да талап ете білетін.

Өмір болған соң, адам бір нәрсеге ренжіп, кейде қуанады. Бірақ, Секо ренжіген кезінде таусылып сөз айтпайтын, қай уақытта да әдептен озбайтын, бәрін де ақылға жеңдіретін еді. Сондықтан да достары көп болатын. Секоға деген сипастық несе мұндай күшті болды деп ойласақ – шешімі біреу. Ол – Секоньң өз дос-жарандарына, әріптестеріне деген сенімін сақтауы, керек кезінде үлкен септігін тигізге алатын адалгершілік қасиеті. Қандай істі қолға алса да, ең алдымен әділдікке, шындыққа жүгінетін.

Секо үлкенге іні, кішіге аға болған, жақсы мен жаманды ажырата отырып, өткен мен келешекті салыстыра білетін азамат еді. Оның өмір жолы жеткіншек ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Дос, туған-туыс құрметіне бөленгендіктен – оны жұрт еркелетіп «Секо» деп атап кетті. Біз бірге істеген әріптестері ретінде Секоньң сегіз қырлы, бір сырлы жаны жоғарт азаматқа, айтулы тұлғаға ұялмай теңер едік.

Секо отырған ортаның сәні, достарына деген көңілі дархан жарық жұлдызымыз блатын. Қызметін абыроймен атқарды, өз Отанының патриоты болды. Құпия қызмет болғандықтан, керек десе басын қатерге тігуден тартынбайтын, Отан алдында борышын адал атқаруға қажетті талаптардың бәрін ойланбастан бел буатын.

Аз ғана жұмырында халқының алдында аянбай өлішеусіз еңбек еткен үлкен жүректі әріптесіміз, әрі жолдасымыз Секо отыз жетіге жетер-жетпей өмірден озды. Иә, уақыт зымырап өтеді. Секо көз алдымыздан өтсе де көңілімізден кеткен жоқ. Ол әрқашан да Отанына адал қызмет еткен биік

тұлға, дос-жарандар арасында беделді де қарапайым ақжарқын бейнесімен сақталады.

Секо жас та болса комитет қызметкерлері ішінде өте дипломат іскер еді ғой! Ішкі сырыңды, жан-дүниенің бүге-шігесіне дейін терең түсінетін, кез-келген әскери қызметтегі адамдарды өзімен тең санайтын. Сөйлеу мәнері мен қарапайымдылығы қандай десеңші! Айналасын бірден үйіріп әкететін. Секоньң жеке басының азаматтық өресі, іскерлік қасиеті, кісіге көмекке, жақсылық жасауға әрқашан дайын тұратындығы бөлек бір құбылыс. Онымен қоса уәдешіл, дос жарандарға қайырымды болатын. Қашанда арамызда жылы күлімсіреп, үлкен істер тындырып, қазақ халқының қауіпсіздігінің ең ауыр жүгін арқалап өрге сүйірген асыл да ардақты әріптесіміздің дауылды, күреске толы өмірі әрқашан мол найзағайдай көрінуші еді. Секо ел қауіпсіздігін сақтаудағы үлкен, ұлағатты жолымен жеке азаматтық даралығымен әрдайым біздің жадымызда.

Секо, сенің өр тұлғаң, адалдығың, жаныңның тазалығы, ар-ожданның биіктігі біздің есімізде мәңгі сақталады, аяулы жан досымыз деп есте сақтайтын боламыз. Уақыт сені бізден аластатқан сайын тұлғаланып, биіктей бересің. Алға жылжып зымыраған өмір көші жеткізер емес. Секо кеше ғана ақкөңіл пейілімен, ақ жарқын мінезімен әрқайсымыздың көңілімізді тауып, жайсаң мінезімен арамызда жарқылдап жүр еді. Кенеттен қызмет сапарында Ерейментау тұсында орын алған апат зұмырын үзіп кетті. Асыл азаматтың пәни дүниеден бақпаға аттанғанына да қырық күн болып қойыпты. Бүгінгі күні бізге қатысты дүниенің бір бұрышы ойсырап, үңірейіп қалғандай қабырғамыз сөзіліп, Секодан да айрылып қалғанымызды амалсыз мойындаймыз. Әттең опасыз дүние-ай! Бәрі бір Алланың қолында, біреуге ерте, біреуге кеш келетін өлішеулі зұмыр. Көнбеске шара жоқ.

«Жазмыштан озмыш жоқ», тағдыр сызығынан асырмайды. Нардай азамат кенет көзімізден ғайып болды. Көзі тірісінде замандастары мен әріптестеріне бірде шынайы дос, бірде ұстаз бола білген офицер Секо-Серікбол Төлеуғазыұлы құт дарыған Ақсуат топырағының төл тұмасы еді. Киелі өлкенің ауасы мен суынан нар алғандығын өз өмірінде көрсете білді.

Семейдің әскери комитетінде, әскери қызмет жолын бастап, нағыз азаматқа лайықты белестерден өтін, өз ортасында сый-құрметке бөленген Секоньң өткен өмір жолы қызметтес болған азаматтарға ғана емес, өзгелерге де өзгеше тағылым мектебі дер едік. Көзден кетсе де, көңілден кетпеген жарқын бейнесі арада қанша жыл өтсе де ұмытылмайды.

Бірге істеген әріптестері барда, оның ортада жүрген кездегі қадірін уақыт шаңы көмескілеп, базасын түсірмек емес. Отыз алты жылдық зұмырында артында өзіндік ізін қалдырған, кісілігімен, кішілігімен танылған тарлан азамат еді. Амал не? Секо сенің үлгілі мінез құлық, мейірлі күлкің, онегелі істерің, шуақты әзілің, ұлағатты сөздерің әрқашан есте сақталып, бізбен бірге бола бермек, асыл жанұяның тірегі болған Секо иманың жолдас

болып, жаның Жаннаттан табылып, пейіште нұрың шалқысын, рухың ұрпағыңды жебеп жүрсін.

Елім деген есіл ердің бірісің,
Тіршілікте таусылмаған ырысың,

Бақилық боп кетсең де бұл өмірден,
Еңбегіңмен, ерлігіңмен тірісің.

Секоға өмірлік жар болуға алғаш бел буған кезде Әсел орысша оқу орнын бітірген орыс тәрбиесіндегі божеткен еді. Ал, Секо болса керісінше қазақы ортада тәрбиеленген. Соған қарамастан екеуі отау тігіп, тату-тәтті отбасы болып, он жылдан астам уақыт бақытты өмір сүрді. Ерінің қызметіне байланысты қайда жұмыс істесе-де жұбын жазбай, жарастықты жұмыр кешіп, артына ұрпақ қалдырып, бала өсіріп, азайын-туыс, алыс-жақынға қадірлі болып жолдасының жанын шарпамен сезіп, жанымен ұзатын жанұя бола білді.

Адамның бір қызығы бала деген. Бала өмір гүлі, болашақтың нұры. Жер бетіндегі ата-ана бала үшін өмір сүреді, оларды дұрыс жолға қойып, отанымыздың адал перзенті болса екен деп армандайды.

Секо мен Әсел арасында өмірге келген Айшабибі, Әмина, Ұлжан атты балаларын ерекше, ата-аналық үлкен жүректерімен жақсы көрді. Жұмысының ауырлығына қарамастан, жұмыстан келгенде мойнына мінгізіп еркелетіп отыратын. Тәңертең жұмысқа барар алдында бірін мектепке, бірін балабақшаға, енді бір кезекте Айшабибісін би кружогына апарып, тәрбиелеп ер жеткізсем екен деп құштарланып жүретін еді. Амал не, өмірі келте болды. Сол тәрбиелеген балаларының қызығын көрмей өмірден ерте аттанып кетті.

Әйел шаңырақтың ұйтқысы, береке-бірлігі дегендей өсіп келе жатқан бүлдіршіндерін өсіріп, жеткізу анасының мойнында қалды. Шаңырағының ендігі болашағы, түтінінің тұзу шығу жауапкершілігі жары Әселге қалды.

Секо Алматыда, Москвада да оқып, оқудан оралған кездерінде жанұясына, балаларына, туыстарына сыйлықтар әкеліп, бала-шағасын қуантқан шақтарын еске алсақ, бәрі кешегідей көз алдында. Бірақ уақыт зымырап өте береді екен.

Қазақ «орнында бар оңалар» демей ме, қазір артында қалған жан-жары Әсел Секоньң көзі тірісінде өмірге әкелген үш баласын тәрбиелеп, Секоньң шаңырағын берік ұстап отыр. Ендігі үмітіміз оның отбасына келген қайғыны сейілітіп, ұрпағын бақытқа бөлейтін қуанышты сәттер көп болсын деген тілек...

әкесі Төлеуғазы
Нұрғалиев

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІНЕН



Әр азамат ат жсалын тартып мініп, өмірден өз орынн табу мақсатында талай соқпақты баса жүріп, көңілі қалаған ортада орнығын қалады. Серікбол да сан тарау жолдарды баса жүріп, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті саласынан тұғыр тапты. Өзі қалаған, жастайынан армандаған қызметі болғандықтан жұмысқа бар ынтасымен кірісті. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді әсте есінен шығармады.

Содан да болар Серікбол бұл салада үздіксіз еңбек етіп, аз мерзім ішінде үздіктер қатарына ілінді. Айналасын қимас достарға, сыйлас әріптестерге толтырды. Жаны таза, көңілі адал, уәдесіне берік, көпшілдігі секілді жақсы қарларымен әрқайсысының жүрек төрінен орын алды. Ел қауіпсіздігін сақтау саласының қызметі көпшілік көзінен таса болғандықтан Секонның жұмысына араласпай сырттай тілеулес болып келдік. Ал, оның өз міндетіне қапшалықты адал болғандығын, қызметіне отан сүйгіштікпен соншалықты берілгендігін, қызметтестерін ерекше қадірлегенін өзін мәңгілік сапарға шығарып салғанда бірақ білдік.

Әріптестерінің ішкі жан дүниесімен үндесіп кеткендей. Олар да өздерінің бір сенімді серіктерінен қапыда көз жазып қалғандарына қатты өкінді. Еңбек жолында елеулі ізі қалған ортасының оны әркез ұмытпайтындай әсер қалдырғаны да дертке қуат, көңілге медеу екен...

АЛҒЫР ҚЫЗМЕТКЕР

Алғыр қызметкер. адал дос, үлкенге іні, кішіге аға бола білетін Серікбол Төлеуғазыұлын арамыздан қапылыста сұм ажал тым ерте, мәңгілікке алып кетті.

Еліне, халқына, жанұясына нағыз еңбек етіп, өзін биік тұғырдан көрсетер шақта өзекті өртер ащы қайғыны артына тастап, ардақты әке-шеше, адал жар, сүйікті балалар, қызметтес достар елес кезіп артта қала берді. Айтуға оңай, сезіну өте қиын бұл қайғы бәрімізді де есеңгіретіп тастады. «Қалай ғана айрылып қалдық?»- деген өзекті өртер сұрақ санада жатталып қалды. Осы ауыр ойда өткен күндер еске түседі...

2001 жыл. Әскери комиссариат Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің әскери қарсыбарлау бөлімінде әскери борышын өтейтін жастарды іріктеу кезінде – байсалды, өте білімді, жан-жақты қасиеттерімен ерекшеленіп көрінген Серікболды атап көрсеткен еді. Осылай ол өзінің әскери борышын Семей қаласындағы әскери қарсыбарлау бөлімінде өткеріп, кейіннен жақсы мінездемемен осы мекемеге жұмысқа шақырылды.

Әскери қарсыбарлау бөлімінде құпия істер жөніндегі қызметте өз ісіне жауапкершілікпен, саяси сауаттылығымен, құпиялықты сақтаудағы берік мінезімен, бір ауыздылығымен ерекшеленіп көрінді. Жұмыста мемлекеттік тілді таза меңгеруі де жоғары бағаланып отырылды. Өйткені, әр істі таза қазақ тілінде жаза білудің де көптеген қиындықтары бар еді. Оның жолын Серікбол тез таба білетін еді. Осындай таза адал қызметімен 2005 жылы Аягөз қаласындағы әскери қарсыбарлау бөліміне офицер атағымен уәкіл болып жоғары лауазыммен қызмет атқарды.

2008 жылы Семей қаласындағы әскери қарсыбарлау басқармасына аға уәкіл қызметіне тағайындалды. Осы кезеңдерде істі ұйымдастыру, командирлермен тіл табыса сөйлесу, ақыл-кеңес бере білу дәрежесін ерекше меңгере алды. Нәтижесінде бірнеше қылмыстық істерді ашып, мемлекет тарапынан Мақтау қағазымен марапатталды.

2011 жылы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Республикалық төраға орынбасарының бұйрығымен алғыс иегері болды.

Жұмыста әртүрлі ішкі іс-шараларды ұйымдастырудың басты тұлғасы болды. Ұжым бірлігін сақтау, демалуды ұйымдастырудың алғы шебінде жүрді.

Осылай өзінің ерекше жарқын мінезімен баурап алған асыл жан бүгінде ортамызда жоқ. Орны ойсырап тұр.

Алайда сенің бейнең біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады!

Исқаков Санат Саябаевич,

Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің ардагері

ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ БАУЫРЫМ СЕРІКБОЛ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Бұрынғы Семей облысы, Тарбағатай өңірінің тумасы Төлеуғазыұлы Серікболмен 2001 жылдың басынан бастап біліс болып, кейіннен әріптес ретінде жақын таныстықта қарым-қатынас жасастық. Мен оны ол өзінің отандық борышын Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарында атқару кезінен біліп, еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлесін қоса білетін азамат ретінде тани отыра, мемлекетіміздің арнайы қызметіне (ҚР ҰҚК) қызмет етуіне ұсыныс жасап, жұмысқа кіруіне себепкер болған адамның бірі едім. Серікболға жасалған осындай ұсыныс, оның бала кезінен болжаған арманы екенін кейіннен қызметтес бола жүре ұқтым және болашағынан үлкен үміт күткендей болып едім. Амал қанша, менің және басқа әріптестерімнің мұндай үмітіне «біреудің» көзі тиді ме, күтпеген жерден өмірден ерте кете барды...

Серікбол Ұлттық қауіпсіздік органындағы қызметін қарапайым сержант ретінде бастап, өзінің талабы мен жігерлігінің арқасында офицерлік лауазымға ауысуға қол жеткізе білді. Бұл орайда оны ешкім жетектеп, сырттан қолғабыс тигізген жандар болған жоқ. Нақтылай айтсам, ол өзін басшы құрамға білімді, білікті адам ретінде көрсете білгендігінің нәтижесі деп айта аламын. Мұнымен қоса, Серікбол кез-келген жұмыстан қорықпайтын, білмегенін жасырмай, білуге ұмтылатын қайраттылығымен көзге түсті. Жұмыс барысында өз уақытымен санаспай, қызмет орнында түн ортасына дейін отырып, конған уақыттарына да куә болдым. Берілген тапсырманы дер кезінде тиянақты түрде орындау, оның бала кезінен бойына қалыптасқан қасиет екенін түсініп, білдім.

Әрқашанда өз білімін жетілдіруге, мемлекетіміздің керекті заңдарын және ведомствалық құқықтық-нормативтік актілерін білуге тырысуымен қатар, олардың талаптарын іс жүзінде қолдануға машықтанған еліміздің арнайы органдарының офицерлерінің бірі еді. Өзінің пагон тағып, осындай органның қызметкері болғанын әрдайым жоғары бағалай отыра, жүктелген ауыр міндеттерді орындауға нық сенімділікпен алға қадам басқан азамат ретінде танымал болды. Бойындағы тазалығы мен адалдығында шек жоқ. Қазақ айтқандай, көлденең жатқан шөпті алмай, арамдықпен және оңай жолдармен пайда табуды аңсамайтын нәзік жан еді.

Серікболдың бойындағы екінші бір қасиет – әріптестерінің ортасындағы адалдығы, «жоқ» деген сөзді білмейтін, үнемі қол үшін беруге дайын тұратындығы. Үлкенді үлкен, кішіні кіші деп сыйлай білетін кішпейіл ер азамат еді. Осындай жақсы қасиеттер оған бала кезінен, әке-шешесінің тәрбиесінен қалыптасқан болса керек. Себебі ол үлкен жанұядан шыққан, кішкентайынан ауылдағы күнделікті тіршіліктің шаруаларына араласып, қатайып, оң тәрбие ала білген тұлға. Осының барлығы оның аз ғұмырына оң пайдасын тигізіп, келбетті өмір сүріп, нәтижелі қызмет атқаруына әсер еткен деп ойлаймын.

Мен 2006 жылы басқа органға қызмет бабымен жұмыс ауыстырып кеткенім болмаса, Серікболмен оның өмірінің соңғы күніне дейін араласып тұрдық. Ол Аякөз, Үшарал қалаларында жұмыста болған уақыттарында да

өзара байланысымыз үзілмеді. Көбінесе қызмет бабымен телефон арқылы хабарласып, кеңестер алып тұруға дағдыланған болатын. Семей қаласына іс сапармен немесе демалыс уақыттарында болған кездерде, әрдайым жолығып, өзінің жеке басының және жұмыс барысындағы жетістіктерін бөлісіп, кейінгі жоспарларын айтып отырушы еді.

Серікболмен соңғы рет біздің басқармада кездесіп, өзінің бірер сағаттан кейін Астана қаласына қызмет бабымен іс сапарға шығатынын айтып, менімен қоштасқандай болды. Сол сәтте соңғы рет көрісетінімізді ол да және мен де сезбеген болармыз.

Серікбол өмірден ерте кетсе де, артына ойланарлықтай, жастар тәлім-тәрбие алатындай із қалдырды деп есептеймін. Сондықтан, оның әке-шешесі мен жанұясына мықты болыңыздар деген демеу сөзден басқа айтар сөздің орны жоқ қой деп ойлаймын.

Полковник С.Әшімов,
ҚР ҰҚК органдарының қызметкері

ОСТАВИЛ О СЕБЕ ДОБРУЮ ПАМЯТЬ

Мир, прекрасный и удивительный, начинается с человека. Каждому из нас Всевышним дана дорога, которую нам суждено пройти. Суть в том, как ты это сделаешь, что после себя оставишь, какой след от твоей жизни. Один живет долго, незаметно и тихо, а другой как яркий метеор пролетит, но после себя оставит чистую и светлую память.

Мне хочется поделиться воспоминаниями о своем товарище, соратнике и коллеге Серикболе. «Всевышний создал мир по законам прекрасного, а людей создал с благородными стремлениями к совершенству и продолжению рода» - писал великий казахский просветитель Абай. Именно стремление к совершенству я бы отметил как стержень всей жизни моего коллеги и замечательного человека Серикбола. Мы вместе работали в течении восьми лет. срок достаточный, чтобы узнать человека. По долгу своей службы мною лично формировались материалы к зачислению Серикбола на воинскую службу в нашу систему. Мне посчастливилось познакомиться с семьей Серикбола, его родителями, родственниками и друзьями. Воспитывался он в большой, дружной и многоуважаемой семье. Его родители – Толеугазы ага и Нуржамыш апай заложили крепкую основу его характера, а именно честность, доброту, ответственность за свои поступки, за людей, его окружающих. Гордитесь своим сыном, низкий Вам поклон. Его братья и сестры были для него примером трудолюбия, отзывчивости и душевной чистоты. Среди такого окружения их заботы и внимания Серикбол впитал для себя самое лучшее. Так неожиданно не стало Серикбола, и как будто в сердце осталась трещинка, которая болит, ноет и не заживает.

Я помню, когда Серикбол проходил срочную воинскую службу в отделении охраны воинской части нашего подразделения, когда начинал работать прапорщиком, молодой, совсем не опытный, но ответственный и увлеченный серьезностью нашей службы. Его стремление познать, освоить, тяготение к совершенству позволили ему, за непродолжительное время службы в должности офицера, вырасти до старшего оперуполномоченного. А это не так просто в нашей работе. Не всё сразу получалось у него, но он чутко прислушивался к совету старших по должности и по званию. В начале службы особенно помогли ему наставления наших опытных начальников – полковников Абылканова А.А., Ашимова С.А., Бекжанова С.Р., которые осторожно, как сыну, а иногда и строго преподносили уроки нашей службы, особенности и специфичность нашей работы. А Серикбол как губка впитывал всё самое лучшее, быстро вникал в нюансы новой для себя работы.

Самое дорогое у человека – его жизнь, его сердце. У казахского народа понятия мужество и трусость родились от слова сердце. В народе батыра называют «журекть», что означает джигит с настоящим сердцем.

Наша земля щедра людьми, горячо любящих свой народ, свою землю, свою Родину. Серикбол был именно настоящим джигит с горячим сердцем. Я опять хочу подчеркнуть, что это не просто громкие слова, дежурная память о товарище. Это была суть, стержень, корень жизни Серикбола. Именно такие

люди, джигиты нужны для продолжения настоящей жизни. А Серикбол очень любил жизнь, верно и горячо любил свою жену Асель, своих дочек. Это были члены нашей семье, нашего дружного воинского коллектива. Поэтому так горька утрата и потеря этого дорогого для нас человека, коллеги и верного товарища.

Он постоянно что то искал, старался обновить отжившее, имея высшее образование, он постоянно совершенствовал свои знания, прошел обучение на специальных курсах в Академиях КНБ Республики Казахстан и ФСБ Российской Федерации. Серикбол был приятным и эрудированным собеседником, дисциплинированным сотрудником, любящий муж, любящий сын, брат, отец, надежный товарищ.

Что еще необходимо, какие качества и поступки, что бы называться настоящим, состоявшимся человеком, оставившим о себе добрую память? Таким он был, а не казался! Ведь не напрасно говорится «чтоб долго жить – живи в ладу с собой, чтоб вечно жить войди в сердца людей». Именно в ладу с собой, со своей совестью, со своим человеческим долгом и жил Серикбол. А в памяти друзей он всегда останется болью так рано ушедший от нас. Только очень жаль, что при жизни человека. мы не замечаем и как будто боимся сказать добрые и искренние слова. Слова благодарности, верности и восхищения. Жаль, что он этого не слышит. А кто знает???

Короткая, но яркая и порядочная была его жизнь. Его лучшие качества помогут его жене, останутся памятью дочкам и незаживающей раной самым близким. Пусть землю ему будет пухом, а наша память – глубоким и почтительным уважением.

И.Кабак,
*подполковник запаса КНБ
Республики Казахстан*

ОН БЫЛ ХОРОШИМ ПРИМЕРОМ

С Толеугазиновым Серикболом я познакомился в феврале 2010 года, когда меня назначили на должность начальника отдела. Первое мое общение с ним состоялось в марте этого же года. В характере Серикбола положительными качествами, хочется отметить его дружелюбие и открытое отношение к окружающим, не исключено, что именно этими качествами Серикбол завоевал авторитет среди коллектива, а также военнослужащих войсковых частей, где Серикбол работал. Учитывая небольшую разницу в возрасте между нами, я зачастую сам прибегал к советам Серикбола где-то по работе, где-то в межличностных отношениях между людьми. Скорее всего, за время нашей совместной работы, между нами скорее сложились теплые дружеские взаимоотношения, нежели между начальником и подчиненным, однако такое положение дел в свою очередь приносило хорошие плоды, Серикбол был на хорошем счету благодаря своим профессиональным качествам не только в нашем подразделении, но и в Управлении. Думаю, что практический опыт работы и навыки Серикбола могли послужить хорошим примером для молодых сотрудников нашей организации, не случись этой трагедии. И все-таки я уверен, что мы будем долго еще вспоминать Серикбола в коллективе, так как за 2 года совместной работы у нас было много всяких испытаний и трудностей, а также положительных моментов. Все эти лишения воинской службы мы преодолевали совместно поддерживая друг друга.

С.Никитин,
Начальник отдела

ЛИЧНОСТИ СЕРИКБОЛА

Я майор Фирсов Виктор Анатольевич, знал Толеугазинова Серикбола с 2002 года, когда он призвался на службу в органы военной контрразведки КНБ РК и был назначен на должность ведущего специалиста с присвоением воинского звания «прапорщик». За положительные результаты в служебной деятельности Серикбол Толеугазинович с июля 2007 года был назначен на должность оперуполномоченного Управления ВКР КНБ РК по РгК «Восток» за счет должности старшего оперуполномоченного с дальнейшим присвоением воинского звания «лейтенант». В процессе приобщения к самостоятельной агентурно-оперативной деятельности зарекомендовал себя исполнительным, дисциплинированным и добросовестным сотрудником. Работал над повышением своего общеобразовательного уровня и совершенствованием профессионального мастерства. Служебную деятельность осуществлял в соответствии с распорядительными нормативно-правовыми актами КНБ РК. Документальные материалы исполнял в установленные сроки, в работе был аккуратен, инициативен и целеустремлен, проявлял собранность, настойчивость в достижении поставленной цели.

По характеру был энергичный, коммуникабельный. В общении был вежлив и тактичен. На замечания реагировал правильно, делал соответствующие выводы. В коллективе пользовался заслуженным уважением.

По убеждениям был интернационалистом. Конституцию Республики Казахстан, другие нормативные правовые акты, регламентирующие деятельность органов национальной безопасности, знал. Интересам Республики Казахстан был предан. Службой в органах национальной безопасности дорожил. Был примерный семьянин, в быту скромн.

С учетом того, что Серикбол положительно зарекомендовал себя на службе, руководством Управления было принято решение для дальнейшей прохождения службы направить его на более сложный участок работы на отдельный объект в Ушаралский гарнизон (Алматинская область Алакольский район), где он проходил службу до 2011 года.

За весь период оперативной работы Серикбол достиг определенных результатов, так им в доход государства было возмещено более 6 млн. тенге, предотвращено хищение 12323 боеприпасов и 1,701 кг. взрывчатых веществ, изъято из незаконного оборота 1511 боеприпасов к стрелковому оружию, выявлена недостача 14 артиллерийских боеприпасов. Выявлены ряд коррупционных схем хищения денежных средств командованием одной из воинских частей, по результатам чего виновные были осуждены и приговорены к различным мерам наказания.

Проведенные Серикболом мероприятия по линии борьбы с наркобизнесом совместно с территориальными органами КНБ позволили выявить канал поставки тяжелых наркотиков военнослужащим Ушаралского гарнизона, а также изъять 751,44 гр. наркотических веществ (745,65 гр. – «гашиш» и 5,79 гр. – «марихуана»). По данному факту было возбуждено ряд уголовных дел в рамках которых военным судом Вооруженных сил Республики

Казахстан, задержанные лица были признаны виновными в совершении преступления и приговорены к различным мерам наказания *(всего было осуждено 5 человек, сроки лишения свободы составили от 4 до 12 лет.)*

За положительные результаты в оперативно служебной деятельности Серикбол был неоднократно награжден почетными грамотами и благодарностями от руководства Департамента военной контрразведки и Управления ВКР КНБ РК по РГК «Восток». Также имеется благодарность от заместителя Председателя КНБ РК.

Мы с Серикболом неоднократно участвовали в совместных мероприятиях, как по служебным вопросам, так и внеслужебным. Всем коллективом неоднократно выезжали для отдыха на берег реки Иртыша в особенности 13 июля в честь празднования дня КНБ РК вместе с семьями.

Что касаясь личности Серикбола, то это был человек общительный, веселый, всегда готовый оказать помощь близкому товарищу, никогда не оставлял незаконченное дело.

ОРТАМЫЗДЫҢ СӘНІ ЕДІ

Ұшарал қаласындағы 40398 әскери бөлімінің 2008 жылдың қараша айынан 2011 жылдың сәуір айы аралығында он бірінші танк бригадасы әскери қарсы барлау бөлімшесінің бастығы қызметін атқарған, бүгінгі таңда арамыздан алыстап кеткен 1975 жылы екінші желтоқсанда дүниеге келген Төлеуғазыұлы Серікболды әріптестері күні бүгінге дейін сағынышпен еске алуда. Оны 40398 әскери бөлімі алғырлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, қажымас қайраттылық қасиеттерімен мәңгілік жадтарында сақтауда. Жүрген ортасына сыйымды, жолдастарының, әріптестерінің құрметіне бөленген азамат еді. Үлкенге іні, кішіге үлгілі аға бола алатын, жұмысын тиянақтылықпен, ұқыптылықпен, төзімділікпен істегенді жүрегі қалайтын азаматымыз – сүйікті жолдас, қамқор әке еді.

Жары – Толеуғазынова Әсел Танатқызымен үш қыз тәрбиелеп, әлпештеп, мәпелеп өсірген. Аяулы әке қыздары Айшабиді, Әмина, Ұлжанға барынша сүйікті әке болғандығын мақтанышпен айтуға болады.

40398 әскери бөлімі Төлеуғазыұлы Серікболдың жаны жәннатта, тәні рахатта болсын деп көңіл білдіреді.

Н.Е.Омерзаков,
*Ұлан подполковнигі,
40398 әскери бөлімі командирінің
ТЖИЖЖ орынбасары*

ДОСТЫҚТЫҢ ТУЫН ТІК ҰСТАП, ҚАСҚАЙЫП ШЫҒАР АЛДЫҢНАН

Қазақтың қара сөзі қашаннан қиысып жатады емес пе? Қуаныш пен қайғыны, ақ пен қараны бір ауыз сөзге сыйғыза білген ұлттың баласымыз ғой. «Доссыз өмір, тұзсыз ас», - деген тәмсіл ойыма оралса қабырғам қайысып, жүрегім езіліп жүретінін несіне жасырайын? Жалғанда жақыныңнан, әсілі досыңнан көз жазып қалудың ең ауыр екендігін, серігім, жолдасым, әрі әріптесім – Серікбол Төлеуғазыұлынан қапыда айырылып қалғанымда білдім. Өз ортасында ойып тұрып алар орны бар, ақ көңіл жанның қысқа ғұмыры жасындай жаркылдап өтті. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен әріптес досымның бұл пәниден өткеніне де бір жылдың жүзі болайын деп қалыпты. Адал жар, өнегелі әке, әулеттің тірегі бола білді. Адамдық пен адалдық қасиеттен, қарапайымдылық қағидаттардан танбады. Аңқылдаған ақ көңілінің арқасында үлкенге «ағалап», кішіге «іні» деп тұратын еді. Амал бар ма? Алланың әмірі солай болды-ау, бізді тастап кете барды. Артында сағы сынған әке, анырап анасы, көз жасын төккен балалары, адал жары қалды жасқа толып жанары. Ал, өзімді айтсам, менің сағынышым өзгелерден ерекше. Қамкөңіл күндерімде бір нәрсе жетіспейтіндей көрінеді. Бұл адал достыққа деген бітпейтін сағыныш. Серікбол алдына қандай мақсат қойса да аяғына дейін жеткізетін. Талапшыл, жанашыл еді. Өзіне деген сенімділіктің арқасында адал еңбек пен маңдай терін төгіп, талай тындырымды істерді қолға алды. Сол табандылықтың арқасында қолға алған шаруасы шешіліп тұратын. Осының барлығы да өмірден асыққандығы ма, бірақ, бітіргеннен бітірерің көп еді....

Өзім Секемнен 2009 жылдың тамызында Алматы облысы Ұшарал қаласында танысқан едім, үйіне шақырып, қонақ болдым. Сондай көп уақыт таныс болмасам да, тез арада тіл табысып, өмір бойы білгендей жақын араластық, көп ақылдастық, талай ойлармен бөлісіп, ақылын айтып, бағыттай жүретін жанашыр әріптес ағам еді...

Адам ұрпағымен, ағаш жапырағымен көрікті емес пе? Бұл күнде Серікболдың артында қалған ұрпағына мын да бір шүкіршілік жасаймыз. Қыздары Айшабибі, Амина, Ұлжанының әкеге деген сағынышы жүрек сыздатады. Адал жары Әселдің де жүрегінде мұң, көңілінде қаяу. Отағасының орынын жоқтатпай, қара шаңырақтың түтінін түзу ұшырып отыр. Шүкіршілік.

Отыз алты жас. Отызында орда бұзып, қырық жасында қамал алар тұсында үзіліп кеткен өмірі өзегімді өртеп бара жатқандай... Күре жол көкпек келе жатқан ғұмырынды кенеттен үзіп әкетті. Туылған күнің желтоқсан айының екінші жұлдызы. Қазір осы желтоқсан айы маған ызғарлы, суық. Өйткені, қасымда қуанышынды атап өтер сен жоқсың жолдасым!

Құдайға шүкір, адал жолдастар көп қой. Әріптес достарымның ішінде Серікболдың орыны ерекше жақын сезілетін маған. Серікбол қайтқалы тынысым тарылғандай болып тұрады. Жүрегімнің төрінде тұрақтаған әріптесіме деген сағыныш жылдар өтсе де басылмақ емес, керісінше үдей түседі. Жалғыз тілегім – артында қалған ұрпақтары мен жанұясына Алланың мейірімі түссін.

Жалғанда мынау жалғанда,
Жан-жағы бүтін жан бар ма
Өзің де кеттің арман да.
Жатқан жерің жайлы боп,
Амандық берсін қалғанға.

Диас Мекішев

ҚАЙТАЛАНБАС ҚАЙРАН ТҮЛҒА

Қайғының ең үлкені асқар таудай құрдасынның құлауы, жарық күннің сөнугі – нағыз достың досқа деген сенімін тек жүрегінде жасырған қатқыл да ойлы жарқын жүзін, құрдастың жарқын бейнесін енді көре алмауың екен ғой. Тағдыр ісіне не шара бар... мына жалғанда құрдастарыңды қалдырып, бақилық болып кете бардың.

Қыршыннан қиылған небәрі 36 жаста ғұмыры тосыннан үзілген Секе досымның ортамыздан кеткені бәрімізге өкінішті...

Қайткенмен, десек те жарқын жүзді, ақ көңіл жан Серікболды білмейтіндер кемде-кем. Досым жайлы өткен сындарлы өмір соқпағына өмірдің ащысы мен тұщысын бірге гатыған сәттерімді еске алсам бүгін мен үшін жалт етіп өткен елестей көрінеді. Кеше ғана өмір жолына бірге қадам басып, түнделетіп жұмыста бірлесе ұзақ уақыт өткізген досымнан осылайша айырылып қаламын деп кім ойлаған. Қамшының сабындай келте ғұмырда осындай асыл құрдасыннан көз жазып қалғаным менің жүрегіме қатты батады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» демекші оның осынау отызда орда бұзар жасында талай жанға жақсылықтың отын жаққан, талай досқа демеу болған сәттері бүгінде өмірінің ең жарқын сәттері болып көрінеді. Серікбол қарапайым, адамгершілігі мол жан болған еді. Талай азаматтарға қол ұшын беріп, талай жанға үлгі бола білген қайталанбас тұлға болғандығын айтпай кету мүмкін емес.

Әсіресе, құрдастардың арасында әзіл-қалжыңы жарасымды, адамдармен мейірбан, ашық мінезді ерекше қасиеттерімен ерекшеленген біртума жан болғандығы. Қандай іс болмасын орайын біліп, іскерлігін танытып, тынымды жұмыстың нәтижесін көрсете білгендігі бір төбе.

Түсінігі мол жұбанышы, бірімізге жан жолдас, енді бірімізге кимасымыз бола білген Серікбол құрдасымыз орны ерекше. Оның қарапайымдылығын еш жанға бергісіз, халқының нағыз перзенті, көрегендігі жан екендігін қашанда айтып, жадымызда мәңгі сақтарымыз бір ғанибет.

Тілге тірек егерлік, Серікбол досымның жарқын бейнесін былайша еске аламын. Ол, халық алдында өзінің ішкі дүниесін ашып салатын, өте тәрбиелі, қонақжайлы адам болған. Екеуміз танысқан кезде мені бірден үйіне шақырып, жұбайымен таныстырып, дос ретінде атаған. Сол уақыттан Серікболмен жақын дос болып кеттік, талай күндер мен түндерді жұмыста бірге өткіздік. Жұмыстың қандай қиындығы болмасын жауапкершілікпен атқара білетін, нағыз достықтың қадірін түсінген тұлға болатын. Оның бойындағы бір жақсы қасиеті бітіп бермейтін жұмыста әрқашан сабырлық танытып, мені әзілімен қуандыруға тырысатын, осындай мінезімен ерекшеленіп тұратын.

Алды үміт, арты өкініш өмірден мәңгілікке кетерінді білдік пе? Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда өзінді ақкөңіл, жанашырлық мінезіңмен айналандағы дос-құрдас, ағайын-туыс пен әріптестеріне өте қадірлі, сыйлы жан болдың-ау. Жүрегінде жылуы мол абзал, арқа сүйер асыл досыңнан айырылған қандай қиын десеңізші. Үлкенге де, кішіге де кішіпейіл, әрқайсының қайғы-қуанышына әрдайым ортақтас болған Серікбол досымның

орны осылайша ойсырап тұр. Жақсы адамның өзі өлсе де аты өшпес, дегендей өзінмен өткізген қызықты да, мағыналы күндер мәңгілікке жүрегінде сақталады. Қойны суық кара жер құрсағына енген асыл құрдасымызды қабырғамыз қайыса отыра еске алып, зымырап өтіп жатқан уақытпен білесе, жарқын бейнесін мәңгілік жүрегімізде сақтап, сағынып, құран бағыштаймын.

Иманың жолдас, жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта, топырағың торқа болсын. Алла тағала артында қалған балаларыңа, туған туыстарыңа ұзақ ғұмыр, иман байлығын берсін деп тілеймін.

Құрдастарың аңсап жүр күнде өзінді,
Достарым деген бал тәтті жыр сөзінді.
Еске алып сол бейнеңді қиялдаймыз,
Қайта көрсек екен деп сом бейнеңді.
Замандастар қадірле досың барда,
Зор бақыт бірге жүріп, аман болса.
Достық деген адалдықтан табылады,
Нағыз берік достыққа сенім болса.
Өзіндей бола алмайды өзге ешкім,
Өзіңсіз өмір сынын бастан кештім.
Орның тұр ойсырап ортамызда,
Бір өзіндей ақ жарқын болмас ешкім.
Өткен сәт амал нешік келмейді екен,
Жүрегің құрдасты ойлап кернейді екен.
Сағынышпен өзінді еске аламыз,
Мұңымызды жұбаныш жеңбейді екен.
Дос дегенің асау өзен ағып жатқан,
Жалындап жастық алау жанып жатқан.
Ең қимас досым едің, адал болған,
Өмірдің ащысы, тұщысын да бірге татқан.
Ғұмырың ерте үзіліп қыршын кеттің,
Сокпағымен адалдықтың жүріп өттің.
Жүректерде сақталар сенін бейнең,
Жарқ еткен жұлдыздай боп қайда кеттің?...
Сағыныштан жанымызды басады ызғар,
Жас боп аққан жанымызда кара тұз бар.
Жарқ еткен жүз жанарың жадымызда,
Өзінді ойлап замандастың жүрегі сыздар.
Жұмақтың төрі болғай бұл мекенің,
Топырағың торқа болсын, жатқан жерің.
Құрдасым жолдасың енді иман болсын,
Адал дос, қимас нағыз асылы едің...

Досы Дамир

ВОСПОМИНАНИЕ О СЕРИКБОЛЕ

Я, старший оперуполномоченный Управления ВКР майор Дигимбаев Мухаметали Анатольевич, знал Толеугазина Серикбола с ноября 2000 года т.е с момента его призыва в Вооруженные силы Республики Казахстан в воинскую часть 64031 г. Семипалатинска.

В период прохождения им срочной службы я был его старшиной (на период 2001 года я был в звании прапорщика). Во время прохождения срочной службы за отличное ее прохождение Серикбол был назначен командиром отделения охраны в/ч 64031 и в его подчинении было пять военнослужащих срочной службы, которыми Серикбол умело руководил.

В феврале 2002 года жизнь снова меня свела с Серикболом, тогда он был призван на должность ведущего специалиста Управления ВКР КНБ РК по Восточному военному округу г. Семипалатинск, и я ему передавал дела и должность.

В период службы ведущим специалистом Управления Толеугазин Серикбол показал себя с положительной стороны как ответственный, трудолюбивый, настойчивый, аккуратный и болеющий и переживающий за свою работу человек. В беседе Серикбол всегда рассказывал про свою семью: любящую им жену и детей.

В 2007 году меня перевели в г. Капшагай, но мы связь с Серикболом не теряли и в 2011 году мы попали в одну группу по повышению квалификации с выездом в Академию ФСБ г. Москва РФ сроком на 1 месяц.

В Москве мы с Серикболом жили в одной комнате как говорится спали рядышком. Там мы много ездили по разным местам.

Как раз мы с Серикболом в ТРД «Ереван Плазе» в отделе Якутские бриллианты выбирали колечко с бриллиантом для Асели, он все переживал чтобы ей понравилось, все спрашивал мое мнение. Также мы вдвоем ездили в ВДНХ, где покупали лапти. Там же мы в первые купили напиток из меда «Медовуху» напившись которой мы не могли встать с кровати хотя находились в трезвом состоянии.

Серикбол единственный казах, который встречал в аэропорту «Шереметьево» Российской Федерации посылку из г. Алматы, где было «Казы» и тушенка, которое мы ели каждое утро перед занятием.

ИСТИННЫЙ ПАТРИОТ

С Толеугазиновым Серикболом мне посчастливилось познакомиться в 2005 году. За все время нашего общения Серикбол не переставал удивлять меня своей широтой души, доброжелательностью и жизнелюбием. С первых и до последних дней нашей дружбы Серикбол никогда не давал повода усомниться в его честности и порядочности. Одной из отличительных черт характера Серикбола, я всегда отмечал его способность в трудные моменты жизни протянуть руку помощи, причем делал это Серикбол абсолютно бескорыстно и от чистого сердца.

Еще более ответственно Серикбол подходил к исполнению своих служебных обязанностей, честность, дисциплинированность, верность служебному долгу все это в полной мере относилось к нашему товарищу. Поставив перед собой цель он всегда ее добивался, начав службу с самых первых ступеней он достиг звания офицера и до последних дней достойно нес звание сотрудника органов национальной безопасности.

Подтверждением чему служит отношение коллег к профессиональным и личным качествам Серикбола, какие бы ему ни ставились задачи он всегда добросовестно и очень ответственно подходил к их выполнению, за что неоднократно поощрялся руководством Комитета.

Одна из граней характера Серикбола, это отношение к своей семье, он навсегда останется примером любящего супруга, заботливого отца, внимательного сына. Я хочу выразить слова благодарности родителям за достойного сына и настоящего гражданина своей страны. И конечно же нельзя не сказать, что в становлении Серикбол большую роль сыграла его супруга Асель, которая как истинная жена офицера делила тяготы и невзгоды военной службы, при этом подарила ему трех прекрасных дочерей.

В завершение хотелось бы сказать, нам очень горько, что Серикбола сегодня нет с нами, но я твердо уверен, что он навечно останется в памяти людей как настоящий и преданный товарищ, пример несения воинской службы, истинный патриот Республики Казахстан.

Амиров Ербол

НАСТОЯЩИЙ ДРУГ

Время от времени в нашей жизни появляются люди исключительные, те которые не много позже становятся для тебя очень близким человеком, и играет важную роль в твоей жизни! И одним из таких людей был наш друг Серикбол! С того ужасного и страшного события не было еще совсем и дня, чтоб не заплакали родители, родные и конечно же родная супруга Асель. Когда вспоминаем нашего друга слезы так и катятся из глаз. Перед глазами всегда стоит его ясный взгляд, как будто бы он живой. Нам не хватает его спокойного и доброго голоса. Он был добрым, отзывчивым, спокойным, улыбчивым, умным, мудрым, можно так и перечислять его личностные качества и оно будет длиться до бесконечности. Серикбола с большой буквой можно назвать НАСТОЯЩИМ ДРУГОМ, который может в трудную минуту всегда прийти на помощь! Он по жизни всегда был настоящим! Настоящим сыном для родителей, настоящим братом для сестер и братьев, настоящим мужем для супруги и конечно же настоящим отцом для своих дочерей! Серикбол хотя и прожил короткую жизнь, он прожил ее достойно! Он сумел завоевать уважение всех, кто его окружал. Таких людей как Серикбол в нашей жизни встретить очень сложно! Мы считаем себя везучими, так как нам встретился такой человек! Мы знали Серикбола всего 5 лет, Он много чему научил нас. Серикбол для нас стал старшим братом, он мог всегда дать нам правильные советы и направить на правильный путь! Очень много хороших моментов приходят в голову когда вспоминаешь его и в наших воспоминаниях он останется и запомнится всегда как самый исключительный человек который сыграл важную роль в нашей Жизни!!!

Бог тебе отвёл всего немного лет,
Не верится теперь, что больше тебя нет.
Ты жить так любил, в душе твоя улыбка
И голос твой в душе, а может всё ошибка?
Но нет, и вот, ты перед нами не живой,
Вокруг твои друзья с поникшей головой.
Ещё вчера ты улыбался, ещё вчера мечтал
Не думал, что случится, если бы ты знал!
Теперь же ты в земле с закрытыми глазами,
И верим все мы, что душа твоя с нами
Ты остался навечно таким молодым...
ПОКА ТЕБЯ ПОМНЯТ, ТЫ БУДЕШЬ ЖИВЫМ!!!

*Друзья: Батырханов Алмаз Батырханович
Батырханова Гулим Муратовна, 2012 год.*

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

Біз Серікбол екеуміз 2007 жылдың тамыз айында танысып, осы күнге дейін дос болдық. Дос – деп айтқанда бұрын маған Серікбол өмірде – «Аға», ал қызмет барысында – «Ұстаз» ретінде болды. Кез-келген уақытта ақыл немесе көмек сұрап барған жағдайда, өзінің істеп жатқан жұмысын тастап әрдайым қолыңды қайтармай ақылын, тәсілін айтып көмек көрсететін. Қазіргі кезде де маған Серікболдың айтқан ақылдары және қызмет барысындағы тәсілдері өмірде өте қажетті.

Сонымен бірге, мінезі өте ашық, сабырлы да жайдарлы, кең пейілді, ақ көңіл, ұстамды болатын. Адамгершілік қасиеті өте мол және кішілейіл болатын. Әрқашанда күліп-ойнап жүретін. Ешқашан оның қабағы түсіп ашуланған кездері болмаған. Осыған орай қазіргі күнде де біздің есімізде Серікбол досымыз, тек күлімдеген келбетте сақталды.

Серікболдың жаны жаннатта, жатқан жері жарық және жайлы, топырағы торқа болсын. Оның көре алмаған қызығы мен жақсылығын Алла тағала артында қалған әйелі Әселге, қыздары Айшаға, Аминаға, Ұлжанға, ата-анасына, әпкелері мен бауырына көрсетсін. Серікболдың әруағы әрқашанда сіздерді қорғап, қоршап және қолдап жүрсін. Сіздердің қайғыларыңызға ортақпын.

Атап айтқанда біз бәріміз қазақ еліміздің бірдей азаматын өкінішке орай жоғалтып отырмыз. Бірақ біздің есімізде ұмытылмай мәңгібақи қалады деп, осы бір қайғылы өлең шумағын жазып отырмын.

*О жалған дүние! Жалған өмір!
Алып кеттің ортамыздан Серікболды,
Екі өмірдің ортасына салып көпір...!
Амал қанша бәрімізде пендеміз зой
Бұйрық келсе Алладан бәрімізде
Мәңгілікке кетеміз зой!
Қаншалықты қиналсақта, күйзелсекте
Секеңнің Жаннатта екеніне сенеміз зой,
Алланың бұйрығына бәрі-бір көнеміз зой!*

Сүлейменов Санжар Жанатханұлы,
2012 жылдың 15 қарашасы.

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ НАҒЫЗ ДОС



Туған жердің туы биік болсын деп, еліміздің ұлттық қауіпсіздік саласында адал да, абыроймен қызметтес болған досымыз Серікболдың өмірден озғанына осы күнге дейін құлағымыз естігенімен, көңіліміз сенбейді. Иә, ажал айтып келмейді.

Орны толмас, қазаға ұшыраған қазақтың бір туар азаматы мәңгілікке сапар шегіп, енді оның жарқын күлкісін, бейнесін, дауысын ешқашан естімейміз. Досымыздың мінезі салмақты, сыпайлы, қызметтестерінің және достарының арасында орны ерекше. Әрқашанда шындыққа жақын, өз ісіне берік және адал да абзал азамат болатын.

Өмірінің әр сәтін қадірлей білетін азаматтың алдында қойған арман-мақсаттары да, талаптары да биік еді. Оның жеткен жетістіктері, алдымен өмірге деген сүйіспеншілігі мен мандай терімен келген еңбегінің өтемі болатын. Жас та болса біліктілігімен, парасаттылығымен абырой мен беделге ие жан еді.

Бәріміздің аразамыздан ерте кеткен досымыздың алға қойған арманы мен мақсаттарын артынан қалған тұяқтары жалғастырып, осы әкесінің орнын жоқтатпауын, көрмей қалған қызығын қыздары көруін тілейміз.

Әттең, жалған дүние, бір сәтте есігін тарс жапты... Серікбол досым, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын! Аллаһ қалап, өзіңнің ақ ниетіне балап, рухыңа дұға бағыштаймын!

Серікболдың туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, оның есімі мен жарқын бейнесі біздің жадымызда әрдайым сақталады.

Сұңқар, Жанар

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

Мен Серікбол Төлеуғазыұлымен 2006 жылдан бері қызмет барысында таныс болдым. «Адам сөйлескенше» дегендей, танысып, қызметтес болғалы бұл азаматпен қарым-қатынасымыз аға мен бауырдай болып кеткен еді.

Серікбол Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет атқарғанда нағыз ер азамат офицер, өз елінің адал ұлы бола білді. Қызметтің бұралаң соқпағы, қиын кезеңдеріне мойымай, табандылық пен тұрақтылықты, намыс пен жігерді, білім мен білікті ту кылып ұстаған азамат ойламаған жерден арамыздан ұзап кете барды.....

«Жақсыдан шарапат» деген аталы сөз бар, егер Серікболдың жақсылығын айтар болсақ, оның жан-жағына шарапат пен шуақ берген адам екеніне көз жеткізесіз. Оның бойында нағыз ерге тән кеңдік пен мәрттік қасиеттері бар еді. Тарылмайтын, таусылмайтын азамат жолдастарына, жан-жағындағы адамдарға әрдайым көмек қолын созуға дайын тұратын. Жолдастарымен аралас-құралас болған сәттерінде қатарынын алды, ортасына сыйлы да беделді ер екені көзге көрініп тұрушы еді.

Қысқа ғұмырында өнегелі ісімен, кең пейілімен, достық көңілімен талайлардың жүрегіне жол тапқан азамат еді. Қырықтың қыркасына да жетіп үлгірмеген жігіттің алар асулары әлі де алда еді.

Елі ардақты ұлын, ата-анасы аяулы перзентін, балалары асқар таудай әкесін жоқтайды. Мен де Серікболдай қыршынмен азды-көпті таныс болған кездерімді еске алып, өз үнімді қосуды жөн көрдім.

Әсет Омаров,
2013жыл. Семей қаласы.

АСЫЛ АҒА

Серікбол аға, сіздің өмірден өткеніңізге жарты жыл уақыт өтсе де, сіз біздің мәңгі есіміздесіз. Сіздің жасаған жақсылықтарыңыз, кішіпейілділігіңізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сізбен қызметте де және жолдас ретінде бірге жүрген уақыттарды мәңгі ұмытпаймын! Тағдырдың тығырыққа тіреп, сұм ажалдың сізді, біздің ортамыздан алып кеткеніне кеудемді ұрып жыласам да, қайғым басылар емес, тағдырдың жазғанына қайтеміз, амал қанша! Тірі адам тіршілігін жасайды ғой, бірақ сіз жасамаған жасыңызды балашағанызға берсін! Төмендегі өлең жолдарын сізге арнаймын.

Қатыгез қалса бір сағатта,
Өмірді келеді тастағын.
Сонда да үмітті жоғалтпа,
Қаралы күндерден қашпағын.
Сабыр ет, тоқтау қыл, шеше біл,
Тағдырың ұлы, оған жолдас.
Өзін- ақ ойлашы несі өмір.....
Қуаныш, қайғысы, болмаса?
Қай жерде тіршілік, өмір бар,
Сол жерде қуаныш, қайғы да,
Болсан да алдын құз, артың жар,
Қондағы өмір сүр, айныма.
Қыршың кетті, не көрдің өмірінде,
Ұмытпаймын іс-қалдырдың өткен күнде.
Алдың пейіш, артың кеніш болсын,
Ұмытпайды өзіңді біз, бір пенде.

Жамалбаев Айбек

КОМАНДИР АҒА

Біз Серікбол ағаның 2008-2009жж. Аягөз гарнизонының ҰҚК Әскери қарсы барлау бөлімінің сарбаздары болғанбыз.

Гүлдей жайнап, оттай жалындаған кайратты Серікбол ағамыз, біздің ортамыздан бір сәтте жок болғаны біздер үшін үлкен қайғы болды. Серікбол аға командир болып, бізге бір дауысын көтерген емес, яғни Алла тағалаға да жақсы адамдар керек деген хақиқатқа көзіміз нақ жетті. Қатаң темірдей әскери тәртіпке жүргенімізде, Серікбол ағаның мейірімділігімен, ағалық жылулығы біз үшін үлкен ғанибет, және тайға таңба басқандай естен кетпейтін жағдай, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, жүрегімізден шыққан ниет қылып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз:

Қысқа болды ғұмырыңыз Ағатай,
Өмірге келмейді адам қайталап.
Үлгі болдыңыз әрқашан ағатай,
Сізді ойлағанда, жүрегімізді қайғы мұны жаулаған.
Мейірімділік пен қайырымдылық белгісі,
Серікбол аға сізден әр-кез нұрланған.
Ғайып болып кетсеңіз өмірден,
Біздің жүрегімізде сіз сөнбейсіз ешқашан.
Туған туыс, бала-шаға, дос-жаран,
Жылап қалды артыңыздан кимастан.
Көре алмаған қуанышты, рыздықты
ҚҰДІРЕТТІ АЛЛА, ұрпақтарыңызға бұйыртысын!

*Сарбаздар: Мақсат, Бауыржан,
Абзал, Даурен, Дима*

СЫНЫПТАСТАРДЫҢ СЫРЫ МЕН ШЫНЫ



Балалық бал дәурен мен жсалынды жсастық шақтың қызу да қызықты сәттерінің көбі сыныптастар арасында өтетіні анық. Қатар өскен құрбы-құрдастар өмір сапарында бір-бірімен айнымас дос, ой бөлісер сырласқа айналып араларындағы балаң түсінік уақыт өте азаматтық ұстанымға ұласпақ.

Өмір мектебінде шыңдалған достықтың жауапкершілігі тінтен жоғары болады екен. Оны орны толмас өкінішке ұшырап, қайғы бұлттың жамылған сәтте Серікбол баламыздың сыныптастарының бойынан анық байқадық. Араларындағы асыл азаматтарының бірінен аяқ асты айрылып қалғандарына қатты қиналғандарын сөздерімен де, істерімен де байқатып еді. Мезгілсіз қазаның салмағынан қабырғамыз қайысын, еңсеміз езілген шақта ұлымызды бізден де басқа жоқтаушылардың көп екендігі көңілімізге демеу болғанын да жасырмаймыз.

Құлын-тайдай тебіскен, қозы-лақтай жарысып өскен сыныптастар үшін де өздерінің қатарластарын жоғалту, онымен мәңгіге қоштасу жеңіл болмады. «Біз бір-бірімізді ешқашан ұмытпауға тиіспіз» - деген достар уәдесінің өміршең екендігіне бір топ сыныптас достарының естеліктері дәлел болатындай.

ОНЫ ЕРЕКШЕЛЕНДІРЕТІН – АДАЛДЫҚ ҚАСИЕТИ

Серікболдың жақсы қасиеттерінің бірі адамдарға жанашырлығы еді. Қолынан келгенше көмек беріп, уайымдап жүруші еді. Бұл қасиет әр адамның бойында болмайтын тегіне, тектілігіне, тәрбиесіне байланысты болар. Бала кезінен жолдастарына жанашыр болып, қолындағысын бөлісіп, әлсізді қорғап, әділеттілікке мән беретін. Кластас досымыз Ермек әкесінен ерте қалып, бірде әжесі Серікбол екеуімізге «Ермегім нәзіктеу, достарысыңдар ғой, қорғап қоллаштап жүріңдер» деп тапсырып, көп ұзамай қайтыс болған. Сол әжеміздің айтқанын есінде сақтап үнемі Ермекке сабақта да, күнделікті өмірде де өзі кетер кеткенінше қол ұшын беріп, ақыл кеңесімен қолдап, қоллаштап жүрді. Ермектің ұзағырақ үйленбей жүргеніне өз баласы отау құрмай жүргендей мән беріп, оған ыңғайлы жар іздеп аландап; «Ермек менің үлкен балам ғой» деп әзілдеп жүретін. Мектепте жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүретін Серікбол, мектептен кейінгі өмірінде де талпынысының арқасында табысты болып жоғарғы оқуын тәмамдап семьялы болып, қызметіне адалдығымен талай жетістіктерге жете білді. Өзара сырласқанымызда, білімділігінің арқасында, әсіресе, қазақшаға жүйріктігі өзінің мекемесінде таптырмас маман екендігінің, жоғары басшылары бағалап отыратынын айтқан болатын. Әрине білікті маманның жұмысы да бастан асарлық, жұмысқа ерте келіп жай кетіп жүріп, бір күні жүрегі қысып ауруханаға түскенін ести сала телефон соғып «Секо досым ау, сенен басқа жұмыс істейтін адам жоқ па? Зорығып денсаулығына ақау келгенше, сол жұмысты таста! Алматыға келші, саған жұмыс та тауып берейін» дегеніме, ойланайын деп те айтпай, «Алаңдама, жазылып кетемін. Ұсынысыңа рахмет!-деп» қойды да, сол жұмысын жалғастыра берді. Басшыларының бағалағаны, кейінірек Алматыға келіп өз мекемесінің жоғарғы курсын өтіп, Москваға оқуға да барып келді. Өз ісінің білгірлігімен Үш Аралға да келіп қызмет атқарып, Семейге қайтып барған соң өз мекемесінде талай жылдан бері үй ала алмай жүргендерге үй бергіздіріп, қарамағандағылардың орасан рахметіне бөленіп жүр еді. Жанашырлығының белгісі, жолдастарымызды жұмысқа орналастырып, әрдайым жүрген жерінде ақыл-кеңесші бола білуші еді.

Мектеп бітіргенмізге 20 жылдық кездесуімізге Семейдегі кластастарымызды ұйымдастырып, әне-міне деп жүргенде, сұм ажал ойламаған жерден алып кетті. Артында қалған үш қызы, жары Әсель болған іске болаттай болып, өмірде қолдаушы жора-жолдастары бар екеніне сендіргім келеді. «Осы үш қызымды жеткізіп, келешектеріне қажетті жағдайды жасап берсем» деген арманын бөліскен досым Серікбол, ақжарқын жүзін мәңгі жадымызда.

Досы: Бітімшінов Дархан Рızaбекұлы

ӨТТЕҢ, ЖАЛҒАН ӨМІР-АЙ...

Өмірдің жалған екенін жаныңдағы жақын адам қапияда дүниеден өткенде еріксіз мойындайтының рас. Өлімге қинайтын, жаны мен ары таза, жүрегі жайсаң қарапайым досымызды үлкен өкінішпен еске аламыз...

Кеше ғана кішіпейіл, жанашыр, пейілі кең, жүрегі дархан, отбасы, туған-туыс, дос-жаранға тірек бола білген адал досымыз Серікболдан айрылып қалдық. Енді ғана өмірдің биік асуларын бағындырып келе жатқан жаны жайсаң досымыз еді...

... Бала күніміз еске оралады. Асық ойнап, доп теуіп, козы-лақ қуып жүрген ауылдың қара домалақ балаларымыз. Екеуміз бір мектепте білім алдық. Ақсуат ауданы Құрал көшесінде тұрдық. Сабақтан бірге ойнап, бірге қайтатынбыз. Құрал көшесінде бір қазылған шұңқыр болатын, сонда түсіп алып келесі күннің сабағын бірге қарайтынбыз. Екеуміз бірге күреске қатысатынбыз. Секо сыныптағы озат оқушылардың бірі. Ешкімді алаламайтын, қолындағы барын аямайтын Серікбол көз алдымызға елестейді... Мен 7 сыныпты бітіргенде отбасымызбен Үржарға көштік. Содан 11 сынып бітіргенше 3-4 жыл біз бір-бірімізден хабарсыз кеттік.

... Мектеп бітіріп, қалаға арман қуып келген балғын жастық шақ. Содан мектеп бітіріп, мен Семейге келдім. Бір күні технологиялық институттың жатақханасына Үржарда бірге оқыған кластасыма келсем, алдымнан бір таныс жігіт шықты. Ол біздің Секо еді. Сол бір естен кетпес ерекше қуанышты сәт еді. Содан кейін біздің достығымыз қайта жалғасты. Студенттік жылдарды бірге өткіздік. Достардың арасында Секоның ғана үйі болатын. Достардың бәрі бос уақытында сонда келетін. Ғани апай келгенде бәріміз қашып кететінбіз. Қашып кеткенде сол маңайдағы ЦУМ, «Рахат» дүкендерін аралап. «кетті-ау» дегенде қайта айналып келетінбіз. Онда құпия белгімен қақпаса, есікті ешкім ашпайтын. Есікті «Шымшық, шымшық, мен – торғай» деп қағу керек болатын. Бәріміз сонда жиналып алып студенттік тамақ пісіретінбіз. Онда бір үлкен кастрөл толған қайнаған су, оған не саламыз деп қарасақ, сол сәтте үйде бір кесе күріш қана қалыпты. Соны пісіріп жіберіп, дайын болғанда бәріміз кастрөлдің түбін тықырлатып, судың ішінен күрішін теріп жейтінбіз. Серікбол бәріміз-біреуіміз оқу оқып, біреуіміз әр жерде еңбек етіп өткен күндер естен кетпейді. Оқу бітіргеннен кейін Арқалыққа мұғалімдік жұмысқа тұрдық. Сол екі ортада 2-3 жыл тағы бір-бірімізді көрмедік.

Алғашқы достар үйленіп жатқанда Серікбол ең алдымен елге қызмет ету жолын бірінші кезекке қойып, ондағы өзінің адал еңбегіне қарай сыйлы болды. Ол барлық достардың артынан үйленді. Өмірлік жартымызды тауып, отбасы болып араласқан жайдарман күндер. 2000 жылы қайта Семейге көшіп келдік. Сол 2-3 жылдан кейінгі қайта кездесу өте қызық оқиға болған еді. Мен жұмыс бабымен Астанаға барған болатынмын. Ойда түк жоқ, саябаққа кіріп келе жатсам, алдымнан Секо шықты. Осыдан кейін біз Семейге келіп отбасымызбен араласа бастадық. Отбасын құрған соң, адал жар, сүйікті әке бола білді. Кейіннен екінші қыздары Әминаға кіндік әке-шеше болдық. Содан бері барлық қызық-қуаныштарымызды бірге бөліміп келеміз. Серікбол бір жағынан-өзінің

адал еңбегімен халқына мүлтіксіз қызмет атқарып жүрген жұмысындағы бетке ұстар да сыйлы қызметкер бола жүріп, бір жағынан-өмірлік сыңарын қалтқысыз сүйген адал жар, балаларына мейірімін төге білген сүйікті әке бола болып, бір жағынан-достарымен араласып, олардың қайғысына ортақтасып, қуанышына бірге қуанатын адал дос бола білген ерекше азамат болатын. Былтыр Секоний ұйымдастыруымен «Жан-Жак» мейрамханасында әріптестері мен сыныптастары бәріміз басымыз қосылып, Жаңа жалды көңілді, естен кетпес етіп қарсы алған едік. Өмірден озардың алдында үш күн бұрын достарымыздың баласының тұсау кесу тойында бірге болғанбыз. Сонда маған айтқан ақырғы сөздері еді: «Аман-есен Астанаға барып келсем, құдай қаласа, жолдастарды жинап, Айшаның I сынып бітіргеніне, жана үйге кірсек, бәрін қосып бір той жасасам,- деген арманын айтқан еді. - Және үш қызыма бір-бір үй алып берсем. Ертең ешкімнің қас-қабағына карамай жүрсін»,- деп еді. Сол күні бір түрлі көңілсіз боп жүрді...

Біз бүгін асыл досымыздың қандай жақсы азамат болғанын айтып тауысып жеткізе алмаймыз. Дос деген Серікболдай-ақ болар. Кез-келген уақытта қолындағысын бөліп беруге дайын тұратын, достыққа берік, жүрегі жайсаң дос, бауыр азаматымыз еді.

Әттең, мезгілсіз келген қазадан асыл досымыздан айырылып қалдық. Өкініш өзегімізді өртеп, қайғы мұң кешудеміз. Орны ойсырап бос қалғандай.

Айналасындағыларға тірек бола білген, жаны жайсаң, жүрегі кең, өмірде тек жақсылықты ту еткен досымызды қимастықпен еске аламыз. Серікбол өмірден өткенімен, біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Деп жүрсек те бір Алланың жарлығы,
Жүрек езген бұл қазанның бар мұңы.
Бала-шағаң, туыс қалды аңырап
Түс секілді болып кетті барлығы.
Алтай болды қабырғаға бататын
Қайғы болды қайыстырған, Секо, тым,
Ойда жоқта ойсыратып кеттің-ау
Ақ көңіл ең ақтарылып жататын..
Азамат ең, қадірлі едің ортаңда
Қапияда қалды бәрі қалқанда.
Жатқан жерің жарық болсын Серікбол,
Жаратушым нұрын құйсын әр таңда.

Тағдырдың жазғанына не шара?! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Серікболдың өмірден көрмей кеткен қызықтарын балалары көрсін.

Данияр – Дариға Рахимовтар
27.11.2012 ж.

ТОННЫҢ ІШКІ БАУЫНДАЙ ЕДІК

*Әркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе айырылмасын көңіл қошы!*

Биылғы жылдың көктемі тәнімді емес, жанымды жауратып, жүрегімді сыздатып, көңілімді мұздатып. естен кетпестей есеңгіретіп кетті. Ойда жоқта – оқыста жан досымнан айрылып, қара жамылып қалған жайым бар. Жүрегіңде саулесі бар қазақ жұртын жылатып, қайғыдан қабырғасын қайыстырып, опасыз дүниеден озған алаштын арысы, өзімнің өмірлік досым СЕРІКБОЛдан айырылдым. Таң бозында соғылған телефон суыт та, суық хабар жеткізді. Телефон тұтқасын көтергенде, арғы жақтан жыламсырай шыққан дауыс естілді: «Ал, бауырым, жан досыңнан айрылды!» Тонның ішкі бауындай бауырласып, жақын жекжат болып кеткен досымнан айырылғанымды сездім.

Иә, Серікболмен отыз жылдан астам уақыт арамыздан қыл өтпес, қимас сырлас, сыйлас та мұңдас дос болдым. Сонау қос атпен қусан да жеткізбес жастық шақ бозбала кезімізде мектептің шырайлы шаңырағында бірге оқыдық. Бұл 1982 жылдың күз айлары болатын. Содан бері жұбымыз жазылған жоқ. Керіскен де, кетіскен де кезіміз жоқ. Алаңсыз араластық, туыстай тату-тәтті ғұмыр кештік. Бүгінде ержетіп, ұл-қыздарымыз да бір-біріне тілеулес достар. Осындай күйге жеткенімізге шүкіршілік етегінбіз... Иә, кешегі қатар жүрген кездері өзімізді өлместей көріп, пендешілік тіршіліктің тізгінін тартпай, бакуат ғұмыр, көрген қызығымызды таусылмастай сезінсек керек. Енді міне, қияметтік достардың бірінен соң бірі “о дүниелік” болып, қатарымыз сирей бастаған сәтте өкініш өзегімізді өртеп, қайғы-мұң кешудеміз. Әуелі Мейірланнан айрылып, опындық. Сосын Секо – Серікбол кетті келместін кемесіне мініп... Есіл достардың өлімі есімізден айырып, еңсемізді езіп, жетім қалғандай күй кешудеміз.. Өнерлері де, өмірлері де ұлтына, ұрпағына ғұмырлық өнеге, рухани рух беретін бекзаттар еді ғой...

Секо кішілігі кісілігіне сай, мінезге мырза, жайдары, жайсаң, ақжарқын, ақкөңіл, ақпейіл, адал азамат-ақ еді. Адамгершілік қасиетіне кір шалдырмай, өсек-өтірікке, жала-залалға, алдау-арбауға бой алдырмай өтті өмірден. Сыпайы сарбаз, сері жігіт қай ортаға да судай сіңіп, тастай батып, алаңсыз араласып кететін жаратылысынан жұғымды, сүйкімді, сыйлы еді. Уәдесіне берік, айтқанынан айнымайтын, мерей-мейірімі мол, қайырымдылығына қанағатшылдығы сай, мансап қумай-ақ мақсатына жеткен, байлық қумай-ақ бақытына жолыққан да Серікбол еді. Осындай өмір-тіршілігімен өзгелерге үлгі-өнеге берген жігіттің төресі еді – Секо. Оның осынау жаратушы берген боямсыз болмысы тал бойына жарасып-ақ тұратын. Оны танып-білетін, араласып-құраласқан адамдардың бәрі қадірлейтін. «Ой, Секең-ай, Серікбол» деп өзіне де, сөзіне де сүйсініп, риза көңілдерін айтып жататын. Ол сондай бауырмал еді, адамдарды алаламайтын.

Тұңғыш танысып, табысқан кезде өңкей өндірі жастар едік. Таныса сала жақын араласып, жанымыз жарасып, сөйтіп ғұмыр бойы кісілік қалпымыздан айнымай өскенбіз. Біз адам баласына ата-ана қандай керек, қандай қымбат

болса, жігітке де нақ сондай ардақты, асыл, ғұмырлық дос керектігін жазып-жанылмай, жан-жүрегімізбен ерте түсінген буынның өкіліміз. Біздің бағымызға мұндай қасиет санамызға ерте сінді.

Серікбол тумысынан ақыл-парасаты байтақ, жан-дүниесі жайсаң, мінезі жібектей жұмсақ жігіт санатынан болатын. Осынау атжақты, ақсары, орта бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей енселі де, енгезердей жігіттің жаны нәзік, жүрегі жұмсақ, сезімі мөлдір еді. Ол ашуын ақылға жеңдіретін. Кей-кейде болмашы нәрсеге бола ренжіп, қабақ шытып, шытыр ете қалсаң да, көңіліне келер артық-ауыс сөз айтсаң да, Серікбол теріс айнарудың орнына жұмсақ жымиып, сені сабырға шақыратын. Сыртына сыр бөлмейтін, өзін дегеніне көл жайсаң мінезді болатын. Серікболдың қақ-соғы жоқ, алаңсыз ақ көңілі мен адалдығы алдында бас исек, ол бұған лайық азамат-тын. Сол қадыр-қасиеті үшін де біз оны ерекше жақсы көретінбіз. Риясыз достық осындай-ақ болар. Иә, біз сөзіміз, қалжыңымыз жарасқан ақ, адал дос болдық. Сол иша деспей, бір-біріміздің алдымызды кеспей өткен өмірімізге ризамыз. Беу, көзден бұлбұл ұшқан сол бір дәуреннің қайта оралмасы қандай өкінішті десеңізші! Ең өкініштісі, қайғы-мұңымызды, қуаныш-қызығымызды бөлісіп, сырласып, шер тарқатысып ғұмыр кешкен кешегі күндердің көзді ашып-жұмғандай сәтте өте шығып, арманда қалдырғаны-ай!

Иә, азамат Серікболдың елінің есінде осындай елеулі, ерен еңбектерімен қалары ақиқат. Ал біз болсақ Серікболдың достыққа адал, жаны жомарт, жүрегі жылы бекзат болмысын өле-өлгенше жанымызда сақтаймыз. Секомыздың құдай алдында да, адам алдында да жүзі жарық. Өзі өлсе де, өсіп-өніп келе жатқан отбасы бар. Әкелерінен айырылғанын әлі де түсінбеген 3 бірдей құртымдай қыздары бар. Отын өшірмейтін жары – Әселі бар.

Әрине, есіл достың кетік-келте тірліктен татар дәмінің ерте таусылғаны өте өкінішті. Алайда ажалға қарсы тұрар, араша болар кім бар?! Дәрменсізбіз. Қара тас-қайғы еңсені езіп, есті алса да төзбеске не шара. Біздің қолдан келетіні басымыз аман жүрген күндері есіл досты еске алып, дұға бағыштап тұру ғана...

Қасымжанов Ержан

«ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ-АЙ»

*Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
Өлеңнің құшағына сия алмайтын,
Қазақты көрсің келсе, дәл осы деп,
Көрсетсе дүниесе ұялмайтын
Сырбай Мәуленов*

Қаншама бір тақуа болып кетсең де, Абай айтқандай, өз өміріңе өзін күніне, аптасына, айына, жылына емес, жылдап барып есеп бергенде, жүрегіңде жан жылуының табы сақталған жандарды есіңе алып, сол адамның сенің өміріңнен алатын орнын іздеп, айналаңмен салыстыра отырып соған баға беретін сирек сәттердің болатыны анық. Сол баға арқылы өткендегі қуаныш-жұбанышыңды, реніш-сүйінішіңді, күйініш-өкінішіңді еске аласың. Еске ала отырып өзіңде де, досыңа да, өмір сүрген ортана да, қоғамыңа да баға бересің. Сондай сәттерде, түйсігі солай ма, кім білсін, әйтеуір, әлгі адамның тіршіліктегі мінез-қаракеті, жақсы-пейілі, өмір сүру қабілеті мен мақсат жолындағы айла-амалының қайсысы басым болса, сондай оқиғалар алдыңды орап, әрқашанда сондай болып есіңде қалады.

Осы еске алу досымыз Төлеуғазы ұлы Серікболға арналады. Тіршіліктегі пендеге қаратыла айтылатын ең ұлы да әділ баға “жақсы адам” деген сөз. Санаға сап сараласам, шын мәнінде, Серікбол осы ұғымның мағынасына толық лайық жігіт. Ендеше: “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” деген халықтық қағиданы ұстанып, неге қанжығалас достың, сауатты пікірлестің нұрын тасытпасқа деген ойға келдім және бұл пікірге оны білетін жүздеген әріптестері мен достары қосылатынына еш күмәнім жоқ.

Қазақта «сегіз қырлы, бір сырлы» деген, ғажап сөз бар. Бұл адамдарда сирек кездесетін асыл қасиет. Осыған жауап беретін мінез – осы Серікболдың бойында. Осындай мінезімен өмірден орын алған адам.

Бұл реттен алғанда осы отыз жеті жылдың ішінде Серікболмен қанжығаласып, ауыздықтасып, қамшыласып келе жатқан қатарластары мен құрбы-құрдастары да, курстастары да, бір кезеңде бір маусым қамыттас болған әріптестері де, бір күндік жолы қиысқандар да оның адамгершілігіне мін таға алмасына сенемін. Өйткені, ол ешқашанда: барды – байытуға, жоқты – жонуға, артықты – кемітуге, кемшілігіңді – бетіңе басуға ұмтылмайды. Керісінше, үнсіз ғана: аласаны – биіктетіп, кемдікті – толтырып, жоғыңды – тауып, қиыспаған ісіңді қиыстырып, шынтағыңа жастықты қойып, тыныш қана өз жөнімен жүре береді. Ұзын сөздің қысқасы, Серікболды таныған адамдардың есінде осылай қалады деп сенемін.

Өмірде Серікбол нағыз сыр сандық. Бірақ сол сыр сандықтың ішінде қаншама адамның жан құпиясы мен сыры, мінезі мен қыры, шындығы жатыр. Соны сыр ретінде сыралғы досына айтпайды. Мұндайда дәл осындай тілі берік адаммен қатар жүргеніңе таң қаласың.

Сондықтан болса керек, кейде жан қысылғандағы жақсы сөзді де, жанама сөзді де Серікболға айтып тұрасың.

Жоғарыдағы айтылған жақсыға тән мінез – әділдік. Бұл сөздің астарына адалдық, шыншылдық, қайырымдылық, алғырлық, ақ ниет сияқты ізгілік нышандар жатыр. Серікболдың ойы да, ісі де шын ниеттен туады. Мақсатыма жетсем, ана істі істесем, ол үшін ана адаммен сөйлесем дейтін пейілге бейім пенделікті ойлайтын шығар, бірақ оны пиғылына жеңгізіп көрген емес. Өйткені, ол не ойына алса да адам баласына деген ілтипатпен кіріседі. Адам жанының көлеңкесінің өзінен жақсылық іздейді. Осы жарқын мінез достарының жанына да, әріптестерінің көңіліне де, жүрегіне де жақсылық

нұрын құяды. Кеше де, бүгін де, ертеңгі қарбалас, етекбасты тіршілікте де осы мінезінен таятын адам емес.

Осы мінездін өзі де бір адамның өмірінің мағыналы өтуіне әжептәуір кепіл береді. Адамға, ортаға, қоғамға осындай сыйымды мінезімен сыйлы дос. Жақсының жасына жақсылықтың жылуын сыйлаумен келген жақсы досқа қаратыла айтылған бір ауыз жақсы сөз де оның нұрын тасытпаса, жасытпас деп ойлаймын.

Жан досымнан айырылғалы,
Қанатымнан қайырылғалы,
Сұм тағдырға бағынғалы,
Дос бейнесін сағынғалы,
Уақыттың содан бері,
Өтті қанша ағындары.
Содан бері табиғаттың,
Соқты қанша дауылдары.
Жеткізбеді амал қанша,
Дос бейнесі сағымдағы,
Ұстатпайды екен дағы.

Сағым бәрі, сағым бәрі!!! – деп Айбек Қалмағанбетов жырлағандай, дос деген үш әріптен құралған бір ауыз сөз қандай ыстық десенші. Дос болудың негізі қол алысып дос болу емес, дос болудың бірден бір тәсілі дос бола білуде. Сенімнің сексен түрі бар дейді ғой, Дос сенімді серігің, ең жақын адамың ол. Досына қарап сені таниды, сенің кім екенінді досың айтады. Достарға арналған өлеңдерді, ақ тілектерді естігенде, олармен бірге өткізген уақытты сағынышпен еске аламын.

Балалықтың тәтті естеліктері достармен басталады. Алғашқы ғашықтық сезімдерді бөлісіп сырласатындар да, дискотекаға әтірсуды бөлісіп жағып баратындар да, темекі, арақ-шараптың да дәмін бөлісетіндер де, қыз үшін қырғынға түскен де, сен жақ болатындар да, қыздарға хат жазуды үйрететіндер де, ешкім түсінбейтін еркелік қалжыңды көтеретіндер де осы доспен бірге өткізіп едік. Өмірінің соңына дейін ардақты ұл, жақсы дос, адал жар, аяулы әке бола білді, мақтаныш етуге лайықты.

Қымбатты, Дос! Арада аз күн өтсе де сыйлас, сырлас бола біліп, қызық-қуанышы мол күндерді бірге өткізген екенбіз. Міне, енді қоштасар сәтте келіп жетті. Әрдайым бірге болғым-ақ келеді, оған тағдыр солай болып өмірден ерте кеттің, ажалға әлі де болса қимаймын бірақ амал қанша. Жан дүнием менің тасып жатқан өзендей, айтарымды қағазға дұрыс түсіре алмасам кешірім сұраймын. Өйткені, мен – тіл маманы, филолог, не журналист емеспін. Сондықтан, жазбаларымда кем тұстар болса кешіріммен, түсіністікпен қарарсыздар деген үміттемін. Қайыр-хош, бауырым Серікбол!

Сөзімнің соңын *Қабижан Мырзахметұлының «Өмірім менің»* өлеңінің мына шумақтарымен аяқтағым келеді:

Бұл өмірден түйгенім көп әрине,
Жеткізе алмай айтып оның бәрінде
Қысқа жіптей қысқа өмірдің ішінде,
Сыйласып өт дегім келед бәріңе.
Түсініңдер өмірдің не екенін
Бірақ демде көзден ғайып өтерін.
Жер бетіне келіп- кетер қолақтай,
Мәңгі жасар адамның жоқ екенін.

Рамазанов Мерей

ОН ЖЫЛ БІРГЕ ОҚЫҒАН ҚИМАС СЫНЫПТАСЫМ

Серікболды ес білгелі бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылы мектеп табалдырығын аттағалы білемін. Бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін бірге оқыдық. Бүкіл балалық шағымыз, тәтті балдаурен шағымыз бірге өтті десек те болады. Жүзінен күлкі кетпейтін, ақ көңіл, ақ жарқын жан еді. Кісілігі, адамгершілігі, кішіпейілділігі бала кезінен баянды болатын. Сыныптастарымен адал қарым қатынаста болатын. Ешкімді ешқашан алалап, ренжіткен жан емес. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, сабаққа ынтасы жоғары болатын. Бес пе, алтыншы сыныпта ма оқып жүргенде, бір мерекелік концертке дайындалайық десек қыздар белсенді де, ал ұлдарымыз қатыспай қоятын. "Сендер неге қатыспайсындар?" деп сынып жетекшіміз сұраған кезде ұлдарымыз төмен қарайтын, ал Серікбол болса намысы жібермеді ме ортаға жұлқнынып шығып, мен "Сары бидай" әнін айтамын, домбыра шерте аламын дегені. Бәріміз аң-танбыз. Сөйтіп Секомыз намысын бермей концертке қатысқаны бар. Бәріміз қатты қуандық.

Кейіннен бәріміз мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түстік, одан кейін көп көріспедік. Өмір ағынымен жан-жаққа кеттік. Қарап отырсам қас қағым сәт сияқты, бірақ талай жылдар өтіпті. Тұрмыс құрдық, бала сүйдік, бірақ отыздың сегізіне келсек те, ішкі жан дүниенің бала сияқты болып қалады екен. Сөйтіп мектеп бітіргенімізге жиырма жыл болды, кездесу өткізейік деп шештік. Жиырма жыл көрмеген сыныптастарыңды сағынасын ба, әлде балалық шаққа оралғың келе ме, әйтеуі бір ыстық сезім пайда болады екен. Сол кездесуді асыға күттің. Кездесуге бір ай қалғанда Секомыз қайғылы жағдайға ұшырады. Өттен, өкпінші..! Сол сөзді естігенде жүректі пышақпен осып жібергендей болды. Сенбедім. Дүние, табиғат ана күңіреніп тұрып жылағанын айтсаңшы. Секонның қырқына барған кезде мен сондай күй кештім. Жаңбыр жауып, арты бұршаққа айналды. Бұл Секонның көз жасы ма, әлде табиғат ананың көз жасы ма... Бір асыл азаматымнан айырылдым дегендей өңірегені ме?

Ертеңінде сыныптастарымызбен көкке шықтық. Кешегідей тағы жанбыр жауса кайтеміз деп едік, жоқ жанбыр жаумады. Күн шайдай ашық, табиғат аясында жақсы дем алып қайттық. Серікбол көк аспанда қалқып тұрып "мен сендермен біргемін" дегендей. Иә Секо, сен бізбен әрдайым біргесін, біздің жүрегімізде мәңгі сақталасын!

Алла тағала осы дүниеге адамдарды бір біріне жақсылық жасасын деп жібереді екен. Секонның достарына, адам баласына жасаған жақсылығын тізіп жазу бекер шығар. Айтпаса да, түсінікті нәрсе емес пе. Артында қалған үш гүлі, аяулы жары Өсель аман болса екен. Секонның соңында өшпес із қалды, оны жалғастырушы үш баласы барда ешкім ешқашан жоғалмақ емес. Секонның бойындағы адамгершілік, адами құндылықтар оның үлгілі отбасынан шыққандығынан деп білемін. Ондай адамдар асыл әке, алтын құрсақты анадан тумай ма!? Секонның отбасы, аға апайларына қайғырып көңіл айтамыз. Қайғыдан сіздер ғана емес мына бізде қан жұтқанымызды білсеңіздер ғой. "Орны барда оналар" дейді қазақта. Бәрі де орнына келер. Бұл Алланың ісі деп білемін. Біреуге ерте, біреуге жай. Бұл өмірдің заңы осылай екен. Жақыныңды жоғалту – асылыңды жоғалтумен тең екен. Бұл жағдай маған бөтен емес. Осыдан он екі жыл бұрын отыз жастағы апайымнан, үш жыл бұрын асыл әкемнен айырылдым. Адам болғаннан кейін әрбіреуінің басында болады емес пе. Өмір осылай өтеді екен. Жалпы өмір деген – тіршілік үшін күрес дейді ғой. Өмір жалғаса береді, өмір сүру үшін күресуің керек екен. Өйткені өмір заңы солай..!

Шынар Рашид қызы,
12/03/2013 жыл. Семей қаласы

ҚАЙРАН СЕРІКБОЛ!

Мен, Мүкпенев Ержан Аманкелдіұлымын. Серікбол екеуіміз Ақсуатта мектеп кабырғасынан дос болдық. Ол менен бір класс төмен оқыды. Бір-бірімізге өте адал, сыйласымды дос болдық. Ол кезде заман солай болды ма, край-край болып, балалар төбелесетін, кейде жазықсыз тиісуші еді. Сондайда қарап қаламыз ба, өз намысымызды қорғадық. Тіпті өз жасымызда «Ақсуатты ұстадық» десек те болады. Семьялы болған соң да, қатты араластым. Бізден, достарынан өз көмегін аяған жоқ. Мен сырттай оқыдым да, жұмыс істедім. Ол студент еді. Кейде, керек кезінде аздап болса да ақша беретін едім, соны мен бір миллион беріп тастағандай айтатын жариялап жүретін еді. Мен қатты ұялып, қойсаңшы Секо, болымсыз нәрсені айтпашы десем де, Паша, студенттік кезді ешқашан ұмытпаймын ғой,-деп әзілдейтін. Өте ақкөңіл, әзілкеш еді. Үшінші қызы Ұлжан дүниеге келгенде жарықтық бізге, Ержан, сенде екі қыз, жұмаққа сен кандидатсың, ал менің орным жұмақта болады. Үш қызым болды деп, әзілдеуші еді. Құдай аузына салды ма екен. Достарынан қолынан келген жақсылығын аямады. Жұмысқа тұруға, тіпті Ақсуаттық жігіттердің қандайда шешілмей жатқан істеріне кірісіп, шешіп беретін. Не деп айтам, өзің айтқандай орның жұмақта болып, жатқан жерің жайлы болсын дейміз! Ал Әселге айтар көңіліміз:

Сұм тағдыр сені сынады,
Жете ме,- деп шыдамы.
Қатар өскен қос терек,
Мезгілсіз бірі құлады.
Аңырап қалдың артында,
Аққудай жоқтап сыңарын.
Балаларың көп жасап,
Сөнбесін мәңгі шырағың.
Келмеске кетті есіл ер,
Қайғына, Әсел шыдағың.

Ержан – Қымбат Мүкпеневтер

ҰМЫТЛМАЙТЫН ДОС

Серікболдың қазасы маған ауыр тиді. Сонау бала күнімізден бірге өскен, ниеттес, тілектес, сырлас болған досымыз бүгін арамызда жоқ. Секоньң өмірден өтуі жүрегімізде досымызға деген сүйіспеншілік, сағыныш, неге ерте кетті деген өкініш қалдырды, Серікбол екеуіміз асық атып, доп қуып, тайға мініп, балалықтың базарын бірге көрдік. Мектепте жақсы оқыдық, қол ұстасып бірге жүрдік, бір партада отырдық. Бала күнімізден-ақ жақын дос болып, жұбымыз жазылмай бірге өстік.

Серікбол тәрбиелі, еңбекшіл, қайырымды бала болды. Айтқан сөзінде тұратын, адал азамат болып қалыптасты. Үйдің, мектептің, қоғамдық жұмыстарын тиянақты істейтін, ауыр еңбектен қашпайтын, өте жұмыскер еді. Секо екеуіміз сабақтан бірге қайтамыз. Кейбір кезде Секолар жақпен қайтамын, жолда бетон плиталар бар болатын, соған отырып алып, болашақта қандай азамат боламыз деп әңгімелесетінбіз. Сондағы арманымыз жоғарғы білімді адам болып, үлкен қызметкер дәрежесіне жету болатын. Ертесінде Секо біздің жақпен қайтатын, жол бойы сөзіміз бітпейтін, әңгімеміз жарасатын.

Секо спортты ұнататын, күреске бірге қатыстық, тайға міндік, асық ойнадық. Жақсы, үлгілі оқушы болдық. Жамандық жасап көрмедік. Студент кезімізде де жұбымыз жазылмады. Жастығымызды қатар жүріп өткіздік. Марқұм мені жақсы көретін. Қалжындап ойнап, алысып, есімді шығаратын. Секо, қойшы өзің! дегенде бірақ қоятын. Секо айтушы еді, екеуіміз шал болғанша өстіп ойнайтын боламыз деп, Алла ол тілегімізге жеткізбеді. Ешкімге айтпаған құпияларын маған айтатын және маған сенетін.

Соңғы рет Алматыда Қайраттың үйінде болдық, таң атқанша ұзақ әңгімелестік. Мен Секонь көп тындадым, көп дүниелерді айтты, балалық, студенттік кезден бастап, бүгінгі күнге дейін, ертеңгі, болашақтағы жоспарын түгелдей қамтып шықты. Ешкімге сенбе, өзінің бағыт-бағдарың болсын деуші еді – марқұм. Қасыма келіп отыршы – дел, мені құшақтап жатып әңгімесін жалғастырды. Қазір ойлап қарасам, Секоньң бір қоштасуы, қимастықпен айтылған соңғы сөздері сияқты көрінеді. Көп адамдардан көңілі қалғандығы, шаршап жүргендігі, бәрі-бәрі сөз болды. Тіпті қайтыс болған достарымызды да еске алыстық.

Секоньң жанашырлық, бауырмалдық қасиеті жоғары ғой. Үлкенді – аға, кішіні – іні деп силайтын. Үнемі елге жақсылық жасап жүретін. Достарына ақылшы бола білген азамат, қайырымды ізетті жігіт, қандай да бір жақсы қасиеттердің бәрі Секоньң бойынан табылатын. Көпшіліктің ішінен көзге түсетін, аяулы, ақылды жігіт еді ғой, марқұм. Серікбол менің жүрегімде мәңгі қалады. Ешқашан ұмытпаймын! Топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Алла иман байлығын берсін. Соңындағы ұрпақтарының өмір жасы ұзақ болсын! Сенің бейнеңді ешқашан ұмытпаймыз! Сен біз үшін мәңгі тірісің!

Ермек Хасенов

Алматы, Көктөбе,

24 қараша, 2012 жыл.

АҚЖАРҚЫН ЕДІ

*Өмір заңы, қаталдығың несімен қатты,
Ортамыздан алып кеттің аяулы азаматты.
Аяушылық деген шіркін болмаушы ма еді,
Айы оңынан, жаңа туғанда күні батты...*

Серікбол дүниеден өтсе де, оның есімі мәңгі жүрегімізде қалады. Досымыз Серікбол өзінің қысқа ғұмырында, өзін тек жақсы жақтарымен көрсете білді. Оның бойындағы адамгершілігі, айналасын өзіне баурап алатындығы, адамдарды тани да, түсіне білетіндігі, мейірімді, сабырлы, еңбекқор және оның қарапайымдылығы сияқты қасиеттерімен ерекшелінетін. Қашан көрсең де, жүзінде өзіне жарасатын жылы күлкісі мен көтеріңкі көңілі жанындағы адамға жылу сыйлайтын. Достарымен әрқашан қалжындасып, әзілмен балалық шақтарын, қызықты оқиғаларын сағынышпен еске алуды ұнататын. Серікболдың әр айтқан әңгімесін, бәріміз шайдың басында ұйып отырып тыңдайтынбыз. Себебі, ол үнемі шынайы, әрі ықыласымен айтатын. Шақырылған қонаққа, ол үнемі жұмыстан соң келетін, өз жұмысына зор жауапкершілікпен қарайтын. Өзінің отбасын, жолдасы Әселді, балаларын аялай да, еркелете білетін.

Бір адамның бойында осынша жақсы қасиеттердің табылуы сирек кездеседі. Осындай азаматты тәрбиелеп, өсірген әкесі мен анасына үлкен алғысымызды айтсақ, артық болмас еді.

Ата-анасына, туған-туыскандарына және отбасына қайғыларыңызға көңіл айтамыз. Бұл сіздер үшін орны толмас қайғы. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, Серікболдың бұл дүниеде жетпеген белестеріне, арман мақсаттарына Алла тағала артында қалған ұрпақтарын жеткізсін.

Досымыз Серікбол ортамыздағы орны бөлек, ерекше тұлға. Ол елінің, ата-анасының, туғандарының, достарының мақтанышы. Сұм ажал, осындай аяулы азаматымызды ортамыздан мезгілсіз алып кетсе де, оның жарқын бейнесі мәңгілікке жүрегімізде сақталады!

Сиязбаев Манарбек,
жолдасы **Анар.**

БІР АУЫЛДЫҢ ТҮЛЕГІ ЕДІК

Серікбол марқұммен балалық шағымыз Ақсуат аулында бірге өтін, мектеп табалдырығын бірге аттан, бір сыныпта оқыған жолдастары Хасенов Ермек, Мырзағалиев Қайрат, Шоканов Сержан және Төгісов Кәмілжанның досымызбен бірге өмір жолымызда басымыздан өткерген қызықты сәттерді еске ала отырып, мына бір оқиғаны айтуды жөн көрдік.

5 немесе 6 сыныпта оқып жүрген шағымызда демалыс күндері Ақсуатта тай, ат жарыстарын өткізу және атпен табиғатта серуендеу үрдіске айналған болатын. Сондай бір қыстың демалыс күндерінде Серікбол өзінің жирен тайына, Қайрат торы тайымен және Ермек пен Камайда тайлармызға мініп Ақсуаттың сыртындағы Қарабұлақ қыстағын бетке алып, жарысып түлкі, қарсақ қуып, уақыттың қалай өткенін балалықпен сезбей күн батырып үйге қайтатынбыз. Келесі күні сабаққа барып, жексенбі күні атпен шауып жарысқанымызды сыныптастарымызға мақтана айтып жүретінбіз.

Қаңтар айының бір сенбісінде жексенбі күннің аң аулау жоспарын құрып отырғанбыз, содан Секмай досымыз неге біз тайларды аямаймыз, одан да жаяу шығайық. Өзімізбен донғалақ камерасын және бензин алып, түлкі мен қарсақтардың індерінің аузына от жағу арқылы ұстамаймыз ба деп ұсыныс жасады. Жексенбі күні үй шаруаларын бір-бірімізге көмектесіп жүріп бітірген соң, түс кезінде келісім бойынша бесеуіміз жаяу аң аулауға шықтық. Балалық қызумен ойнап, жүгіріп және дала кезіп жүрген қарсақтарды қызықтап ауылдан қалай ұзап кеткенімізді де, уақыттың өткенін де сезбей қалыппыз. Қараңғы түсіп үйге қарай бет алдық. Өзіміз әбден шаршағанбыз, ауыл әлі де алыста, содан ата-анамыз, үйдегілер ұрысатын болды деп тынышсыздана бастадық. Сөйтіп келе жатқанда, жолдан ет комбинатының малдың ішек-қарының төгіп, қайтып бара жатқан тракторын кездестіріп, жүргізуші ағадан ауылға ала кетуін өтініп трактордың прицеппіне мініп ауылға жеткенбіз.

Бұл Серікбол досымызбен бірге жүргендегі басымыздан өткен бір оқиға еді. Марқұм Серікбол досымыз еске алғанда оның бала кезден үй шаруасын, сабаққа өте тиянақты қарайтынын, кішіпейілділігін, спортшыл күш иесі болғаны есімізге түседі және мәңгілік жүрегімізде сақталады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннәтта болсын!

Төгісов Кәмілжан

ЖАН ДОСЫМ

«Бисмилләһир-рахмаанир-рахим» – деп Аллаһтың атымен сөзімді бастайын. Аллаһтан әмір келіп, досымыз бақилыққа жөнелді. Сол қаралы хабарды естіген кезде, тобеме бір мұздай су құйылғандай болды. Сол кезден бастап, «адам баласының бұл өмірде аялламада көлігін күтіп тұрғандай өмір сүру керек» деген сөздің мағынасын тереңінен түсіндім. Қаралы хабар барлығымыздың жүрегімізді қан жылатты.

Менің жан досым Серікбол! Біз екеуіміз 1995 жылы Семей Технологиялық институттың, экономикалық факультетінің екінші курсында таныстық. Көп достарымның ішіндегі бірі де, бірегейі де еді ол. Адам баласының өмірінде – балалық шағы мен жастық шағы ең қимас кезеңдер болып есептеледі. Сол жалындап тұрған, армандарға толы жастық шағымызда жолдас болдық, сырлас болдық. Сол кезден бастап екеуіміздің алдымызға қойған жоспарларымыз да көп еді. Сол кезден бастап бір-бірімізді жарты сөзден түсінісетін жолдас болдық. Дос ретінде мақтан тұтарлық менің досым болды. Әр адамның бұл өмірде орны бөлек деуші еді атамыз қазақ, мен үшін қазіргі таңда Серікбойсыз Семей қаласы құлазығандай болып тұрады. Студенттік қызық шақтарымызды Серікболсыз еске аларлық жерлері жоқ десек те болады. Өйткені біз бірімізді біріміз іздеп тұратынбыз, әрдайым егіз қозыдай бірге жүрдік.

Университетті бітіргеннен кейін әр жаққа әскерге кеттік. Одан кейін Серікбол Семейде, мен Алматы облысы Талдықорған қаласында жұмысқа орналастық. Сөйтіп жүріп үйленіп, бір-бір отбасын құрғаннан кейін де жұбымыз ажырамай, бала-шағамызбен араластық. 2008 жылы Серікбол жұмыс бабымен Үшаралға ауысып барды. Қалай қуандық! Бұл жолы жаңұяларымызбен тіпті жақындасып, туыстасып кеттік. 2011 жылы Серікбол қайтадан Семейге ауысып кетті. 2012 жылы мамырдың басында Алла тағала екеуімізді қайтадан қосты. Бұл жолы мен Семейге ауысып бардым. Уақытша жалдамалы пәтер тапқанша, Серікбол мен Әселдің «тұңғыштары» болдым. Сөйтіп Серікболдың ақырғы күндерін бірге өткіздік. Сол күні Астанаға екеуімізге де жол түсіп тұрды. Мен іс-сапармен, Серікбол аттестациядан өтуге. Серікбол мінегін көлікке сыймайтын болғандықтан, мен автобуспен ертерек шығып кеткен болатынмын...

Өмірде өкінер сәттер болса, мен сол Серікбол досымның жаназасына үлгермегеніме қатты қынжыламын. Серікбол досымыз бар болғаны 36 жасында өмірден өтті. Қаншама орындалмай қалған армандар, алынбаған белестер қалды. Амал қанша, «Аллахтын жазымыштан озымыш жоқ» демекші, енді шара жоқ. Досымыз осы азғантай өмірінде мықты, танымал ғана емес, ғажап сыйлы болды ортамызда. Уақыт шіркін зырылдайды, барлығымыздың бара жатқан бағғытымыз бір, әр-бір өтіп жатқан уақытымыз қабырға қарай жылжуда! Жаның жәннәтта болсын, досым! Аллаһ тағала барлығымыздың жәннәтта кездесуімізді нәсіп етсін.

Рысжанов Рахат Сайлауханұлы

ЖАН ЕДІҢ ҚИЯ АЛМАЙТЫН

*Өлімге жан екенің қия алмайтын,
Өлеңнің қушағына сия алмайтын.
Қазақтың көргің келсе, дәл осы деп,
Корсетсе дүниеге ұялмайтын...*

Осы өлең шумағын студенттік өмірді бірге өткізген жарқын тұлға Серікболдың бейнесіне қатысты да айтуға болады. Оның жарқын, нұрлы жүзі, бір көргеннен адамды өзіне тартып тұратын. Келбеті, салмақты мінезі, әрбір ойланып айтағын сөзі мен сазды үні, адамға деген қамқорлығы мен жүрегіннің жұмсақтығы, «досың кім десе, міне менің досым» деп көрсетуге сай болып тұратын, қазақтың мақтаныш етуге лайықты жігіті болып еді, шіркін.

Біздің топқа Серікбол 2 курста 1996 жылы «Инженерлік технологиялық» факультеттен ауысып келді. Экономикалық мамандықта оқығандықтан ба, топта қыз балалар көп болатын (7 қыз, 3 ұл), Серікбол келгенде біз қуандық, қуанышымыз бекер болмапты. Топқа келе сала бұрыннан осы топта оқыған сияқты араласып кетті. Бір үйдің балалары сияқты болып 3 жыл, 1999 жылға дейін бір-бірімізден еш жалықпай барлық уақытымызды бірге өткізуге тырысатынбыз. Бізден 1-2 жас үлкендігін әрқашан сезетінбіз, кішіге қамқор, үлкенді сыйлау керектігін айтып үлгі болып жүретін. Оның ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары, әр уақытта қызықты уақыт өткізу үшін кештер ұйымдастырып, киноға бару, саяхатқа шығу сияқты барлық шараларды белсенділікпен басқаратын.

Оқу бітіргеннен кейін топтағы балалар өмірдің ағысымен әр жаққа тарап кеттік. Біріміз Алматы, Талдықорған, Өскемен кетсек, Серікбол бар біразымыз Семейде қалдық. Сонда, арамыздағы Серікбол бәрімізбен хабарласып, әсіресе топтын күйеу балалары мен келіндерін ерекше құрметтеп, хал-жағдайларымызды біліп, сәті түссе топтың басын қосып отыратын. Ең соңғы Серікболдың ұйымдастырған кездесуі 2011 жылдың 20-шы маусымында болды. Ол кездесуге дәм тартқандар ғана бардық, қазір сол кешке неге бармадық деген өкініш өзекті өртейді.

Серікбол Төлеуғазинов кейінгі кезде атқарған қызметтерін естіп, мақтан тұтатынбыз, біздің группаласымыз деп, ол қызметтерінде өзінің еңбексүйгіштігімен, білімділігімен, парасаттылығымен, іскерлігімен, шынайылығымен, адалдығымен зор құрмет пен беделге ие болғанын бәріміз білетінбіз, «Биіктен көрінсін», «Жолы болсын» деп әрқайсымыз жан-жақта болсақ та тілеуін тілеп жүретін едік.

Әрине, өмірдің өз әттеген-айы бар. Осындай болатынын кім ойлап көрді екен. Суық хабарды естігенде ешқайсымыз сенбедік, ұзақ уақыт бір-бірімізден сұрап, сене алмадық...

Уақыттың зымырауын қарашы, біздің ең қызықты шақты бірге өткізген досымыз Төлеуғазинов Серікболдың арамыздан кеткеніне 1 жылдың жүзі болды. Әрине, азаматынан айырылу кімге болсын онай емес, өсіріп-жеткізген ата-анасына, зор үмітпен қарап отырған туған-туыстарына, Жүрегіннің қалауымен қосылған жары Әселге, әкелеп-папалап іздеп тұратын балаларына бұл қазаның қандай қиын екенін сеземіз, қайғырып көңіл білдіреміз.

Серікболдың жарқын бейнесі көз алдымыздан кетпейді.

**Абеуханова Еркежан, Габдуллина Ляззат,
Оспанова Сауле, Қасенова Арай,**
*1996-1999 жылдары «Семей» университетінің
«Экономика және менеджмент» мамандығында
бірге оқыған группаластарының атынан*

ТУҒАН АҒАЙЫМ ЕДІ

Атам қазақ айтады ғой «қолда бар алтынның қадірін білмеппіз» деп, енді міне Серікболмен бірге аға-бауыр болып бірге өткізген сәттерді, естелік етіп қағаз бетіне жазба түрінде түсіремін деп ұш ұйықтасам түсіме кірмеп еді. Бірақ, сұм ажалдың алдында шара жоқ, дәрменсіз едік. Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, жақсы адам аллагада керек. Қысқаша естелік етіп, айтып өтуге тырысып бақтым.

Мен, Серікболдың інісі Бакытбекпен бірге 2001ж, әскерден кейін, Ақсуат ауылындағы № 59 өрт сөндіру бөліміне жұмысқа орналастым.

2002 жылы Бакытбек ағасы Серікболмен мені таныстырып, сол күндерден бастап аға-бауыр болып сыйласып кеттік. Серікболдың үйлену тойында сұлу қонақ болдым.

Серікбол өзінде жоқ болса да, біреуде болсын деп тұратын ақ көңіл жарқын азамат еді. Жамандық ойлау дегенді білмеуші еді.

2006 жылы Көкшетау қаласына, техникалық институтқа кезекті сессия тапсыруға жолға шықтым. Семей қаласына жеткенде, Серікбол мені сол кездегі «тойота авенсис» автокөлігімен тосып алып, жұбайы Әсел екеуі үйіне апарып қонақ етті. Қатты күтіп, боулинг ойынын ойнатып, «қайда жүрсең жолың болсын» деп батасын беріп, «бауырым, байқап жүр» деп, ағалық ақылын айтып, ертесінде Көкшетау қаласына автобусқа жолға шығарып салды. Күздің қысқа аяқ басқан кезі еді, кешқұрым автобус Астана қаласына да жетіпті. Ұйықтап кетіппін. Шофер «жарты сағат аялдайды», деп хабарлап жатқанынан ояндым. Автобустан түсуге бір жағынан ұйқымды қимай, екінші жағынынан қалада не шаруам бар деп отыр едім, кенет орта бойлы қара торы жігіт автобус ішіне кіріп, «Көкшетауға оқуға бара жатқан сенсің бе?»- деп, жөн сұрап, өзін Серікболдың досы екенін айтып таныстырды. Қандай көмек керектігін сұрап жолға сусын, тамақ алып беріп, оншақты минуттар болса да әңгімелесіп, жолға шығарып салды. Осы сәттен-ақ Серікболдың, қай жерде болмасын сөзін жерге тастамайтын, көтеріп алатын достары бар сыйлы азамат екенін түсіндім.

Сол жылы күзде Батонға машина әкелуге Семей қаласына Секоға бардық. Машинаны сылтау етіп тағы бір жұма қонақ болып, бірге талай ұмытылмас қызықтарды басымыздан кештік.

Одан кейінде қай жерде жүрсе де бара қалсан, құшақ жайып, күтіп алып, шаруанды бітіріп шығарып салу – Серікбол ағамыздың арқасы болатын.

Қала ішінде МАИ қызметкерлері тоқтатқанда, тағы Серікбол ағамызға қоңырау шалушы едік.

Ауылда соғып, бұзып алған автокөлігімді Семей қаласына, Серікбол ағама апардым, жүгіріп жүріп шіретсіз, мықты сервиске автокөлігімді жөндетіп, әдеттегідей жолға шығарып салды.

Серікбол Үшарал қаласында қызметте жүрген кезінде, жаз айында мен қыдырып барып, Көктұма пляжында дем алдым. Әскери саунада шомылып, бильярд ойнына қанып, қонақ болдым. Серікболдың басқа да достарымен таныстым.

Одан кейін де, қазіргі таңда Серікбол таныстырған достары арқылы Үшарал МАИ постысынан қысылмай-қымтылмай өтіп жүрміз.

Москва қаласында оқу іссапарымен жүрген кездерінде, басқа да уақыттарда ұмытпай қалды біліп, телефон шалып тұрушы еді.

2008 жылдың күзінің қазан айы болатын, Серікбол ауылға біраз уақытқа демалысқа келіпті. Түнде ауылдағы кластас жолдастарын аралап қалдарын білдік. Әмір, Жома, т.б. Ағасы Екпін ауылындағы Бақытбекке де бардық. Бақытбек кешегі тойдан кейін жазыла алмай қызарып отыр екен, машинадан пиво алып беріп жатып, Секо: «осыны қашан қоясың» - деп қалжыңдап мыре етіп күлді. Өзі ішімдік ішпеуші еді, мен Бақытбекпен біраз пиво ішіп, үшеуіміз біраз шаруашылық, төрт түлік мал жайында әңгімелесіп отырып қалдық. Жолда ауылға келе жатып Секо тау жаққа біреу күнге барып келейік, қаладан зеріккен шығарсың деп едім, бірден келісе кетті. Ол кезде менде ауылдың ПМК-16 дейтін Қабанбай көшесіндегі екінші қабаттағы пәтерге барып, біраз отырып ертеңгі тау сапары жайлы әңгімелестік.

Таңертең жолға шықтық. Жолда әр-түрлі әңгімелер айтып кетіп бара жаттық. Қаладан гөрі ауылды ұнататынын және бала кезіндеде каникулда жиі тауға қыдырып барып тұратынын да әңгіме етіп отырды. Көбінекей інісі Батонды жақсы көретін, аузынан тастамайтын, үлкен үміт артып отыратын. Кенет Дәурен сен Батонға айтсаңшы, досың ғой, таудан баз салып, бір шаруашылық ашып жүргізбей ме, мен өз тарапымнан көмекті аямас едім деді. Өз ауылынан баз салып, шаруашылық ашу асыл азаматтың армандарының бірі еді.

Біз Жетіарал ауылдық округі Асусай ауылының үстіндегі менің ағам Дәулетханның «Дарабоз» шаруа қожалығының Атанбай, Жантемір қыстақтарына жол тартып бара жаттық. «Қызыл» шекара заставасына да жеттік. Себебі, қысақтарға застава арқылы өтетінбіз. Застава бастығы аға лейтенант Шектібаев Рустем екен. Серікболмен танысып, тез тіл табысып бір ҰҚК-те қызмет атқаратындарын айтып әңгімелесіп, застава бастығының үйінде шай ішіп, түстендік.

Түс ауа қыстақтарға да жеттік, Серікбол Мұрат, Бақашоқ атты шопандармен танысып, мал сойып, түн жарымға дейін тау, жайлау туралы қызық әңгіме дүкен құрдық. Ертесі «Дарабоз» шаруа қожалығының Сарбұлақ егістігі арқылы Ақжар ауылын басып, ауылға аттандық. Машина багажына тиеп алған тушалар бар.

Кейін сол қыстақтағы бір сәт таныс болған, Мұрат, Бақашоқ атты шопан азаматтар Серікболдың бақилық болғанын естіп, қабырғалары қайысты.

Серікболмен телефон шалып тілдесіп, қал білісіп, өзінің Әмір класстас досын полициядан жұмыстан шығарғалы жатыр екен, бес баласы бар деп жаны ашып, қалай көмек көрсету жолын іздеумен болды.

Серікболмен соңғы рет тілдесіп тұрғанымды сезіп, білмеген екенімді түсіндім.

Серікбол жарқын, бейнең мәңгілік жадымда сақталады!

Дәурен Сағатбеков

ДЛЯ МЕНЯ БЫЛ КАК НАСТАВНИК

Я с Серикбоем познакомилась в октябре 2000 года, когда пришла работать в ГЦВП, на тот момент он собирался на службу в армию. Так он начал меня учить тому, что сам знал, так как до прихода в ГЦВП я нигде не работала, он был для меня первым учителем, наставником. Он был для меня почти старшим братом, всегда со мной обращался как с сестренкой. Никогда меня не обижал, всегда был очень спокойным, серьезным, всегда приветлив, никогда не видела что бы он с кем-нибудь грубо разговаривал, никогда никого не обижал.

С приходом в ГЦВП, я узнала что такое пенсия, пособия. И самое первое чему он меня начал учить, это пенсия по неполному стажу, дал мне в руки пенсионное дело и начал объяснять, как производится расчет стажа, показывать как рассчитывается пенсия. Затем со временем научил всему остальному.

Хотелось бы сказать, что особо приятной новостью стало для меня и для некоторых людей нашего коллектива с которыми мы тесно общались, это свадьба Серика и Асели. На тот момент Аселя тоже до моего прихода в работала ГЦВП с ней мы там же и познакомились. Я так была рада за них, узнав об их предстоящей свадьбе, они так дополняли друг друга, соединившись две половинки, они стали одним целым.

Затем родились у них девочки, его ангелочки которым он стал прекрасным отцом. Был бы он сейчас рядом с ними, также дальше заботился, оберегал, любил и был бы замечательным отцом и мужем для своей семьи. Жаль, что Аллах забирает себе таких хороших людей, но как говорят и на небесах нужны и такие хорошие люди.

Можно еще очень много хорошего и приятного сказать о человеке, но очень трудно подобрать слова. Но я его запомню таким, каким он был хорошим человеком.

Казанбаева (Какимова) Лаура

ЕМУ ВСЕГДА МОЖНО ПОЛОЖИТЬСЯ

Меня зовут Кажытаев Ербатыр. Я познакомился с моим другом Серикболом во время прохождения службы в армии. Мы с ним быстро нашли общий язык и крепко сдружились, чему способствовал немаловажный фактор того что мы с ним оказались чуть ли не родственниками (мы были одного рода «Мурын»). Он был честный, чистый и бескорыстный человек. А так же смелый, веселый, основательный и т.д. список можно продолжать бесконечно. Я мог всегда на него положиться.

Наша дружба продолжалась и после армии, хотя мы были в разных городах, мы часто созванивались и делились своими планами на будущее. Если я бывал в Семей или он приезжал в Астану мы обязательно встречались, вспоминали былое, обсуждали свои дела, и старались оказать друг другу всю возможную поддержку.

Я буду скучать по тебе брат. Пусть земля будет тебе пухом.

друг Батыр

«СОЛНЕЧНЫЙ ЧЕЛОВЕК»

После окончания школы в нашем доме стал проживать парень с Аксуата по имени Серикбол Толеугазинов. Все жильцы дома полюбили его за добрый характер, за его сердечность и светлую солнечную улыбку. Он был всегда очень внимательный, первым здоровался, интересовался здоровьем.

По его внешнему виду, манерам было видно, что он с большой интеллигентной семьи. С уважением относился к соседям, особенно внимательное и бережное отношение к пожилым старшим людям.

После успешного окончания института проживая у своей любимой тети Гайникамал Нурғалиевны – глубокоуважаемого в области человека, продолжил свою работу на военной службе. К военной службе Серик относился ответственно – всегда был подтянут, выглажен. Сам построил военную карьеру, начиная прапорщика дорос до капитана. Во время работы встретил красивую, смуглую девушку по имени Асель, с которой создал семью и вырастил троих дочерей. Дочери – Айшабиби, Амина и младшая Улжана очень любили своего отца.

Серик очень добросовестно относился к своей работе – с утра до вечера находился на работе. Домашними делами и воспитанием детей занималась Асель.

Нашего Серика ценили, уважали на работе за его порядочность, честность и справедливость. У Серика и Асели постоянно в гостях были друзья с работы, сослуживцы. Он был очень гостеприимным человеком.

Горькую утрату понесли его родители, братья, сестры и конечно Асель, которой надо поставить на ноги малолетних детей.

Я уверен в том, что родственники Серика окажут посильную помощь и воспитают достойными детей.

Светлая память о Серике всегда останется в нашей памяти.

Абдулкаримов Серик Габдуллаевич,
Почетный работник Ген прокуратуры РК

«НАҒЫЗ ӘКЕ»

2011 жылдың қыркүйек айының алғашқы күндері. Бұл кез қай мектеп, қай мұғалім үшін де қарбаласқа, әбiгерге толы кез, яғни, жаңа оқу жылының басы болып саналады. Бірақ, бәрiнен де бастауыш сынып мұғалiмдерiне әр төрт жыл сайын осы кездiң ерекшелiгi көп. Себебi, олар төрт жыл оқытқан шәкiрттерiн орталау мектепке шығарып салып, жаңадан мектеп табалдырығын аттаған бүлдiршiндердi қабылдайды.

Биылғы оқу жылының басы да мен үшiн сондай ерекшелiкпен басталды. Көздерi жәудiреп, мектеп табалдырығын имене аттаған I сынып балаларының әрқайсысының жүздерiне үңiле қарап, мiнез-құлқын танып, бiлуге тырысасың. Сабақ өз арнасына түсiп, қыркүйектiң алғашқы күндерi артта қалған кезде, бiр сыныпқа жиналған жнырма баланың iшiнен Айшабiбi өзiнiң ыждахаттылығымен, еңбексүйгiштiгiмен, салмақтылығымен ерекшеленiп, көзге түсе бастады. Балаларды танып, бiлумен қатар олардың ата-анасын да зерделей бастайсың. Сондай күндердiң бiрiнде, таңертең оқушыларды қабылдап алу кезiнде Айшабiбiнi қолынан жетектеп, бiр қолына сумкасын ұстап, мектепке кiре берiсте iзетпен амандасқан ер адамды көрiп, бiрден Айшаның әкесi екенiн бiлдiм. «Мiне, нағыз әкесiнiң қызы» деген ой бiрден басыма келдi.

Кейiннен осы көрiнiс бiр оқу жылы бойы, яғни, Айшабiбi I сыныпты бiтiргенше өзгерген жоқ. Күнделiктi таңертең сабақ басталардан бiраз бұрын, Айшаны қолынан жетектеп, мектепке кiрiп, күлiмсiрей амандасқан Серiкболды көру мектептiң бiр өзгермейтiн бөлiгiндей болып кеттi. Бұл көрiнiске тек менiң ғана емес, көршi сыныптардың мұғалiмдерiнiң де, кезекшi мұғалiмдердiң де көздерi үйренiп кеткен сияқты болатын. Қыс мезгiлiнде сырттан кiргенде бiрден бас киiмiн шешiп қолына алатын. Бұл оның бiлiм ордасын құрметтеуi, өзiнен де жоғары қоюы деп ойлаймын. Серiкболды басқалардан ерекшелеп тұратын бiр қарағанда көзге түсетiн, адамның бойына туа бiткен iзеттiлiгi, iлтипаттылығы, адамгершiлiк қасиеттерi, тәрбиелiлiгi, мектепке, мұғалiмге деген жоғары көзқарастары сияқты. Бұларды танып-бiлу үшiн адамға оларды дәлелдеу де, көп сөйлеу де қажет емес деп ойлаймын. Олар Серiкбол сияқты адамдардың бойынан айналасына күн сәулесiндей шуақ шашып, маңайын нұрландырып тұрады. Бұл күнi мен әр кез Айшаға қараған сайын әкесiнiң бойындағы осы қасиеттердi көрiп, танығандай боламын. Қыз бала, әсiресе тұңғыш қыздар әкесiне өте ұқсайды деп жатады. Мен осы сөздердiң шындығына әр кез Айшабiбiнi көрген сайын көз жеткiземiн. Сондықтан да Айшадай қызы бар әкенiң әр уақытта аты ұмытылмайды, орны ерекше болады деп ойлаймын.

Қайырханова Айсұлу Советханқызы,

*№37 гимназияның бастауыш сынып
мұғалiмi(Айшабiбiнiң алғашқы мұғалiмi)*

ДОСЫМЫЗҒА АРНАУ

Бисмилләхир-рахманир-рахим.
Аса мейірімді, ерекеше рақымды
Алланың атымен бастаймын.

Жіберген екен, оңды-солын танырма- деп,
Алла біздерді бұл «сынақ» дүниеге,
Ізгі амал жасап, жақсы ниетте болып лайым,
Инш Алла, мол сауабына кенелуге.

Нәсіп етіп, бір Алла өзіңменнен,
Таныс едік «студенттік» біз өмірден.
Кең пейіл, ақ жарқын мінезіңмен,
Шыға білдің, әрбіреуіміздің көңілімізден.

Алты жыл да өте шықты алты күндей,
Кете бардық, жан-жаққа күн көруге-ай.
Сондадағы досым-ау, ұмытпадың,
Біздерді іздеп, Әселіңмен таныстырдың.

Екі аққудай болдыңдар тең қосылған,
Ниеттерің бір, Аллам өзі қолдаған.
«Құдайы қонағы» әрдайым арылмаған,
«Отау» еді есігі бір жабылмаған.

«Сұм» ажал, бірін алып Аққудың,
Көлде жалғыз қалдырдың ғой сыңарын.
Неткен қиын еді бұл сынағы,
Шара барма әміріне бір Алланың.

Арамыздан кетті Серікбол ұзақ сапарға,
Еске аламыз, толады жас жанарға.
Көп еді ғой, аңсаған досым армандарың,
Толтырды енді «орындалмас арман» қатарын.

Артында қалған қыздарың – ұрпағыңды,
Аллам қолдап, инш Алла аман сақта тіл-көзден.
Солардың қызығы мен жасамаған жасыңды,
Аналарына нәсіп етсін, – деп тілеймізТәнірден!

«Тумақ» сүннет болған соң, «өлмек» парыз.
Бір Алланың ісіне біз бағынамыз.
Ендігі сұрамыз бір Алладан,
Қабыл етуін дұғаларымызды бағыштаған.

Айкын-Жазира,

Семей қаласы, 06.04.2013жыл.

ӨШПЕС БЕЙНЕ

Әр адам дүниеге келгенде бір жоспар, мақсатпен келеді. Ер жеткен соң өзінің жүрегіннің жартысын іздеп, тапқанда жүректің соғысы бір қалыпты соғып, бақытқа кенеледі. Сондай толық бақытты жүректерді мен осы қасиетті Семей топырағында кездестім. Бұл бақытты жан жүректер – Серікбол мен Әсел еді. Алғашында 2005 жылы Әсел құрбымен өзіміздің аулада таныстық. Сол кезде екеумізде балаларымыз кішкентай еді, сәбилерімізді күнделікті далада ойнататынбыз. Бірден бір-бірімізге бауыр басып араласып кеттік.

2008 жылы өзімнің жүрегімнің жартысы, яғни, менің бақытым, жолдасым – бұл дүниеден қош айтысып кетеді. Үш балам, (ол кезде дүниеге келмеген құрсағымдағы үшінші балам, әке еркелігін тіпті «әке» деген сөзді алмаған) балапандарым, әкесіз қалған еді. Дос болғандардың, шынайы дос екендері осындай қиыншылықта білінген еді. Сондай кезде маған шынайы дос, шынайы құрбы осы Әсел мен Серікбол болатын. Қай кезде келсең де, әр қашан қуана қарсы алып, күтіп жібереді. Қандай да бір мәсеелемен барсаң да, бірден сол мәсеелемді шешіп беретін. Серікболмен Әселдің бір-біріне деген сыйластығы ерекше байқалатын. Серікбол қызметінен кеш келетін, жұмысына берілген еді. Оны байқағаным, кейде кеште Әсел мені шайға шақыртып алатын, сонда көптен әңгімелесіп отырып, уақыттың қалай өткенін байқамай қаламыз, тым кеш болып кететін. Үйіме қайтып бара жатқанда, сол кезде Серікбол да қызметінен келіп жатады. Әселдің екі сөздің бірі Серікбол болатын. Серікболдың бір қабағы түйілгенін көрген емеспін, әр кезде күліп жүретін. Үш қыздарын еркелеп, стол басында алдына алып отыратын. Үнемі айналысында достары, немесе інілері жүретін. Жүрегі кен қазағымның даласындай болатын. Әлі есімде бір дастархан басында отырғанда «Міне жақында көп бөлмелі пәтер аламыз, сол кезде бір неше күн достармен тойлаймыз, қыздарымның өз бөлмесі болады, кең үйде жатамыз» деп айтқан еді.

«Ұшқыр уақыт ұрланып өтер, өткен жан жүрегіңді тілім-тілім етер» дегендей, Әселдің жанында Серікболдың жоғы, жанына жайсыздық, көңілінде мұң ұялататынын, көремін. Оны жарынан айрылған жаралылар мықты сезінер. Бірақ уақыт ілгері озған сайын өмір соқпақтары алға жылжи түседі.

Серікболдың жоспар, мақсаты – осы үш аққуы, қыздары. Айшабиде ойы, ақылы болса, Әминада қылықтары, Ұлжан қызында мінезі, бет әлпеті – әр қайсысында Серікболдың лебі, жүрегі, арманы, мақсаты. Осы үш қыздары тұрғанда, Серікболдың шаңырағы үнемі биік тұрады.

Әсел құрбыма, үш қыздарыма, ата-анасына, туған-туыстарына қайғыларыңызға ортақпын, демекпін.

*Серікбол, жатқан жерің әжайлы, жаның жәннатта болғай,
Топырағың торқа болсын,
Ұжымақтан нұр төрінде орның болсын.
Еске аламыз әрқашан өзіңді,
Алдың жарық, қабірің нұрға толсын.*

Айтибаева Әсем,
Көріі дос, құрбы 2013 жс.

ВОСПОМИНАНИЕ О СЕРИКБОЛЕ

Я подруга Асели. Мы с семьёй Серика и Асели знакомы с 2004 года. Я мало была знакома с Сериком, потому что когда я приходила к ним домой Серик всегда был на работе и мы с ним редко встречались и мало общались. Я всегда встречала его во дворе нашего дома идущего на работу или возвращавшегося с работы домой и мы только здоровались с ним. Однажды так получилось, что я всё таки застала его дома за обедом, тогда мы сидели пили чай он пришёл с работы на обед. Мне стало не удобно и я хотела уйти, но он так спокойно сказал: сиди попей с нами чай, и я осталась. Первый раз я с ним пообщалась и мне казалась, что я с этим человеком знакома много лет. Мы тогда хорошо побеседовали и он спокойно мог что то интересное и смешное рассказать. Мне тогда очень понравилось его отношение к Аселе. Аселя сама всегда отзывалась о нем с такой улыбкой на лице, у неё глаза горели, когда она говорила о нем.

Они с Аселей дополняли друг друга, они вместе шутили друг с другом и главное они не обижались друг на друга. Я всегда говорила Аселе, что Серик так хорошо понимает тебя и твои шутки, вы просто так хорошо понимаете друг друга.

Серик был очень хорошим, добрым, трудолюбивым, честным человеком, любящим мужем и отцом. От него всегда исходило тепло. Он всегда ходил ухоженным, всегда улыбался. Здоровался с нами при встрече, шутил иногда. Аселя всегда рассказывала, что вот во сколько бы он не пришёл с работы, хоть даже и в час ночи, дети ждали его до последнего не спали, и он приходил и с ними игрался потом только ложился спать. Все соседи о нем высказывали только хорошее. Никогда не видела его хмурым, уставшим хотя он всегда работал.

Мне очень жаль, что Аселе и родителям, родным Серика выпала такое испытание в их судьбе. Очень жаль, что такие люди как Серик уходят из жизни так рано. Пусть душа его будет в раю и приобретёт покой, а нам только остаётся молиться за него.

подруга Ризван

ҚИМАС КӨРШІ

Серікбол, Әсел екеуімен алғашқы рет, тұла бойы тұңғыштары Айшабибі дүниеге келген жылдары таныстық. Бір аулада көрші болып тұрдық. Жас арамыз алыс болса да, тез тіл табысып жақын араласып кеттік. Бір көргеннен екеуінің де қазақи тәрбие-тәлім алған, білімді, көргені бар жастар екені көрініп тұрды.

Екеуі де қонақжай адамдар ғой, үйден қонақ үзілмейді, әлі де сол есік әрқашан ашық келгендерге. Әселдің қонақ күтуі ерекше, ана сүтімен бойына дарыған –ау. Айшабибіден кейін, дүниеге Амина атты ботақан келді, сондағы Серікболдың қуанышын көргендердің есінде болар, бейне бір қанат біткендей болып жүрді. Ұзамай Ұшаралға жұмыс бабымен көшіп кетті, бірақ қатынасымыз үзілмеді. Сол жақта Ұлжан атты балапан дүние есігін ашты. Екеуінің әзілдері жарасқан, Алла тағала қосқан қос аққу еді.

Серікболдың жарына, ата-анаға, жан ұяға, дос жаранға деген ілтипаты, сезімі ерекше еді. Өзіне де, өзгеге де қатал талап қойғыш, өмірімен де еңбегімен де достар, әріптестер, туыстар сиына бөленген, қызметіне, халқына адал, биік шыңда көрінер Қазағымның алып азамты еді, ажал арамыздан ерте алып кетті. Жаның жәннатта болсын айналайын, Серікбол. Әселге айтарым өмір жалғасуда, Серікболдың өмірі де мына үш қоныр қозыда жалғасуда. Осы үш бота әкесіндей адал азамат болады деп сенемін, солай айтуым, сен сондай тәрбие бере алатын анасың.

Гүлнар, көрші

СЕРІКБОЛ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК!

Ақ көйлек жан едің аңқылдаған,
Ешбір жанның көңілін қалтырмаған
Балалардың жүруші ең камын ойлап,
Құлындарым болсын деп есен аман.
Өмір шіркін үзілді ойламастан
Көрші-қолаң, достарың, туыстарың
Мәңгі есте сақтаймыз ұмытпастан.
Ары таза, сөзге берік Сіз сияқты азаматтар,
Халықтың қорғап жүрер тыныштығын.
Артта қалды жас жұбайың, үш құлының
Алладан тілейік біз солардың амандығын
Қолдан келер шара бар ма жамағаттар

көрішілірің: Әлібек-Жұлдыз

ТУЫСТАР ТЕБІРЕНІСІ



*Бала болдың жас болдың жамандыққа ермедің,
Төре болдың бас болдың көкірегіңді кермедің,—*

деген ұлы ақынымыз Абайдың осы бір сөзін, Серікболдың болмысына қаратып айтсақ еш сөкеттігі жоқ секілді. Өйткені, Серікболдың өмірлік ұстанымы дәл осындай талап шеңберінде болатын. Бар болса тасымады, жоқ болса жасымады. Талапшыл еңбегімен алдына қойған мақсатқа қол жеткізе білді. Қолындағы барын айналасымен бөлісуге бейім тұратындықтан төңірегіне туыс та, дос та жинай білді. Біреуге қол ұшын беріп, көмектесіп жіберуге ерінбейтін.

Ол бүкіл туыс-туғанның, жора-жолдас, жерлестерінің көңіл төрінде тура ұлы ақын Абай айтқан сөздерге сай азаматтық бейнесінде қалғаныңа сенем. Өзінің талабымен, талантымен жастығына қарамастан биік белеске шығып, бариша туыстың мақтанышына айналып еді. Жеткіншек жастарға үлгі шашып, жұлдыздай жарқырап тұрған шағында кенеттен гайып болуы бар ағайынға ауыр тигенін аңғардық. Ағайын-туыстардың, туыстай болып кеткен жерлестеріңнің тебіренісі, уайым-армандары марқұмның рухын биікке көтергендей.

ҚАЙРАН ЖАС, КЕМЕЛІҢЕ КЕЛМЕЙ КЕТТІҢ

(Анасы Нұржәмшінің естелігі)

Біз Төлеуғазы екеуіміз 1957 жылы отау құрып, тұңғышымыз Гүлнар 1958 жылы дүниеге келді. Ол кезде Нұрғали атамыз тірі болатын, жақсы адам еді жарықтық. Немерелі болғанына ерекше шаттанғаны бар. 1962 жылы екінші баламыз Қуандық дүниеге келіп, ағайын арасындағы қуаныш одан сайын арта түсті. Ұл немерелерінің құрметіне Төлеуғазының ағасы Әбен аға сүйінші сұраған алғашқы адамға көрімдікке құлын атап еді. Сәби құрметіне бір ту сиырын сойып, той жасады. Біз ол кезде Социал колхозынан ауысып, К.Маркс колхозына қазіргі Көктүбекке ауысқанбыз. Әбен аға осы жерде ферма меңгерушісі, төңіректің бірін қалдырмай дастарғанға шақырған. Сол салтанатты сәтте Қуандықтың есімін Нұрғали атаның ағасы Қонақ атамыз қойған болатын.

Үлкен кісілердің көңілі қызық қой. Әбен ағамыз Қуандықты өз атына шығарып алғысы келіп жүреді екен. Оны біз білмейміз, бізден сұрамаған да. Бір күні Төлеуғазының анасы Жібек апамызға жөнін айтып, рұқсат сұрапты. Анамыз марқұм: «Өзімнің де отбасым енді толыса бастады, немерелеріміздің алдына тиіспе, келесі баласын алыңдар», - деп Қуандықты бермей қойыпты. Жібек апамыздың балажандылығы соншалық Қуандықты бізге көп жолатпауға тырысып, өзі ғана өбектегенді ұнататын. Біз оған ұрысасқ, бізге тікелей айтпай менің әке-шешеме шағымданушы еді. Әкем біртоға кісі болатын. Құдағиының сөзін сөйлеп маған «Қуандық Жібектің баласы ғой, құдағидың баласында не шаруаларын бар», - деп, ескертіп отыратын.

1964 жылы өмірге Айжан, 1966 жылы Гүлжан есімді қыздарымыз дүниеге келді. Төлеуғазының ағасы Әбен аға, Бүбісара тәте екеуі келіп, жарысқазанын жасап, Гүлжанды «біздің баламыз» деп, бірден иемдене бастады. Гүлжан 8 – 9 айға толған шақта Бүбісара тәте келіп: «Түс көрдім, мен әзірге сендердің ұлдарыңды көрмейтін сияқтымын», - деп меншік қыздарын алып кетті.

1968 жылы Маржан, 1969 жылы Тоқжан, 1971 жылы Жанаргүл, 1973 жылы Гүлдарига деген қыздарымыз дүниеге келді. Айжан туғанда Қонақ атамыз тірі болатын, «есімін Гүлдарига қойыңдар» деген. Ол кісінің тілін алмай Айжан қойғанбыз. Неге олай дегенін артынан түсіндірген Қонақ ата: «Айжан деген Маман байдың күні болатын, ал Гүлдарига батыр қыз, Ғалиарыстанмен күрескен», - деп әңгімелеп бергені бар. Сосын кенже қызымның атын Гүлдарига қойып едім. Осы аталған қыздарыма екіқабат болып жүргенімде анам да, туған-туыстар да, Төлеуғазының жолдастары да келесі сәби ұл болып қалар деп дәмепіп жүретін. Төлеуғазының Кәрім деген досы, мен перезентханаға босануға кеткен кездерде, «не бала» деп сұрайды екен. Сонда Төлеуғазы, «біздің Нұржәмші жаңылмайды» деп қана сырқаттататын көрінеді.

Сөйтіп жүргенде 1975 жылы осы Серікболым дүниеге келді. Атын Қуандыққа серік болсын деп Серікбол қойғанбыз. Төлеуғазының Кәрім деген досы звондап, «не бала» - деп сұраса, Төлеуғазы: «ой, Нұржәмші осы жолы жаңылды, К-700 болды» - депті. Содан Серікболды К- 700 деп те атаушы едік, қызық көріп. Төлеуғазының қарындасы Теңілік, жолдасы Ақылтай және туған-туыстар енді ұлдан жаңылып қалма деп әзілдей жүріп ниеттерін білдіруші еді.

Бұл кезде Бүбісара тәтеміз, менің әке-шешем, Қонақ атамыз да дүние салған. Өкінішке орай олар Секоны көре алмай кетті.

Әбен ағамыз ауырып Семейде ауруханаға жатқан. Секо 40-нап шыққаннан кейін, келіп қолына алып иіскеп, 2-3 күн қонған соң үйіне қайтмақ болды. Ол кісіні ауылына балдызы Алимжанов Рамазан алып кеткен. Содан ауылдан шығып Кубастың кезеңінен өткеннен кейін Әбен аға Рамазанға: «Кері қайт, менің Төлеуғазының үйінде қара күрдегім қалып қойды» - деп, үйге қайта қайтып келіпті. Келген бетте қолына Секоны алып иіскеп, еркелетіп отыр екен. «Күрдегіңіз қай жерге қойып едіңіз?» - десем, «Іздеме, балдызыма өтірік айта салғанмын, күрдек деген мынау емеспе?» - деп қолындағы сәбиді көрсеткені бар. Соған байланысты Секо ағаның «қара күрдегі» аталып кеткен болатын. Осындай туысшыл, қамқор ағайымыз Әбен ағамыздан да айырылып қалдық. Ол кісі дүниеден өткенде өкінішіміз өлең жолына ұласып еді.

Қамқоршым, сабазым, салмақтымай,

Берекесі туыстардың ардақтымай.

Бұл фәниден кіршіксіз тап-таза өттің

О дүниеде жатсыншы қорғап құдай.

Секоны естіруге келген жиеніміз Мұхтар: «Қара күрдектен айырылып қалдық» - дегенде не істеп, не қойғанымды білмей қалғандаймын.

1978 жылы кенжеміз Бақытбек дүниеге келді. Осы Бақытбек қыркынан шыққанда шешеміз Жібек анамыз қайтыс болды. Апамыздың қырқы өткен соң қызметке шығу керек болды да, үйге Қонақ атамыздың бәйбішесі Айтжан апамызды әкелдік. Ересек Қуандық пен Айжан Алматыда математика мектебінде оқиды, үйде өңкей ұсак балалар. Ересек қыздар Айтжан апамызды Жібек әжелеріндей есмес, тыңдай бермейді. Сонда сол Айтжан апамыз Секо мен Батонды меңзеп: «Мен мына көптен күткен Төлеуғазының екі баласы үшін отырмын» - деп, әзіл-шынын араластырып бәрімізді бір күлдіріп алатын.

Жібек анамыз өзімнің анамнан кейін екінші анамдай болған, барлық балаларды қыркынан шыққанша шомылдырып, майлап, өзі бесікке бөлеп, ауырып сырқаса да, мен қызметте болғанда қамқор болған анамыз, ақылшымыз еді. Кісі күту, тамақ пісіру, бала бағу, барлығын үйреткен қайран анам. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын, құран бағыштағанда Өзімхан қызы Мариям, Әпсейт қызы Жібек деп қос анамды қатар атап отырамын.

Секо мен Батон қатар өсті. «Секоны құдайдан сұрап алғанбыз, сен өзін келгенсің», - деп Бақытбекті ыза қылып қоюшы едік.

Секо өзі әуелден тиянақты болып сабағын да өз күшімен жақсы оқыды. Есейе келе тай мінемін деп тай алдыртып, оны үйретіп, өзі тай жарысқа барып жүретін. Демалыс күндері қораны тазалап, маңдын суын беріп, шөбін салып бар жұмысты тындырып тастап, ауылдың сыртындағы тай жарысқа баратын. Оны мектептің завучі Алдажаров Серікқазы ұйымдастырып, жүлделі орынға ие болғандарына оларға грамота тағайындайтын.

Қайран Секомды еске ала отырып ойласым, оның не біреумен жанжалдасқанын көрмеппін. Көбінесе жолдастарына көмекке барып, олар оған келіп жұптары жазылмайтын. Онын мені бір ретте көңілімді қалдырып, тілімді

алмаған кезі болмапты. Ылғи бірдеңе болса «мамам өзі дұрыстайды»- деп отырушы еді. Мектептен кейін Семейге оқуға кетті. оқыды, солдатта болды, қызмет істеді. апайларының ортасында жүрді, үйленді, балалы болды. Еш уақытта бір нәрсе керек, соны тауып беріңдер деп бізге ешқандай талап та қойған емес. Ең кіші қызы Үшаралда операцияның көмегімен дүниеге келді. Қыстың күні суық, қаңтар айы. Біз қыстай бара алмай әкесі екеуіміз, ағасы, жеңгесі май айында бардық. Сонда қуанып, сол жердегі таныс ағайындарын, қызының кіндік әке-шешелерін шақыртып қойылты. Үшаралға барғанына аз уақыт болса да қанша таныс-туыс тауып үлгеріп, бізді таныстырып еді.

2012 жылы 28 сәуір күні бір құдашаның тойына келдік. Біз келген күннің ертеңіне өзінің достарының әке-шешесі, өзінің араласқан ағалары, он шақты адамды үйіне шақырып қатым түсірді. 6 мамыр күні «мен кетемін»- дедім. «Жоқ, қайтпаңыз, асықпай тағыда біраз күн қоныңыз 9 мамыр күні үй аламын соған куә болыңыз» деп жібергісі келмеген. «Кейін келемін» - деп кетіп қалдым. Өзі екі сөзінің бірінде «биыл отпуск аламын, 40 күн бойы үйде жатамын, бастығымыз жақсы, жайлы адам, қозғай қимас» - деп отырды. Бұрын отпускіде бір демалыстан артық жатпайтын. 20 мамырда 20 жылдық кездесуге барамын деген, оған аттестацияға баратын болып келе алмай қалды. Қайран Секом-ай, осының бәрін айтып айта жүріп менімен қоштасып жүргенінді білмеппін ғой..! 25 мамыр күні звондап «мен ауруханаға жатып шықтым»- дедім. Мен жүрегі ауыратынын ойлап «жарайды, қаралғанын дұрыс болды» - дедім. Сөйтсем, сен менен больницаға аварияға түсіп жатқаныңды жасырыпсың ғой, ажал сені аңдып жүрді ме екен әлде...

2012 жылы 13 ақпан айында Төлеуғазының қарындасы ардақты ана, аяулы әже, туыстардың жанашыры, саңдаған нәрестенің кіндік шешесі Теңілік Әбенқызымен де қоштастық. Жерлеуге Ақсуатқа Секом балаларымен Әселді алып келіп қатысып қайтты. Теңіліктің жолдасы Тлеужан баласы Ақылтай бұдан 17 жыл бұрын қайтыс болған. Ақ көңіл, қылжак бас, күлдіргі адал азамат еді. Барлық қайын жұрты оны «Ака» деуші едік.

Мен ұлым туралы естелік жаза отырып етжақын туыстар мен қамқор ағайындардың да рухымен сырласқандаймын. Олар туралы сөз қозғауымның сыры Секонның өмірге келуін асыға тосқан, оның абзал азамат болуын жан дүниелерімен тілеген ең жақын адамдарымыз еді. Солардың және біздің тілеуімізге орай Секомыз үлкен азамат болып қалыптасты. Амал қанша. Ұлымыздың істеген еңбегін, жасаған қамқорлығын жақсы білетін достары, қызметтестері, силас ағалары, басқа туыстары жазып жатыр. Сол себептен Секо туралы естеліктер арасында оның амандығын сұраған, бұл дүниеден өтіп кеткен ата-апаларымызды, қайын сіңілі, күйеу бала, қайын аға, абысындарымда есімдерінің болуын қаладым. Біздің Секо:

*Еліңнің шың қыраны едің,
Туыстардың таянышы, тірегі едің.
Қайран жас, кемеліңе келмей кеттің,
Ойлаған мақсаттарың көп-ақ еді...*

ОРНЫ БОЛЕК БАУЫРЫМ ЕДІ

Тарбағатайдың төскейінде тарихтағы орны ерекше қасиетті ауыл бар. «Қарғыба» мен Базар өзендерін бауырына басқан бұл сұлу мекеннің атауы – Ақсуат. Аты аңызға айналған аймақта біздің ата-бабаларымыз да өмір сүріп, ерлігімен, билігімен даңқы шығып, ел есінде, ұрпақтар ұғымында қалыптасты. Солардың ішінде ұрпағы молы, байлыққа кенелгені, өктемдігімен даңқы шыққаны – Тоқабай тұқымдары. Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов:

Тоқабай Жанболаттың өскен ұлы,
Жайлауға ши бойынан көшкен күні.
Қырық ауыл қатар кетсе, тоқтамайтын,
Көптігінің белгісі дескен мұны..., -

деп суреттеуі осының бір дәлелі. Тоқабай ұлы Жомарт елін қорғаған батырлығымен даңқы шықса, оның ұлы – Кегенбай Орта жүзге аты мәлім – би. Бір ғасыр өмір сүрген бабамыз он үш жасынан шешендік өнерді жанына серік етіп, 87 жыл билік құрыпты.

Осы тағылымды тарихты бекер қозғап отырғамын жоқ. «Жақсы ұл тегіне тартып туады» деген дана сөз бар. Кеше ғана ортамызда жүрген, жаны жайсаң жомарт ұл – Серікбол бауырымыз аталған атадан тараған тарлан ұл еді. Болмыс-бітімі, ағайын-туыс. дос-жаранға деген ілтипаты жағынан дараланып тұратын. Өзі қызмет атқарған әскери салада төл мамандығын меңгеріп қана қоймай, өсті, өркендеді. Әскери құпияның қыр-сырын меңгеріп, тәуелсіз елі үшін тиянақты қызмет атқарды. Қайда жүрсе де халқының қамын ойлады, ел іргесінің бұзылмауына өзіндік үлесін қосты. Өз ортасына сыйлы, ағайын-туыстарының, достарының арасында үлкен беделге ие болды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді мұндайда қазақ атамыз.

Қызмет бабымен Алматы облысының Үшарал аймағына келгені де кеше ғана сияқты еді. Жақсы да жаттық жоқ қой. Жетісуға төл баласындай сіңіп кетті. Қызметін адал атқара жүріп осы өңірден асыл аға, ізетті іні тапты. Біз Серікбол бауырымыз екеуміз бір атадан тараймыз. Кешегі ел басына күн туған алмағайып заманда іргелес елді айтпағанда туысқан атаның балалары да бастарына күн туып, тоз-тозы шығып кетті емес пе. Зұлмат заманның зардабынан отыздан астам бір-бірінен қара үзіп қалғандардың қатарына біз де қосыламыз. Ағайынды Өтепберген мен Өтетілеудің балаларымыз. Ақсуаттың тұрғыны, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері, ақын-жазушы – Төлеуғазы Нұрғалиұлы Жетісуға сіңіп кеткен мендей бауырын талмай іздеп тауып алып еді. Аға екеуміз ертерек табыссақ та кейінгі ұл-қыздарымыз туыс екендіктерін білсе де, етене қауышпа қоймаған. Оларды ретін тауып табыстырған Серікбол бауырым.

Менің ұлым Дәурен де ішкі істер саласында, кейіннен қаржы полициясында қызмет істеді. Бірде құрбы-құрдастар дастархан басында кездеседі. Жөн сұраса келе екі туыс тосыннан табысады. Сол күннен іргелері ажыраған жоқ. Қызмет бабымен Дәурен Үшаралға барды. Сондағы Серікболдың қуанғанын айтсаңызшы. «Тосыннан табысқан туысым, төріме шық?!» деп төбесіне көтерді.

- Серікбол-ау, өзіңнің де бала-шағаң бар, бөлек тұрсам қайтеді? – деген бауырына:

- Екеумізді тағдыр табыстырды. Енде бөлектенудің қажеті жоқ. Пәтер алғаныңша осы үй сенікі, бауырым, – деуінің өзінде каншама қайырымдылықтың белгісі жатыр. Арада көп уақыт өтпестен, өзі қызмет аткарып жүрген әскери саланың өзі қоныстанған үйінен Дәуренге екі бөлмелі пәтер әперіп, бөлек шығарды. Міне, ағайынға деген адалдықтың, досқа деген мейірімнің бір көрінісі осы. Ағайындығымыз айқындала түссін деп, біздің ұл мен келінді үшінші қызына кіндік әке-шеше атандырды.

Ұрпақ сабақтастығы осылай жалғасты. Қызмет бабымен Семей қаласына ауысып кетсе де, арадағы туыстық байланысымыз үзілмеді. Шалғайда жүрсе де амандығымызды біліп, хабарласып тұрды. Сүйікті қызым Меруертті ұзату тойы қарсаңында телефон арқылы: «Қуанышыңызға ортақпын, аға. Ақсуаттағы әке-шешемді де машинамен алып барамын... Қарындасымның тойында кездескенше...», - деген мейірімді үні құлағымда әлі күнге жаңғырады. Ол кезде қайран бауырыммен бұл соңғы тілдесуім екенін қайдан білейін...

Жол апатынан келген мезгілсіз қаза қабырғамды қайыстырды. Өкініп, өксіп, ұлым Дәурен, келінім Ләззат үшеуміз атақоныс Ақсуатқа аттандық. Жайсыз хабарды естігендердің өкінбегені жоқ. Аргысы Астанадан, Алматыдан, бергісі Семейдің түкпір-түкпірінен ағылған жұрт жасындай жаркылдаған шағында қыршыннан қиылған боздақтарын жоктап, Тарбағатайдың төсін күнірентті. Жұрт та жақсыға жиналады. Біртуар ұлды мәңгілік саларға аттандыруға атсалысқан қарақұрым халықтың қатары шексіз еді. Барлығы да фәни дүниеден бақилыққа ертерек аттанған ардақтыларының о дүниеде де ұжымақ төріне орнығуын Алладан тіледі.

Жетпістен асқан шақтарында үміт күткен ұлдарынан айырылған Төлеуғазы ағамның, Нұржәміш жеңгемнің ауыр қайғысына үлкен-кіші қабырғалары қайыса ортақтасты. Құлындарын жоктаған қос қарттың қайғылы жүзіне көз тоқтатып қараудың өзі жиналғандардың жанын жегідей жеді. Мұндайда «Артында апайы, ағасы, інісі бар...» деп жұбатқансымыз-ау. Бірақ, дүниеге келген әр баланың өз орны бар. Ал, ағайын, туыс, достары түгіл сырт ағайынның санасына орныққан Серікбол бауырымның тіршіліктегі орны бөлек еді...

Тұрлыхан КӨРІМ.

Сатирик жазушы.

*Халықаралық және республикалық
байқаулардың лауреаты*

Талдықорған қаласы.

ҚҰЛАГЕР ҒҰМЫР

Қызығына тоймайтын нәни дүниеде бар болғаны үш-ақ мүшел өмір сүрген. ұлттық қауіпсіздік комитетінің үздік қызметкері Серікбол Төлеуғазыұлының қысқа ғұмыры, атақты Ақан серінің аңызға айналған Құлагер тұлпарымен тағдырлас. Мына ғажайып ұқсастықты қараңыз. Құлагер тұлпар Ерейментауда өткен Сағынайдың асында мың үш жүз аттан жеке дара келе жатқанда, сол заманның қара жүрек қаныпезері Батыраштың қолынан қаза болса, арада жүз жиырма жылдай уақыт өткенде өз заманының үздік өрені Серікбол Төлеуғазыұлы катыгез тағдырдың қырсығына ұшырап, дәл сол Құлагер тұлпар мерт болған Ерейментауда жол апатынан тым құрыса қылыш жас қырыққа жетпей, көз жұмды.

«Бай-бай Құлагерім» деп атынын басын құшақтаған Ақан сері бабамыз секілді, Серікбол бауырымыздың қазасына қабырғасы қайысып аңырап ата-анасы, асыл жары, үш баласы қалды. «Жетім козы тасбауыр, маңырап да оттығар»-деп атамыз қазақ айтпақшы жас өсіп, жарлы байыр, бірақ отыз жеті жасында қыршын кеткен боздақтың орнын немен толтырарсыз!?

Тек, құдай қайырын берсін, «орнында бар оналар-дегендей артындағы үш қызының барлығына тәубә етесің!

Серікбол Төлеуғазыұлы 1975 жылғы 2 желтоқсан айында қалын қазаққа қоныс болған құтты мекен Ақсуат өңіріндегі Қызылкесік ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Тарбағатай өңіріндегі білім шаңырақтарының бірі – Ақсуат орта мектебінің бірінші сыныбына оқуға барып, 1992 жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Мектеп бітірген соң 1993 жылы жоғары білім алу мақсатында Семей технологиялық институтының ет-сүт өндірісі факультетінің дайындық курсына оқиды. Аталмыш оқу орынының алдымен механикалық факультетіне оқуға түсіп, одан соң заман ағымын тез аңғара білген зерделі жас экономика факультетіне ауысады. 1999 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін тәмамдап «инженер экономист» деген мамандық алып шығады. Сол жылы алғашқы еңбек жолы басталып, Семей қаласындағы мемлекеттік зейнетақы қорына бас маман болып жұмысқа тұрады. Арада бір жыл өткенде, яғни, 2000 жылы ҚР Қарулы Күштер басқармасы бастығының жарлығымен азаматтық борышын өтеуге жіберіледі. Екі жыл уақытқа жуық азаматтық борышын абыроймен атқарған Серікбол, өзі алғаш еңбек жолын бастаған Семей қаласындағы зейнетақы қорына бас маман болып қайта жіберіледі.

2002 жылы білгір жас маманға Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшылары жіті назар аударып, қазақша айтқанда «құда түсіп», киын да қызықты чекістік жолға түсіреді. Бұл саланың ыстығы мен суығына он жыл астам шыңдалып, жол апатына ұшырап қаза болғанша қызмет етті. Сержант, прапоршиктен бастап, аға лейтенант, яғни офицерге дейін өсті. Бұл саладағы абырой атағы қазақша айтқанда бір атанға жүк боларлықтай. Оны бізге жіліктеп айтуға болмайды.

Ұлы ақынымыз Абайдың сүйікті ұлы Абдірахманның өлімі туралы өлеңінде мынандай жолдар бар:

Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

Бар болғаны отыз жеті жыл ғұмыр кешкен Серікбол Төлеуғазыұлына да «көрген, білген өкінді, мін тағар жан болмады». Тұлпар туған Құлагердің қаны тамған Ерейментау жерінде жампоз жігіт Серікболдың да жүрегі соғуын тоқтаты. Жұбанышы сол – кісінің қолынан емес, тағдырдың жазуымен айтып келмейтін апаттан көз жұмды.

Ие, Серікбол Төлеуғазыұлыныңда ғұмыры кісі қызығарлықтай Құлагер ғұмыр.

Мейрам Оралов,
журналист

АҚКӨНІЛ, АДАЛ АЗАМАТ ЕДІ

Түсан ту осылай, - дегізер аяулы да, ардақты бауырларымыздың бірі әрі бірегейі – марқұм Серікбол Төлеуғазыұлы еді. Амал қанша, Серікболдың ғұмыры қысқа болды, өмірден ерте озды. Асыл сөздің патшасы Абай: «Өлді дегге сыя ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деген ғой. Серікболды еске алғанда Абай данышпанның осы сөздері еске түседі. Серікбол бауырымыз да артына өлмейтұғын сөз, өнеге, қалдырған ақкөңіл, асыл, адал азамат еді. Серікболдың адамгершілік асыл қасиеттерін, әке сенімін, анасының ақ сүтін ақтап, ел игілігі үшін адал еңбек етсем деген құлшынысын, алға қойған мақсаттарын орындау жолында қол жеткен жетістіктерін, аузын ашса жүрегі көрінетін ақ көңілдігін, мейірімділігі мен адалдығын онымен бірге өскен достарынан, қызметтес болған жолдастарынан естіп, азаматтық келбегін танный түсеміз.

Серікболды білетінім, ол менің тұңғыш балам Қуанышпен дос болды, бірге өсіп, біте қайнасты. Қуаныш та осыдан оншақты жыл бұрын жол апатынан қайтыс болып, артында жары, бір ұл, бір қызы қалған. Серікболмен достық қарым-қатынастарын, оның адамгершілік асыл қасиеттерін келінім Жазира Мейрханова да айтып отырады.

Серікбол достыққа адал, жаны жомарт азамат еді, ешкімнің көңілін қалдырмайтын. Тіпті оның ешқашан еш нәрсеге реңжігенін көрмейтінбіз. Біреу сынап-мінеп жатса да оған күле қарап, өзінің одан әлдеқайда жоғары, таным-түсінігі мол екенін көрсеткендей, күле қарап тұра беретін. Ол Семейдегі технология институтында бізден бір курс жоғары оқыды. Дос, жолдастары көп еді. Егер бір досы бір жағдайға қиналып жүргенін көрсе, қалтасындағы соңғы тиынын санап беріп, көмек көрсететін. Достарымен тойда, қызықты сәттерде өте көңілді жүретін. Қайда апар десе сонда апаратын. Серікболдың сол кездегі Семейдегі үйі оның ауылдан келген достарының ортақ баспанасы іспетгі еді. Дастарханы үнемі жаюлы болатын. Пейілдің кеңдігі ғой, бәрі де сол үйде жататын. Жұмыс жағдайы немесе тұрмыс жағдайы болсын достарына қолынан келгенше көмектесуге асығып тұратын - деп еске алады Жазира.

Ия, өзі өлсе де, артында өлмес, өшпес із қалдырған, сөз қалдырған деген осы емес пе? Аяулы бауырымыздың өнегелі өмір жолы, жақсылығы оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады.

Хамза Сәбитов,
Ақсуат ауылы

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Естелік жазу өмірдің мәнін, көңілдің сәнін уақыттың өтуімен аша түседі. Қандайда мұңлы ойлар жазылсада оның да өзіне тән ләзәті, шырыны болмақ..! Біздің данагөй халқымыз: «Ақынның хаты, жақсының аты өлмейді», - дейді. Біз елі мен жеріне бар өмірін арнап, тым ерте фәниден бақиға көшкен ел ағасы — НҰРҒАЛИЕВ СЕРІКБОЛ ТӨЛЕУҒАЗЫҰЛЫ туралы естелік өлең шумақтарын жаздым.

Көзден ақты қанды жас,
Өкпе жүрек бауырым.
Қысқада болды-ау өмірің,
Қайғылы жүктін ауырын.
Өлімге қалай қиямын,
Токтау етіп жылайын.
Көппен бірге шыдайын,
Ұмытпаймыз нұр бейнеңді, жүзіңді.
Ізгілікпен әрбір айтқан сөзіңді,
Арамыздан алып кетті сұм ажал
Сағынышпен еске аламыз өзіңді,
- деп, өз сөзімді аяқтаймын.

Жуманкулов Қалихан,
Үшаралдағы ағасы

АРМАНҒА ТОЛЫ ЖҮРЕГІ

Адам жайлы пікір айту сондай қиын. Тірі жан жөнінде осындай болғанда бақиға аттанған жақыныңды еске алудың өзі тіптен ауыр. Себебі, пәни мен бақидың арасын қас-қағым сәтте жүріп өтетін пенде атаулы өлімді еске алғысы келмейді. Алайда ажалды ұдайы ойлау адамды имандылыққа, жақсылыққа итереді. Мүмкін сондықтан да болар, нәпсі шіркін, өзекті жанды ауыр ойдан алыстатып жібереді. Тіршіліктің тұйығына батырады, өмірдің өтпелі екендігін еске салдырмайды. Расында кез келген жанның бұл дүниеден бақиға көшетіні анық. Бірақ біреудің ажалы ерте келсе, өзгесіне кейінірек жетеді. Осыншама орағытқанда ойлағаным, осынау сынақ өмірде аз күн дәмдес-тұздас болған бауырым Серікбол Төлеуғазыұлының жақсылығын білмеген жанға жеткізу еді. Бәрін басынан бастайыншы... Біз екеуіміз күтпеген жерден таныстық.

Менің әкем Тұрлыхан Кәрім тегі біз Ақсуат жеріненбіз дейтін. Қызмет бабымен Жетісу өлкесіне қоныс аударып, Талдықорғанға тұрақтап қалған жан. Бала күнімдегі әңгімелерде маған туыстарының бәрі Ақсуат ауылында екенін жиі айтып отыратын. Ес біліп, етік кигеннен кейін тіршіліктің айдауымен құқық қорғау саласында қызмет еттім. Бұл әбден есейіп, оқу бітіріп, жан-жағымды танып, жақсы мен жаманды ажырата бастаған кез еді. Бір күні досым Рахат Рысжановтың үйінде жайдары мінезді, ақкөңіл жігітпен таныстым. Шәй үстінде. Сөйтсем әріптесімнің курстасы – Серікбол Төлеуғазыұлы, әкемнің туған жерінен екен. Қазақта айтылатын «сұрай, сұрай қойныңдағы әйелің қарын бөле болып шығыпты» деген сөздің кері келді. Қарапайым Серікболдан туған ауылын, білетін таныстарымды сұрап отырмын.

– Ақсуат ауылындағы Төлеуғазы ағаны танымсыз?

– Иә, білемін...

– Әйелі Нұржәміш апай. Балаларын танымайды екенмін.

– Иә, жақсы білемін...

– Сол кісілер менің туыскандарым...

– Солай де... бәсе, бәсе...

– Қалай танысыз?

– Өте жақсы танымын. Өйткені, мен сол кісілердің ұлымын!

Басында түсінбей қалдым. Артынан бас салып құшақтай алдым. Себебі, өмірі көрмеген бауырыммен тағдыр осылай табыстырған еді. Содан бастап әріптесім Рахат бізді «Индийский бауырлар» деп атап алды. Көрген сайын солай дейді. Менде одан қалыспаймын Серікбол мен Рахатты «английский достар» деймін. Өйткені, екеуінің сөйлескені, араласқаны тура шетелдің киноларындағыдай. Сырбаз, сыпайы, нақты, әділ еді.

Содан бастап, бауырым екеуіміз тонның ішкі бауындай араласып, құраласып, табысып кеттік. Уақыт салған аздаған үзілістен кейін ағайын-туыстың арасы қайта жалғанды. Бірімізді біріміз іздеп бардық, көрмесе іздейтіндей халге жеттік. Екі күннің бірінде сымсыз телефонмен хабарласып жатқанымыз. Менің бір байқағаным Серікболдың ақкөңілділігі, қонақжайлылығы еді. Өйткені, ол танымайтын, білмейтін адамдарды күтіп жіберуге даяр тұратын, өмірі көрмеген жанның шаруасын бітіріп жіберетін.

Үйіне кісі ертіп барғыш. Жұбайы Әсел де анқылдап қалған, қолы ашық, аспаздықты шебер меңгерген. Табалдырықтан аттаған сайын дәмді тағамның иісі танау жарады. Ондайда Секең қалжындап:

– Сендер келеді деп түнімен тамақ жасап едім. Иісі қалай, э?! Бізге білдірмей әйеліне көзін қысады.

– Бәрін өзім жасадым, қазір дәмін көресіңдер, – деп алақанын ысқылайды. Шынында да тағам дәмді болып шығады.

Серікбол Төлеуғазыұлы қызметіне адал, әріптестеріне жанашыр еді. Жұмысқа жаңадан алынған әріптесіне білгенін үйретіп жататын. Сондықтан да өз ортасына сыйлы болатын. ҰҚК-нің әскери қарсы барлау қызметінде тынымсыз еңбек еткен бауырым ағайын-туыстың ортасында да қадірлі еді, туғандардың арасында ерекше құрметтелетін. Иісі Бақытбек–Батонды ерекше жақсы көретін. Жанашырлығын ашық білдірмесе де қолынан келген көмегін аямаушы еді. Енді сол Батонды маған тастап кеткендей көрінеді. Себебі, бір әңгімесінде: «Қолыңнан келсе көмектесіп тұр!» деп еді. Сол сөзі көкейімнен кетпейді.

Бауыр еті балаларын қатты жақсы көрді. Айша, Әмина, Ұлжан есімді үш қызын аузынан тастамайтын. Екі сөзінің біріне қосып, қыздарының тәтті қылықтарын әңгімелейтін. Әсіресе ортаншы қызы Әминаны «Әпитөк» деп еркелететін. «Жекеменшік қызым» дейтін. Балаларының болашағы жарқын, келешегі кемел болуы үшін барын салып еңбектенуден тынбай кетті.

Әкесі Төлеуғазы аға мен шешесі Нұржәміш апайды аңыратып кеткен бауырымның арманы көп болатын. Қызметін Астанаға ауыстыруды ойлайтын. Сол арманның жетегімен көп қызыққа көңіл бөлмеуші еді. Өзі армандаған Елордаға іссапармен бара жатқанда, Ерейментаудың бауырында бақиға аттанды. Мәңгілікке көз жұмды. Алайда атқарған қызметі, жасаған жақсылығы, жары мен қыздары артында қалды. Құдай, соларды жақсылыққа жеткізсін. Көрмеген қызығын балаларына, жарына көрсетсін.

Жақын адамын, бауырың туралы өткен шақпен сөйлеу неткен ауыр еді?! Тірі күнінде бес уақыт намазға жығылып, бес парызын толық орындамаса да иманын ойлап, жұма намаздан, айт намаздан қалмайтын. Кім біледі, іштей иманын айтып, тілін кәлимаға келтіріп те жүрген болар. Әйтеуір бауырымның бақи өмірде жүзінің жарық, нұрының пейіште шалқығанын тілеймін. Амал дәптерінің ашық болуын тілеймін. Себебі, бақида істеген амалы, жасаған жақсылығы шапағат ететіндігін имамдар жиі айтады.

Өзіңсіз пәни өмірдің бір жылы өтті. Талай су ақты, талай жаңбыр жауды. Аяла Тағаланың көрсеткеніне шүкір, бергеніне тәубе. Біздің де татар дәміміз кашан таусыларын кім білсін?! Дегенмен, артыңнан дұға етіп, Құран бағыштауды аямаспыз. Одан өзге қолымыздан не келеді?!

Бақұл бол бауырым, Серікбол!

Кәрім Дәурен

ЕГО ОТЛИЧАЛО ПОРЯДОЧНОСТЬ

*Никто не подвластен оживить умерших.
На все воля Аллаха.*

Серикбол в отличии от других сыновей брата, был близок мне. Он после окончания школы приехал в г.Семипалатинск и поступил учиться в Семипалатинский технологический институт. Ему удача доставалось трудом, проходя все ступени препятствия. Тем не менее, он был очень трудолюбив и добивался всего последовательно. Его отличало порядочность, интеллигентность и большая ответственность, что отчасти явилось причиной подрыва здоровья. Вместе с тем он был очень наивен. В 90-е годы, когда задерживали зарплату, не выплачивали пенсию, горожане перекрыли мост через р. Иртыш. Естественно все шли пешком через мост и Серик вернувшись занятый восхищался, что прошел через мост пешком и с вдохновением рассказывал о том, что он такой широкий и красиво по нему идти. Когда я объяснила причину такого положения и об экономической ситуации в стране, он серьезно задумался и начал задавать вопросы, вникая с глубокой внимательностью каждому моему ответу.

После окончания института он пошел служить, тогда и потребовались кадры со знанием государственного языка и его оставили в системе КНБ. Работа была видать очень серьезная, судя тому, как он задерживался до утра на работе, и кропотливо добивался желаемого, но нам он никогда не посвящал в свою деятельность. Лишь один раз когда он работал в Уч-Арале, мы собрались в г.Аягуз (я была в командировке) один из сотрудников части промолвил фразу «Что «особисты» досе на нас везете». С этого дня у меня появилось тревога за его жизнь, боязнь в будущем.

Увы.... Не думала, что это нелепая смерть. Еще накануне, перед отъездом в Турцию (он меня провожал) **на перроне** я его просила не ехать на машине, будто чувствовало, что-то неладное. Он наверное думал о своей машине. Родители и его бабушка просили у Всевышнего, чтобы после девочек наконец-то родился сын, т.к. старший (Куандык считался сыном бабушки), но не подумали попросить для него долгих лет жизни. И так критичный для человеческой жизни: это был «мушел жас».

Никто не думал, что жизнь нашего Серикбола будет до боли такой короткой, но она была многогранной, яркой, цельной. Мы родственники знаем, что у него было много планов на будущее. Кстати, когда вернулся из командировки с Москвы, он хотел внедрить многое в работе у себя и планировал поделиться с руководством о своих замыслах. Но, сожалением вспоминаем все это не осуществилось, но очень хочется, какие-то мечты продолжили и претворили в жизнь дочери.

Всем нам тяжело осознать, что его нет рядом с нами, но жизнь диктует свое- приходится смириться с этой потерей и надеяться на то, что Асель найдет в себе силы, терпение, разум, мудрость и воспитает дочерей достойным своего отца.

На все воля Аллаха!

Гайни Нурғалиева,
14.03.2013г.

АНАЛЫҚ АҚЫЛ

Бисмилләхир-рахманир-рахим.
Бір Алланың атымен бастайын.
Әселге арналған аналық ақыл.
Ана ретінде ақыл айтам қарағым,
Санана сал сүлей сөздің бағамын.
Анасы да әкесі де өзіңсің,
Серікболдан қалған ұрпақ баланың.
Тағдыр тайғақ, сайқы мазақ, сұр маңдай,
Қақ маңдайдан қақырата ұрғандай.
Кұлбырауын салып саған сынақтың,
«Қайтер екен»- деп, қырсығып та тұрғандай.
Арка сүйер арысыңнан айрылдың,
Қайрат қылар қуанышыңнан қайрылдың.
Жылағанда келмесе еді Серікболың,
Жыл болды кара оранып қайғырдың.
Зарлай беру – дәрменсізге тең дейді,
Құр жылауға Алла нәсіп бермейді.
Есінді жи болған іске берік бол,
Еңіреумен Серікболың қайтып келмейді.
Табан тірер тірегің жоқ білемін,
Ой оранып, мұңға тұнған іреңің.
Бір басыңа нар көтермек жүк түсті,
Өзің сен, жоқ жанашыр – тірегің.
Ақылды едің айналайын Әселім,
Қалай ғана ақыл қоспай тұрайын.
Иман беріп жүрегіңе әрдайым,
Рақым етіп, сүйеу болсын Тәңірім.
Жабырқама, жанын жүдеп жасыма,
Аллам қолдап, жолын берсін оңынан.
Ұрпақтарың ұлағатты қыз болып,
Тәңір берсін күш-қуатты басыңа.
Ұрпақ үшін ұмтыл алға тартынба,
Қиындықта қапаланба, жарқылда.
Есінді жи қолыңа алып ие бол,
Серікболыңнан мұра қалды артыңда!
Асыл жарың жатсынбады халықты,
Тұрқы биік тектілігін танытты.
Елі сүйген ер азамат атанып,
Сол халқынан алғыс бата алыпты.
Тірі жанды көрмеп еді жатсынып,
Тұла бойы тұнған рақым, жақсылық!
Берекелі жанұяның басы еді,
Көрмеп едің ол барында тапшылық.
Амал қанша Аллама саған көп көрді,
Жақсы жанды жалғаннан тез өткерді.
Бақытыңды маңдайыңа сыйғызбай,
Арсыз ажал қанжығаға бөктерді.

Шара барма жазуына Алланың,
Кім тыяды тұрлауы жоқ талғамын?
Саған парыз санаға сап саралап,
Жиып теру Серікболыңнан қалғанын.
Жоқ кой енді сүйенерің, тірегің,
Әйел жанға қиын сынақ, білемін.
Инш Алла, жалғыз Алла жақ болсын,
Аналықпен ақ жүректен тілерім!
Ортақ болған мақсат, тілек, жоспары,
Көп еді гой Серікболдың достары.
Адыра қап алға қойған арманы,
Бір жүруді Тәңір қолдап қоспады!
Сол достардан қолыңды үзбе, қарағым,
Бордай тозып, мүжілмесін талабың.
Жүрегі пәк, жаны таза, ары адал,
Өмір өзі іріктейді адамын.
Өкініші көп бір дүниеге ғой, пәни бұл,
Қайратыңды қайрақ қылып жани біл!
Достардың да есебі бар әр қилы,
Шын жанашыр адамыңды тани біл!
Біздер үшін айту оңай ақылды,
Сенің үшін қайғы-мұңға батырды.
Өлгендердің өлмек жоқ кой артынан,
Санана түй қазақ айтқан нақылды.
Қосағыңмен қысқа ғұмыр жасадың,
Ақыл айтып қайғы мұңын басамын.
Санасына тәупих беріп Тәңірім,
Ұлағатты қызың болсын Ұлжаның.
Жадырасын жаның мұнмен жасыған,
Күндер тусын, қуаныштан тасыған.
Серікболыңдай қадірменді болсыншы,
Қыздары Айша, Әмина, Ұлжан қалған артынан.
Аман болсын, қалған ұрпақ бастарың,
Ашық болсын мұң торламай аспаның!
Бір Тәңірім берсін лайым соларға,
Серікболыңның жасамаған жастарын.
Өкінішті бітуі дәм-тұзының,
Аман болсын артындағы қыздарың.
Денің сау боп, жазсын Алла өзіңе,
Серіболыңның көрмей кеткен қызығын.
Берік бол, айтар ақыл тағы да,
Жалғыз Аллам қуат берсін жаныңа.
Әкесі де, шешесі де өзіңсің,
Сен аман жүр ұрпағыңның бағына...

Күлзәйра апайың,
Аягөз қаласы 2013ж.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАС ЕДІ

Өмір деген қамшының сабындай қысқа ғана ғұмыр ғой. Өмір сағат емес, тоқтап қалса, бұрап қайта жүргізетін. Өмір – атқан таң, батқан – күн. Өмір – атақ даңқпен, асқан байлықпен, адамның жасаған жасымен өлшенбейді. Ол ұлағатты, өнегелі, ізгілік, имани қасиеттері мен өлшенеді. Өмір ағымы адам айы мен тілегіне бағына бермейді ғой.

Осындай өмірдің өрінде жолдастары мен қызметтестерінің төрінде жүрген, әке-шешесінің көз қуанышы, жары мен балаларының сүйіктісіне, ағайын-туыстарының мейірім, шуағына, достары мен әріптестерінің қимасына айналған, аяулы да, асыл азаматтарымыздың бірі, менің сүйікті шәкіртім – Серікбол Төлеуғазыұлы еді.

Амал қанша, аққан жұлдыздай, жасында жарқылдап, елес болып ерте өтті-өмірден.

Секо – аз ғұмырында елдің көңілінен шығар, ғажайыл ғұмыр кешті. Анасынан арда туған азаматтың, бұл фәни жалған дүниеде, өмірі қысқа болса да, айта қаларлық өнегесі мол еді.

Сыныпта алғыр, үлгілі оқушылардың бірі болды. Мектептегі және сыныптағы қоғамдық жұмыстарға, мерекелік шараларға достары мен қоса барлық ұлдарды ертіп белсенділік көрсететін. Сыныптың көшбастар, бағдар шамдай шамшырақтарының бірі еді. Мектептегі сынып сағатындағы кейбір шараларға байланысты, қажетті заттарды әрбір оқушыға бөліп тапсырғанда кейбір оқушылардыкін қоса. Серікболсын қолын көтеріп біздікінде бар, мен әкелейін деп, өз тапсырмасымен қоса басқаникінін де орындауға дайын отыратын.

Күлімсіреген жылы жүзімен барлық істі орындауға әзір, елгезек еді. Жалпы сыныптағы ұл-қыздарымның, тең жартысынан көбі өте жақсы оқып, белсенді де білімді болды. Тоғызыншы сыныпқа дейін сыныпта 27 ұл болды. Активист қыздарым мен ұлдарымның арқасында, сыныпта көптеген ашық сабақтар, мерекелік шаралар өтетін.

Осы сыныбым арқылы мен де, өз уақытымды аямай, шәкіртерімнің бақытын аялай отырып енбек етіп, биік беделдерге ие болдым. Менің енбегімді жандырған, бағалаған осындай шәкірттерім арқылы мақтанамын.

Айналдым мінезінен аңқылдаған, көңілің ақ алмастай жарқылдаған деген сөздер тек Секоға ғана арналғандай.

Мейірімді жүзі, жылы сөзі, кісіге күлімсіреп қараған кең пейілділігі әлі көз алдымда. Кез келген адамның, бойында бола бермейтін бір табиғи кендік, жылылық, білімділік, ізгілік қасиеттерді – мен Серікболдың бойынан байқайтынмын.

1997 жылы сыныптың оқушылары мені 5-жылдық кездесу кешіне шақырды. Кешіміз Жасұлан ағаның үйінде болады деді.

Жасұлан менің балам, келінім Тоғжан Секоньң апайы. Сөйтсем, кешті ұйымдастырушы, бір топ ұл-қыздарым мен бірге лидері Серікболсын екен. Аула ат шаптырым, бөлмелер кең, үлкен үй, ыдыс-аяқ іздемейді, қазан-ошақ дайын, кем-кетік тамақ және дайын, ас пісулі, стол жасаулы, орындық қоюлы.

Ойлап қарасам, Секо кейбір достары мен барлық жауапкершілікті өз мойындарына алып, барлығын өздері ұйымдастырып, тіпті өздерінің үйіне жеке қонаққа шақырғандай әбігерлене күтуде.

Міне, мұндай кеңдік, дархандылық, адами кісілік, кішілік қасиеттер әркімнің бойынан табыла бермейтін қасиеттер. Бүгінгі кейбір жастардың, көбісінің кісілігінен гөрі пендешілігі басым, өзін жоғары қойып мен кіммін, сен кімсің дегендей өзімшілдік қасиеттерге бейім.

«Тектінің тамыры тереңге кетеді, оларды халқы үлгі етеді»- дегендей жанұяда алған тәрбиесіне байланысты, үлгі-өнегесі де мол.

Әрине, Секо туралы естеліктер өте көп, әсіресе балауса балғын балалық шақтағы ақ пейіл, періште көңіл көңіл деген тіпті керемет. Мектеп бітіретін жалындаған жастық шақтағы, ақ көйлек, кең жайлау аңқылдаған көркем мінезді айтсаңызшы. Оқуды бітіріп, қызметке орналасып нағыз толысқан, қырмызыдай құлпырған ақ алмастай жарқылдаған имани, білімге, өмірге деген құштарлығы ерекше еді.

Себебі, қазақта «жаксы жігіт – жаныңа жолдас, жаман жігіт малыңа жолдас»- деген мақалдағы нағыз жаныңа жолдас бола білетін – Азамат еді.

Сыныптастарынан қол үзген жоқ – төрге шықса есіктегіні, биікке шықса төмендегіні ұмытпады, сен қарасың, сен төресің демеді. Секо қандай биік белестерге көтерілсе де, сыныптастарынан, достарынан ара жібін үзген жоқ. Амал дос емес, Адал дос бола білді.

Ауданымызда су тасқыны кезінде де Серікбол, Дархан екеуі жолдастарын жұмылдыра отырып, көмек қолдау көрсетті. Туған жерге тағзым деген міне осы.

Амал қанша тағдырға ешкімнің әмірі жүрмейді. Тағдыр Секонның алдына қойған максаттарына, әттен әттен жеткізбеді.

Бірақ, осы аз ғұмырында Халқына – қызметін, Абыройлы- міндетін, атқарып кетті.

Серікболдың бағындырар биігі де, алар асулары да, шығар шыңы да, әлі де алда еді.

Сұңқар жоқ, қанаты қайырылмаған,

Тұлпар жоқ, тұяғы майрылмаған.

Алланың-ақ ажалы келген күні,

Адам жоқ, адамнан айрылмаған.

Алла артқы ұрпағына, туыстарына береке берсін. Әттен, бір кем дүние деген...

Серікбол жаның жәннатта болсын, қабірің нұрға толсын айналайын.

Күләш Әділғожина,
сынып жетекшісі, ұстазы

АҚЖАРҚЫН БАУЫРЫМ-АЙ

Біздің қымбатты да, қадірлі, аяулы да, ақжарқын бауырымыз – Серікболдың өмірден озғанына да жылдың жүзі болды. Өзінің қысқа ғұмырында баршаға қамқор бола білген, аңғал да, ақжүрек Секомыз соңына жарқын із қалдырып кете барды...

Отбасымызда менен кейін қыздар дүниеге келген кезде «Соңымнан еретін бауырым болса екен» деп құдайдан сұраған інім едің, сен өмірге келгенде арманым орындалды деп мәз болған күндерім әлі есімде...

Бүгінгі күні сенің сол бала күндеріңді есіме алсам, кішкентай күніңнен бастап-ақ өте аңғал, ақылды, ұқыпты, ақжүрек, сенгіш болған екенсің. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында баршаға қолыңнан келген көмегіңді аямай қамқор бола білдің, сендей інімнің бар болғанына іштей тәуба айтушы едім, қайтейін, қолымнан келер қайран жоқ. Осы күні жеңгең мен бауырларың жиналып сенімен бірге өткізген қызықты күндерімізді жиі еске аламыз, осы үшеуін төбене көтеріп ойнатқаның әлі есімізде, солармен бірге өзін де кішкентай бала боп кетуші едің...

Осының бәрін еске алғанда сенің бұл өмірде жоқ екеніңді бір сәт ұмытқандай мәз боламыз, сосын сені енді көрмеу, тек қана сағына еске алу маңдайымызға жазылғаны қабырғамызды қайыстырады.

Отбасымыздың атынан өзіңе осы өлең жолдарын арнаймыз:

Қабырғамды қайыстырдың сұм ажал,
Бүгінгі күн түзетуге бар ма амал?
Сыймай өксік жүрегіме тұншығар,
Секом менің, жан едің сен бауырмал.
Бір жыл өтті, ширек ғасыр өткендей,
Қамығамыз, көңілге ызғар сепкендей.
Зымырайды, уақыт шіркін жылжиды,
Сағаттармен айлар қоса кеткендей.
Сағынамын, көз жасымда шек жоқ қой,
Шарк ұрамын, бейнең бар да, сөз жоқ қой.
Мәрттік пенен адалдықты бетке ұстап,
Қызық көрер, рахат табар кезің ғой...
Ат жанды едің, тай үйретіп мінетін,
Жанын салып жұмысын да сүйетін.
Ата-ана, туған-туыс, бауырға,
Ақ жүректен мейірімін төгетін.
Сен туғанда бар арманым орындалып қуанғам,
Енді міне інім бар деп сүйіншілеп шаттанғам.
Әбен ата еркелетіп «Қара күрдек» атаған,
Өзіңді кеп бір ніскемей мейірі оның қанбаған.
Менің марқұм апам үшін орның сенің бөлектін,
Мейіріммен сені ніскеп, құшақтайтын, өбетін.
«Қуантайым жалғыз емес» деп көңілі жайланып,

Ұзағынан сүйіндір деп бір Алладан тілейтін.
Маған демеу болсын деген ойменен,
Серікбол деп атыңды өзім қойған ем.
Амал қанша, ерте кеттін өмірден,
Бірақ бейнең мәңгі кетпес көңілден.
Бәрімізді жүрегіне сыйдырған,
Жүрегі кен, інім едің бір туған.
Ауылыма жатсам барып дейтін ең,
Енді ауылдан топырақ саған бұйырған.

Аққан жұлдыз секілденіп бұл өмірден озғансың,
Қанша жанға қысқа өмірде көмек қолын созғансың,
Қалды артыңда ата-ана, туған-туыс, ұрпағың,
Жайлы болсын деп тілеймін мәңгі жатар тұрағың.
Алла қолдап жұмақ болсын орының,
Ұрпағың бар – қамықласын көңілің.
Торқа болсын топырағың бауырым,
Ұмытпаймыз, мәңгі естесің құлыным!

**Қуандық-Нүргүл,
Бибимариям, Қабдуәкір, Ғани,
Өскемен қаласы, 2013 жыл.**

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚЫНЫМ ЕДІҢ

Кеше ғана ортамызда жүрген. Серікбол бауырым, сен туралы еске алу жазамын деп кім ойлаған?! Сенімен көп араласпасам да, өзіңмен әңгімелескен кезде жаныңның тазалығын, көңіліңнің ақтығын байқап, әлі-ақ өсетін азамат деп көп сенім артып жүруші едім.

Бірде туыстардың тойынан қайтарда жарың Әсел көпшіліктің сонында отыр екен. Әселдің аяғы ауыр еді. Неге қайтпай отырсың? деген сөзіме: «Секо кісілерді үйлеріне әкетті» деді. Елдің бәрі Серікболды «Секо» деп еркелететін. Әсел ұзақ тосып отырып қалды. Келіннің өзінің аяғы ауыр, ренжіп қала ма деп, «біреулерге айтайын ба? үйлеріне жеткізіп салсын» дедім ыңғайсыздарып. Алайда, Әсел еш ренішсіз: «қажеті жоқ, Секаны тосамын. Бұл бірінші рет емес. Семейде талай тойда кісілерді танысын-танымасын үйлеріне апарып тастайтын. Тіпті бір рет ресторан жабылып, сыртта тосқаным бар» деп ерінің ісіне риза көңілмен жылы жымиды. Мен сол жолы сенің қарапайымдылығына риза болып едім.

Өзің туралы, қызметің туралы туыстардан жиі еститінмін. Әсіресе, анан Нұржәміш апай сен туралы қуана да, қынжыла да айтатын. Кім баласын қызметтік жұмысында дем алыссыз жүргенін қалайды дейсің? «Үйіне барғанымызда бір тыным таппай жұмыс-жұмыс» деп жүреді дейтін апайымыз. Асыл ананың шыр-пыр болғанын түсінбеуші едік. Бәлкім, ана жүрегі бір сұмдықты сезді ме?

Сенің қандай беделді болғаныңды өзің өткенде білдік. Өзіңді соңғы сапарға шығарып салуға келген қызметтестерің сенің жұмысқа деген жауапкершілігіңді, білімің мен біліктілігіңді айтып тебіренсе, жолдастарың азаматтығың мен адамгершілігің жайлы сағынышпен еске алып, жүректері қанжылап тұрды. Қарапайымдылығың соншама, өз қызметіңнің биік мәртебесі –медаль алғаныңды да кейіннен білдік.

Серікбол, сен азғана өмір сүрсең де талайлар жете алмаған биікке шықтың, талайлар жасай алмаған жұмысты жасадың. Бар адамға жақсылық жасап, айналаға нұрын шашып жүретін сенің өміріңнің қысқа болғаны өзекті өртейтін өкініш. Алайда, қолдан келер ештеңе жоқ.Тек сәулелі ғұмырыңды жалғастырар ұрпағың, үйіңнің түтінін өшірмейтін асыл жарың, ата-анан, аға-бауыр, апай-жеңгелерің бар екеніне шүкіршілік етеміз. Сендей жанның жатқан жері жайлы, орны пейіш болары хақ.

Апайың Жұмаш Маханқызы

АЯУЛЫ ІНІМ ЕДІ...

Жалған дүние-ай! Бауырым туралы естелік жазамын деп ойлап па едім?! Мен үшін бұл орны толмас қайғы. Бауырымның бұл дүниемен мәңгілікке қош айтқанына әлі де сене алар емеспін...

Бауырым Серікбол әке-шешемнің 6 қыздан кейін көрген аяулы да сүйікті ұлы еді. Жанұямызда Секонның орны бір бөлек, қалған балалардың орны бір бөлек болатын. Әкеміз көбінесе Секонны жақын тартатын. Жанұямызда ол әкеміздің ұлы еді.

Мен жоғары оқу орнын бітіріп, ауылға келгенімде Секо 9 жастағы мектеп оқушысы болатын. Сабағын өте жақсы оқитын, жауапкершілігі мол бала болатын. Өзі сондай аңқау еді. Біреудің айтқан сөзіне оп-оңай сене салатын. Әлі есімде. Шашы сұйық, селдірлеу болатын. Шашын қалыңдатқысы келіп, бір май жағып жүретін. Сонысын көріп жүрген інім Бақытбек: «Басындағы бір шаштын орнына екі шаш шығып келе жатыр...», – десе, сол сөзге сеніп қалатын.

Кішкентай кезінен өзіне сенетін батыл бала болатын. Тіпті бір ойыншық алғысы келсе де: - Өзім үлкейгенде аламын! – деп тұратын.

– Үлкейген кезде саған бұл ойыншықтың қажеті қанша? – деп қалжыңдаушы едік.

Он жылдық мектепті бітіріп, Секо Семейге оқуға түсті. Институтта да өте жақсы оқыды. Институтты бітірген соң жұмысқа орналасып, Семейде қалып қалды. Күнделікті қу тіршіліктің күйбеңімен бауырымның үлкен азамат болып, бір жанұяның отағасы болғанын да білмей қалыппын. Көз алдыма әлі күнге дейін кішкентай Секонның бейнесі елестеп тұрады. Сұм ажал бауырымды ерте алып кетеді деп кім ойлаған...? Бауырымның көптеген адамдарға камқоршы аға болып, жұмысында іскер, беделді азамат болғанын дүниеден қайтқан соң бір-ақ білдім. Иә, өзінің адамгершілік, азаматтық, іскерлік қасиеттерімен ол талай адамдардың алғысына бөленген екен.

Алматыға келе қалса, қасында 1-2 жолдасы еріп жүретін. Есіктен кіре сала: «Сендермен амандасып шығайын деп келдім. Мына досым қонаққа шақырды, сонда барамын», – деп дастархандағы тағамнан ауыз тиіп, бір кесе ғана шай ішіп кетіп қалатын.

Бауырым соңғы рет үйге келгенде, осыдан кейін оны көрмейтінімді сезген де жоқпын. Бұл жолы бір жолдасымен келді. Екеуіміз жарты сағаттай ғана сөйлестік. Жұмысы туралы, қызметтестерінің пәтер алуларына жағдай жасап жүргені туралы айтты. Ауылымыздың көп адамдарымен араласып тұратындығын және балалары туралы қызықты оқиғаларды әңгімеледі. Ертеңіне біздің үйге келіп қонақшы болды. Бірақ ертеңіне келмеді. Телефон соғып едім: «Менің жұмысым осындай. Осы жолы келе алмаймын. Жазда балаларды алып келемін, әлі талай жолығамыз ғой», – деп қалжыңдады. Сол жаздың болмайтынын мен білмедім... Бауырымның ғұмыры тым қысқа болды...

Маңдайға жазылған соң амал бар ма?! Аяулы бауырымнан ерте айрылып қалдым. Бауырымның ол дүниедегі орны жұмақтың төрінде болсын, артында қалған 3 балапанына құдай бақ берсін, әкесінің жасамаған жасын берсін деп тілеймін.

Анайың Айжан

«ЕЛІМ!» - ДЕГЕН ЕР ЕДІ



Бүгінде, жақсы көретін балдызым Серікболдан айырылып аза тұтып отырмын. Серікболды осыдан он тоғыз жыл бұрын, алғаш көргенімде алдымнан жаркылдап шыққан Семейдегі Технология институтының студенті еді. Міне, содан бері сыйласып сіз-бізіміз жарасып жүруші едік.

Оның айналасында қашанда жолдастары көп болатын. Ол, туған-туысқандарын айтпағанда, студент кезінен бастап өзінің жанында жүрген: курстастарына, жолдастарына, сыныптастарына, ауылдастарына, қала берді бейтаныс адамдарға «қайтсем көмегім тиер екен»- деп тұратын. Соның нәтижесі шығар, маңайында кейде біз танымайтын ағалары, бауырлары, апайлары көп болатын. Шіркін, мына пендешілік дүние-ай десенші... Кейде, мен қалжыңдап: «Осы сенің манайыңда қашанда адамдар толып жүреді екен»,- дейтінмін, сонда ол- «Олар менің жолдастарым, ауылдастарым, жерлестерім егер оларға мен көмектеспесем кім көмектеседі»- деп күліп жүретін, жүрегі кең, мейірімі мол азамат еді. Егер, мына тосынан келген қаза өмірін қимағанда, әлі көптеген адамдарға, еліне қолынан келген көмегім тигізері сөзсіз еді.

Міне, бүгін біз, жүрегі: «Елім!»- деп соғатын ерден айырылып отырғанымызды елдің біреуі білсе, біреуі білмес. Ол өзінің қалаған қызметіне, «Отанға!»- деген сүйіспеншілігінің арқасында келген болатын. Қызметіне байланысты Егемен Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде уақытымен санаспай жұмыс атқаратын. Соның нәтижесінде, әріптестерінің арасында беделі жоғары болды.

Серікбол жанұя мәселесіне де көп көңіл бөлетін. Үш қарғасының жүректеріне қазақ еліне, жеріне, ұлтына деген ыстық сезімді ұялата білді. Балаларының тілдерін шұбарламай қазақи тәрбие берді. Жары-Әселге айтарым: «Болмас іске болаттай берік бол. Балалар саған аманат. Туған-туысқандары бар, балаларды ешкімнен кем қылмай, қоғамымыздан өз орынын табатындай етіп тәрбиелеп, кол ұшын беретін»,- демекпін.

Серікболға:

*Артымнан ерген інімдей едің,
Шуағын төккен күнімдей едің.
Қағыда кеттің қаырылмас,
Орының сенің еш толмас.*

Жездесі М.Смағұлов,
Семей қаласы,
17 маусым 2012 жыл.

САҒЫНДЫМ СЕНІ, СЕКОТАИ

Секотайым, сенен 2012 жылдың мамыр айының 29 күні айырылып қаламыз деп кім ойлаған?

Бұл күн - мен үшін ең ауыр күн!..

Сен туралы естелік жазғым келеді, бірақ жаза алмаймын. Сені жоқ деуге, сені көрмеймін деуге әлі сенбеймін. Сен әлі де болса жұмыста, не жұмыс бабымен іссапарда жүрген сияқтысың. Бір күні Ұлжанды көтеріп, Амина мен Айшанды қасына алып, есіктен кіріп келетіндей күтемін, «міне, Гука апайларыңа келдік» дейтін үнің құлағыма жиі естіледі.

Мен сендермен бірге бір үйде өспегендіктен, сенің балалық шағыңды, қызықты оқиғаларыңды еске ала алмаймын.

Сенің өмірге келуіңді ұзақ күткені өте занды, себебі ең үлкеніміз Қуандықтан кейін 6 қыз өмірге келдік, сосын сен дүниеге келдің. Сенің атың да Қуандыққа серік болсын деген ниетпен қойылып еді. Сен туғаннан кейін папам Абен, Қызылкесік ауылында, тұрғандарыңда үйге барған. Қайта келе жатқан жолыңда машинадағы балдызы Рамазан ағаға: «Кері қайтайық, менің қара күрдегім қалып қойды», - деп ауылға қайта келеді. Келгеннен кейін Рамазан аға: «Абен, күрдегіңді алсаң, қайтайық», - десе, папам сені құшақтап иіскеп тұрып, «қара күрдек мына балапаным ғой», - деген екен. Содан сені папамның «қара күрдегі» деп атаған болатын.

Әр кез каникул уақытыңда барғанда, сенің үй жұмысын тындырып, қораны жөндеп, тазалап, сабағыңды оқып, әрдайым еңбектену үстінде болатыңсың. Еңбекқорлығың мен талаптылығыңның арқасында үнемі биікте жүретін едің. Батонды (Бақытбек- кенже бауырымыз) үнемі қасыңнан табылатын. Оны еркелетіп әрі бірге жұмыс істеп, жақсы жолға баули білдің. Егіз қозыдай қатар өскен Батон екеуіңнің қылықтарың әртүрлі болғанымен, оның жақсылығын асырып, тентек қылықтарын ата-анамызға білдірмей, өзіңнің ақылыңмен тәрбиелей білдің. Батон саған көп арқа сүйейтін еді.

Мен Серікпен тұрмыс құрып, Аякөзге көшіп келгеннен кейін, біздің үйге жұмыс бабымен жиі келетіңсің. Сол келген кездерінде үнемі далаға шығып, қора жақта жүрген атама көп көмек көрсетуші едің. «Бір келгенде дем алмайсың ба, өздері істеп алады», - деген кезімде, «Гука, бауыры келіп жатып алды демесін, аз да болса көмек көрсетіп кетейін», - деп жанталасушы едің, құлыным.

Бір келгенінде Аякөзден Семейге қайту керек болды. Менің атам да Семейге бармақшы болып отырған. Серік екеуіңді жол бойынан машинаға отырғызып жіберген болатын. Сол машина жолда тамактануға кафеге кіреді. Атам екеуің де кафеге кіріпсіңдер. Сол мезетте машинадан сенің сөмкенді алып кетеді. Сөмкенің жоғын Семейге барғанда бірақ көріп, барлық құжаттан айрылғанда да, «жарайды, қайтадан жасатып аламыз, сен ренжімей-ақ қой», - деп айтатын кең мінезділігіңді ешкімге ұқсатуға болмайды. Шіркін, ерекше едің ғой!..

Мен Семейге көшіп келгенде, қаланың «тәртібімен» де таныстырған сен едің. «Ертең Жанканың туған күні, Серік жұмыста болса, өзің келе бер, қалып

койма. Сен бізбен бірге болуың керек, бөлініп қалма. мен қайтарда өзім апарып саламын»,- дейгіңсің. Кейде «Ал, апайым, саған келдім! Не бар? Сенің шайың дайын болғанша, Досяға барайын» деген сөздеріңді сағындым, құлыным.

Елдостың атын өмірі атап көрмеген едің. Ол оқу бітіріп, студент болса да, үнемі «Досям» деп еркелеткен екенсің. Оның өзін сен өмірден кеткен күні Елдостың «Мама, неге Секо аға... Ол мүмкін емес, себебі Секо аға мені ылғи тек Дося деп атаған. Мені үйлендірем деген... Әлі мені жұмысқа орналастыруы керек, ол маған уәде берген»,- деп жылағанда ғана білдім. Жеке әңгімелеріңнің негізін Елдос үйге каникулға келгенде ғана білдім. Секотайым, құлыным, құдай ол тілекке де жеткізбеді, қайтейін жатқан жерің жұмақ болсын.

2010 жылы қарашаның 9-ында «Қуаныш 50 жасқа толады, бныл Алматыға барып қайтайық, - Нұғыспанды алып келіп, өзімнің қасыма орналастырам ба?- деген ойым бар. Сендер Серік екеуің машинамен Үшаралға келіңдер, сосын менің машинамен Алматыға барамыз. Дося қыркүйек айында оқуына кетеді, сосын сен бір аптаға жұмысыңнан сұран»,- деп жаз айында жоспарыңды айтып, біз келісіп едік. Бірақ Серік қыркүйек айында инсульт алды да, жоспар іске аспай қалды. Сонда Серікке келіп: «Секе, әлі жазыласын, сосын бізге келесің, көлге дем алтамын»,- деп, дем беріп кететін сөздеріңді сағындым.

2011 жылы қазан айында Антальяға оқушыларды олимпиадаға апаруға жиналып жатқанмын. Сен мектепке келдің. «Күні бойы жұмыстасың, үйге баруға жұмыстан қол тимей жатыр. Өзім де Москваға кеткелі жатырмын. Ал, апайым, аман-есен барып кел, Досяға сәлем айт, мен де аман-есен барып келейін, сосын кездесеміз»,- деп ақ жол тілеп кетіп едің. Қай уақыт болса да, қай жерде болсам да, қалай да сәтін тауып, менің кетер жолыма тілегіңді білдіріп кететіңсің. Сен мені үнемі қорғап, бауырыңа тарта білдің. Соны түсінбеген мен қандай ақымақ болғанмын. Сені енді көрмейтінімді ойласам, өзегім өртенеді. Өтген, барлық уақыт кері бұрылса ғой..!

Туған бауыр... Сенің орның мәңгі толмайды. «Уақыт емші» дейді, бірақ уақыттың емдейтініне өзім сене алмаймын. Сені көрмеген күндер саны артқан сайын, саған деген сағынышым күшейіп келеді. Қайтейін, «сен қайтып келеді, қандай амалдарға көнесің?»- десе, бәріне дайын болар едім.

2011 жылдың желтоқсан айында екеуміз бірігіп соғым алдық. Барлық достарың мен Әселіңді алып келдің. Достарыңа «Менің туған апайым мен жездемнің үйі, ал жігіттер, барлығын сойып, дұрыстап беріңдер. Жақында Досям каникулға келеді. Ол да етті сағынып келеді ғой. Сендер апайымның айтқанын жасай беріңдер, мен жұмысқа барып келейін»,- деп тағы да тынымсыз жұмысыңа кеттің.

Сенімен өткен әрбір күннің қадірін білмеппін ғой!.. Кешір мені, бауырым, құлыным, Секотайым..!

Сенің мәңгілік үйіңді тұрғызғаннан кейін, Семейге келдік. 1-2 күн өткеннен кейін көңіл айтуға Серіктің Аякөз ауданы, Ақши аулындағы мешітте молда болып істейтін Қайрат деген досының әйелі Сәуле баласымен үйге келді. Арнайы дастарханға баласы жақсылап құран оқыды. Сол күні таңғы сағат 4 кезінде сен, Секотайым, маған келдің. Екеуміз біздің есік алдындағы беседкада

гүл отырғыздық. Сенің үстінде аппақ ұзын көйлек, басың жалаңбас, ал аяғыңды байқай алмалым. Гүлдерді жеке құғыларға отырғызып болдық, сосын сен есік алдындағы қол жуғышқа қарай кетіп барасың, ал мен саған «қазір шай қоям, шай ішейік», - деп жатырмын. «Жоқ, Гука, мен саған тағы келем, ана гүлдерді басқаларға таратып берерсің, ал маған керегі жоқ», - дейсің. Қарасам, құтыдағы гүлдердің саны - 8. «Секо, Секо», - деген өз даусымнан ояндым. Ертеңгісін шелпек пісіріп, түсімді Сәулеге айтсам. «Туғандарың нешеу қалдыңдар?» - деп сұрады. Мен « 8 қалдық» - десем, «Онда бауырың ол жақта да сендерді қорғап жүр, енді қалғандарың аман-есен болып, жаңағы өздерің отырғызған гүлдердей жайқалып өресіндер» - деді. Құлыным-ау. ол жаққа барсаң да, бізге деген қамқорлығыңды ұмытпай жүрсін ғой.

Айшаның туған күніне барамыз деп барлығы жиналып жатыр. Серік: «Сен өткен аптада ғана бардың ғой, осы жолы бармай-ақ қой», - деген соң ойланып, кешкісін ұйқыға жатқанмын. Секотайым, тағы да сен алыстан маған көрініп кеттің, бірақ үндеген жоқсың. Орнымнан тұрдым да «Жанка, маған да билет ал» дедім. Сенің айтқан: «Сен бізбен бірге болуың керек, бізбен бірге жүруің керек. Сен біздің туған апайымызсың», - деген сөздерің есіме түсті.

Қарашаның 29 күні таңертең жұмысқа баруға Серік екеуміз машинамен шықтық. Күндегі әдетімен машинаның радиосы қойылды. Серік маған: «Бүгін Секоға тура алты ай болыпты ғой», - деп, онсыз да ішімнен айта алмай келе жатқан шерімді қозғады. Секотайым менің, бүгін сені көрмегеніме, сенің даусыңды естімегеніме тура 6 ай болды. Енді 2 күннен кейін сенің туған күнін. Сенсіз өтетін, енді ары қарай сенсіз жалғасатын туған күн!..

Сенің өткен туған күнінде еш уайымсыз, «енді сені көрмейміз-ау» деген ойсыз отырып едік. Сен болсаң жезделеріңмен бірге армансыз, рахаттанып отырып «Шаншарды» тамашалап едің, ал біз болсақ сенің туған күніне арнайы алдырған қымызыңды ішіп, әңгімеңізді жалғастырып едік. Сол күні сен біздің қайтқанымызды қаламадың. Бірақ жұмыспен асығып, біз үйімізге тарастық... Осы ой тізбегін айтып үлгерген жоқпын, радиодан Секомның «Бегім сұлу» деп аталатын сүйікті әнінің тарихына шолу жасалынып, шырқалды. Ары қарай әннің толық аяқталуын тындауға шамам келмеді. Бүкіл қалың жұрт та біздің қайғымызды бірге бөліскендей...

Ақ қағаздың бетіне естелік түсірген қандай ауыр..!

Құлыным, Секотайым, қош бол! Біз сені өмір бойы ұмытпаймыз. Өзіңе жасай алмаған қамқорлығымды артында қалған үш құлыныңнан аямаймын. Тек, Жаратқан Алладан сұрарым: Секотайымның орнын жұмақтан бере көр. Осы өмірде жасаған жақсылықтары мен қамқорлығы о дүниеде қабірін нұрландарып, жарық ете көрсін. Балаларына өмірдің тек жақсылығын берсін. Әке-шешем мен туғандарымды енді жылата көрме!

Апайың Гүлжан Нұрғалиева

АҚКӨНІЛ БАУЫРЫМ ЕДІ

Бүгін 2013 жылдың 27 наурызы. Серікбол бауырымның өмірден озғанына 10 ай болып қойыпты. Артынан осылай естелік жазам деп кім ойлапты? Бұл естелікті жазып бастағанымда да 10 айға жуық уақыт болып қалыпты. Осы уақытқа дейін қайтып келетін сияқты болып тұрушы едің, енді сені бұл өмірден көрмейтініме көзім жеткендей.

2012 жылдың мамырында біздің жанұяны күтпеген ауыр оқиға есеңгіретіп тастады. Сұм ажал арамыздан ешкімге жамандық жасамайтын, қолынан келсін, келмесін жақсылық жасауға тырысатын, қолындағы ең соңғысын берсе де өкінбейтін, осы жақсылығым қайта ма деп ойламайтын, арсалаңдап, «жарайдыдан» басқа сөз айтпайтын, ақкөңіл туысымызды алып кетті. Балаларыңның қызығын көрмей, жастай кеткенің жанымызға батады. Құдайдың басқа салғанына көнгеннен басқа шара бар ма? Осы уақытқа дейін қайтып келеді деген ой демеу болушы еді, енді келмейтініне көзім жеткен сайын қасымда жүргенде қасиетінді білмегенім жаныма батады. Жанымда жүрген бауырымның жақсылығын уақытында бағаламаппын.

Шынында, «Серікбол – менің бауырым» деп аузымды толтырып мақтанып отыратынмын. Қайда барсам да Серікболдың таныстары: Сіз Серікболдың апайысыз ғой, біз Серікбол мен Әсел екеуімен жақсы араласамыз, ол менің күйеуімнің кластасы, досы немесе қызметтесі, - деген сөздерді еститімін. Тіпті менің қайнағам Ардабек пен жолдасы Жанар екеуі де әскери адамдар болғандықтан (Семейдегі госпитальда дәрігер), Секо қызмет бабымен оларға барған сайын: «Серікбол артық сөзі жоқ, қызмет бабын пайдаланбайды, мәселені нақ шешеді», - деп мақтап отыратын.

Секо арамыздан өткеннен кейін жолдастарының аузынан: Серікбол бәріміздің көшбасшымыз еді, біреуімізді жұмысқа орналастырып, біреуімізді жақсылыққа үйретіп еді, біздің де қабырғамыз қайысып тұр, - деп көңіл айтқанда, жанымда жүрген жайсаң бауырымның не мәселеге киналып, неге қуанып жүргенін сұрап білмегенім жаныма батады. Қасымда үнемі жүреді деп ойлаппын ғой. Не жұмыстағы жетістіктерін, не жасаған жақсылықтарын айтып мақтанбайтын, не қиналған кезде көмек те сұрамайтын. Өз мәселесін өзі шешіп шешіп жүре беретін. Не қасында апай болып ақылымды айтпаппын, не қол ұшымды бермеппін.

Тіпті 27 мамыр күні ең соңғы рет көріп тұрғанымды да сезбеппін. Сол күні түстен кейін Жанардың үйінде барлығымыз жинала қалдық. «Шаршап, ұйқым қанбай жүр, аттестация тапсыруға Астанаға барам, дайындалуым керек», - дегенде, демалып ал дегеннің орнына, «дайындал, аттестация тапсыру қазір қиындап кетті», - дедім ғой. Тіпті, біздің үйдің балаларының барлық емтихан, аттестация тапсырғанда тағатын апамның сақинасын ал деген сөзді де айтпаппын. Сол күні Секо бәріміздің қаппен алған қантымызды магазиннен алып, үй-үйімізге жеткізіп тастады. Бір қап қантты біздің үйге кіргізген соң, алдында екі апта бұрын таныстарына әйнектеткен балкон қалай деп сұрады. Мен әлі шет-шетін сылатқан жоқпыз деп едім, алдағы аптада, аттестациядан кейін Ерлатты әкеп сылатып тастамасам деді. Әсел астыда күтіп отырғандықтан, қыздарына керек дәріні алып кет деп едім, стол үстінен бір конфет ашып жеп, қағазын менің қолым ұстатып тұрып, ұзақ ойланып қарап тұрғандай болды.

Мен: осы Секо қызық, қоя салмай ма, деп ойладым да қолынан қағазды алдым. Сөйтсем, ол іштей менімен қоштасым тұр екен ғой...

Секо өз жанұясын тек алға бастап, құлындарының, жарының бақыты үшін жанын аямайтын. Секоньы қыздарына деген ықыласы ерекше еді. Өзі жұмыстан шарашап келіп отырса да, Аминасын кеудесіне жатқызып, Ұлжанын қолына көтеріп отырып, «менің дочам ақылды, жыламайды» деп отыратын. Олардың жылаған дауысы естілсе. Әсел әдейі жылатады, менің қыздарым ақылды деп, Әселге ұрысатын. Соңғы бір-екі айда Айшабибісін екі рет біздің үйге Алманың қасына қалдырып, Ұлжан мен Амина маза бермейді, кішкене дем алсын деп әкеп тастады. Бірде Айшабибі мен Алма телефонмен сөйлесті дегенде, кейін екеуі бір-біріне машинамен барып, астыға түс қыдырайық, - деп тұрады әлі деп армандайтын. Оларды азамат қатарына қосып, елден қалмай өсуін бізге тапсырып жатқаны екен ғой.

Серікбол кішкене кезінен жұмысқа тиянақты еді. Батонның шала-шарпы істеп кеткен жұмыстарын, қайта тиянақтап істеп жүретін. Кейіннен жұмыс істеген кезде де, сол тиянақтылықтан танған жоқ. Күн-түн демей, құжаттарын реттеп, жұмысқа кірісіп алатын. Бір туған күн, мейрамдарда басымыз біріккенде, Әселді қыздарымен алдын ала әкеп тастайды да, өзі кештің ортасында, не соңында ғана келетін. Тіпті кейде содан кейін де жұмысқа барам, әлі толық біткен жоқ деп отыратын. Манат күйеу балам: «Не то что мы, Секо шпионов ловит», - деп қалжындап жүретін.

Секо кішкене кезінен арманшыл еді. Ждановта көрші тұрған Сержан аға мен Ботакөз апайдың Сырым деген ұлы, Батон бәрі бірге ойнайтын. Сырымның артынан Маржан деген апайы алып кетуге келетін. Біздің үйде көп бала болғандықтан ба, Сырым Секолармен ойнағанды жақсы көретін. Есік алдындағы арық суына түсетін, кейде тауға барамыз деп үйден алыстап та кететін. Ол кезде олар әлі мектепке бармаған кез. Сонда Секо менің 5 балам болады, аттары Сержан, Ботакөз, Сырым, Маржан, тағы кішкене қыздары болатын соның атын атайтын.

Секо кішкене кезінен атты жақсы көретін. Бір жылдары үйде Секо мен Батонның өтінішінен кейін тай ұстадық. Секоньың бос уақыты осы тайды баптаумен кететін. Ара-арасында кластастары, көршілермен бірігіп тай жарысына баратын. Озып, не жеңіліп жатқаны туралы ешнәрсе есімде қалмапты. Тек тай жарысына барып, танауы делдиіп, бесіп тұрған суреттері бар. Жазда ат үшін, ағамның бауыры Тұрсынның үйіне жайлауға баратын. Бір жылы аттан құлап, қолын ауыртып алыпты. Үйге келген соң онысын жасырып бізге айтпайды. Содан білгеннен кейін, оны больницаға апарып, гипс салғызды. Гипспен ұзақ жүрді. Сол кезде үйге сынықшы Ғалия апай келе қалып, гипсті алып, мынау барлық сіңірін қатырып тастапты деп, жылытып қойдың құйрығының қыртысын салып, массаж жасап қолын түзетіп кеткен болатын. Енді больницаға барып қолыңды көрсет дегенде, бірнеше рет больницаға барып, гипс салып берген дәрігер отыр екен, кірген жоқпын деп, бармай қойды.

Секоньың кластастары, достары, курстастары, араласатын адамдары үнемі көп болатын. Оқу оқып жүргенде, ЦУМ-ның қасынан алып берген үй Секоньың достары үшін бас қосатын бір шаңыраққа айналды. Көршілерден мына үйдегілер маза бермейді, ыңғай топталған жастар жиналады деп түскен арыздан соң, Секоға кім жиналады десек, жай ауылдан анау келген, соны айтқан шығар дей салатын. Бір күні Мұхтарбек Секоньы саяжайға алып кетейін деп сол үйге барса, үйде ешкім жоқ екен дейді. Балқон жағына машинамы қойып, Секоньың терезесіне қарап отырсам, балқоннан біреудің басы қылтняды. Қайта үйге келіп, есікті қатты қағып, аш, мен сені көрдім деп есікті ашқызса, үйде Ермек досы екен. Ермек көп сөзі жоқ, Мұхтарбектен қашып, үйден кетіп қалыпты.

Сөйтсек, олардың бір-біріне есікті ашу үшін, беретін сигналдары бар екен. Басқаша қаққан кісі үйге кіре алмайды. Ермек досына жақсы әйел тауып берем деп, өзі өмірінің соңғы күндері госпитальға қаралып жүргенде, бір медбикені Ермекпен таныстыруым керек деп Әселге айтып кетінгі. Өзінің уақыты жетпей, шаршап жүрсе де, басқаның жұмысын тындырып, көмектесуден бір тапбайтын. Қайтыс болардан бір айдай бұрын жұмысындағы біреудің баласын балабақшаға орналастыруым керек деп, қалалық білім беру басқармасына бардым деп Әселге әңгіме айтса, Әсел: алдымен Ұлжанды орналастырып алмайсың ба десе, оған орын табатын Гайка бар, мен ана кісінің баласын орналастыруым керек депті.

Секо қасындағы кісінің жағдайына қарап, өзіне жаман болса да, сол кісі ренжімесінші деп елпектеп тұратын. Ол мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығына жұмысқа кірген жылы бізбен бірге тұрды. Таңертең 6:30-да біз тұрғанға дейін ол далادا жүгіріп келіп, жуынып-шайынып, туалет пен ваннаға бізге бөгет болмайын деп отыратын. Спортпен айналысып, пресс жасап, жүгіріп, суға жуынып өзін сергек ұстап жүретін. Кешке жұмыстан келген сон да, көңіліне қарап, артық сөзі жоқ. Мұхтарбектің бауыры сияқты сыйласып тұрып кетті. Сол кезде Аскарбекке көтеруге бір гирін сыйлапты. Аскарбек: Секо ағаны ойласам, Асөнтай, сенің мамаң мен оқуға түсерде мені математикаға даярлап, сонда маған «албасты» деп бірінші айтқан. Сен өкпелемей-ақ қой, бірінші «албасты» менмін, сен екіншісің деп қалжындап отыратын, деп қояды.

Қазір ойлап отырсам, Серікбол барлық туыстарды байланыстыруша да екен. Өзіміз туғандарымызбен араласуға уақыт таппай жүргенде, ол немере ағайын, әкеміздің жиендері, шешем жағынан да туыстарды түгендеп, дастарханына шақырып, оларға барып жүрген де жалғыз өзі екен. Кіпкене үйінен кісі арылмайтын, қашан барсаң, не досы, не туысы, не олардың балалары үйінде болатын. Әсел де тез қолындағы барын ұқсатып, дастархан жасап, қабақ шытпай қарсы алатын.

Серікбол жұмысында енді бедел алып, шенін көтеріп, жұмыс баспалдағында жоғарлайын деп, тіпті жеке үлкен үй алайын деп тұрған шағында, өмірден озды. Алды-артын ойлап, үнемі сәк жүретіндіктен, өмірден осылай кетеді деп ойламаппын. Астындағы көлігін ұқыпты ұстап, жолда асықпай жүретіндіктен, Мұхтарбек маған үнемі: Секоға бала-шағамды тапсыруға болады, ол тиянақты жүреді, басқа көлікке отырма, Секоньң көлігіне отыр дейтін. Өзі де Секоға айтсан болды, сөзіңді жерге тастамайды, молодец, - деп мактап отырады. Теңлік апай қайтыс болғанда, Семейден баратындардың барлығына көлік тауып беріп, сыйғанынша өз машинасына тиіп алып, Әсел бала-шағасымен машинаның артына отырып барыпты. Мұхтарбек: Секо – ақкөңіл, Ерлан, Манат, Серік – бәрін өзіне алып, Жанканы Мишканың машинасына салып жіберіпті. Әсел де үндемейді, машинаның артында отырып барды, - дейді.

Бауырым, Серікбол..!

Сенің артыңнан естелік жазам деп ойлаппын ба? Армандарың көп, өмір сүруге құштар жанның бірі едің! Құдай басқа салған соң не шара? Жаның жәннәтта, қабірін жарық болсын!

Анайың Маржан

ЖАРҚЫН ҒҰМЫР

Сен бір тұлға таудай болдың,
Үлкенге кішіпейіл іні болып,
Кішіге камқоршы ел – ағасындай,
Қыздарың мен жан-жарыңа пана болдың.
Тірлікте ел сыйлайтындай,
Халқыңның азаматы едің,
Арман, мақсат көп қой сенде,
Көре алмай кеттің өмірден,
Мынау нәзік қыздарыңның қызықтарын.
Әрқашан құрмет тұтып, еске алатын,
Артыңдағы ұрпақтарың аман болсын.
Әкелеп барып тұрар кабіріңе,
Басымызға жай түскендей болды біркез,
Серікбол дүниеден озып кетті деген кезде.
Сұм ажал алып кеттің арамыздан,
Жарқ етіп, жарқын ғұмыр сөнді міне.
Дәл мүшелі 37- жасқа келіп-ең,
Өмірдегі қиындықты жеңіп-ең.
Келте болды ғұмырың,
Кейінгіге ғибрат жүріп,
Өткен сенің өмірің.
Серікболдың болашағы зор еді.
Амал қанша өтіп кетті өмірден.
Қарасаңыз көрегенді байсалдылық парқына,
Азамат еді-ау басшы болар халқына.

Нұртай-Гүлнар Айткалиевтар,
Астана қаласы

ДАРХАН МІНЕЗІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНГЕН

Ешкімге де ұқсамайтын адал едің, нар едің,
Ешкімнен де сұрамайтын жомарт едің, бар едің.
Сөзге берік, досқа серік, дархан еді көңілің,
Қыздарыңа, жарыңа да жұмсақ мінез жан едің.

Амал не, өлді деуге қимаймыз да,
Онсыз да жарты көңіл қиналуда.
Әр нәрседе өшпестей іздің қалды,
Сені ойлап көздің жасын тыймаймыз да.

Сағынамыз, өзіңді, сағынамыз,
Көз таныс суретіне табынамыз.
Алланың күдіретіне дауа бар ма,
Аллаға, тек Аллаға бағынамыз.

*Айтқалиевтер әулеті: Марат-Күлпира, Ерболат, Әсем,
Жанболат, Шымболат.(Азамат)-Ұлғаным, Асыл, Ерғанат,
Айнагүл, Самат.(Жасқайрат)-Нәсіп, Алмагүл, Елтай,
Нұргүл, Нұрбек. Ергай-Рабиға, Ринат. Алтай-Нұржамал,
Айнұр, Жаннұр, Нұрболат. Ербол-Венера, Айдана.*

Апа-жездесі: Самат-Света, Мержан, Альфия, Мади,

*Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
Жаңақала ауданы, Жаңақазан ауылынан*

ЖАРҚЫРАП ӨТКЕН ЖАСЫНДАЙ АСЫЛ БЕЙНЕ

(Аяуды бауырым марқұм Серікбол Төлеуғазыұлының аруағына арналады)

Көңілі кең пейілі дариядай, кеше ғана арамызда нұрын шашып, жайраңдап жүрген сүйікті бауырымыз Секонның мәңгілік бақи дүниеге тез аттанып кетерін кім білген. Қас пен көздің арасанда ешкім ойламаған қайғы-қасіретті қатал тағдыр осылай береді деп, кім ойлаған. «**Жазымыштан озымыш жоқ**»- дейді, дана халқымыз. Қатал тағдырға не шара, көрген түстей ғайып болды.

Секо бауырым туралы еске алу жазамын деп кім ойлаған, маған Секошым әлі тірі жүрген секілді, бір күні келіп қалатын сияқты көрінеді де тұрады. Жоқ деп ойласам болды, жүрегім езіліп, қан жылайды. Секонның жүрген жүрісі, ұқыптылығы, жарқылдап күлген пәк сәбидей күлкісі, барлық қылықтары көз алдымда. Секо балаларды жанындай жақсы көріп, оларға мүлдем ұрыспайтын, балалар жыласа болды, олар жыламайды, ақылды, Әселдің өзі тиісіп жылатады деп отыратын.

Секоға қандай жұмыс тапсырсаңда, беріліп, бар ынта- жігерімен істейтін, елдің де сондай жауапкершілікпен жұмыс істеуін талап ететін. Ауылға келгенде Нурик пен Ромаға есік алдын сыпыртқызып, ерінбей қалай сыпыруды, күректі қалай ұстауды үйретуден жалықпайтын.

Секо өте аңқау, өтірік айтуды, біреуге жамандық ойлау дегенді білмейтін, не айтсаң соған сеніп қалатын. Секо өте ақкөңіл болды, үнемі елдерге жаны ашып, көмек бергісі келіп тұратын.

Асып таспау, сабырлық – Секонның бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі еді. Қай жерде жүрсе де өзінің үлгілі отбасынан, текті ортадан шыққандығы көрініп тұратын. Алдына қойған мақсаттары мен жоспарлары көп еді. Амал қанша, жаны жайсаң, көңілі таза абзал бауырымызды енді өз арамыздан көре алмайтынымыз өкінішті.

Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
Өленнің құшағына сия алмайтын.
Қазақты көргің келсе, дәл осы деп,
Көрсетсе дүниеге ұялмайтын,-

деп ақын Сырбай Мәуленов жырлағандай, осы өлең шумақтары Секонның бейнесіне туралап айтылғандай. Оның келісті келбеті, нұрлы жүзі мен озық ойы шынында да, нағыз азамат, міне, осындай болады деп, мақтаныш етуге лайықты еді. Тағдырдың ісіне не шара, сұм ажал арамыздан ерте, өте ерте алып кетті. Секо бауырымызды еске алсақ, жүрегіміз елжіреп, оның жарқын бейнесі естен кетпейді. Секонның бір ерекше қасиеті-ол өзін әсіре жарнамалаудан, мақтаншақтықтан бойын аулақ ұстайтын. Өте қарапайым еді. Таза да адал ақ жүрегімен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халыққа мінсіз қызмет ете білді. Қызметте және тұрмыста жағымды жағынан көрінді. Қызметтік міндеттерін жауапты атқарумен қатар, жұмысқа деген жоғары қабілеттілігімен ерекшеленді. Ұйымдастырушылық қасиеттерімен жедел қызметтік іс-әрекеттерде үлкен жетістіктерге жету жолында бар білімін қолдана білді. Басшылық тарапынан еңбегі бағаланып, бірнеше медальдармен, құрмет

грамоталарымен марапатталды. Қазақта «Сегіз кырлы, бір сырлы»,-деген ғажан сөз бар. Бұл адамдарда сирек кездесетін асыл қасиет. Секо шындығында да осы қасиетті сөзге лайықты еді. Жарына адал, қыздарына үлгілі әке бола білген Секо достарының арасында сыйлы, туған-туыстарына қамқор, жаны жомарт жан еді. Амал қанша, осы бір аяулы да абзал бауырымыздың ғұмыры осыншама қысқа болғанына қабырғамыз қайысып, жүрегіміз қан жылайды.

Секо бірге туған аға-апайларын өте жақсы көріп, сыйлай білді. Әсіресе, тете өскен бауыры Батонға ағалық ақылын айтып, балаша еркелететін. Бір сәт жұмыстан қолы босап, демалыс алған күндері бала-шағасымен ауылға келіп, туған-туыстарының, достарының арасында бірге болып, тауға шыққанды ұнататын. Өте еңбекқор еді. Демалуға келдім деп жатып алмай, жеңін түріп, ауылдың күйбің тіршілігіне араласып кететін. «Тоқа, Жаса не көмек керек»-деп, күлімсіреп тұратын бейнесі көз алдымызға келсе жүрегіміз езіліп кете жаздайды. Таулар алыстаған сайын биіктей түседі дегендей, аяулы бауырымыздың бағасын енді біле бастағандаймыз. Осы бір аяулы да сүйікті бауырымызбен араласып бірге өткізген қунышқа толы күндерді сағынышпен еске аламыз.

Бауырым едің аяулы,
Дархан жүрек, кең пейіл.
Ақ көңіл едің, кең едің,
Жанашыр қорған, пана едің.
Кенеттен естен тандырып,
Мезгілсіз өтіп өмірден,
Жүрекке салдың жараны.
Текті атаның көзі едің,
Асылдардың сынығы.
Ақ баталы ұл едің.
Ағана серік болсын деп,
Сұрап алған Алладан.
Сүйікті, асыл жан едің.
Күндей жайнап жүруші ең,
Айналаңа нұр шашып.
Ағайын, туыс-туғанның,
Іргелерін жамаған,
Алтын көпір сен едің.
Көрген түстей сағым боп,
Қысқа болды-ау ғұмырың.
Мүшелінде бақилыққа аттанып.
Естен кетпес асыл бейнең,
Жүректерде мәңгілікке сақталып.

*Еске алушы: апайы Токжан,
жездесі Жасұлан,
жсиендері Рамазан, Нұржауар*

СҮЙІКТІ ЖАР, АСҚАР ТАУДАЙ АРДАҚТЫ ӘКЕ ЕДІ...

*«Сол бақыт-барған ерің тәуір болса,
Саялап маңайына ауыл қонса.
Үйіне кірген кісі құты қаппай,
Алысты жақын тартып бауыр қыла.
Отырса бау-шу есіп үйін сындап,
Қойғандай асыл пышақ алтын қындап,
Бек жақсы ағайынға ашуы жоқ,
Ғизатты жардың сөзін тұрса тыңдап», —*

деген өлең жолдары дәл менің балаларымның асқардай таудай аяулы әкесі, құдай қосқан сүйікті жұбайым, Серікболға айтылғандай. Өйткені оның құйрықты жұлдыздай жарқ етіп сөнген аз ғана ғұмырындағы жарқын бейнесін әулетіміздегі өзімізге, жақын-жуық, жолдас-жораларға деген пиғылы, мінезі, ел арасындағы тыныс-тіршілігін сондай адамға ұқсатамын.

Мен болашақ жарым **Серікболмен** алғашқы рет 1999 жылы Семей қалалық зейнетақы төлеу орталығында, екеумізде бас маман ретінде қызмет атқарып жүргенде таныстық. 2000 жылдың қараша айында ҚР Әскери Қарулы Күштері бас Қолбасшысының Жарлығымен әскери борышын өтеуге шақырылды. Зейнетақы төлеу орталығының жастары және үлкендері, бәріміз үлкен дастархан жайып, Секоны әскер қатарына шығарып салдық. Әскери борышын Семейдің №64031 әскери бөлімшесінде атқарды. 2001 жылдың қазан айында «Сержант» атағын алды. Осы Семей қаласында азаматтық міндетін атқарып, әскер қатарында да жүрген кезінде де әредікте бас қосып, қуаныш-қызығымызды бірге бөлісіп жүрдік.

Әскерден оралған соң, 2001 жылдың 10 қарашасында көңіл қосып, шаңырақ көтердік. Сол жылы қайтадан Зейнетақы төлеу орталығына бас маман болып қызметіне оралды. Екеуміз жұмысқа бірге барып, бірге қайтып жүретінбіз. Секе қандай жұмыс болмасын (түзде де, үйде де) үлкен жауапкершілікпен атқаратын, кейде үйге менімен ілеспей жұмыста қалатын. Одан қалса, бітпеген жұмысын үйге әкеліп екеуіміз тындыратынбыз.

2002 жылы сәуір айында Семей қаласының «Шығыс» Әскери аймақтың басшылығы бұйрығымен ҚР ҰҚК Әскери қарсы барлау Басқармасында бас маман ретінде қызмет атқаруға шақырылды. Әлі есімде, бірінші күні жаңа жұмыс орнына барып, түскі асқа Дәмир деген қызметтесін ертіп келгені. Жұмысына іс-сапараға әр тараптан келген қызметтестерін үйге әкеліп бір дәм татқызғанды өте жақсы көретін.

Серікбол — туыстарына, дос-жолдастарына адал, кішіпейіл, адамгершілігі мол азамат болды. Сондай-ақ өз ой-пікірі, өз талғамы, өзіне тән реті келгенде именбей тура айтатын өткір де, қалжыңбас, турашыл да мінезі бар еді. Бірақ сөзі әділ, намысқа тимейтін сыпайы да шынайы айтылатын. Сондықтан естігендер қабақтарын кірбін шалып, көңіліне ала қоймайтын. Себебі оның бүкпесі жоқ, ақкөңіл жан екенін түсінетін.

Кейде екеуіміз де сенікі немесе менікі жөн деп өзара бір-бірімізден артықшылығымызды айтып, сөзге келіп қалатын кезіміз болса да, онымыз түс

шайысайтындай ұрыс, дау-жапжалды тудыратын күрделі мәселе емес, сүйген адамдардың еркелігіне, назына көбірек ұқсаушы еді. Серікболдың бір мінезі үй шаруасын да ауыр-жеңілдігіне қарамай өзі істеуге ұмтылатын.

2004 жылдың 1 шілдесінде тұңғышымыз Айшабибі дүниеге келгенде қуанышында шек болмады. Айшамыз өсіп 1 жасқа толар кезде, оның туған күнін үйде тойлайық деп шештік. Туған күнге бір күн қалғанда маған шақырғандарының тізімін көрсетеді, қарасам 30 шақты жолдасының атын жазып қойыпты. Мына алақандай 2 бөлмеге қайтып сыйғызамыз десем, «қоңіл сыйса, бәрі сыяды емес пе?!» деп қаскиып күліп қарап тұр. Туған күн болатын күні ол: «Тізімдегі жолдастарым өткендегіден де көп болып кетті, бір курстасымды кездестіріп қалдым, оны да, Астанада тауып алған Даниярды да көріп қалдым, екеуін де шақырып жібергенім, бұған сен не дейсің, бәйбіше!»-демесі бар ма тағы!? Кешке жолдастарының бәрі жиналды, алақандай 2 бөлмеге 30 емес, алпыс кісі сыйғандай, көбін бұрын көрмегендеймін, солардың бәрін менімен таныстырып, өзі шат-шадыман керемет разы болып отырды. Ішкен асын біреумен бөліспесе, көңілі көншімейтін, содан жаны рахат табатын пиғылы кең, жомарт еді, жігіттің мәрті менің Секошым!..

Кішкентай Айшаны балабақшаға көбінесе Секонның өзі апаратын, таңғы ұйқысы әлі ашыла қоймаған Айшаның қырсығы ұстаған кезде балабақшаға кірмей жылап, қиғылық салғанда үйге қайтадан алып әкелетін. Айтқанына көніп, баланың да көңілін қалдырмайтын жүрегі жұмсақ еді.

2008 жылы 29 қаңтарда екінші қызымыз Әмина дүниеге келді. Жолдастарымыз Данияр мен Дарига кіндік әке, кіндік шеше болып, абыр-сабыр болып перзетханадан шыққанымызда «Екі күннен кейін қыздарыңды сендерге толықтай тапсырамын» деп қалжыңдады жұмбақтап. Сөйтсек, Алматы қаласына ҚР ҰҚК Академиясына 6 айға оқуға аттанатынын «тосынсый» ретінде меңзепті.

Күні кешегідей есімде, 1 мамыр күні Академиядағы оқуынан Алматыдан бірнеше күнге үйге демалысқа келді. Таңертең «Киініндер, бүгін мен сендерді қыдыртамын!» деп бәрімізді үйден алып шықты. Сосын жолда бір жолдасының әкесінің жылдық асы екені есіне түсе кетпесі бар ма. «Қазір, мен тез кіріп, қатымға қол жайып шығамын, сосын күні бойы қыдыртамын», – деп «Рахат-Палас» мейрамханасына кірді де кетті. Біз бірталай уақыт машинада отырып қалдық, балалардың қарыны ашып, шөлдей бастады, кіріп қана шығатын папамыз әлі жоқ, «Ас беру» рәсімі біткен болуы керек, ел топталып шығып жатыр. Бірақ біздің Секо әлі жоқ, әй бір, бізді зарықтырып бір жарты сағат, қырық минут шамасында бірақ шықты-ау деймін. «Елдің бәрі астан шығып қайтып кетті ғой, сен қайда жүрсін?» десем, «мен жолдасымды іздедім ғой сау бол айтуға», дейді саспай.

Сөйтіп Алматыға оқуына қайтып кетіп, екі айдан кейін оралғанда жолдастарына қалжындайтын: «Мен секілді болмайсындар ма, «Бір окпен екі қоянды атып алған» мерген: балудан перзентханадан шығарып аласындар да, оқуға кетіп қаласындар, ал оқудан келген соң ширап қалған «дайын» бала, еңбектеп «папа» деп жүреді», – дейтін.

2008 жылыдың қараша айында Алматы облысы Ұшарал қаласының ҚР ҰҚБ ӘҚБ бөлімшісіне оперлік іс атқарушы қызметіне ауыстырылды. Басында Ұшарал қаласына өзі барып көріп, үй алып, жөндетіп біздерді қаңтар айында көшіріп әкетті. Келе сала үшке бөліп қонақ шақырып қойыпты, бірінші сол горнизонның басшыларын жолдастарымен, сосын шекараны қорғау Әскери Қарсы барлау бөлімшесі қызметкерлерін, үшінші көршілерді. Әскери қызметкерлер бұрын Ұлттық Қауіпсіздік комитеті жағынан мұндай қошемет көрмегендіктен, күдікпен қарап келмей қойып, Секо көрші үйдегілерге барып, өзі ертіп алып келіп еді. Ол жерде 2,6 жыл тұрғанда бауыр басып, ұшаралдықтардың талайымен танысып, аз уақыттың ішінде «Тонның ішкі бауындай» ағайын-туыс болып кеттік. «Жаксыда жаттық жоқ» деген бабаларымыздың сөзі рас-ау.

Есімде, 2 желтоқсан күні Секонның туған күні болатын, туған күнімді тойламаймын деп шешті. Сол күні жұмысқа кетті, кешке жұмыстан келіп: «Мен туған күнімді жасасам қалай болады? Бәрі мені құттықтап жатыр», - деді. Шақырылған қонақтардың тізімі бір 50 шақты адам, мен таң қалып тұрмын, ол қонақтардың бәрін қалай үйге сиғызамыз деп. Сөйтсем «Нөгербек» деген мейрамханамен келісіп келіпті. Бір күннің ішінде дайындалдық. Кешке қонақтар жинала бастады. Шақырылған қонақтар әр салада жұмыс атқарып жүрген қызметкерлер. Өзі жұмыс атқарып жүрген горнизонның басшыларын, жер бөлімінің бастығын – Аликә ағасын, Мұрат архитектор ағасын, Калихан мен Алма деген аға-женгесін, Ұшаралда орналасқан Қауіпсіздік Комитетінің қызметтестерін шақырды. Сол жерде тамада да табыла қалып, кішігірім той бола кетті. Сол кезде замполиттің айтқан сөзі әлі есімде: «Особист у нас такой добрый, охото ему все самому рассказать», - деп бәрін бір күлдірген.

Ұшаралда тұрғанымызда талай жолаушылар біздің үйден дәм татқан, қыста аязды борандарда жолда қалғандар, көліктері сынғандар, жолшыбай Семеймен Алматыға өткендер... Қойшы әйтеуір, босағамыздан кісі бір арылмайтын. Әйел болған соң кейде шаршап жалығасын да, бір жағынан емшектегі жас бала, бір жағынан таусылып бермейтін Серікболдың таныстары... Бірақ үнемі риза болған Секошым жанымда, қазаным асулы, дастарханым жаюлы. Ал қазір енді сол күндерді керемет сағынамын. «Адам – адамға қонақ, жан – денеге қонақ» екені қандай рас. Сөйтсем бәрі уақытша екен ғой.

Үшінші қызымды босануға Талдықорған қаласына баруды шештік, үйткені ол жерде жан жолдасы Рахат пен Дәурен(досы әрі інісі) бар еді. Олар перзентханадағы дәрігерлермен келісіп қойыпты. Қыс мезгілі болғандықтан Әселді ертерек әкел деп жолдастары хабарласты. Тура 31 желтоқсан күні Талдықорған қаласына Рахат пен Бахыткүл жолдастарымыздың үйлеріне келдік. Жана жылды қарсы алып, Секо бірнеше күннен кейін ауылға қайтты. Мен екі қызыммен Рахаттардың үйінде қалдым. Мен перзетханаға жататын болғандықтан, Семейден анам келіп екі қызыма ие болып қалды. Сөйтіп, 2010 жылы 14 қаңтар күні үшінші қызымыз Ұлжан дүниеге келді. Кім кіндік шеше болады деп Секоға қоңырау шалсам, мен бәрін реттеп қойғанмын деп маған

қалыптады. Сөйтсем екі жолдасы ренжіп қалмасын деп ырымдап қыз болса Ләззат (Дауреннің жолдасы) болады, ал ұл болса Бахытгүл деп қонырау шалыпты. Өйткені Ләззатта екі ұл, ал Бахытгүлде екі қыз болатын. Мені перзетханадан шығарар кезде Үшаралдан жол болмай Секо келе алмай, жолдастары шығарып алды.

Серікбол балаларын өте жақсы көрді, қыздары да әкелген ойыншықтарына маз-мейрам болушы еді. Олар да әкелерінің жұмыстан келуін асыға күтіп отыратын. Келісімен қыздары мойнына асылып еркелеп, бетінен сүйіп, бірі үйде киетін тәлішкесін әкеліп берсе, жарыса жүгіріп енді бірі басқа киімдерін әкеліп беретін. Балалардың бұл қылық-қимылдарына сүйсіне қарап, жарқын күлкісімен оларды құшағына алып, әкелік мейіріммен құшырлана сүйіп, мәре-сәре болатын. Тамақа ішуге, үстелге жайғасқанда да Әмина мен Ұлжанды алдына алып отыратын. Әминаны гимнастикаға, ал Ұлжанды боксқа апарсам деп армандайтын. 2011 жылы наурыз айында Серікбол Семей қаласына «Шығыс» Әскери Қарсы Барлау Басқармасына ауысты. Туған өңірге оралып барамыз деп маз болды. Балаларын, олармен бірге мені де еркелетіп құрметтеген мәпелеген камкорлығы, жатқа да, жақынға да ақ жарқын ақкөңілі, ниетінің кендігі мен жанынының жомарттығы – аз тұмырында мені еске алып жүрсін дегендей ізгі бейнесі менің ғана емес, туған-туыс, дос-жарандарына жасаған мәрт мезіреттері көрген түстей өте шықты-ау. Әрине, мен де күйімнің келгенінше қабағына қарап, қолын қақпадым. Дастарханымды жайнатып жайып отырдым. Оның дос-жарандары үйге келсе, не өзі бір жаққа барса, бөгет болмай өзімнің оған деген ыстық махабатымды сыйлап, үнемі тіл тауып, бір-бірімізді көргенше асығып-сағынып өмір сүрдік десем еш артықшылығы жоқ. Ыстық ықыласпен, сүйсіпеншілікпен, сыйластықпен, түсіністік-кешірімділікпен өмір сүрдік.

Серікбол қай туысты болмасын да қатты сыйлайтын. Менің әкем Таңатпен, анам Тұрсынды және басқа да туыстарды өз әке-шешесіндей сыйлап, оларға да тиісті камкорлық жасай білді. Жолдастарына да адал болып, олардың да қажет кезде тұрмыс-тіршілігіне араласып, камкор болатын. Сондай көп жолдастарының бірі ұзаққа дейін үйленбей жүріп қалады. Секо өмірінің соңғы күндері жол апатынан жарақаттанып, ауруханаға түсіп емделіп жүріп, сонда бір тұрмысқа шықпаған медбике қызбен танысып, өзінің әлгі бойдақ жүрген жолдасына тұрмысқа шығуына көндіріп қойыпты. Тіпті басқа жақта тұратын сол жолдасына хабар беріп, Семейге келетін күнін белгілеп, өзі Астанадан келген соң таныстырмақшы болыпты. Сөйтіп жүргенде өзі Астанаға іссапармен кетіп бара жатып, екінші рет жол апатына ұшырап, тосынан дүниеден өтті де кетті...

Әрине, бұл қаралы хабар маған өте ауыр соқты. «Өлді» дегенге сенбей, күні кеше ғана керек-жарағын салып, ақ жол тілеп жіберген азаматым Серікболдың дүниеден өткеніне сенбедім. Жанымды қоярға жер таппай, қайғыдан жүрегім қан жылап, өмірден түңіліп кеттім. Уақыт өте келе үш баланың анасы екенімді, олардың асылдың сынығы – Серікболымның ұрпағы екені, оларды қалайда жеткізуім керек екені есіме түсіп, Алла ісіне сабыр

қылдым. Біз Секо екеуміз он жыл бірге бақытты өмір сүрдік, сол он жылдың ішінде мен өзімді маңдайына бақ шырағы мәңгі жазылған әйел деп сезінетінмін.

Серікболымнан көзді ашып-жұмғанша айырылып қаламын деп ойламаппын. Ажал болжаусыз деген рас екен. 37 мүшел жасқа қараған шағында аяулы жарымнан сұм ажал мәңгіге айырды. Отау құрған 10 жылдың ішінде тіл табысып, бір-бірімізді түсініп, мәнерлі өмір кешкеніміздің кепілі береке-бірліктің арқасы екені сөзсіз. Оның тұрмыс-тіршілігіміздегі сіңірген керемет еңбекқорлығы, жайдары кабақ, жарқын мінезі, бойындағы адами қасиеттері өте мол еді. Серікболға деген ыстық сезімім ешуақытта суымайтынына сенемін.

«Уайым түбі – желқайық, батасың да кетесің». Қайғы деген адамды жейді екен, оған менің көзім жетті. Жан серігім – Серікболымның шаңырағын шайқалтпайын деп, әке мен шешенің жүгі мен махаббатын қоса арқалап, күндіз үш қызымның артынан жүгіріп, қара кештің қалай батқанын байқамай да қалатындаймын. Жігерімді қайрап, көз жасымды қарғаларыма көрсетпеуге тырысамын. Адамдар бұл бір Алланың саған жіберген сынағы дейді, бірақ сол сынақты неге маған жібергенін түсінбеймін. Ешкімге қылдай қиянатымыз жоқ еді. Құдайға да жақсы керек деп жатады ғой. Жаратқан ием, артық айтсам кешіре гөр!

Қасымда өзің жүрген сол бір күндер,
Шынымен болғаны ма, маған сағым?!
Көз жетсе де дүние – жалған, бекеріне,
Сене алмаймын жанымда жоқ екеніне.
Жаныңа жарық берсін, Хақ тағалам,
Жатқаныңда мәңгілік мекенінде.

Қош бол, асыл жарым! Айша, Әмина, Ұлжанымның асқар таудай әкесі, мейрімді туыс, адал дос, сенімді жолдас, отбасымның нұрлы көркі, шаңырағымның шұғылалы шырайы бола білген сүйікті жолдасым Серікбол! Алдың бейіш, артың кеніш, артыңда қалған үш ерке қызың аман болып, атыңа кір келтірмей, өзің секілді мәрт мінезді болып өссін, лайым..!

Жарың Әселің

БІР АЛЛАНЫҢ РАХМЕТІНДЕ БОЛ, СЕКОШЫМ!

Мен үшін өмірімдегі ең қаралы да қайғылы күн – 2012-жылдың 29 мамыры. Себебі, бұл күн – бауыр етім бауырым Серікболдың (Секошымның) мәңгілік келмес сапарға кеткен күн. Бұл күнде қандай қуаныш болса да, қуана алмайтын шығармын.

Айрандай ұйып отырған әулетіміздегі үш ұлдың ішіндегі маған жаныма ең жақыны Серікбол (*еркелетін Секо деп атап кеткенбіз*) еді. Адамгершілік пен мейірбандықтың, елгезектің, қаншылықтың тұлғасындай ол қандай өтінішіне болса да бас тарта алмайтын аса ақкөңіл еді. Әр уақытта кісі көңіліне қарап тұратын, ешқашан «жоқ» деген сөзді айтып көрмеген, алыс-жақынның бәріне жан шуағын шашып, қолынан келсе де, келмесе де жанталасып көмектесетін. Туған-туыстарды да, достарында бөліп-жармай етене араласатын. Қоғамда да өзінің қызметіне берілген азамат еді. Демалыс дегенді білмеуші еді, күніне 4-5 сағат ғана ұйықтайтын. «Сенен басқа кісі жұмыс істемейді ме, неменеге сонша жанталасасың, елдің бәрі сен сияқты жанталаспайтын шығар»,- дейтінмін жаным ашып. Нәтижесінен рахат алатын өмірлік ұстанымы, қалыптасқан әдеті осы болатын, жарығымның.

Мен еңбек ететін Салық басқармасында жұмысында біреуге бірдеме қажет болса, маған жіберуші еді. «Бәріне неменеге жалпылдай бересің?!», – деп ұрысушы едім, жұмыстан өзімнің де қолым босамай, қарбаласып отыратын шақта. Сөйтсем, ешкімнің көңілін қайтармайтын Секошым бәріне үлгеріп, басқалардың ризалығы үшін жанталасып жүріпті ғой.

Кішкентай кезімізде(*бір үйдің балалары*) – мен, Дариға, Серікбол, Бақытбек (Батон) төртеуіміз бірге ойнайтынбыз. Секош екеуіміздің өніміз қараторы болғандықтан «Қаралар» бір жақ, ал Дариға мен Батон аққұбалау болғандықтан «Сарылар» болатын. Ақсуат өңіріндегі «Екпін» ауылында тұрғанда үлкен үйіміз болды. Қонақтар келгенде кіретін есік бөлек болатын. Менің 3-ші сыныпта оқып жүрген кезім. Мен таңертең оқыдым да, түстен кейін үйде Секо, Батон, мен үшеуіміз қалатынбыз. Екеуіне ас үйдің еденін жуғызып, картошка аршытып қоятынмын, бәріміз ойын балаларымыз, екеуінің көңілі далада, істемейміз десе, «сол бөлмеге қамап қоямын» деп қорқытатынмын. Сіңілім Дариға сол кезде 1-сыныпта оқитын, ол сабаққа түстен кейін баратын. Екеуі Дариғаға «сабаққа бармашы» деп жалынатын. Екеуі де сонда менің «үлкендію» жасап, қорқытатынымды мамандарға айтпайтын. Төртеуіміз тағы да қара, сары топ болып бөлініп, концерт қойып ойнайтынбыз. Сахна жасап, столдың үстіне шығып өлең айтатынбыз. Столдың жанына орындық, одан аласа табуретка, одан кішкентай орындық, ең соңында үйде биіктігі 15см болатын жасыл орындық болатын, соны үстіне қоятынбыз. Микрофонды кейде газеттен жасап, немесе секіретін скакалканы қолданатынбыз.

Бірде мен «Роза Рымбаева» болып сол баспалдақтан шығып, түсіп өлең айттым да, менен кейін Секо «Әлібек Дінішев» болып өлең айтуы керек болатын. Сонда Секо сол баспалдақтан шығып бара жатып құлап, басы столдың шетіне тийіп, шекесі күп болып ісілп кетіп ауырсынып жылап, менің мамандардан таяқ жегенім бар. Төртеуіміз неше түрлі ойындар ойнайтынбыз.

Жерге барлық жастықтарды салып, өзіміз алдымен төсекке шығып, одан гардеробтың төбесіне шығып, жердегі жастықтарға секіретінбіз. Сонда солардың арасындағы үлкені мен едім, олардың бір жері сынады ғой деп ойламайтын, тентектеу ерке қыз едім. Енді міне, балалық шақтан араға 30 жыл салып, ең сүйікті бауырым Серікболымнан, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен жан-жүрегімнің бір бөлшегіндей телқонырымнан айырылып қалдым.

Секошымнан дәл осылай қапыда айырылып қаламын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмепті. Тіпті осыған дейін тіршілікте «ажал» деген ақырет барын ұмытқандаймын. Өз басыма келгенде барып бір-ақ, үлкен ата-апаларымыз айтып отыратын «фәни-жалған» екендігіне көзім жетті. Мен Секомды аздап жүрегі ауыратын болғандықтан кейде ажалы жүректен болмаса екен деп ойлайтынмын. Серікбол – арамыздағы балалардың ішіндегі ең асылымыз, ең ардақтымыз еді. Алланың шешіміне қарсылық жасасам, Жаратқан Ием кешірсін, оның қайғылы қазасын естігенде: «Секомды алғанша, мені неге алмадың, түк қызық көрмей кете барды ғой, Құдайым-ау, қай пиғылы үшін Секомды алдың?!»- деп зар жылап едім. (*Ағыл-тегіл көз жасым әлі құрғамайды...*) «Тек, Секо емес, тек, Секо емес!»- деп, оның орынына бізді неге алмады деп өзімді, әке-шешемді де қиып едім. Бұл сөздердің барлығы артық екенін жақын, жанашыр адамдардың жұбату сөздерінен соң артынан түсіндім.

Адам шыр етіп дүниеге келгенде, талайына жазылған тағдырын, қанша ғұмыр сүретінің маңдайына жазылады екен ғой. Дегенмен «Алла неге Секошыма сондай қысқа ғұмыр берді екен, мына кең дүниеге неге сыйдырмады екен!..» деген ой «Уайым түбі – жел қайық, батасың да кетесің» деп айтқандай жанымды жаншып, жүрегімді шанши беретіндігін жасыра алмаймын. «Уақыт – емші» деген тағы бар. Бұл сөздер – сан түрлі тауқыметтер мен қайғы-қасыреттердің небірін бастан өткерген ата-бабаларымыздың байламы ғой, еңдеше бізді бір Алла кешіріп, сабыр бере көрсін...

Серікболдың қол жеткізсем деген асыл армандары, жобалап жүрген қаншама жоспарлары бар еді. Бірдеменің қиюын таппай қиналса да, ешкімнен көмек сұрамай, өзі жанталасушы еді. Үйдегілердің ешқайсысына сездірмеуге тырысатын. Қиналса да, қуанса да менімен бөлісуші еді. Қиналып жүргенін мен қыздарға (*Апайларыма, сіңіліме*) айтатынмын. Олар барып Секоға ақылдарын айтып, өзінді шаршата берме деп ренжитін. Сонда Секо: «Неге қыздарға айтып қойғансың? Енді саған ештеңе айтпаймын!»- деуші еді.

Өтерінің алдында 7 мамыр күні осы Семей қаласында машинамен соғылып, басын жаралап алғанын Әселге ешкімге айтқызыбай қойыпты. Бірде звондасам, «аспалы укол алып жатырмын»-деді. «Не болды, ауырып жүрсің бе?»- дегенімде, «Жай жүрегіме ғой»-деді. Мен оның уақыт тауып, жүрегін қаратып жүргеніне қуанып едім. Сөйтсем бәрін бізден жасырып жүр екен ғой, қайран құлыным-ай.

Қай уақытта жұмсасаң да, еш уақытта жоқ демеуші еді. Маған жаны ашып тұратын. Менін дүкеннен қаппен алған қантты жеткізіп берші, соғымды бұзып берші, жұмыстан жай қайтқанда үйге жеткізіп салшы өтініштерімді еш

уақытта жерге тастамайтын. Секоншым Үшаралға көшіп кеткенде маған қып болып еді. Жұмсағанда жүгіріп келетін Секом жоқ болып, күйеу балам мен жезделеріме айтатынымын. Секоншым «Мен бар кезде ешкімге жалынбашы, өзіме айтсаң болды»- деуші еді.

Бірде менің үйімнің электр шырақтары кезек-кезек атылып, телевизор қосқанда барлық бөлменің жарығы өшіп қалды. Бірден Секоға қонырау шалдым. Содан электрді жіберіп бәрін жөндетіп болғаннан кейін Секом маған «Енді телевизорыңды да, компьютерді де, үтігінді де, бәрін де қоса бер, енді жарығың не қоссаң да өшпейді»- деп еді. Әрдайым адамдарды ризашылыққа бөлейтін мейірімді жүрегі мен жомарт алақаны ашық, бауырмал Секоншымның орнын ешкім толтыра алмас. Түзде ширақ болса да, отбасы-онақ қасымен алысып, әйелдің шаруасына араласатын қазымыр емес-ті. Оның не балаларының танауын сүртіп, не горшоктарынан тұрғызып, не тамақ істеп, шай қойып жүргенін бір рет те көрмеппін. Нағыз еркек болып өмір сүріпті ғой.

Секонның атасы (Әселдің папасы) еңбеккер жақсы адам еді. Атасы өткеннен кейін Секо балдыздырын оқытып, жұмысқа тұрғызып, үйлендіріп жанталасты. Асхатты: «Алдыға қарай сүйрегенге, талпынады, ақылды»,- деп мақтап отырушы еді. Талғатқа да «аттестат алып беремін»,- деп жүретін. Маған: «Сенің үйіңмен Әселдің үйлеріне жөндеу жұмыстарын бірге жүргізетің деп, ол үйге құм, топырақ түсіріп дайындап қойдым»,- деді. Мен оған: «Не болды жанталасып, елдің бәрінің үйіне жөндеу жұмыстарын жасауға мойнына алып па едің!», - деп ренжитінмін. Сонда маған: «Саған мен жасап бермесем кім жасайды, олардың да ешкімі жоқ меннен басқа, саған құрылыс материалдарды жеке алып қойдым, ренжімеші»,- деуші еді.

Осы соңғы 1-2 жылда бірге істейтін қызметкерлеріне де 5-6 семьяға соттың шешімімен мекеменің балансындағы пәтерлерді босаттырып алып беріп еді. Оған жұмысындағы жолдастары «черный риэлтор»- деп айтты дейтін. Мен оған «Елде нен бар, қанша кісінің қарғысына қаласың ғой, пәтер керек болса өздері тауып алсын»- деп ренжитінмін. Құлыным-ай, сол пәтеріне кіре алмай кетті ғой.

Бірақ қу тірліктің таусылып болмайтын күйбеңінен күйзелгендей кейінгі кезде тыныштықты көп ансап жүруші еді. Маған: «Сенің үйіңде тыныш, маған бір кілтінді берші, уақытым болғанда келіп ұйықтаймын»,- деуші еді. Содан бір ретте келіп ұйықтамады ғой. Зейнеткерлікке шыққанда «Шығыс» кенті поселок жактан, жолдан жырақ жерден үй салдырып, сонда барып тұрамын деуші еді.

Осыдан 3-4 жыл бұрын ауылдағы бауырым Бақытбек (Батон) банктен кредит алып, сол несиенің 1 айын жабу үшін Секоға 3 қойдың тушасын беріп жіберіпті. Соны базарға сатуға Секо «Бірге барайықшы!»,- деді. Екеуіміз базарға барып, машинаның багажнігін ашып қойып, өзіміз машинадан шықпаймыз. Біреулер багажникке жақындаса, Секо маған: «Сен түсші сатуға, мен шықпаймын»,- дейді. Содан біреу келіп: «Сендер мына тушаларды базардың ішіне кіргізіп сатсаңдаршы!»,- дегені. Үлкен тәшкіні әкеліп, Секо тушаларды салды да, «Сен апаршы, мен бармаймын...»,- деп қарап тұр. Содан үлкен тәшкіні сүйреп, *«қой соңына салып қойған»* Батонды «боқтап», базардың

ішіне мен кірдім, бірақ етіміз өтпей, саудамыз сәтсіз болып, ақыры Әсел біреулерге телефондатып, алайық деген кісілердің үйлеріне апарып беріп едік. Сауда несі Батон айтқан 21000 мыңға емес, 16000-17000 мың теңгеге ғана өтті ғой деймін. Содан Секо жетпегенін өз ақшасынан қосып, кредитті төлеп келді. Секо Әселге: «Саған қайының үш тушаны 24000 теңгеге сатып, 21000 теге кредитті жауып, қалған 3000 теңгені телефонына бірлік салып алсын деп еді ғой, сен солай сатып, единица салып алмадың ба, артығын біздің телефонға да сала салмадың ба?!»,- деп қалжыңдағаны есімде.

1990-1991 жылдары мен Ақсуатта жұмыс істейтінмін, жалақым 120 теңге болатын. Бірде Секо маған: «Ақшан бар ғой, маған «Мапед» алып берші»,- деді. Секодан «Мапед» қанша тұрады десем, 60 теңге деді. Мен оған «Жарайды, 60 теңге болса алып беремін»,- деп уәде беріп, сол беті алып бермеппін. Секошым сол кезде 15-16 жаста еді. Кейін ол маған «Сен маған, «Мапед» деген – бізге сөз емес»,- деп алып бермей қойғансың деп қалжыңдайтын.

Осыдан екі жылдай бұрын өзі «Үшаралда» тұрып жатқан. Бір күні маған телефон шалып: «Семейге Аягөздегі бастығыммен барғалы жатырмын, сенің үйіңе түсеміз»,- деді. Екі күнге келді. Таңертең бастығы тез-тез жуынып столда отырса, Секо ұзағынан жуынып жүріп алатын. Мен оған: «Тез болсаңшы, ана кісіден ұят болды ғой»,- десем, «Жарайды қазір, ол кісі іше берсін»,- дейтін. Өзі көп нәрсені анғармайтын, аңқаулау еді, менің үйімде жолдасымның жоқ екеніне қарамай бастығын, бірге істейтін жолдастарын ертіп келе беретін.

Алдыңғы жылы «Үшаралдан» Семейге ауысып келгенде өздерінің үйлеріне жөндеу жұмыстарын жасайтын болды да, бір жарым айдай отбасымен менің үйімде тұрды. Сонда түнде 3-4-ке дейін жұмыста болатын. Таңертең тамағын пісіріп қойып, оятайын десем тәтті ұйықтап жатқан соң кимайтынмын, бірақ сағат 7-де тұрып алатын.

Әсел екеуінің сыйластықтары, өкпе-наздары, бір біріне еркелеп бұртиғандары зілсіз, сондай табиғи, жарасымды еді. Жұптары жазылады деген ой қаперімізде болмайтын...

Өтерінен бір ай бұрын құдаларымыздың немересі тұрмысқа шығып, бәріміз тойға бардық. Мен, Секо, Әсел қатар отырдық. Содан құдалар төс қағысқан кезде, мен өзімнің қыздарымды ойлап, Әселге айтып отырғанмын. Секо маған: «Не болды?»,- деді. Мен оған «Қыздарым күйеуге шыққанда, кіммен төс қағыстырамын деп жүрегім ауырып отыр»,- дедім, сонда маған: «Ой, соған да қайғырып отырсың ба, төс қағыстыратын нағыз құда мендей-ақ болсын!»,- деп еді құлыным. Аузын ашса жүрегі көрінетін қайран бауырым, Секошым..!

Балаларын қатты жақсы көретін. Айшасынын айтқанынының бәрін істеуші еді. «Папа, сенбі күні саябаққа барайықшы!»,- деп қиылып тұратын. Өзінің уақыты болмаса да, Айшаны не мамасымен, не бізге қосып апарып, алып қайтқанға уақыт табатын. Үйге кіргеннен Әмина мойнына асылып, Ұлжан аяғынан құшақтап жататын. Оларды көтеріп беттерінен сүйіп, «Дочаларым, қазір мен қолымды жуып келейін, иә!..»,- деп жататын. Одан екі қызын екі тізесіне отырғызып алып, тамақ ішуге отыратын. Мен оларға: «Барыңдар, ана

жакка, өзі бір-ақ сағатқа келді ғой, тыныштықпен тамақ ішкізіндер»,- дегенде: «Қойшы, отыра берсіңші!»,- деп қыздарын тізесінен түсірмейтін. Өмірінің қысқа болағынын сезгендей болып жүреді екен ғой.

Біз, осы Семейдегілер кейінгі кезде жеке-жеке бармай әр жексенбі күндері моншаға(саунаға) тапсырыс беріп түсуші едік. Секошым отбасын моншаға жеткізіп салып, кешке қайтарда біздің үйден «Астыға түсіп тұрындар, менің уақытым жоқ»,- деп отбасын алып кететін. Осы соңғы 27 мамыр 2012 жылы (*қайтыс боларынан екі күн бұрын*) моншадан алып кетуге келгенде бұрынғыдай асықпай тамақ ішіп, «Көзім ауырып жүр, дәрі берші»,- деп біраз диванда жатып дем алып, содан кейін маған асүйге келіп, «Сенің жиһаздан басқаға ақшаң шықпайды, құрылыс материалдарының барлығын өзім алып қойдым. Бұйыртса, 9-10 маусым күні жаңа үйіме көшемін, сенің үйіңе 11 маусым күні жөндеуді бастаймыз, бірінші аттестациядан өтіп келейін...»,- деп еді. Сөйтсем, өзі қарызға кіріп, маған ақша беріп, ремонт жасап, машина алып бермекші болып жүр екен ғой. Тірі күнінде қадірінді білмедім ғой. Өмірі уақыты болмай жүретін Секошым сол күні бізбенен қоштасуға келген екен ғой. Соңғы рет үйге келгенде «Ырғызбай атаның басынан әкелінген орамалмен бетінен сүртіп берсем, ата-бабаларының аруақтары қорғар ма еді?!»,- деп тек өкіненін. Бірақ, билік Аллада ғой.

Серікбол деген атына сай серігіміз, сенімді жанашырымыз болған сүйікті бауырым отбасын, туыскандарын, бізді артына тастап мәңгілік келмесе кете барды. Енді тек Алла Тағаладан «Серікболымыздың біліп-білмей істеген күналары болса кешіріп, жанын жаннатта қыла гөр!»,- деп сыйынып, жалбыранамыз. Жасамаған жасын, көрмей кеткен қызығын артында қалған әулетіне көрсете гөр деп тілейміз. Мәңгілік жүрегімде боласың, бауыр еті бауырым, Серікболым!

Біздің қолымыздан Аллаға жалынып, рухыңа құран бағыштағаннан басқа ештеңе келмейді екен. Бір Алланың рахметінде бол! Алдың – пейіш, артын – кеніш, жатқан жерің – жарық, тас төсегің – мамық болсын, телқоңырым!

Анайы Жанар

ӨЗЕКТЕГІ ӨКІНІШ

*Өткен адам болады көзден таса,
Олді - өшті оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды.
Керектісін ескеріп ұмытпаса!*

Шәкәрім

Естелік жазу әрі қиын, әрі әсерлі. Қиыны кеше ғана құлын-тайдай тебісіп бірге өскен бауырыңды еске алу болса, әсерлі болатыны сол бауырыңмен бірге өткізген балдәурен балалық шағың мен өскелең кездегі жадыдан еш өшпейтін түрлі сәттерді санада жаңғыртасың.

«Ойласаң өткен күнді айтады жыр,

Тыңдасаң естіледі бір терең сыр.

Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған,

Суреті өткендердің алдымда тұр»,-

деп Иса ақын жырлағандай, өткен күннің жыры мен терең сыры көкіректе сайрап тұр. Бұл естелікке бәрін сидыру мүмкін емес болса да, асыл бауырым жайлы бірқатар жайларды қағазға түсірмекпін.

Серік екеуміз тете өстік. Кішкене кездеріміз көп есімде жоқ, есімде қалғаны көп логореялық билеттерді ақша қылып ойнайтынымыз, оны жоғалтса Серік «ақшам қайда» деп жылап жүретіні. Кіші кезінде Серік қатты мазасыз болды. Серік бірінші сыныпқа барғаннан кейін, Ақсуаттағы бастауыш мектепке бірге баратынбыз. Қыс кезінде сөмкемізді лақтырып тастап, қарға жата кететінбіз. Ол өте ұқыпты болатын, киімдері, кітаптары, дәптерлері сап түзеген сарбаздардай орын-орнында тұратын. Тазалықты да жақсы көруші еді. Батон екеуі малға киетін киімдерін жеке киім ілгішке іліп қоятын. Бірде жаңа жылда екеуі қорада жүрген жерінен әкем асықтырып, ертеңгілікке алып кетіпті. Серік «бізден қора иісі шығып тұрды» деп қатты ыңғайсызданып келді. Әкем әрдайым екеуін машинаға салып алып жүретін, оларды ел арасында «Нұрғалиевтің екі төбеті» деп атайды екен.

Секоньң мінезіндегі тағы бір ерекшелік – оның аңқаулығы мен аңғалақтығы еді, Батон екеуі шөптен секіргенде, Секо «Каскадеры» деген әнді айтып тез секіріп кететін де, әрқашан бір жерін ауыртып алатын. Ал Батон «Жылжиды акку» деген әнді айтып, ақырындап жылжып түсетін. Балалық шаққа қайтып оралса ғой, шіркін!

Балалық шақтың қызығы бітер ме?! Әпкем Жанар екеуміз қолымызға ақша түссе, киноға барып, суретке түсетінбіз. Секо артымыздан қалмай қойса, сенің тақыр басың суретімізді бұзады деп қашатын едік. Онымен қоймай жаңа жылда, 8 наурызда кішігірім қойылымдар дайындайтынбыз. Секо 4-5 жаста болғанда Әлібек Дінішев болып, орындықтарды әр түрлі биіктікте қойып алып, баспалдақ қылып, газеттен ұзын қылып жасаған микрофонын қолына алып, үстелге шығып «Желбір жеккен» әнін айтатын. Бірде дайындық үстінде орындықтардан түсіп келе жатқанда аяғы тайып кетіп, қатты құлағаны бар.

Кейіннен Секо қалаға оқуға келгенде, екеуміз бірге тұрдық. Тамақты өте дәмді пісіретін. Секо сен тамақты жақсы пісіресің ғой, сен тамақ пісір мен үй

жинайын деп сылтаурататынымын. Бірақ, менің үй жинағанымға көңілі толмай «өзің дәрігер болатын адамсың, үйді қалай жинайсың?!»,- деп үй жинағанымға көңілі тоймай жүретін. Кешке киімдерін үгіктеп, аяқ киімдерін тазалап болған соң ғана ұйқыға жатады. Танерген ерте тұрып, жүгіреді, жаттығулар жасайды, келіп суға түседі. Дене бітімі нағыз атлеттердікі сияқты болатын, менің дос қыздарым сенің бауырың Ванидамға ұқсайды деуші еді.

Бірде сабақтан келіп, ұйықтап жатсам, Секо оятып тұр «Ика, тұршы, ақша берші, маған көз тиіпті» дейді. Тұрсам, есік алдында бір тәжік әйел тұр, есікті тезірек жаптым да, Секоға ұрыстым: «Айнаға қарасаңшы! Қап-қарасың, сенің қай жеріңе көз тиеді»,- деп. Сөйтсем әлгі түрік әйел гипноздап оның түгел ақшасын алып кеткен екен. Қазір ойлап қарасам, расында көз тиген шығар, шынында да әдемі болыпты ғой.

Серік тәттіні қатты жақсы көретін. Оның аңқаулығы сондай, бірде мен вазаға конфеттердің фантиктерін әдемілеп салып, Секо конфет жесеңші деп болмай қойдым, ол қазір ыстық тамақ ішіп алайын да сосын асықпай жеймін ғой деп қояды. Тамақ ішіп болған соң, бос фантиктерді көріп, тым құрығанда біреу болсын қалдырмадың ба деп ренжігені бар. Бірде, Секо балконда ет шауып жатқан, «Ика, басым шабылып қалды!» деп айғайламасы бар ма. Мен алдап тұр екен деп: «Немене, шабылған басың сөйлеп тұр ма?!»,- деп бармай қойдым. Біраз уақыттан кейін Секо басын ұстап алған, үсті-басы қан-қан: «Не, мен өлсем де қарамайсың ба?» деп келіп тұр. Сөйтсем басына балтаның басы ұшып, басын жарып алған екен.

Екеуміз демалыс күндері көп қылып түшпара жасап, сабақтан келген соң аз-аздан пісіріп отыратынбыз. Бір күні сабақтан келсем, Секо ұйықтап жатыр екен. Менің ішім пысып кетті де оны әдейі қайта-қайта оятып, «қанша түшпара жейсің, қанша түшпара жейсің»- деп болмай қойдым, ол ыза болып «біреу» демесі бар ма. Мен қырсығып, өзім түшпараны жедім де бір түшпара қалдырып қойдым. Секо ұйқыдан тұрғанда «осы сен қырсықтығыңды қашан қоясың» деп қабақ шытқаны бар еді.

Біз студент болған кезде заман өзгеріп, елдің бәрі ананы сатып, мынаны сатып күн көре бастаған кез болатын. Бір күні Секо екеуміз үйден ақша сұрай бермей коммерция жасайық деп, Новосібірге барып «Марс», «Сникерс» шоколадтарын сатуға алып келдік. Бұрын саудамен айналысып көрмеген, екеуміз сол шоколадтарды жеп, қалғанын таратып бітірдік. Кейіннен мен жұмыс істей бастадым, Секо әскерге шақырылып Семейде қалды, демалыс күндері келіп тұратын. Мен жалақы алғанда мақтанып саған не алып берейін деп сұрасам, «маған түк керек жоқ өзіне бірдеңе ал» деп ештеңе сұрамай, камкорлық танытушы еді.

Серік біртоға еді. Көпшілік жиналып бос әңгімелер айта бастағанда, Серік үстел басында отырғанымен, оларды тындамайтын, сондықтан көп нәрселерге мән бермей жүре беретін. Біз пәтер алған кезде де, 4 ай жөндеу жұмыстарын жасап, енді кіреміз деп жүрсек, Серік звондап тұр: «Сендер пәтер алыпсындар ғой мен жана естідім»,- дейді. Мен: «Қызықсың ғой, біз алғалы қайда. Ылғи айтып отырамын ғой»,- десем, «Сен маған айтқан жоқсың ғой»,- деп бой бермей қойды.

Кейіннен екеуміз жеке-жеке отау құрып кеттік. Киім-киісі, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі жағынан да мәдениетті Серік, өзіне карама-қайшы мінезді Әселге үйленгенде басында бір түрлі қабылдай алмағандай болдым. Әселді еркелететін. Серік өте ашық-жарқын, қонақжай еді. Үйлеріне қашан барсан да, үнемі қонақ өзінің жолдастары, Әселдің туған-туыстары жиі жүретін, сондықтан үйлеріне көп бармауға тырысатынымын. Бірде Секо «Үйге неге келмей кеттің?» деп сұрағанда, «Саған қашан барсам, үйінде кісі толып жүреді» деп ақталдым, сонда Секо: «Онда мен тұрғанда сенің өз үйіңдей болу керек емес пе?»,- деп еді, ренжіпкіреп. Қазір ойласам тура сол айтқаны болған сияқты, Серік өмірден озып кеткен соң бөтен үйге барғандай болып, бір түрлі көңілім құлазып кететін. Кейіннен анам келіп Серікке жеке бұрыш жасап, оған, Серіктің суреттерін үлкейтіп, альбом жасап, оқыған әдебиеттерін, жеке заттарын қойғанда, Секомыз қайтып келіп сол үйде отырғандай болып, қатты қуандым.

«Қатарынан озатын ұл – биікте жүреді» демекші Серік бәрімізден биік, бір төбе болатын.

Келінім Әсел де Секоға лайықты жар бола білді. Секомен ұрсыскандарын байқамаппын, қанша кісі әкелсе де күтіп, қай уақытта келсе де тамағын дайындап отыратын. Секонның қысқа өмірінде оны бақытты ете білді. Секонның өзі де сондай силастыққа лайықты жан деп ойлаймын. Әселді жұмысқа шығармай, балалардың тәрбиесімен айналысуына толық жағдай жасады. Не ішем, не киім, дегізбеді. Тіпті кей кездерде Әселдің «Секо жұмыс-жұмыс деп балаларды қарамайды» деп «ренжіп» отыратын кездері де болған. Серік қыздарын қатты еркелететін, беттерін қақпайтын, Асел балаларды алдаудың орнына ұрыса береді деп қыздарын жақтап отыратын. Бірде Әсел сенбі күні хабарласып: «Әминаны дәрігерге қаратып берші ауырып жүр еді, Серік ұрысып жатыр балаларға қарамайсың деп»,- дегені. Қазір ойласам, ол жұмыстан қолы босамай жүрсе де, балаларына қарамады деуге болмайтын сияқты.

Серік өз жұртым, қайын жұртым деп бөлмеді. Әселдің бауырларына қамқор болып жүретін. «Олардың Әсел екеумізден басқа кімі бар?»,- деп отыратын. Бірде: «Асхатты жұмысқа орналастырайын деп едім, ақша сұрап жатыр»,- деді, тағы бір күні: «Талғатқа машина алып бердім, такси болып ақша тапсын»,- дегенде, мен ашуланғаным бар. Сосын ол меннен қашқақтап, артық нәрсе айтпайтын болды. Асхатты да, Талғатты да өз бауырларындай жетелеп жүретін. Әселдің бауырлары, мамасы, туыстары олардың кішкентай үйінде апталап жатса да, ешқашан қабақ шығпайтын. Бір жылы «Әселдің мамасының жүрегіне операция жасады» деп санаторийге апарған кезі де болды. «Биыл енемнің үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізуім керек, әйтпесе ол үй құлағалы тұр»,- дегені бар. Мен оны қайын жұртынан қызғанып: «Қайын жұртыңа мінсіз қызмет ететін болдың ғой»,- деп тағы да қағытқан едім. Серіктің көңіліне қонбайтын ескертулер жасасам да ешқашан маған ренжіп көрген емес. Қазір ойлаймын оның өміріне араласа бермей, аман-есен жүргеніне неге тәубе етпеген екенмін деп. Бүгінде соның бәрі өкініш екен!

Қыздарының алдағы өмірлерінде ешқандай мұқтаждық көрмейтіндей жағдай жасағанда, бір құдасымен де төс қағыстыра алмады ғой, қыздарының қуанышты сәттерінің бірінде бірге бола алмады ғой деген де өкініш билейді.

Бірақ менің бауырым қысқа ғұмырында қыруар жұмыс бітіріп үлгеріпті. Өмірі қысқа болса да қанша адамдармен араласып үлгерген, дос-жарандарының бәрі адал, туған-туыскандардың арасында сыйлы, қызметтестерінің алдында беделді. Кейіннен Серікті аз танимыз деген адамдардың өзі де «Жақсы жігіт» еді деп есіне алғанда бір түрлі ішім ауырып кетеді. Серік өте кенқолтық еді, қолында бар нәрсесін беріп, өзінде бар-жоғына қарамай көмектескісі келіп тұратын. Бірде мен бір үйден бүлдірген әкеп беруін өтіндім. Әкелген соң бүлдіргеннің ақшасын берсем алмайды, мен «Қазір ақшам бар, ақшам жоқ кезде айтамын, ал!»,- деп, ұрысып әрен алғызған соң ғана өзі айтып қояды. «Айшаның бтіін төлейтін ақша еді, ертең біреуден сұрай тұрамын ба деп ойлағанмын»,- деп. «Сол бүлдірген сататын адамдар өте нашар тұрады екен» деп бір түрлі жаны ашып отырған. Сөйтсем, кейіннен сол адамдарға жалақысын алған сайын ақшадай көмек жасап тұрыпты. Ол кісілер Серіктің қазасын естігенде қатты қайғырып, танымаса да көмектескенін айтты.

Секо ақырғы рет біздің үйге 20 мамыр менің туған күнімде келді, үстел басында жездесі Манатпен ұзақ әңгімелесіп отырып алды, менің ұйқым келіп, «Секо, Манаттың әңгімесі бітпейді» деп үйден қуғандай шығарып салдым, сөйтсем ол қоштасып отыр екен, мен оны кеш түсіндім. Ақырғы көргенімде бір түрлі көңілсіз екен. Аттестацияға бара жатқанын айтты. Осы бір түрлі нық сөйлей алмай отырғандай көрінді. Мен аттестациядан қорқып отырған шығар деген оймен, «аман-есен барып қайт» деп айтудың орнына, «тестті дұрыстап жатта» деп айтып едім.

Секодан айрылдық деп естігенде өз құлағымға өзім сенбедім, бүкіл жандүнием ондай қайғылы хабарға қарсы тұрғандай қабылдамай қойды. Үйге кірсең Әсел жылап отыр екен, байыбына бармай жаман ырым бастағаны несі деп қатты ыза болдым. Ақсуатқа жеткенше өзімді-өзім алдағандай болдым. Телефон шырылдауын күттім, Қуандық ағамыз звондап «қателесіпті» деп айтағындай болды. «Дұрыс танымай қалған шығар, олай болуы мүмкін емес, менің жүрегім ештеңе сезбеді ғой», - деп ойлады. Кегенбай атаның басынан өткенде де, «аталары қорғау керек болатын, олай болмау керек еді ғой» деп сене алмадым, бауырымнан айырылғанымға көңдіге алмадым.

Серіктің жоқтығы маған жан-жүрегімді жұлып алғандай әсер етті. Оны енді көрмейтіндігімді ойласам, ішім күйіп кетеді. Сағынышым күннен-күнге үдей түскендей. Ұйықтарда ылғи тілеп жатамын, «тым құрымағанда түсімде көрсем ғой» деп. Түсімде көрген күні сондай бір жақсы сезімде оянамын, сағынышым басылып қалған тәрізді болып.

Мен ылғи ойлайтынмын «әке-шешем адал еңбек етті, ешкімнің ала жібін аттап көрген емес, бес уақ намаздарын оқып, жұма сайын үйде қонырсытып, құрандарын оқитын адамдар, олар ешқандай қайғы-қасірет көрмесе керек еді» деп. Бірақ ажал деген оған қарамайды екен. Ең қиыны әке-шешеме екен. олардың жан жараларын ештеңемен бітей алмайды екенсің, қалай көңілін тапсам деп ойласам да, қолыңнан келер еш шара жоқ. Сөйтсе де, олардың өмірдегі жақсы-жаманды көрген тәжірибелеріне сенім артасың.

Серікпен егіз қозыдай болып өскен кіші бауырым Бақытбектің қайғырғанын көрсем, жүрегім қақ айрылудың алдында қалады. Оның «неге Серіктің орнында мен болмадым екен, мен енді Серіктің балаларына қамқор

бола аламын ба. Секо беделі жағынан да, іскерлігі жағынан да меннен артық болды ғой» - деген сөзін естігенде, не деп басу айтарымды білмедім. Осындай қиын-қыстау кезде бізге арқа сүйер болған Серіктің жолдастарына, қызметтестеріне, туған-туысқандарыма көп рахмет айтамын. Бірге туғандар мына тіршілікте бір-бірінді аяландар, бағаландар, қадірлендер! Өйткені ертең тым кеш болуы әбден мүмкін. АЛЛА бізді сынағына алып, бірнеше рет мүмкіндік берді, біздің Секоны бағаламағанымызды көріп, арамыздан алып кетті ме деп те ойлаймын.

Мен жанымда жүрген Серіктің осыдан бұрын жол апатына ұшырағанын білмеппін де. Ол бірде түнгі сағат 10-11 шамасында маған телефон шалып: «Қалалық ауруханаға кіргізіп жіберші, инелерімді ала салайын», - деді. Мен Мансурды ұйықтатып жатқанмын, «қай жерін ауырып жүр, қандай ине алып жүрсің?» деп сұрамай, бірден ауруханаға звондадым да, Серікті кіргізіп жіберулерін өтіндім. Содан бірнеше күн өткен соң «Қандай дәрілер алып жүрсің?», - деп сұрасам, «Жүректің дәрілерін алып жүрмін, сен мені бала деп жүрсің бе, мен 37-ге толамын!», - деді. Оның мүшел жаста екенін естіп, жүрегімде бір қорқыныш сезім пайда болды, бірақ сол жерде мен оған ештеңе айта алмадым.

Серіктің Ұлттық қауіпсіздік комитетінде еңбек ету арманы еді. Серікті комитетке алар кезде сынақ үстінде: «Аға-апайларың банк қызметкерлері екен, неге ақшасы көп банкке бармайсың?», - деп сұрапты, ол: «Комитетте істеу арманым екенін айттым», - дейтін.

Серік мақтану дегенді білмеуші еді, өзінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінде абыройлы, беделді қызметкер екенін, Үкімет деңгейіндегі бірнеше мақтау қағаздары мен медальдарының иегері екенін айтпапты, мен сұрамаппын. Серіктің қызмет орнындағы заттарын үйге әкелгенде, оқыған әдебиеттерін қарап отырсам «Как управлять людьми», «Искусство быть другим», «Парапсихология» және тағы сол сияқты кітаптар екен. Соған қарағанда, Серік өз жұмысын жан-жақты меңгеруге, «нағыз чекист» болуға тырысқан екен. Жұмысың жақсы ма десем жақсы дейді, оның қандай ойы бар екенін, қандай шешілмей жүрген мәселелері бар екенін сұрамаппын, ол ештеңе сұрамағандықтан, оған ешқандай көмек көрсетпеппін, бағаламаппын. Тіпті кейде ойлайтынмын, «осы елдің ұлдары әке-шешесін үлде мен бұлдеге орайды, ал біздің ұлдар әке-шешеме түк істемеді ғой» - деп. Қазір ғана түсінгендеймін әке-шешеме балаларының амандығынан басқа ештеңе керек жоқ екендігін. Қазір қырыққа аяқ бастым, 39 жыл бойы мен шексіз бақытты болыппын: әке-шешем, туған-туысқандарым, балаларым аман-есен. Осыдан артық ештеңе керек жоқ екен. Бірақ соны дер кезінде бағалау, түсіну абзал. «Тіршілік мұраты – осы шектеулі өмірді мағыналы, мәнді етіп өткізу. Сен адамдық жолынан шықпасаң, ұрпағың да өз кезегінде артына тағылым тастамақ», - деп Шәкәрім данамыз айтқандай тіршілікте бір-бірінді силау, қадірлеу қандай ғанибет?! Енді міне арысым, артымнан ерген бауырымды мәңгілік сапарға аттандырып отырмын... Арыстаным, бауырым топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын дей отыра, осы өлең жолдарын арнаймын:

Ақ ниетті, адал жүрек бауырым,
Неге сонша қатал болды тағдырың.

Алға қойған максаттарын көп еді.
Кімге тастап кеттің соның барлығын.
25 жыл тұрып едік біз бірге,
Бір қамқорлық жасамаппын өзіңе.
Ойға түсіп жас кездегі қылықтар.
Еске аламын барлығын да өкіне.
Естігенде ажалыңның себебін,
Алғашында сен емес қой деп едім.
Әттең, дүние, үзіліпті ғұмырың,
Енді қайтіп өкінішті жеңемін.
Жұмыста отырмын, түсіне алмай ештеңе,
Көрсетпейін деп көз жасымды ешкімге.
Күнтізбектен сызып алып тастадым,
29-шы мамыр күнін өшіге.
Шырмап ойлар ұйықтамадым түніге,
Қызметте түк бітірмей отырамын күніге.
Көрген адам байқамайды сыртымнан,
«Ішім түтін, сыртым бүтін» қалыптамын бүгінде.
Көп жүрдім зауқым соқпай ештеңеге,
Себецсіз ашуланам әр нәрсеге.
Бір жанның кемігенін енді аңғардым,
Арқасын төсейтұғын сүйенерге.
Ұқпаппын сенің ішкі жан-сырыңды,
Сөз қыппын кейбір аңғал қылығыңды.
Қазір мен, ойлап тұрсам өткендерді,
Қалапсың сен де меннен қамқорлықты.
Ажал сенің асып түсіп ырқыңнан,
Аңдығанын білмеппін ғой сыртыңнан.
Өз ойымнан өзім кейде қорқамын
Балаларың аластай ма деп жұртыңнан.
Әке-шешем қалды артыңнан қамығып,
Жан-жүрегі езіледі, қан жұтып.
О, адамдар айтындаршы, оларға!
Қандай қиын болып қалу зар мұңлық.
Кеңсенді мен, көріп тағы жыладым,
Болған сенің жұмыстағы тұрағың.
Қолың сенің босамайтын жұмыстан,
Арманыңнан шықпай кетті-ау құмарың.
Сені ойласам жан жүрегім елжіреп,
Екі көзге жас келеді мөлдіреп.
Сенікіндей көлік көрсем үнілем,
Ішінде сен, отырма деп күлімдеп.

Анайы Дариға

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ АҒАМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Өмір деген қас қағым сәт екен. Секонның бұл өмірден жастай өтетіні мың ұйықтасам да түсіме кірмеңгі. 26.05.2012 жылы жиенім Мишка Семей қаласы «Достық» мейрамханасына ұлы Амирланның 1 жасқа толған туған күніне шақырды. Мен 25-і күні отбасыммен бірге Семей қаласына келдім де, Секоға телефон соғып Семейге келгенімді айттым. Өмірде бірінші рет «үйде кісілер бар апайдыкіне қона сал» деді. Мен Жанар апайымның үйіне кондым. Үйінде бауырым Нұғыспан, досы Рахаг және тағы бір досы қоныпты.

Секонның үйінен кісі үзілмейтін. Ертеңінде жолықтық. Түскі уақытта үйінен бірге тамақ ішіп қалаға шығарымызда, көлігіне отырып қауіпсіздік белдігін тағып жатыр екен, мен күлдім, «сені ешкім ұстамайды ғой» деп. Сонда маңдайын көрсетіп, «10 күн бұрын жол апатына ұшырап, госпитальда жатып шықтым» деп маңдайындағы тыртықтарын көрсетті, «мамамдарға айтпа» деді. «Мен өзім ауырып жатсам, мені соғып кеткен әйел 3000 доллар алып келіпті. Ақшаныз керек емес, өзім аман қалдым, соған тәубә. Менің де үш қызым бар, өзіңіз соққан өкіметтің машинасын жөндесеңіз болғаны деп айттым», - деді. Біраз әңгімелесіп кешке бірге қонаққа баратынымызды келістік, ол жұмысқа кетті.

Кеш те батты. Маржан екеуіміз Секолардыкіне келдік. Секоға звондап едім, «жұмыс жаққа кел» деді. Жұмысына барып едім, 10-15 минуттан кейін аулаға шықты. Құлыным, әдеттегідей бір қолында телефоны, екінші қолында барсеткасы, күліп шығып келе жатқаны әлі күнге дейін көз алдымда. Мен «қонаққа кешігеміз» деп едім, «Әселдерге звонда, бара берсін, бірақ үйге киімдерімді дайындай салсын» деді. Секошым екеуіміз машинасына отырып жүріп кете бердік. «Қайда барамыз?» деп сұрағанымда, «үй аламын деп жүрмін, сол үйде тұрып жатқан адам басқа үйге көшеді. Сол үйді ремонт жасатып жатырмын». «Ремонт жасағаны несі, ремонтын өздері жасатып алмайды ма?», - дедім. «Қалай жасатады, бір баласы бар жесір әйел. Үйлерін дұрыстап, ұят болмайтындай жөндеп беруім керек». «Баласы кішкентай ма?» десем, «30-дан асқан» дегенде, күліп жібердім.

Үйге кірсек: «Сыртқы есіктің өзі 1000 долларық, ішкі бөлмелердің барлығы дерлік ремонтталған, көшіп келетін кісіге ұнай ма?», - дейді. Мен қалжындап, «онда мен көшіп келе салайыншы» десем, ол қалжынды түсінбей «Саған да үй керекпе?»,- деп сұрайды. «Қалжындаймын» дедім. «Кеш батып барады қонақтан кешігеміз» дегенімде, «Осы ақырғы кезде қонаққа да барғым келмейді, ұйқың да қанбай қалады, аттестацияға дайындалу керек. Күләш апай мен Мишкадан ұят болады ғой» деп үйдің есігін бекітіп қайттық. Новостройканың жолында келе жатып оң жақтан көп қабатты үйлерді көрсетіп: «Осы үйден 4 бөлмелі пәтер аламын, түгел туыстарымды шақырып той жасаймын, барлық достарымның басын қосамын», - деген еді. Сол кезде телефоны шырылдап, Асель звондап «қонақтар столға отырып қойды тезірек келіндер» деді. Тойханаға келгенше көп әңгімелесіп, көп жоспарларын айтып және «аттестациядан өткеннен соң көлік, қаруларыңды дайында, тауға шығып

серуендеп, ауылға барып дем аламын» деп күлді. «Быттыр Москвада жүргенімде керемет жақсы дем алып, сергіп қайтып» едім деді.

Тойға да келіп қалдық. Секо мен достары және менің отбасым барлығымыз бір столда керемет көңілді отырдық, фотоға түстік. Бірақ сол фотоға түскеніміз, ақырғы фото екенін білмейнін. Бірінші столдан кейінгі үзілісте Секошым өте көңілді жүріп, достарымен далаға шығып көңілді әңгімелер құрып жүрді. Уақыты келіп шайға отырдық, мені басқа столға таныс жігіттер шақырып алып біраз тойлатып кеттім. Қонақ аяқталып, Күәш апайға рахмет айтып «қайтамыз» деп едік, Күләш апай бізге рахмет айтып, Мико марқұмның достарының түгелін көріп, көңілі босап жылап шығарып салды. Қайтып бара жатқанымызда Мишка: «Алыстан келдің ғой, Маржан мен Асельді үйге апарып қайтып келіндер. Алматыдан келген достар бар бәріміз біраз моншаға барып дем алайық», - деді. Жолда келе жатқанымызда маған жұмыстан хабарласып, таксиден балық беріп жібергенін айтты. Жолдан соғып балықты алып, Әселдерді апарып тастап, ары қарай кеттік. Мишканың баласының туған күнін таң атқанша тойлап, таң ата үйге келдік. Секо маған «сен бірденеңе ұрынып қалама, таң атқанша ұйықтамадым, таңертең сөйлесеміз» деді. Таң ертең оянсам Секо ұйықтап жатыр екен. Жеңгемнің таңертеңгі шайын ішіп, жуынып-шайынып Секо тұрмай апайдың үйіне барып, таксимен ауылға қайттым. Маржан дәрігерге қаралып Семейде қалды.

Амирланның туған күні Секошыммен болған ақырғы отырысым екен. Осы күнге дейін ұйықтап жатқанда сау бол айтып, бетінен сүйіп кетпегеніме өкінемін. Секо маған өзінің қысқа ғұмырында аға, ақылшы, жанашыр, сыр бөлісетін досым, әкемдей қамқоршы болды десем де артық емес.

Ауылда білінбейді ғой, Семейге барғанда жеңгем мен үш бала есігінді ашқанда, Ұлжаның мойныма келіп асылғанда, сені иіскеп құшақтағандай боламын. Арманың көп еді, түгел алдыға қойған жоспарыңды барғанда маған ғана айтушы едің ғой. Алла тағаланың берген ғұмыры аз болған соң амал не..?

Күнделікті үйдегі жұмысты бөлісіп істейтінбіз. Секо су тасып, малдарға шөп салады. Мен малдың боғын шығарамын. Секо тез-тез жұмыстарын істеп тастап, күреске кетеді немесе тай мінуге кетеді. Ал мен, асықпай шай ішіп, жарты сағат ұйықтап бок шығаруға шығамын. Қыстың күні күн қысқа, қас қарая қораға кіріп, бокты сағдардың астына қуыс-қуысқа тыға салып үйге кіремін. Ертеңінде күнделікті тіршілік. Секо сырттан кіре салысымен айқайын бастайды, ол кезде мен біраз мызғып алайын деп жатамын. «Батон, Батон деймін! Тыққан боктарыңды шығар», - дейді. Ол кезде мен не өтірік ауырып қалам, немесе ұрсыс бастап, ерегесіп, «ұрсаң, ағам мен мамама айтамын» деп қорқытып қоятынмын. Содан кейін сөйлеп-сөйлеп өзі істеп тастайтын. Күнделікті істейтін ісім осындай болатын, өйткені мен үйдің кішкентайы болдым. Үйдегілер Секоға «үлкенсің, ақылмен айтсаң істейді ғой» деп ұрсатын.

Екеуіміз қағар өсіп, бала кезімізде көп шекіскенімізбен – керемет жанашыр қамқоршым еді. Менің жасым 30 дан асса да, мені осы уақытқа дейін бала сияқты көретін. Бір аудандағы бірдей бір мекемені басқарып отырған

бастық болсам да, «інімді байқап жүріңдер» деп және қасымда бірге жүрген азаматтарға тапсырып отыратын.

2011 жылы жаз уақытында досы Данияр екеуі Ақсуатқа қыдырып келді. Дархан, Секо, Данияр төртеуіміз сол күні жайлауға дем алуға кеттік. Жайлауға шыққанда Секо бәрін ұмытып, шын көңілімен дем алатын. Екінші күні Данияр «гер сасып кірлеп кеттік, қалаға қайтайық» деді, сонда Секо, «бір күн қалада қамалып жатқанша, бір ай тауда сасып жүргенің жақсы емес пе» дегені. Таудың басында жатырмыз. Данияр оқталмаған мылтықты кезеп ойнап отырған. Секо бір кезде үшеуімізге бірақ ұрыса кетті. Үшеуімізде үн жоқ, бір-бірімізге қараймыз, үндемейміз. 15-20 минуттан кейін «неге үндемейсіңдер?» деп қояды, біз күлеміз. Күлсек ыза болып, «оқталмаса да мылтық атылып кетеді, оқыс аяқ астынан» деп, үнемі сақтық туралы айтып отырушы еді. Ауылға келіп ертеңінде қалаға қайтқаннан кейін Дархан: «Секо аға ашуланса, қатты ұрсады екен», - деп күледі. Мен: «Ол өмір бақи тура ережемен жүреді, біз сияқты қалай болса солай емес», - деп айттым.

Тағы да бір тауға барғанымызда Ашын даласынан қасқыр қашты. Мылтық менде, оқ Секода. Мен қалтамдағы бір-екі оқты атып үлгердім де, Секоға оқ бер десем, қуртқасының ішкі қалтасына салып, қалтасын түймелеп тасталты. Оқ сұрағанымда қалтаның түймесін ағытты, қалтаның ішінде дорбаға салыныпты, оның ауызын түйіп тастапты. Ол оқты алып шыққанша қасқыр да қалың шидің арасына кіріп кетті. Уаздың артқы мосты сынып, далада қалдық. Қасқыр да жоқ, көлік те сынды, бір-бірімізге қарап күлеміз. Секошка: «Оқты соншалықты неге тығып тастағансың?» десем, «Оу, енді таудан жазыққа шығамыз ғой деп жинап салып тастағанмын», - дейді жайбырақат. Сондай ұқыпты еді ғой. Женіс Уазды ілдебайлап жөндеп, түн бата ауылға да келдік...

Марқұм Мико ағамыздың да тірі кезі, Секо Ақсуатқа демалыстарына келіп тұратын, келіп бірер сағат үйде отырғаннан кейін Батон: «Кеттік, Миколардікіне барып қайтайық», - дейтін. Микос екеуі жолыққаннан кейін: ой, неше түрлі әңгімелер, небір болашаққа жоспарлар құрып жататын. Сол кезде мен Күләш апаймен шай ішіп отырып күлетінбіз. Бір сағат әңгімелесе түсінесің ғой. Олар кешкі сегізден түнгі он екі-бірге дейін әңгімені жіберетін. Шайды ішуге әңгімеден уақыттары жоқ болып, түннің бір уақытында езер қайтатын. Не айтатындарын тек екеуі ғана білетін. Бірақ үйге көңілі орнына түсіп, керемет жайдарланып келетін. Мико марқұм 12-ші тамызда қайтыс болғанда, Секош екеуіміз де қатты қамығып «нардай» ағадан айырылып едік. 2012 жылы 29 мамырда Секошымнан айырылғанда – тауым сынғандай болды. Қазір отырып ойлаймын – арғы жақта бірігіп, тағы да әңгімені жіберіп жатқан шығар деп.

Мен Секошым туралы жаза берсем, өмірімнің барлық кезеңі Секошпен бірге өтті ғой. Секоньң жақсылық жасамаған адамы жоқ. Кластастарын көргенімде – Секоньң көргендей боламын. Және осы достарының аман жүргендерін алладан сұраймын. Аталарымыздың сөзі бар емеспе «Әкен өлсе де әкенді көргендер өлмесін» деген, Секо маған әкедей болды. Құдайға тәуба деп апайларым мен жалғыз қалған Қуандық ағамның амандықтарын тілеймін, Секоньң қазасы бәрімізге өте ауыр сокқы болды. Бір жағынан ойлаймын – Секо

барлығымыздың қамымызды ойлап жүруші еді, Аллаға да жанашыр, жақсы адам керек. Алла тағала өзінің сүйген құлын алды ғой деп...

Қамқоршы едің туған туыс отбасыңа,
Сыйлы едің ара ағайын, жолдасыңа.
Өзіңнің мейіріміне қанбай қалды-ау,
Айшабибі, Амина. Ұлжаның да.

Осылай өзінді іздеп қамығамын,
Еріксіз Қайғы бұлтын жамыламын.
Құлындарың әкесін іздегенде,
Кеудемді өксіп қысып, тарыламын.

Ойласам жүрегім сыздайды,

Көкірегімде мұң қайғы.

Өзің деп соққан жүрегім,

О дүниеге сені қимайды.

Жан едің шапағатты, жаны ізгі,
Жүруші едің еркелетіп бауырыңды.
Небары 36-ға келгенінде,
Өзіңнен айырды ғой тағдыр мені.

Жазылмайды жүректегі жарамыз,

Сағынумен басыңа күнде барамын.

Тағызым етіп өр рухыңның алдында,

Шырша етіп басыңа, еске аламын өзінді.

Секо аға, сабырлы ең, елден ерен,

Аллаға да жақсы адам дейді керек.

Ляй-лаһаилла, Алла рабым Алла,

Жұмаққа жетелесін өзі демеп.

Секо ағам кең едің ау, асыл жүрек,

Аузымнан үзілмейді жылы тілек.

Абай айтқан жан ба едің ағатайым,

Жұмбақ жан, ер едің ау туар сирек.

Сағындым асыл аға өзінді,

Көрмедім бір жыл болды көзінді.

Ақыл мен парасатты бізге берген,

Ұмытпаспын әрбір айтқан сөзінді.

Сен кеттің бізден алыс келмес жырақ,

Біз жүрміз сені жоқтап әркез жылап.

Аллаға да бұл өмірде жақсы керек,

Алдыңнан жағылсыншы нұрлы шырақ.

Мекенің болды сенін шалғай дала,

Ерекше боп туғансың, жеке дара.

Жазмыштан озымыш жоқ, деген бар ғой.

Тағдырдың бұл ісіне амал қанша.

Кең қолтық, мырза пейіл, ағам менің,

Үлкеннің алдын кеспей, жолын бердің.

Ұйытқы болып ағайынның арасында,
Қамын ойлап, туыстардың жүруші едін.

Өмір де өмір, өмір-ай,
Өксіп бір қалған көңіл-ай.
Ерейментаудан асқанда,
Аударылған көлік ай.

Жүргізушің қалды ма,
Ұйықтап жолды көре алмай?!
Арадан ажал ап кетті-ау,
Біздерден сені бөліп ай.

Қазаны естіп туыстың,
Қабағы әбден түнерді.
Мәйітің үйге келгенше,
Үзбедік біз күдерді.

Ажалдың ашылып араны,
Бесеудің іліккен сені алды.
Төртеуін дін аман қып,
Аллаһ сені таңдады.

Барлығымыз жоқтап, зарладық,
Ерейментаудан сен келгенше.
Маңдайыңнан ұстап көргенде,
Жүргізушіні жаман қаргадым.

Қазақ жанға батты шын,
Мүшелден шықпай солғаның.
Бір үйдің кетіп әкесі,
Қайғының бұлты торлады.

Секошым шіркін аға едін,
Алтыннан да бағалы.
Өлді деуге кимаймын,
Апаттан болдау ажалың.

Өр шаңырақ басына,
Қайғыны мұндай салады.
Асыл менен ардақты,
Адамын аллаһ алады.

Жұмақтан болып орының,
Періште болсын айналан.
Арманың қалса артыңда,
Ұрпағың жетсін ойлаған...!

Інісі: Бақытбек

АЯУЛЫ ДА, АҚЫЛШЫ АҒАМ ЕДІ

Кеше ғана ортамызда жүрген аңқылдаған ағамыз Секошымыз көзден ғайып болып кетті-ау мәңгіге.

Ағамыз Секо туралы еске алу жазамын деп кім ойлаған, бізге әлі тірі жүрген секілді. Шындап ойласам жүрегім езіліп, қан жылайды. Қайсібірін еске аламыз, бәрі көз алдымда: жүрген жүрісі, ұқыптылығы, жұмысқа берілгендігі, бала жандылығы. Секо ағамыз жұмыс барысымен Үшарал қаласына ауысты, сол кезде Семейге барғанда бір түрлі болатын. Батон екеуміз қандай жаман Секо жоқ деп сырттан терезесіне қарап жүретінбіз. Ағамыздың өмірден ерте өтетінін құдай сездіргендей болды.

Жазғы еңбек демалысын алып, жанұясын ертіп ауылға келетін ауылды сондай жақсы көретін. Ауылға келіп бүткіл қораға тазалық жұмыстарын жүргізетін. Қасына Нұрайдарды ертіп алып жұмысқа салатын. Қалай жұмыс істеу керек бәрін үйрететін. Сол ұқыптылығы, тазалығы, жұмыскерлігі арғында қалған бауырларына берілсе екен деймін. Мықтап киініп алып тауға барағын, тауға барып дем алуды жақсы көретін. Қызметкермін деп шіренгенін көрген емеспін. Қашанда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп жүретін жаны жайсаң ағамыз еді. Семейге қыдырып барсақ, Батонға ақшаң бар ма деп ақшасын беріп, машинамызға бензинін құйып беретін. Өзінде бар ма, жоқ па қарамайтын сондай бауырмал болды. Жұмысқа берілгендігі сондай, жұмыстан үйіне түннің бір уағында келетін. Қашан көрсек, жұмыс-жұмыс деп екі көзі қызарып, демалуға мұршасы болмай жүретін. Еңбек демалысында да толық дем ала алмайтын. Үйінен қонақ үзілмейтін. Достарынын басын жиі қосатын. Туған күнін, балаларының туған күндерін барлық жақсылықтарын достарымен бөлісіп, бастарын қосып жататын.

2012 жылы «жаңа жылды» қалай қарсы аламыз деп, Әсел жеңгеміз екеуі достары мен коллективін бір мейрамханада қарсы алатындай етіп ұйымдастырды. Бұл – соңғы жаңа жылы болды.

26 мамыр Күләш апайымыздың немересінің 1 жасқа толған туған күніне бардық. Серікбол ағамыз тез-тез киініндер, елдің бәрі жиналып қойды деп Әсел жеңгем екеумізді асықтырып жеткізіп тастады. Өзі Батонды ертіп алып жана үйін көрсетіп, қыдырып асықпай той басталғанда келді. Тойда ойнап-күліп достарымен, бізбен бірге фотоға түсті. Бір қарасам, Күләш апайымыздың қасына барып әңгіме айтып отыр. Соңғы отырысымыз болады деліп кім ойлаған. Тойдан қайтарда Күләш апайымыз құшақтап жылады. Кім білсін құдай сездірген болар.

Артыңызда қалған ата-ананызды, жан-жарыңыз Әселіңізбен алтындай қыздарыңыз, туыстарыңыз аман болып, аруағыңыз қолдап, қоршап жүрсің..!

Жүректі өртеп назды мұң,
Жабырқау тартты айнала.
Жан-тәніміз езіліп,
Суретіңе телміріп,
Еске аламыз сағына.

Қас-қағым сәтте ғайып боп,
Көзден ұштың қайтейік?
Арманыңа жете алмай,
Жан тапсырдың нетейік...
Жымынып қана жүруші ең,
Ақылшы боп біздерге.
Енді міне, «Жан аға»,
Іздесек те жоқсың сен.
Ағып түсіп көгіннен,
Кетсең де ерте өмірден.
Қыздарың барда, біз барда,
Ұмытылмайсың көңілден!
Өзіңді әркез ұмытпай,
Жиі еске алып жүреміз.
Ұрпағыңмен суыспай,
Бірлесіп өмір сүреміз.
Жаның болсын жәнәтта,
Алладан соны сұрадым.
Моллалар айтқан жұмақта,
Мәңгілік болсын тұрағың!

келінің Маржан

ӘКЕМДЕЙ БОЛҒАН ЖЕЗДЕМ ЕДІ

Осы жыл біздің жанұямызға өте ауыр тиді, өйткені әкеміздің орынына жүрген жездеміден аяқ астынан айырылып қалдық. Тобемізден жай түскендей болды. Әкемізден айырылып қалғанда, жездем бізге әке орнына әке болып қалған еді. Жездем барда арқа сүйер ағам бар екеніне сенімді болып жүретін едім, ал қазір орны аңырап қайтадан жетім болып қалдым.

Менің әкем қайтыс болғанда мен студент болатынмын. Сол кезде жездем маған көп көмектескен, қолынан келетін көмегін аямайтын. Әскерге әскери борышымды атқаруға шақырылдым, сол кезде Семейде қалу үшін көп үлесін қосқан. Әскерден соң, әскери борышымды атқарып жүрген әскери бөлімге жұмысқа шақырылдым. Бірақ, мен милицияға барам деп өзіме мақсат қойдым. Анам мен апайым қарсы болды. Сол кезде жездем «Дұрыс, қандай мақсат қойдың, сол жерге бар» деп қолдау көрсетті. Сол жездемнің қолдауының арқасында мен милицияға жұмысқа кірдім.

Жездемді еске алсам – өте салмақты, мінезі жұмсақ жолдастары көп, әріптестерінің арасында сыйлы, жұмыскер, айтқан сөзінде тұратын абыройлы азамат еді. Көп жігіттерге үлгі болып жүрген адам болатын, бірақ Алланың ісіне не шара, бір-ақ күнде айрылып қалдық.

Менің апайыммен он жылдай бірге өмір сүргенде, маған, менің анама, ағам бір қатты сөз айтпаған жан еді. Біз де жездемді қолымыздан келгенше сыйлайтынбыз. Қаншама алдына қойған мақсаттары, армандары көп еді, амал қанша, тағдырдың жазуына байланысты орындалмай, ерте өмірден озды.

Тіршілікте көмегің мен қамқорлығыңды көп көрген, әке орнына әкемдей болған, Асқар таудай көретін жездем. Сені ойлағанда, үйдің бір қабырғасы құлап, үнірейіп тұрғандай көрінеді. Амал қанша, «Жазмыштан озмыш жоқ» тағдырдың басына салғанына көнеді екенсің. Қолдан келер шара жоқ...

Сіздің бейненіз күн өткен сайын тұлғалана беретініне сене келе, біз тірі жүргенде, біздің жүрегімізде мәңгі тірісіз!

Бақұл бол қимас жездем. Жатқан жерің жәйлі, топырағың торқа, иманың жолдас болсын! Орның жұмақтың төрінде боп, Алланың рахметінде, пайғамбардың шапағатында бол..!

балдызың Асхат

АРДАҚТЫ АҒАМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Төлеуғазынов Серікбол Төлеуғазыұлы, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, кабіріңіз нұрға толы болсын дей отырып, сізді еске аламын.

Сізді ең соңғы рет 2012 жылдың сәуір айында көрген едім. Алматыға келгенде, сіз маған Әзек ағаның үйлерінен киімдерімді интернатқа әкеліп беріп, «сабағыңды жақсы оқы» деп айтып кетіп едіңіз. Сіз дүниеден өтті деген хабарды Алматыда экзамен тапсырып жүргенде естідім. Бұл хабарға сенгім келмеді. Үшінші жыл Алматыда оқып жүргеннен кейін, туыстарымды жиі көрмегеннен кейін, сізді әлі күнге дейін тірі деп ойлаймын. Бірақ, Семейге келіп кеткен уақыттарда сіздің жоқтығыңызды сеземін. Әрқашан жұмысыңыз болса да, мені поездан күтіп алып, шығарып салатынсыз. Бір жолы Алматыға шығарып бара жатқанда, мен үйде справкамды ұмытып кетіп, орта жолдан айналып келіп, справкамды алып, вокзалға уақытында жеткізіп үлгергенсіз. Әр қыс сайы қыдырғанда, шаңғы, коньки тебуге барғанда, өзіңіздің жанұяңызбен бізді алып жүретін едіңіз. Сіз ешқашан мені атыммен Айнұр деп атамайтынсыз, сіз мені «Әшә» деп басымнан сипайтын едіңіз.

Сіз өте еңбекқор адам болатынсыз. Күнімен, түнімен жұмыста жүретінсіз. Менің ойымша осы өміріңізде туыс-жолдастарыңыздың әрқайсысына көмек көрсеттіңіз.

Осы күнге дейін мазалайтын ой, егер сіз сол күні машинамен емес, поездбен кеткенде тірі болатын ба едіңіз..?

Сол күнге дейін өмір бойы жеткен жетістіктеріңізге, сіз тек қана өзіңіздің күшіңізбен, еңбегіңізбен жеттіңіз. Бірақ, соның бәрінің қызығын көре алмай кеттіңіз ғой. Соның қызықтырын қыздарыңыз Айшабиби, Амина, Ұлжандарға көрсетуін АЛЛАҒ жазсын. Қыздарыңыз өзіңізге ұқсап, еңбектеніп биік шыңдардан көрінеді деп сенемін.

Айнур Кенжешова

2013 жыл.

ЖАН АҒАТАЙЫМ, СЕРІКБОЛ!

Егерде Сіз тірі болсаңыз, мүшелден шығып, 37 жасқа толушы едіңіз-ау...! Сізді жақында түсімде көрдім. Сізді анам үйге алып келіп төсекке жатқызады. Біз барлығымыз карап тұрамыз, сонда Сіз көзіңізді ашасыз. Ақ қар жамылған қыстың күні екен деймін. Сіз тірі кезіңізде бізді «Шаңғы базасына» шаңғы, шана тебуге жиі алып баратынсыз. Тура сол өңіміздегідей, сіз бізді тағы да шаңғы тебуге алып шығыпсыз деймін. Айшаны, Әминаны және Ұлжанды сырғанатып олардың жанында бірге жүрсіз. Айнала аппақ қар. Тірі күніңіздегідей бізге шаңғының таяғын көтеріп, сәлем жолдап қоясыз, аппақ қарда аппақ киіммен жүрсіз. Қасыңызға жақындап құшақтағым келеді. Бірақ ақ сағым секілді кенет ғайып та болып кеткендейсіз. Тірі екен ғой деп қуанып тұрмын. Қуанғанымнан жылап ояндым. Сондай тәтті түс...

Амал не, ақ қар жамылған дала жақсы ғой. Соған қарағанда сіздің жаныңыз жұмаққа енген болар. Біз Сізден айырылып қара жамылып қала бердік... Еске түсіру үшін кішігірім өлең жаздым:

Өмір деген қысқа ғой,
Бір Алланын жазуы.
Алам десе, Құдайым,
Алып кетер бір күнде.
Сізді еске түсірсек,
Қайғыменен күрсінген.
Анамның жүзін жас жуып,
«Өлді» дегенге сене алмай,
Апайым жылап бастығып
Қимайтыны - жастығың.
Бізді «Әша», «Бәша»,-деп,
Жүруші едіңіз ғой, мәз болып.
Көлімізге қаз қонып,
Көңіліміз жаз болып,
Бақытты едік Сіз барда!
Ғұмырыңыз қысқа болды ғой.
Түнектен шыққан жұлдыздай,
Жарк етіп ағып сөнді ғой.
Тірі секілдісіз бірақ та, қызмет бабымен,
Айлап, күндеп, бір апта,
Жүргендейсіз жырақта.
Күтіп жүрміз әлі де,
Үмітіміз үзілмей...
Жақсы ағаның ізіндей,
Өмірдің қызыл гүліндей
Үш қызынды көргенде,
«Шүкір!» дейміз Аллаға.
Ұрпақсыз қалсаң қайтер ек?!

Оралмайсыз ешқашан,
Қаламасақ та бұны біз.
Көнеміз енді қайтеміз,
Қайғы деген - ой-теңіз.
Ардақты бір ұлымыз
Мүшелден шығар шағында,
Құлап тұскен бәйтерек..!

*Жан ағам, Серікбол! Бір Алланың рахметіне бөленіп, жаныңыз
жаннатта, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын!*

жсиені **Балнұр**

ЕҢ СҮЙІКТІ ЖАН

Папам жұмыстан келгенде Амина жүгіріп барып мойнына асылып алатын. Ұлжан аяғына оралатын. папам қолындағы кішкентай сумкасын қалай қоярын білмей есі шығып кететін. «Дочаларым, қазір тұра тұрындар, менің үйге киетін киіміммен, аяқ киімім қайда?»- дейтін. Амина киімдерін әкеліп, Ұлжан аяқ киімін әкелетін.

Амина Ұлжанға тиіспесін деген оймен – Ұлжан «ақымақ», Аминам ақылды деп оны жиі мақтап қоятын. Мамама сен балаларды алдамай, оларға ұрыса бересің деп айтатын.

Мен не алып бер десем де, қолымды қайтармайтын. Ақшасы болмай қалса, «осы жолы жалақы алғанда міндетті түрде алып беремін» дейтін. Мені ылғи аяп жүретін, екі сіңлісі есін шығарды - деп Жанар апайдың, Маржан апайдың үйіне ойнауға тастап кететін. Қайда барсақ та үшеумізді де шулатып ертіп алатын. Жылда демалысқа шыққаннан кейін бізді ертіп әр жакка апаратын: Алакөлге, Бурабайға, Баянаулға, Астанаға, Алматыға. Ауылға атам мен апама баратынбыз. Бурабайға барғанда қайыққа орырғызып, тауға шығарған.

Мені, Балнұрды, Аминаны, мамамды паркке апарған. Паркке барғанда бізге балмұздақ алып беріп, отырамыз деген жерлерге отырғызып, барлық айтқанымызды істейтін. Аминаның туған күнінде оған косметика алып берген. Мен 6-ға толғанда маған ешкімде жоқ үлкен қуыршақ әперген.

Менің алғаш мектеп табалдырығын аттаған қуанышыма да папам апарған еді.

Мені І-ші сыныпқа апарып: «Айша құлыным. Сабағыңды жақсы оқы, мен сенің білімді, парасатты, ақылды, иманды болып, тек жақсылығыңды ғана көрсететінің сенемін», - деп еді. Папам үнемі мені сабаққа, биге апарып, алып қайтып отыратын. Жұмысы қандай ауыр болса да, менің айтқандарымды орындап, мен үшін үнемі уақыт табатын. Папам мені өте жақсы көретін. Мен де папамды ерекше жақсы көремін, сағынамын. Маған бір күні папам есіктен кіріп келіп «Айшам, ақылдым!» деп айтатындай көрінеді.

Папам мені үлкен санап, есіңе сақтап ал деп көп әңгімелерін айтып жүретін. Бірде ол маған: «Айша тегінде есіне сақта. Сенің Төлеуғазы атаң мен Нүржәміш апаң – сендердің туған ала мен аталарың. Ал Тұрсын апаларың – нағашы апаларың болады», - деп айтқаны есімде қалыпты.

Жұмысқа ерте кетіп кеш қайтатындықтан, папам шаршап жүретін. Бірақ бізге ешқашанда ренжімейтін. «Менің қыздарым шетінен ақылды», - деп отыратын. Менің биге баратын уақытымды ұмытпаушы еді, өзі келе алмаса да барып қайтатын көлік жіберуші еді.

Көрші қыз: «Сенің папаң енді келмейді!», - дегеннен кейін, аспандағы жұлдыздарға ұзақ карап тұрдым: «Осы жұлдыздардың қайсысы папамның жұлдызы екен!?» - деп ойладым. Сол уақытта оны қатты көргім келіп, сағынып кеттім...

АРДАҚТЫ АҒАМ ЕДІ

*Бисмилләһир-рахманир-рахим.
Бір Алланың атымен бастайын*

Мен Серікбол ағамен Алла нәсіп етіп, «Жас-ұлан» ер балаларға арналған лицейде оқып жүргенімде танысқан едім.

Қандай да болмасын қиындықта, сол кісіден ақыл-көнес алып, хабарласып тұратын едім. Тумаған болса да туған ағамдай көруші едім. Ешқашан бетімді қайтармай, қолынан келгенше көмегін аямаған, асыл жүректі ағам еді. Осы ағамдай болсам деп армандаушы едім.

Ол кісінің бақилық болуы мен үшін өте ауыр қайғы болды. Естігенімде сенбедім.

- Неге. Серікбол аға!? Неге? Неге..?- деген сұрақ қатты мазалап, отырып қалдым. Бір жерімді жұлып алғандай, жүрегім сыздап, қатты ауырды. Бұл менің ішкі жан дүниемде болған сезімді, осы кітапты оқып отырған, осы Серікбол ағама арнап естелік жазған, бүкіл жамағат сезініп, дұрыс түсінер деген ойдамын. Өйткені бұл қайғыны, ішкі жан дүниеле болып жатқан сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Сәбидің дүниеге шыр етіп келгенінде, Алла маңдайына не жазса сол болары рас, Алланың ісіне не шара.

Менің қолымнан келері, Серікбол ағама, құран бағыштап, тек бір Алладан: «Инш Алла, ол кісінің барлық біліп және білмей істеген күнәлерін кешіріп, амал дәптерін оң жағынан берілуін, кәбір сұрағына жеңіл жауап беруін, қиямет күні Алланың кешірім беруін, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шапағатын, Алланың рақым нәсіп етуін» сұраймын.

Артынан қалған ұрпағы аман болып, Серікбол ағамның жасамаған жасын берсін.

Әсел апайыма, Алла сабырлығын, қайырымын, ағамның көрмеген ұрпағының қызығын, жасамаған жасын берсін, иншАлла!

Үлкен жүрек тоқтап қалғанымен, менің есімнен мәңгі кетпессін, Ағажан..!

Асқар таудай, арқа сүйер - Ағашым,
Болған едің, көш бастаушы панашым.
Қысқа болды ғұмырыңыз неліктен?
Сұрақтарға жауап іздеп қаласың.

Жатқан жерің Ағажан нұрға толсын,
Жаныңыз жәнәтте, иманыңыз жолдас болсын.
Алған жағын ол дүниеде жұмақ болып,
Бағыштаған құранымыз қабыл болсын!

*Бауырыңыз Аслан Маженов.
Үшарал қаласы, 2013 жыл.*

ЖОҚТАУЛАР



*Білімсіздік қоздырмақ өшізуді,
Қақпасын ажал келіп есігіңді.
Бес күндік мына пәни дүниеде,
Болған жақсы сабырлы, кешірімді.
Бұл өмірдің ағымын да өткініші,
Тәлкек етер тұсы көп тағдырдың да.
Ел-жұртым, Серікболдың жан достары,
Көңіл айтты ортақтасып қайғымызға.
Жұбатқан жанымызды күйзелгенде,
Рахмет ағайынның барлығына.
Тұрса да қайғы батып қабырғама,
Көнеміз бір Алланың жарлығына...*

АНАСЫНЫҢ ЖОҚТАУЫ

Өкініш өзекті өртеп мазалайды,
Сейілмес онайлықпен аза-қайғы.
Асығыс ортамыздан кете бардың,
Амал не ажал деген аямайды.
Өркен жайып тіршіліктің бағында,
Қызық көріп өрістейтін шағында.
Кете бардың біз күтпеген мекенге,
Нұрлы бейнең айналды да сағымға.
Көз жетсе де дүние жалған бекеріне.
Сене алмаймын сенін жоқ екеніне,
Жаныңа жарық берсін Хақ тағалам!
Жатқанда мәңгіліктің мекенінде,
Жарың қалды үш балаңмен анырап.
Шорт сынғандай өзің құрған шаңырақ,
Аға-бауыр, туыстарың ортасы,
Жұрт көшкендей жұтап қалды қанырап.
Амал бар ма Алла ісіне табатын,
Күннен-күнге алыстатып барасың.
Аман болсын туыстарың жанұяң,
Ошағыңның отын мәңгі жағатын.
Дүние жалған десе, жалған екен,
Қара жер қазір саған болған мекен.
Толар ең отыз жетіге тірі жүрсен,
Амалсыз іштей тынып арман етем.
Өмір деген ұзақ жол соқпағы көп,
Біреу келсе іңгәлап, біреулер жоқ.
Келместің кемесіне мініп кеткен,
Балама алты ай болты міне бүгін...
Бұл тағдыр өш пе асылға?
Айналып кенет жасынға,
Өмірден өттің қайтейін
Жетпестен 37 жасыңа.
Жалған дүние катал, білмес аяуды,
Түсіреді жүректерге қаяуды.
Топырағың торқа болсын деп тілек,
Зар жылап қалды ата-анаң аяулы.
Қадірлі едің бауырына,
Қадірлі едің ауылыңа.
Жан едің туған ерекше,
Сыйлаған барша қауым да.
Ақкөңіл едің елгезек,
Еңбекқор едің жасыңнан.
Балалар қалды анырап,

Папалап аркана асылған.
Еліңе еңбек етіп терледің,
Ешкімді ренжітіп қормедің.
Адал болдың жарыңа, досыңа, жақыныңа
Көнбегенді көндіруші едің ақылыңа.
Жаз күніндей жарқырап жайнаған,
Жүруші ең малың да аман, жаның да аман.
Ақ көңіл, адал жүрегімізбен.
Бар үмітімізді артушы ек біз де саған,
Мәңгілік жатқан жерің жайлы болсын,
Қабірің жарық болып, нұрға толсын.
Аллаһ жұмақтан орын беріп,
Дұғасы көпшіліктің қабыл болсын.
Алты ай болды жас жүрек тоқтағалы,
Алты ай болды мама деп тіл қатпағалы,
Аллаһтың жазуына шара бар ма!?
Алты ай болды мен сені жоқтағалы.
Ұшайын деген қанатым,
Болайын деген болатым.
Қанатымнан қайрылдым,
Мен Секомнан айрылдым.
Қайыңнан алған күрегім,
Қайғылы болды жүрегім.
Айналайын Құдайым,
Осылай ма еді тілегім.
Тілегімді Аллаһ бермедің,
Көзімнің жасын көрмедім.
Асығыс кеткен Секом-ау,
Сен неге бізді (ата-ананды) көмбедің.
Кәусәр тұнық бұлағым,
Жайқалып өскен тұрағым.
Құрағымды өрт шалды, алды-артына қаратпай,
Секомды менің ерте алды.
Есіктің алды жапырақ,
Жапырақ жатыр жарқырап.
Арманда кеткен Секом-ау!
Бұйырмады бізге сеннен бір уыс топырақ.
Биіктеп өскен шынарым,
Жарқырап жанған шырағым.
Арманда кеткен Секом-ау!
Бейіштен болсын тұрағың,
Алдыңнан Аллаһ оңдасын.
Иманың болсын жолдасың,
Дұғасы ата-ананның қабыл болып,

Әулие періштелер қолдасын.
Жаны жайсаң ағайын,
Мұңымды саған шағайын.
Күнінде керек Секом-ау!
Аңсасам қайдан табайын,
Алдым бір биік артым жар.
Айналарға жерім тар,
Асығыс кеткен Секом-ау!
Бір көруге болдым зар,
Үй артынан қаз көрдім.
Қамшы бойы саз көрдім,
Арманда кеткен Секом-ау!
Қызығыңды аз көрдім,
Жетімде жетім деп пе едің,
Жетімнің қақысын жеп пе едің.
Аялаған үшеуің,
Жетім боп қалады деп пе едің.
Сағындым Секом өзінді-ай!?
Екіде қара көзінді-ай,
Сағынбай қалай тұрамын,
«Мамам біледі» деген сөзінді-ай...

ӘКЕСІНІҢ ЖОҚТАУЫ

Зиярат етуге басына бардым,
Жатырсың жым-жырт асыл арманым.
Ұрпағыңды рухыңмен жебе,
Болашақта болсын тасыған дарын.
Өмірімнің Сен едің бәйтерегі,
Сен жоқсың бұл тірлікті қайтем енді.
Айтқанымды түсінер ұлым едің,
Қазан мені қажытып, ой меңдеді.
Өкініш өзекті өртеп мазалайды,
Тағдырдың жазуы оған қарамайды.
Айрылып асылыңнан қалғаннан соң,
Жел өтіндей жүдетті аза-қайғы.
Көзімізден жасымыз тамшылады,
Сені ойлап жүрегіміз қан жылады.
Шерменде болып кеуде, күйіп жанды,
Жан-жарама қайдан ем табылады!?
Айналайын құлыным Секошым-ай!
Көңіліміз сені сансыз сағынады.
Бала едің ортамызда орны бөлек,
Тіршілікте болдың ғой бізге тірек.
Айрылып қас-қағымда сенен қалдық,
Кетпейсің күндіз естен, түнде түстен.
Жүрміз ғой сені ойлаумен күнде жүдеп,
Нұр жүзіңді көрмеуді жазыпты Алла!
Не шығады ағылған көз жасыңнан,
Бақилық боп кетермін мен де өзіндей,
Топырағымды бұйыртсын дәл қасыңнан.
Іштегі тұнып жатқан запыранды,
Денемнен шығарып у! дедім.
Қазанды ұлым көргенде,
Еңсемді зорға тіктедім.
Ақкөңіл, көпшіл жан едің,
Жүрдің жақсы қатарда.
Кенеттен кеттің көз жұмып,
Ерейментауда сапарда.
Біздерді балам бір Алла,
Қауыштырсын Мақшарда.
Өзіне енді жан балам,
Тілеймін иман Алладан.
Сабыр сақтап әкен жүр,
Сенсіз дүние тар маған.
Ауырса баланың білегі,
Ауырады ана жүрегі.

Жоқтап жылап анаң да,
Қатты қажып жүдеді.
Атандық «тажал» деген бала өлген соң,
Қатыгез ажал тосын дөп келген соң.
«Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы,
Кім құтылған, бәрі ажал шап берген соң.
Пәни жалған баянсыз,
Сызығына біз де жетерміз.
Артымызға болсын амандық,
Бақиға біз де кетерміз.
Серікболым, мінез-құлқын бәрі есімде,
Тағдырдың заңы қатал көнесін де.
Жүрегімізде тірісің сенеміз біз,
Шаңырағынның сәулесі сөнбесіне.
Жан-жарың, балаларын қаладағы,
Отыңды мәңгі өшірмей жаға алады.
Соларға зор денсаулық берсін тәңірім,
Жайнатқан, гүлдендірген бар ғаламды.
Айналайын құлыным, Секошым!
Орның қалды-ау ойсырап.
Орныға таппай балама,
Шерменде болып кеудеміз
Өмірден біз де өтерміз,
Екі көзден жас тамшылап.
Өлейін десем өле алмай,
Өліп бір көрге кіре алмай,
Қайғы басып отырмын
Теңселіп дұрыс жүре алмай.
Серікболым, шырағым!
Тұнықта кәусар бұлағым.
Бұйыртып Алла өзіңе,
Жұмақта болсын тұрағын...

АҒАСЫ НИЯЗБЕК ШАЯХМЕТҮЛЫНЫҢ ЖОҚТАУЫ

Құлын тайдай жарысып,
Асыр салып ойнаушы едің төрімде.
Жүйрік аттай жараған,
Қой десем де қоймаушы ең,
Сүйтіп өскен белесің,
Кетпейді-ау көз алдымнан елесің.
Анасы өліп артында,
 баласы қалса арман жоқ,
Баласы өліп артында,
 анасы қалса арман көп.
Ұшып кеткен құс емес,
Қайта оралар деп күтетін.
Көзім жетті өзімнің,
Оралмасына бұл жалғанда.
Алладан менің тілерім:
Қалған балаларыма ғұмыр беріп,
Қалдырмасын мені арманда.

Қожа-Ахмет Садуақас ұлының көңіл айтуы

ТӨЛЕУҒАЗЫ АҒАҒА

Көңіліңіз ізгілікті іздей берді,
Адам аз түсінетін сіздей мені.
Жақынсыз әдебиетке, мәдениетке
Тау тұлғасыз гүлденген нұр бейнелі.

Тарихты шежірені шолдыңыз сіз,
Өнерліге жанашыр болдыңыз сіз
Тірісінде кей талант бақытты емес,
Өлгеннен соң мақтаймыз орынын біз.

Толғандыңыз таланттар тағдырына,
Олардың бөлістің жан-сырын да.
Жаны жайсаң адамдар достарыңыз,
Сыйлайсыз, ұмытпайсыз барлығын да.

Талап беріп, бақ бермей қызғанатын,
Тағдыр ғой сынай қарап сызданатын.
Бәрібір дәуірлеп данқы өшпес,
Нағыз қыран ақиық мұзбалақтың.

СЕРІКБОЛҒА

Қыран еді қанат қаққан шың-құздан,
Ұлан еді ізгілікке ұмтылған.
Жапырақ жайып опырылды оқыс жас терек,
Қара орман халқы жоқтап бүгін сыңсыған.

Қазақ дейтін халықтың асыл перзенті,
Білім алды еңбекпенен ер жетті.
Сақталады ел есінде әрқашан,
Серікболдың кісілік көркем келбеті.

Кешпеді кімдер өзінің өмір-өзенін,
Қабырғаны қайыстырар қайғы сеземін.
Рахым ғып Алла қайырын беретін қазанын,
Егілген елдің кептіріп жастан көздерін.

Серікбол да қызмет етті халқы үшін,
Ақылымен шешкен тағдыр талқысын.
Арманда кетті бақилық болды азамат,
Пейіште нұры шалқысын..!

Фотосуреттерде қарап

Бейнеңді көріп әртүрлі.
Көңілің тұрар қобалжып.
Жүрек жылап, көзден жас ағып,
Өкініш билеп өзекті, мұңға берер кезекті.

Санамда менің тірісің

Өзекті өртеп, көзіне жас кеп,
Ішің толғап, өткенді ойлап,
Бейнең келер көз алдыма.
Елесің бар да, өзің жоқсың,
Рух боп кеттің бұл жалғаннан.
Пейіште болып қолдай гөр Аллама,
Кездесуге жазсын таңда – Маһшарда.
Деп тілейін Алладан, пәрмен бер,
Хаһ тағалам..!

Өзіме тән ұл едің

Өзіме тән ұл болған,
Ерекше туған бала едің.
Балалардың ішінде шоқтығы
Биік дара едің.
Кең пейілді ақ көңіл,
Қызғануды білмейтін,
Алалап ешкімді бөлмейтін,
Берекенің жаны едің.
Қолың ашық, ақ пейіл,
Көмек қолын ұсынып,
Алыс жақын демейтін.
Жомарт жүрек жан едің,
Көмегіңді көрді талай жан,
Тіршілікте жүріп қош болып,
Жақын жүріп дос болып,
Өткіздің қызық күндерді,
Тіршілігіңде жарқылдап,
Жоқ, болмайды, демедің.
Амал қанша, келмеске кеттің.
Сол қалпыңнан бір өзгермей...

Құран оқып есіме алдым

Құран оқып есіме алдым,
Сағынышпен, тіршілікте,
Кездескен шақтың біріндей,
Көз алдыма көрінесің,
Жүргендей боп әлі тірідей.
Естен де кетпес, санамда қалар,
Асыл бейнең, жүріс-тұрысың,
Жүрек тоқтап, бақилық болып,
Кеткенше бұл өмірден...

Өтті дәурен

Өтті дәурен, өшті сәулең,
Өкінгенмен пайда жоқ.
Ажал деген тажалыңды,
Токтататын айла жоқ.
Кәрі демей, жас демей,
Бәрін бірдей жалмайды,
Қырына ілінген адамдар,
Әсте тірі қалмайды.

Еске алу

Көзден бұл-бұл ұшқан құлыным,
Келте болды-ау ғұмырың.
Суретіне қарап, көзге жас толып,
Отыр ғой сені, сағынған жүрек еске алып...

Басына барғанда

Басыңа бардық абынып,
Жатырсың – ақ қар жамылып.
Құран оқыдық табынып,
«Барзак» өмір ішінде,
Жүрмісің бізді сағынып.

Мұңлы сексен

Әттең, әттең, әттен-ай,
Секомның ерте кеткені-ай,
Сексеннің керегі не еді?
Алаңсыз едім ол барда,
Тайқы болып сор мандайым,
Қайғы мен мұңға батқаны-ай.

Еңселі едім

Ел тарихын жазуда,
Дүйім жұрттың ішінде,
Біреуі едім белсенді.
Мезгілсіз өтіп өмірден,
Түсірдің ғой еңсемді.

Дүние жалған

О, дүние жалғаным!
Мандайым тайқы сор мекен,
Айырылып сенен қалғаным.
Ішті өртеп әсте таусылмас,
Саған деген сағыныш арманым.
Тірісін жүректе өлгенше,
Таусылғанша өмірі жалғанның.
Дүние деген жалған боп
Кеттін ғой Секом арман боп
Артында қалдық мұң басып
Болған іске қайран боп.
Ойлағаннан ештеңе өнбейді,
Жаралы жүректі кім емдейді?
«Барзак» өмірге кеткеннің
Еш қайсысы қайтып келмейді.

Діндар едің

Отыз алтыға келіп ең
Мұхаммедтің дініне,
Айтарлықтай берік ең.
Діннен жүрсен жырақтап
Қаларма едің әлде,
Жарық дүниеде тұрақтап.

СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ



*Серікбол ақылды да, алғыр болды,
Айшықты да тарихи еңбек жолы.
Ел-жұртқа, ата-анаға, достарына,
Ұсынған жан жылуын ерекше орны.*

*Қолына алғаш алып әліппені,
Атанды озат оқушы дәріптелді.
Жылдар өтіп жігерлі жігіт болған,
Шақырылып әскерге барып келді.*

*Биік білім, өрелі өнерімен,
Танылды парасатымен беделімен.
Қосты үлкен үлесін дамытуға,
Қазақстан келешегін кемелді кең.*

*Қазақтың қайсар жақсы дарынды ұлы,
Мойнында тұрды ауыр халық жүгі.
Ақтады сенімін ел-жұртының,
Тыным таппай күндіз-түні шауып жүрді.*

*Арқалады арманын ұлысының,
Қалады өшпелі өмір дұрыстығын.
Мемлекеттік қауіпсіздік қызметте,
Қорғады Қазақ елінің тыныштығын.*

*Ер еңбегі еленді құрметтелді,
Ақсуат, Тарбағатай түлегі еді.
Өкінішті-ақ өмірден жастай өтті,
Өксітіп қан жылатып жүректерді.
Серікболды көреміз әр қырынан,
Қарасақ төмендегі суреттерді...*




Әке-шешен өсірді бетпен қамай,
Шырбын, зымын бастауындай.
Чмен сөзін еш перге тастамадағы
Уақытың жетпесе де тынып талмай...





Қунақ қос егін...



Երբեք անվիր, Մեզեյ ծաղրել, աստիճակի քայլերը, աստիճակի քայլերը
Պրիստի գալու քայլերը քայլերը քայլերը



*Құрын тайдай тәбісхен,
Қайда кетті күндерім?*





Өзгөчө эмес жерги тастан келбей,
Шын баарыңа erte баскан жөнүңө;
Тези ойлер жайыт жаннап төрүнөн
Орун алып Аба-анасын күткөңө!



Borachun, ranjan ges warran,
Ujuyi eqta qwarata, qwarata...



Бала кезі





Балабақшада болғанда







Балабақшада болғанда





Бала кезі





1987ж ағасының тойында





Мектептегі кездері





Мектептегі кездері





Мектептегі кездері



С.Н.В.И.М.
2008





Туыстары арасында





Туыстар арасында





Студенттік кезі





Студенттік кезі






Студент достарымен



Студент кездегі достарымен кездесу





**Зейнетақы тағайындау орталығында қызмет
еткен кезінде 1999 ж**





Армия қатарындағы кезі





Армия қатарындағы кезі





Туыстарымен





Апай-жезделерімен





Дем алыс сәттері





Демалыста туған-туысқандарымен





**2008 жылы Алматыдағы академияда
оқыған кезінде**





Қызметтестерімен






Қызметтестерімен





Қызы Айша-бибимен





Бурабайда 2006ж






Ерке қызы Әминамен



Кенже қызы Ұлжанмен




Балаларымен





Қызы Айша-бимен





Әке-шешесі, бауырларымен





Туған-туыстар ортасында





Серік бильярд ойнағанды ұнататын



Жездесі Мұхтарбек және құдасы Ардабекпен



Астанада 2008 ж.



Астана 2005 ж.



Баянаул 2011





Баянаул 2011





Бурабай 2010





Жұбайы Аселмен







Бауыры Бақытбек және жездесі Манатпен



Ерке қызы Аминамен



Көкшетауда апайы Жанармен





**2011ж Москвадағы Федеральдык
академияда оқыған кезі**





Москвада Федеральдық академияда оқыған кезі





Үшаралда





Үшаралдан шығарып салу кезінде



Жолдастарымен





2012 жылды қарсы алу





Жан жолдасы Алмазбен





2012 жаңа жыл қарсаңында балаларымен





Серікболдың туған-туысқандары





29.04.2012



Ақырғы суреті 26.05.2012



Ерейментаудағы ескерткіш тас



Мәңгілік мекені





Өз үйінде қойылған ескерткіш бұрыш

Жұбату

Күндеріңнен үмітті едің алдағы,
Осы екен ғой дүниенің жалғаны,
Жатқан жерің жайлы болсын,
Арманда кеткен аяулы ағайынның ардағы,
Сен барда өмір қызық көркем еді,
Көңілім құлпырған гүл ертен еді,
Бәріде көрген түстей сағым болды,
Өзегім өкініштен өртенеді.
Қайғыдан шөкті заңғар тау асқарым,
Бұлтына қасіреттің талды аспаным,
Көзіме оттай ыстық көрінеді,
Өзіңмен бірге жүрген жолдастарын.
Достарың бар сырынды білуші еді,
Жарасып әзілдері күлуші еді.
Алмас, Батыр, Дәурен, Рахат, Ермек, Данияр т.б.
Жаркылдап ойнап күліп жүруші еді.
Сені ойлап ұзақ таңды атырамын,
Тілдесіп суретіңмен отырамын,
Қолымнан келер басқа шара бар ма,
Торқа болсын өзін жатқан топырағың.
Жоктығың жанымызға батқанынай,
Өмірдің сенсіз өтіп жатқанынай,
Күйзеліп, күңіреніп күндер өтер,
Тәубә қып атар таңның атқанынай.

Хош айтып мына жалғанға,
Ерте кеттің Секом арманда,
Отыздан енді асқанда,
Сұм ажал сені тосқан ба,
Тым ерте болды- ау өткенің,
Пәниден озып кеткенің.
Ойсыратып ортаны,
Мәңгі мекенге көшкенін.
Тәңірдің ісі, келетін қолдан жок шарам,
Ол жаққа да керек шығар жақсы адам.

Ажалға ара кім тұрар дейсін,
Мандайға жазған аспайсың екен сынақтан.
Өмірде мына еліне еңбек етіп терледің,
Жемісін оның бірақ термедің.
Адал болдың жарыңа, досыңа, жақынына,
Ешкімді ренжітіп көрмедің.
Солмайды гүлің, өсірген өзін гүл бағың,
Шырақшың болып, төрінде отыр жан жарың.
Рухың көкте қатерден қағып біздерді,
Мекенің жәннат, жолдасың болсын иманың.

Таусыларма арманы пендесінің,
Бұл өмірдің ашпайсың енді есігін.
Жан жарың, қыздарың, туыстарыңның тілегі сол,
Тербесін мәңгі бақи жер бесігің.
Алланың салғанына шара бар ма,
Тағдыр солай жазылды жаралғанда,
Тірі жүрсен үш мүшелге толар едің,
Жаз өтіп қыс мезгілі оралғанда.
Білемін өмір барда өлім барын,
Ажалға кім қияды туған қаның,
Жұмақта жатып жай тапсын жаның,
Мәңгілік болсын пейіштен орның.
Тәуба дейміз қыздарың бар соңыңда,
Жайнап өсер әлі ақ ертең еккенің.
Осы болсын құранымыз оқыған.
Аллам берсін жұмақ жердің тек төрін.

ҚАЗАНАМА



*Айрылған соң асылдан,
Сағыныш оты басылман.
Мұңлық пен зарлық өмірін,
Келе жатыр гасырдан.
Еңбек еттің аянбай,
Халқыңның сақтап тыныштығын.
Бағаланып еселі еңбегін,
Әкеліп едің көпке қуаныш.
Өмірден өтіп кетсең де,
Жақсы лебіз, жақсы сөз.
Артыңда қалған ата-анаң,
Болады екен жұбаныш...*



Құрметті Төлеуғазы аға, Нұржәміш апай!

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери қарсы барлау департаменті және органдарының басшы және жеке құрамы атынан Сіздерге, сіздердің жақын туыстарыңызға орны толмас қайғы – ұлдарыңыз Серікболдың мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғыңызға ортақтасып көңіл айтамыз.

Серікбол өмірінің көп бөлігін нағыз ер азаматқа ғана жүктелер Отан қорғау міндетіне арнады. Қызмет атқарған уақыттан бері өзін тек жақсы жағынан көрсетті, кәсіптік білімі жоғары, тәртіпті және тапсырылған істі орындауда аса белсенділік танытатын тындырымпаз офицер болатын.

Лауазымдық міндеттерін барлық тапқырлығы мен табандылығын сала орындайтын. Өзіне сеніп тапсырылған жауапты міндеттерді қиналмай атқаратын. Әскери қызметтің сан алуан сатыларында шындала жүріп, үлкен жетістіктерге жетті. Адамгершілігі мол, өз елінің патриоты еді. Бұл «Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілесін» демекші, Төлеуғазы аға және Нұржәміш апай, Сіздердің отбасында берген тәрбиелеріңіз.

Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Алладан жақын туыстарына сабыр мен төзімділік беруді тілеймін.

Құрметпен, **М. МҰХАТОВ**,
Қазақстан Республикасы ҰҚК Әскери қарсы барлау департаментінің бастығы.

Семей таңы №51 26 маусым 2012 жыл: Құрметті Төлеуғазы аға, Нұржәміш апай!

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери қарсы барлау департаменті және органдарының басшы және жеке құрамы атынан Сіздерге, сіздердің жақын туыстарыңызға орны толмас қайғы – ұлдарыңыз Серікболдың мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғыңызға ортақтасып көңіл айтамыз.

Серікбол өмірінің көп бөлігін нағыз ер азаматқа ғана жүктелер Отан қорғау міндетіне арнады. Қызмет атқарған уақыттан бері өзін тек жақсы жағынан көрсетті, кәсіптік білімі жоғары, тәртіпті және тапсырылған істі орындауда аса белсенділік танытатын тындырымпаз офицер болатын. Лауазымдық міндеттерін барлық тапқырлығы мен табандылығын сала отырып, адал орындайтын. Өзіне сеніп тапсырылған жауапты міндеттерді қиналмай атқаратын. Әскери қызметтің сан алуан сатыларында шындала жүріп үлкен жетістіктерге жетті. Адамгершілігі мол, өз елінің патриоты еді. Бұл «Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілесін» демекші, Төлеуғазы аға және Нұржәміш апай, Сіздердің отбасында берген тәрбиелеріңіз.

Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Алладан жақын туыстарына сабыр мен төзімділік беруді тілеймін.

Құрметпен **М. Мұхатов**,
Қазақстан Республикасы ҰҚК
Әскери қарсы
Барлау департаментінің
бастығы.

Айтып келмейтін ажал деген алпауыттан жол апатына ұшырап, сүйікті ұлымыз Төлеуғазыұлы Серікбол 37 жасқа толар-толмас шағында арамыздан қас-қағым сәтте мәңгілік оралмас сапарға кетті.

Орны толмас осы қазаға туған бауырларын жоқтағандай қабырғасы қайысып, қасіретімізді бөліскен қалың елге ризашылығымызды білдіреміз. Рухани және басқа да қолдан келген көмектерін аямаған Серікболымыз еңбек еткен Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті қарсы барлау әскери Департаментінің басшысына, ұжымына - әріптестерінің барлығына, Үшаралдан келген қызметтес жолдас-жораларына, Серікболдың аға-бауыр, апайлары жұмыс істейтін мекемелерден келген кісілерге, ағайын-туған, көрші-қолан, жерлестерге «Бір Алланың рахметінде болсын!» деп көңіл айтып, қайғымызға ортақтасқан барша қауымға Алла риза болсын деп Нұрғалиевтар әулетінің атынан рахмет айтамыз.

Семей таңы №51 26 маусым 2012 жыл: Айтып келмейтін ажал деген алпауыттың жол апатына ұшырап, сүйікті ұлымыз Төлеуғазыұлы Серікбол 37 жасқа толар-толмас шағында арамыздан қас-қағым сәтте мәңгілік оралмас сапарға кетті.

Орны толмас осы қазаға туған бауырларын жоқтағандай қабырғасы қайысып, қасіретімізді бөліскен қалың елге ризашылығымызды білдіреміз. Рухани және басқа да қолдан көмектерін аямаған Серікболымыз еңбек еткен Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті қарсы барлау әскери Департаментінің басшысына, ұжымына-әріптестерінің барлығына, Үшаралдан келген қызметтес жолдас-жораларына, Серікболдың аға-бауыр, апайлары жұмыс істейтін мекемелерден келген кісілерге, ағайын-туған, көрші-қолан, жерлестерге «Бір алланың рахметінде болсын» деп көңіл айтып, қайғымызға ортақтасқан барша қауымға Алла риза болсын болсын деп Нұрғалиевтар әулетінің атынан рахмет айтамыз.



ІЗГІ ТІЛЕК

Семейдің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аға жедел қызметкері лауазымында жұмыс істеген баламыз Серікбол Төлеуғазыұлы іссапармен Астанаға бара жатқан жолда «Ерейментау» тас жолы бойында жол апатынан қаза болды. «Басымыз қаралы, жанымыз жаралы» болған шақта Семейдің Ұлттық қауіпсіздік комитеті ШҚ басқармасының бастығы С.Садықов, бастықтың орынбасары С.Әшімов пен бөлімше қызметкерлері, аудан басшылары мен бүкіл халық мұңға толы жанымызды жұбатып, сүйеу болды. Қазақстан Республикасы ҰҚК әскери қарсы барлау департаментінің бастығы М.Мұхатов бізге арнап баламыздың мінездеме хатын жолдап, қолдау көрсетті. Осынау қаралы күндерде жанымыздан табылған, сөзімен де, ісімен де бізге сүйеу болған барша халыққа, жоғарыда аттары аталған азаматтарға жүрегімізден шыққан алғысымызды айтқымыз келеді.

Ізгі ниетпен: Нұрғалиевтер әулеті

Дидар №81 14 шілде 2012 жыл: Семейдің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аға жедел қызметкері лауазымында жұмыс істеген баламыз Серікбол Төлеуғазыұлы іссапармен Астанаға бара жатқан жолда «Ерейментау» тас жолы бойында жол апатынан қаза болды. «Басымыз қаралы, жанымыз жаралы» болған шақта Семейдің Ұлттық қауіпсіздік комитеті ШҚ басқармасының бастығы С.Садықов, бастықтың орынбасары С.Әшімов пен бөлімше қызметкерлері, аудан басшылары мен бүкіл халық мұңға толы жанымызды жұбатып, сүйеу болды. Қазақстан Республикасы ҰҚК әскери қарсы барлау департаментінің бастығы М.Мұхатов бізге арнап баламыздың мінездеме хатын жолдап, қолдау көрсетті. Осынау қаралы күндерде жанымыздан табылған, сөзімен де, ісімен де бізге сүйеу болған барша халыққа, жоғарыда аттары аталған азаматтарға жүрегімізден шыққан алғысымызды айтқымыз келеді.

**Ізгі ниетпен: Нұрғалиевтар
әулеті**

Серікбол ТӨЛЕУҒАЗЫҰЛЫНА арнау

Жайқалған балам едің ырыс-бағың,
Тілеуші едім түтінің тік ұшқаның.
Әулетіңе тіреу боп, ақыл айтып,
Ертерек бағдарыңды дұрыстадым.
Жасыңдай жарқ еттің де, амал қанша?
Құлным мәңгілікке тыныстадың,
Бар аймақ жарық еді өзің барда,
Арайлап атушы еді күміс таңым.
Қолынан басқа келер амалы жоқ,
Еріксіз еске алады туыстарың.

Бес күндік мынау жалғанда,
Бауыры бүтін жан бар ма?
Таусылып ерте дәм тұзың,
Қалдырдың бізді арманда.
Қалдырып кеттің қайтейік,
Қайғысы қалың таңдарға.

Мезгілсіз сөніп шырағың,
Суалды ерте бұлағың.

Ерейментауда құлады,
Шыңыма біткен шынарым.

Артында қалдық амалсыз,
Көңілді басып сірә мұң.

Аңырап қалды ата-анаң,
Қаңырап қалды тұрағың.

Әкесіз қалды құлындар,
Мәпесіз қалды сыңарың.

Бата беретін ата-анаң,
Бағыштап отыр құраның.

Жәннаттан болсын орының,
Алладан соны сұрадым.



*Дидар №117
6 қазан 2012жыл*

Еске алушы: әкесі – Нұрғалиев Төлеуғазы,
Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы

Дидар №117 6 қазан 2012: Серікбол Төлеуғазыұлына арнау:

Жайқалған балам едің ырыс-бағың,
Тілеуші едім түтінің тік ұшқаның.
Әулетіңе тіреу боп ақыл айтып,
Ертерек бағдарыңды дұрыстадым.
Жасыңдай жарқ еттің де амал қанша?
Құлным мәңгілікке тыныстадың,
Бар аймақ жарық еді өзің барда,
Арайлап атушы еді күміс таңым.
Қолынан басқа келер амалы жоқ,
Еріксіз еске алады туыстарың.
Бес күндік мынау жалғанда,
Бауыры бүтін жан бар ма?
Таусылып ерте дәм тұзың,
Қалдырдың бізді арманда.
Қалдырып кеттің қайтейік,
Қайғысы қалың таңдарға.
Мезгілсіз сөніп шырағың,
Суалды ерте бұлағың,
Ерейментауда құлады.
Шыңыма біткен шынарым,
Артында қалдық амалсыз,
Көңілді басып сірә мұң.
Аңырап қалды ата-анаң,
Қаңырап қалды тұрағың.
Әкесіз қалды құлындар,
Мәпесіз қалды сыңарың.
Бата беретін ата-анаң,
Бағыштап отыр құраның.
Жәннаттан болсын орының,
Алладан соны сұрадым...



Ақсуат ауылының тумасы, Семей қаласының тұрғыны болған қамқор әке, асыл жар, досқа қадірлі, ағайынның тірегі Серікбол (Секо) ТӨЛЕУҒАЗЫ-ҰЛЫНЫҢ өмірден өткеніне 1 айдың жүзі болды. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын.

Ырғайлының бойынан,
Ырғала өскен тірегім.
Саялы баққа айналып,
Саянда жүрем деп едім.
Ертегі елін шарлаймыз,
Екеуміз бірге деп едің.

Көшіне қалай ілестің,
Келмеске кетер кемеңің.
Өртенді нулы орманым,
Құлады берік қорғаным.
Жан-жарымнан айрылып,
Сорлы болып сорладым.

Сағынып еске алушылар: жұбайы Әсел, балалары Айша,
Амина, Ұлжан.

Семей таңы: Ақсуат ауылының тумасы, Семей қаласының тұрғыны болған қамқор әке, асыл жар, досқа қадірлі, ағайынның тірегі Серікбол (Секо) Төлеуғазыұлының өмірден өткеніне 1 айдың жүзі болды. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын.

Ырғайлының бойынан,
Ырғала өскен тірегім.
Саялы баққа айналып,
Саянда жүрем деп едім.
Ертегі елін шарлаймыз,
Екеуміз бірге деп едің.
Көшіне қалай ілестің,
Келмеске кетер кемеңің.
Өртенді нулы орманым,
Құлады берік қорғаным.
Жан-жарымнан айрылып,
Сорлы болып сорладым.

Сағынып еске алушылар:
жұбайы Әсел, балалары Айша, Амина, Ұлжан

ЕСКЕ АЛУ

Телеуазинов Серікболға

Шіркін-ай, жас шағында жалындаған,
Жүріп ең малың да аман, жаның да аман,
Ортамыздан шыққан бір азамат деп,
Ағайын ардақ тұтып қабылдаған,
Ақжарын көңілімізді тарту етіп,
Бар үмітті өзіне артып едік,
Қалғанда қанатыңнан қайырылдым,
Азаматтық биікке енді жетіп,
Елің еңбек етіп, төлеп едің,
Ешкімді ренжітіп көрмеп едің,
Адамшылық ең асыл қасиет деп,
Халықтың айтқанына сенген едің.

Асыл да сүйікті ұлымыз СЕРІКБОЛДЫҢ 37 жасқа толар-толмас шағында жол апатына ұшырап, мәңгілік оралмас сапарға кеткеніне де 40 күн болды. Жас та болса, туған-туыс, жора-жолдастарына қамқор, қызметіне адал болып, көп құрметіне бөленген аяулы ұлымызды сағына да сарғая еске аламыз.

Ардақты ұлымыз Серікболдың 40 күндік асы 14 шілде күні сағат 10-да және 12-де "Раушан" мейрамханасында берілді. Асқа туған-туыс құда-жекжат, жолдастарды, көршілерді шақырамыз.

Сағына еске алушылар: Нұрғалиевтар еулеті.



Тарбағатай газеті №58 5 шілде 2012ж:

Шіркін-ай, жас шағында жалындаған,
Жүріп ең малың да аман, жаның да аман,
Ортамыздан шыққан бір азамат деп,
Ағайын ардақ тұтып қабылдаған,
Ақжарқын көңілімізді тарту етіп,
Бар үмітті өзіне артып едік,
Қалғанда қанатыңнан қайырылып,
Азаматтық биікке енді жетіп,
Еліңе еңбек етіп терлеп едің,
Ешкімді ренжітіп көрмеп едің,
«Адамшылық – ең асыл қасиет» деп,
Халықтың айтқанына сенген едің,
Қайтсем де боламын деп қорғаны елдің,
Мамандықты ант беріп алған едің,
Отаныңның шебінде қызмет кып,
Сертіңе адал болып қалған едің,
Қамқоршы боп досыңа, жақынына,
Кішілерді көндірудің ақылына,
Амал қанша, бәрі де жақсы көріп,
Балаушы еді сені бір асылына,
Тура келді тағдырға көндігуге,
Қайғының қара бұлты төнді бізге,
Алланың қалағаны сол болған соң,
Айтамыз мұнымызды енді кімге?

Асыл да сүйікті ұлымыз Серікболдың 37 жасқа толар-толмас шағында жол апатына ұшырап, мәңгілік оралмас сапарға кеткеніне де 40 күн болды. Жас та болса, туған-туыс, жора-жолдастарына қамқор, қызметіне адал болып, көп құрметіне бөленген аяулы ұлымызды сағына да сарғая еске аламыз.

Ардақты ұлымыз Серікболдың 40 күндік асы 14 шілде күні сағат 10-да және 12-де «Раушан» мейрамханасында беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, жолдастарды, көршілерді шақырамыз.

Сағынып еске алушылар:

Арманы алда, асыл азамат еді...

Біздің мектептегі береке мен бірлігі жарасқан, алдыңғы қатарлы сынып болуымыз алтын асықтай, сайдын тасындай, жалындаған Серікбол сияқты ұлдарым мен жауқазындай жайнаған қыздарымның арқасы дер едім. Осы сыныбым арқылы мен де озат ұстаз ретінде беделге ие болдым., мақтандым, марапатталдым.

Мектептегі балғын, балалық кездің өзінде-ақ Серікбол өзінің алғырлығымен, ақылдылығымен, кісі көңіліне қарағыш көпқорлығымен, елгезектігімен ерекшеленетін. Сыныптағы кейбір ұлдар арасындағы проблемаларды маған сездірмей-ақ өздері жолдастарымен шешіп алатын. Серікбол-сыныптастарының арасында көшбастар серкесі, бағдаршамдай бағыт беруші шамшырағымыз еді. Жұдырықтай жүрегінің жылуын жақын ағайын-туыстарына да, жора-жолдастарына да, қызметтестеріне де жеткізе білетін атпал азамат еді.

Серікбол аяулы да ардақты кимас досымыздың бірі де бірегейі. Өндіредей қыршын шағында жасындай жарк етіп, аққан жұлдыздай елес болып кеткеніміз біз әлі де сенбейміз.

Адалдықтан аспайтын, жамандыққа баспайтын тек қана жақсылыққа бастайтын Серікболдың алар асуы, шығар шыңы, арманы алда еді.

Биік белестерге көтерілетін, кереметтей көркем мінезді тұлға еді. Жаратқанның ісіне амал бар ма?

Серікбол Төлеуғазыұлы Нұрғалиевтың ата-анасы да ағайын мен туыстың, ауыл-аймақ арасындағы сыйластықтың дәрежесін арттырып, дәнекері болып отырған, ұлағатты ұрпақ өсірген, елге қадірлі отбасының бірі. Серікболдың сыныптас жолдастары, кимас достары ата-анасына, туған-туыстарына, сүйікті жары Әселге, бауыр еті балаларына көңіл білдіре отырып, артқы ұрпағына береке берсін дейміз.

«Өмір – алдамшы әлем, қып-қысқа ғана өкінішті дәурен» деген осы. Осы айда біздің сыныптың 20 жылдық кездесулері өтпекші еді. Ортамызда сен жоқсың. Көңіліміз мұнға толып сені ойлаймыз. Көл-көсір көңіліңмен, мамыражай мейіріміңмен, жүзіннен нұрлы шуақ шашырап, күлімдеп кіріп

Жұлдырықтай жүрегінің жылуын жақын ағайын-туыстарына да, жора-жолдастарына да, қызметтестеріне де жеткізе білетін атпал азамат еді.

Серікбол аяулы да ардақты кимас досымыздың бірі де бірегейі. Өндіредей қыршын шағында жарк етіп, аққан жұлдыздай елес болып кеткеніміз біз әлі де сенбейміз.

Адалдықтан аспайтын, жамандыққа баспайтын тек қана жақсылыққа бастайтын Серікболдың алар асуы, шығар шыңы, арманы алда еді.

Биік белестерге көтерілетін, кереметтей көркем мінезді тұлға еді. Жаратқанның ісіне амал бар ма?

Серікбол Төлеуғазыұлы Нұрғалиевтың ата-анасы да ағайын мен туыстың, ауыл-аймақ арасындағы сыйластықтың дәрежесін арттырып, дәнекері болып отырған, ұлағатты ұрпақ өсірген, елге қадірлі отбасының бірі. Серікболдың сыныптас жолдастары, кимас достары ата-анасына, туған-туыстарына, сүйікті жары Әселге, бауыр еті балаларына көңіл білдіре отырып, артқы ұрпағына береке берсін дейміз.

«Өмір – алдамшы әлем, қып-қысқа ғана өкінішті дәурен» деген осы. Осы айда біздің сыныптың 20 жылдық кездесулері өтпекші еді. Ортамызда сен жоқсың. Көңіліміз мұнға толып сені ойлаймыз. Көл-көсір көңіліңмен, мамыражай мейіріміңмен, жүзіннен нұрлы шуақ шашырап, күлімдеп кіріп



Нұрғалиев Нұрғалиевтің қызы Әсел мен балаларының бірі Серікбол

Біздің мектептегі береке мен бірлігі жарасқан, алдыңғы қатарлы сынып болуымыз алтын асықтай, сайдын тасындай, жалындаған Серікбол сияқты ұлдарым мен жауқазындай жайнаған қыздарымның арқасы дер едім. Осы сыныбым арқылы мен де озат ұстаз ретінде беделге ие болдым., мақтандым, марапатталдым.

Мектептегі балғын, балалық кездің өзінде-ақ Серікбол өзінің алғырлығымен, ақылдылығымен, кісі көңіліне қарағыш көпқорлығымен, елгезектігімен ерекшеленетін. Сыныптағы кейбір ұлдар арасындағы проблемаларды маған сездірмей-ақ өздері жолдастарымен шешіп алатын. Серікбол-сыныптастарының арасында көшбастар серкесі, бағдаршамдай бағыт беруші шамшырағымыз еді. Жұдырықтай жүрегінің жылуын жақын ағайын-туыстарына да, жора-жолдастарына да, қызметтестеріне де жеткізе білетін атпал азамат еді.

Серікбол аяулы да ардақты кимас досымыздың бірі де бірегейі. Өндіредей қыршын шағында жарк етіп, аққан жұлдыздай елес болып кеткеніміз біз әлі де сенбейміз.

Адалдықтан аспайтын, жамандыққа баспайтын тек қана жақсылыққа бастайтын Серікболдың алар асуы, шығар шыңы, арманы алда еді.

Биік белестерге көтерілетін, кереметтей көркем мінезді тұлға еді. Жаратқанның ісіне амал бар ма?

Серікбол Төлеуғазыұлы Нұрғалиевтың ата-анасы да ағайын мен туыстың, ауыл-аймақ арасындағы сыйластықтың дәрежесін арттырып, дәнекері болып отырған, ұлағатты ұрпақ өсірген, елге қадірлі отбасының бірі. Серікболдың сыныптас жолдастары, кимас достары ата-анасына, туған-туыстарына, сүйікті жары Әселге, бауыр еті балаларына көңіл білдіре отырып, артқы ұрпағына береке берсін дейміз.

«Өмір – алдамшы әлем, қып-қысқа ғана өкінішті дәурен» деген осы. Осы айда біздің сыныптың 20 жылдық кездесулері өтпекші еді. Ортамызда сен жоқсың. Көңіліміз мұнға толып сені ойлаймыз. Көл-көсір көңіліңмен, мамыражай мейіріміңмен, жүзіннен нұрлы шуақ шашырап, күлімдеп кіріп

Жас қазақ №28 (392) 23 шілде 2012 жыл: Арманы алда асыл азамат еді.

Біздің мектептегі береке мен бірлігі жарасқан, алдыңғы қатарлы сынып болуымыз алтын асықтай, сайдын тасындай, жалындаған Серікбол сияқты ұлдарым мен жауқазындай жайнаған қыздарымның арқасы дер едім. Осы сыныбым арқылы мен де озат ұстаз ретінде беделге ие болдым., мақтандым, марапатталдым.

Мектептегі балғын, балалық кездің өзінде-ақ Серікбол өзінің алғырлығымен, ақылдылығымен, кісі көңіліне қарағыш көпқорлығымен, елгезектігімен ерекшеленетін. Сыныптағы кейбір ұлдар арасындағы проблемаларды маған сездірмей-ақ өздері жолдастарымен шешіп алатын. Серікбол-сыныптастарының арасында көшбастар серкесі, бағдаршамдай бағыт беруші шамшырағымыз еді. Жұдырықтай жүрегінің жылуын жақын ағайын-туыстарына да, жора-жолдастарына да, қызметтестеріне де жеткізе білетін атпал азамат еді.

Серікбол аяулы да ардақты кимас досымыздың бірі де бірегейі. Өндіредей қыршын шағында жасындай жарк етіп, аққан жұлдыздай елес болып кеткеніміз біз әлі де сенбейміз.

Адалдықтан аспайтын, жамандыққа баспайтын тек қана жақсылыққа бастайтын Серікболдың алар асуы, шығар шыңы, арманы алда еді.

Биік белестерге көтерілетін, кереметтей көркем мінезді тұлға еді. Жаратқанның ісіне амал бар ма?

Серікбол Төлеуғазыұлы Нұрғалиевтың ата-анасы да ағайын мен туыстың, ауыл-аймақ арасындағы сыйластықтың дәрежесін арттырып, дәнекері болып отырған, ұлағатты ұрпақ өсірген, елге қадірлі отбасының бірі. Серікболдың сыныптас жолдастары, кимас достары ата-анасына, туған-туыстарына, сүйікті жары Әселге, бауыр еті балаларына көңіл білдіре отырып, артқы ұрпағына береке берсін дейміз.

«Өмір – алдамшы әлем, қып-қысқа ғана өкінішті дәурен» деген осы. Осы айда біздің сыныптың 20 жылдық кездесулері өтпекші еді. Ортамызда сен жоқсың. Көңіліміз мұнға толып сені ойлаймыз. Көл-көсір көңіліңмен, мамыражай мейіріміңмен, жүзіннен нұрлы шуақ шашырап, күлімдеп кіріп

келетіндей елендейміз. Серікбол сенің аяулы да асыл бейнең көзден кетсе де көңілден кетпейді, өмірден өтсең де жүректен өшпейді.

Серікбол, сенің жарқын жайдары жүзің, нұрлы жанарың, ашық ақкөңіл мінезің ұстазың мен жолдастарыңның мәңгі есінде, саған деген жүрек сыздатар сағынышымыз бүгін, міне, 40 күн өтсе де басылмақ емес. Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын...!

*Құлын-тайдай тебісің, бірге өскен,
балалықтың дәуренін бірге кешкен 1992
жыл мектеп түлектері, сыныптас
жолдастарың, қимас достарың, білім нәрін
берген ұстазың, Күләш Әділғожина*

ЕСКЕ АЛУ

Ақсуат ауыпының тумасы, ағайын- туыстың сыйласы, ата - анасының ардақты ұлы, достарының алды, шаңырағының шамшырағи ТӨЛЕУҒАЗЫҰЛЫ СЕРІКБОЛ егер есен - сау жүргенінде 2- желтоқсан күні 37-ге толып, мүшелінен шығар еді.

Тумшалап, қараңғылап көгімізді,
Өксіттің -ау алмай өмір бізді.
8 ай өтті Серікбол жоқ арамызда.
Келеміз құрғата алмай көзімізді.
Жан еді ақиқатқа, шынға құмар,
Азамат еді ақжолтай сынға тұрар.
Үмітіміз өшірмес есіміңді,
Айшаң бар, Әминәң бар, Ұлжаның бар.

Еске алушылар: Нұрғалиевтер әулеті.



Тарбағатай газеті №98 6 желтоқсан 2012ж

Ақсуат ауыпының тумасы, ағайын-туыстың сыйласы, ата-анасының ардақты ұлы, достарының алды, шаңырағының шамшырағы ТӨЛЕУҒАЗЫҰЛЫ СЕРІКБОЛ егер есен-сау жүргенінде 2-желтоқсан күні 37-ге толып, мүшелінен шығар еді.

Тумшалап қараңғылап көгімізді
Өксіттің-ау алмай өмір бізді
6 ай өтті Серікбол жоқ арамызда
Келеміз құрғата алмай көзімізді
Жан еді ақиқатқа, шынға құмар,
Азамат еді ақжолтай сынға тұрар.
Үмітіміз өшірмес есіміңді,
Айшаң бар, Әминәң бар, Ұлжаның бар..!

*Еске алушылар:
Нұрғалиевтер әулеті.*



Ақсуат ауылының тумасы, Семей қаласының тұрғыны болған жан баламыз сүйікті бауырымыз, ардақты әке, аяулы жар Серікбол ТӨЛЕУҒАЗЫҰЛЫНЫҢ дүниеден өткеніне 6 ай болды. Серікбол тірі болса 2 желтоқсан күні 37 жасқа толар еді.

Құлыным, өзінді еске алып сағынамыз,
Сағынып көздің жасын ағызамыз.
Аруағыңа бағыштап құран оқып,
Жаратушы бір Аллаға табынамыз.
Ұрпағың бар көңілімізді жұбатар,
Жасамаған жасыңды солар жасар.

Бір Алладан иман тілеп қол жаямыз,
Мәңгілік асыл бейнең есте қалар.
Секошым жатқан жерің жайлы болсын,
Топырағың торқа болып, қабірің нұрға толсын.
Иманың әрқашанда жолдас болып,
Орының тек жәннаттың төрі болсын.

Сағынып еске алушылар: ата-анасы, аға-жеңгесі, апай-жезделері, бауыр кәліні жұбайы, балалары

Семей таңы, №97. 4 желтоқсан, 2012 ж.

Жан баламыз, бауырымыз, ардақты әке, аяулы жар Серікбол Төлеуғазыұлының дүниеден өткеніне 6 ай болды. Серікбол тірі болса 2 желтоқсан күні 37 жасқа толар еді.

Құлыным, өзінді еске алып сағынамыз,
Бір Алладан иман тілеп қол жаямыз.
Сағынып көздің жасын ағызамыз,
Мәңгілік асыл бейнең есте қалар.
Аруағыңа бағыштап құран оқып,
Секошым жатқан жерің жайлы болсын,
Жаратушы бір Аллаға табынамыз.
Топырағың торқа болып, қабірің нұрға толсын.
Ұрпағың бар, көңілімізді жұбатар,
Иманың әрқашанда жолдас болып
Жасамаған жасыңды солар жасар,
Орының тек жәннаттың төрі болсын.

*Сағынып еске алушылар: ата-анасы,
аға-жеңгесі, апай-жезделері,
бауыр-кәліні, жұбайы, балалары*

Семей таңы, №97. 4 желтоқсан 2012 ж.
Сүйікті бауырым Серікбол тірі болса 2
желтоқсан күні 37-ге толар еді.

Ақсуат ауылының тумасы, Семей қаласының тұрғыны болған сүйікті бауырым Серікбол ТӨЛЕУҒАЗЫҒЫНЫҢ дүниеден өткеніне 8 ай болды. Серікбол тірі болса 2 желтоқсан күні 37 жасқа толар еді.



Зымырап өтіп жатыр уақыт,
Құлыным кеттім сені сағынып.
Қайтейін қорғай алмай өзінді,
Қалдым ғой бір-ақ күнде айырылып.
Келмеске кеткеніне өтсе де алты ай,
Жоқтығына келемін көндіге алмай.
Ойлап кетсем өзінді ішім күйіп,
Жасым қысып, өксіктен жылай алмай.
Былырғы туған күнін көз алдымда,
Шаншар қарап күлген бір дауысың да.
Ішіндер деп қымызды арнайы алдым,
Сол қымыздың әлі де дәмі аузымда.
Сен өткен соң қырық күн жауды нәсер,
Табиғат та жылағандай қалды әсер.
Берер ем бәр нәрсені түк керек жоқ,
Бұл жалғанға қайтып келсең өзің егер.
Көңіл шіркін сенбейді екен жоқтығына,
Жүрсін бе деп құпиялы жұмысыңда.
Көрем бе деп өзінді қиялменен,
Барғым келіп тұрады үй жағына.
Қайтейін енді келмесінді білсем де,
Қия алмадым қоштасуды көрсем де.
Тілейтінім ендігі бір Аппадан,
Жұмақты нәсіп етсін бір өзіне.
Сағынып еске алушы: апайы Дарига.

Зымырап өтіп жатыр уақыт,
Құлыным кеттім сені сағынып.
Қайтейін қорғай алмай өзінді,
Қалдым ғой бір-ақ күнде айырылып.
Келмеске кеткеніне өтсе де алты ай,
Жоқтығына келемін көндіге алмай.
Ойлап кетсем өзінді, ішім күйіп,
Жасым қысып, өксіктен жылай алмай.
Былырғы туған күнін көз алдымда,
«Шаншар» қарап, күлген бір дауысың да.
«Ішіндер,- деп - қымызды арнайы алдым»,
Сол қымыздың әлі де дәмі аузымда.
Сен өткен соң қырық күн жауды нәсер,
Табиғат та жылағандай қалды әсер.
Берер ем бәр нәрсені, түк керек жоқ,
Бұл жалғанға қайтып келсең өзің егер.
Көңіл шіркін сенбейді екен жоқтығына,
Жүрсін бе деп «құпиялы жұмысыңда».
Көрем бе деп өзінді қиялменен,
Барғым келіп тұрады үй жағына.
Қайтейін енді, келмесінді білсем де
Қия алмадым қоштасуды көрсем де,
Тілейтінім ендігі бір АЛПАДАН,
Жұмақты нәсіп етсін бір өзіне.

Сағынып еске алушы:
апайы Дарига


МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР



«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін»
медалі



«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл»
мерекелік медалі



Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік Қызметіндегі «Ерен еңбегі үшін» медалі

КОЛТАҢБАСЫ

Писать разборчиво, аккуратно и только чернилами

АВТОБИОГРАФИЯ

Писать самостоятельно в произвольной форме, но с ОБЯЗАТЕЛЬНЫМ указанием следующих сведений: фамилия, отчество, дата и место рождения, национальность; с какого времени начал работать, кем, где, когда, указать адрес первоначальной и последней, где работал (а), причины переезда; когда и кем принимался на службу в Вооруженные Силы СССР, где и в качестве кого проходил службу; указать № воинской части, в состав какой воинской организации, соединения, части (а) в бригаде, батальона, полка, роты, взвода, в составе какой воинской организации, соединения, части (а) в бригаде, батальона, полка, роты, взвода; участие в общественно-политической работе, чисел (а) ли партийное или комсомольское членство (за что); семейное положение, когда и кем (а) в брак, фамилия, имя, отчество, год рождения, место рождения и национальность (за что); дата, место и фамилия жены; если вступил (а) в брак повторно, указать сведения о первой жене (муже), причина развода; другие ближайшие родственники: отец, мать, родные сестры и братья Ваши и Вашей жены, дети, год рождения и место рождения их, национальность, партийности, места работы и их адреса (если родились пенсионерами, указать место работы и должности); место жительства; служит ли кто из родственников в Вооруженных Силах СССР (указать род и № части, в состав какого воинского округа вступил); было ли Вы, Ваша жена (муж) или Ваши родственники за границей (где, когда, с какой целью); имеются ли у Вас, Вашей жены (мужа) родственники, проживающие за границей и которые ранее так проживали; состоял ли кто из Ваших родственников и родственников жены (мужа) в иностранной организации или подданстве; была ли Ваша жена (муж) или родственники встречались с ними, вели переписку; привлек ли Вы, Ваша жена (муж) и родственники к уголовной ответственности (куда, за что).

Я, Тасмуратов Серикбай Тасмуратович, родился 2 декабря 1975 года в селе Казан-Кеске Аксуатского района, Алматинской области, Казахстан.

В 1982 году пошел в Аксуатскую среднюю школу и закончил в 1992 году. После окончания школы изучал техникум Журналист и Тасмуратович.

В 1992-1993 годах обучался на подготовительном курсе Алматинского технического института специальности промышленности.

В 1995 году поступил на первый курс механического факультета Алматинского технического института.

В 1995 году перешел на экономический факультет Государственного университета "Семей" Современность. В университете проходил кампьютерные курсы на спецгруппе ПЭВМ.

В 1999 году окончил наименее курсы Государственного университета "Семей" по специальности "Экономика и менеджмент в отраслях агропромышленного комплекса" и получил квалификацию инженер-экономист.

В феврале 1999 года устроился на работу в Государственный центр по развитию пенсий (ГЦУВП) в Алматы на должность на должность старшего специалиста.

В ноябре 2000 года уволился в связи с призывом на действительную срочную службу в Вооруженные Силы Республики Казахстан. Службу проходил в № 64031 в Семипалатинске. В октябре 2001 года уволился в запасе в звании сержанта.

С ноября 2001 года и по настоящее время работаю в Государственном центре по развитию пенсий (ГЦУВП) в Алматы на должности старшего специалиста.

Женат. Вступил в брак 01.02.2002 году с гражданкой
Телегузиной (Житкашевой) Жель Шапатовной. Родился 28
28 июля 1978 году в г. Семипалатинске, Казахская
В 1985 году пошла в Джамбылскую среднюю школу
имени Ю. А. Гагарина, Чарынской области

В 1995 году окончила полный курс высшейшей
средней школы и поступила в Государственный филиал
общей институт. В 1999 году окончила институт
по специальности "Финансы и кредит", квалификация
экономист.

В начале 1999 году устроилась на работу в Семипалатинской
отделение ВКО филиала Государственного
центра по выплате пенсий на должность старшего
специалиста. В данное время работает в этой
организации.

Мать, Туржишев Жануза родилась в 1933 году в
селе Кок-Тубек Аксуатского района, Семипалатинской
области. В данное время персональной пенсионер.
Проживает с Ахметом ул. Ауэзова 5

Мать, Туржибаева Туржишын родилась в 1939 году
в селе Кок-Тубек Аксуатского района, Семипалатинской
области. В данное время она тоже на пенсии. Проживает
с Ахметом ул. Ауэзова 5

Брат Туржишев Жанар Телмузинович, родился
в 1962 году в селе Кок-Тубек Аксуатского района, Сема-
палатинской области. Работает директором Иртыш-
бизнесбанка города Усть-Каменогорск. Женат. Прожи-
вает в г. Усть-Каменогорск, ул. Перлитиния 15/А-104.

Сестра Туржишева Жанан Телмузиновна, родилась
в 1964 году в селе Кок-Тубек Аксуатского района,
Семипалатинской области. Работает заместителем
главного бухгалтера городского филиала САФ, Центр
кредит" города Алматы. Заужена. Проживает
г. Алматы ул. Кушмова 86.

Сестра, Силузинова (Туржишев) Маржан Телмузиновна
родилась в 1968 году в селе Кок-Тубек Аксуатского
района, Семипалатинской области. Работает в ин-
ституте №5, преподавателем информатики. Заужена
Проживает в г. Семипалатинске ул. Талеста 36 кв. 4.

Сестра Туржишова Жанаран Телмузиновна,

104 родится в 1969 году в с.е. Нурбаба, Джуратского района, Семипалатинской области. Проживает в с.е. Жезуат, ул. Ауэзова 4. Сестра, Туржишева Жанаркул Токмушевна

105 родится в 1941 году в с.е. Г. Шинк, Джуратского района, Семипалатинской области. Проживает

106 старшим наготовом инспектором наготовом комитете по Тарбагатайскому району. Проживает в Жезуат, ул. Токим 3. Сестра, Туржишева Дарын Токмушевна

107 родится в 1973 году в с.е. Община, Джуратского района, Семипалатинской области. Настоящий сотрудник скорой помощи города Семипалатинска. Проживает по адресу: проживает в Семипалатинске. У. Тарбагатай Батари 48 кв. 80.

108 брат, Туржишев Бакитбай Токмушев, родится в 1978 году в с.е. Нурбаба, Джуратского района, Семипалатинской области.

109 Работает младшим курсом с должности ДПО по Тарбагатайскому району. Проживает в Жезуат, ул. Ауэзова 5.

110 Отец жены, Житкашев Жанит Сулейманович родится в 1956 году в п. Новое-Казанка, Джуратского района, Тарбагатайской области. Проживает в п. "Селейкус" на должности старшего бригадира. Проживает в Семипалатинске по ул. Ибраева 73.

111 Мать жены: Житкашева (Сулейманова) Турганмухтаровна родится в 1956 году в с.е. Байсаба, Шемонаихинского района, ВКС. В данное время домохозяйка. Проживает в Семипалатинске по ул. Ибраева 73.

112 брат жены, Житкашев Жанит Сулейманович родится в 1980 году в п. Новое-Казанка, Джуратского района, Тарбагатайской области. Проживает в ТОО "Селейкус" на должности старшего производственного слесаря. Проживает в Семипалатинске по ул. Ибраева 73.

113 брат жены, Житкашев Жанит Сулейманович

родился в 1987 году в п. Даванная Урайского
района Читинской области средней
школы №31. Проживает в г. Великий Устюг
по ул. Ибреева 73

Жен. я ни мои родственники родственная связь за
мужем не имели К уголовной ответственности
никогда не привлекался

Полудунин (Полудунин)

Подпись Полудунин

фотопортрет 1987 г.

Паспорт: серия и № Удмурт X003040491

Кем выдан и когда МВД РК 09.04.1997г.

Где прописан ул. Папуриева 82 кв.60

Партийный (комсомольский) билет или кан-
дидатская карточка

№

Кем выдан и когда

Телефон: служебный

домашний

Военный билет:

серия и № ТМ №2926032

Кем и когда выдан ВКО 08

всех качеств

Диплом (аттестат зрелости, свидетельство о
образовании)

Серия и № ЖБ №0055548

Кем и когда выдан ГУ в Селен

от 31.05.1997г.

БАБАЛАР БАСТАУЫ

Тоқабай елі.

Ата шежіресі келте болмас үшін қазақ фольклоры Орта жүз Найман шежіресінің бастапқы екі шумағымен бастауды жөн көрдім. Ол архивтік деректерде мынандай деп бастау алады:

Қолыма жаздым қағаз, қалам алып,
Білгенді жариялап хатқа салып.
Бетінде ақ қағаздың сөзім қалсын.
Бір күні тағдыр жетіп кетсек тайып.

Бар еді Майқы биде екі бала,
Балалар деп ат койған Қазақ, Созақ.

Созақтан Қарақалпақ бөлінеді,
Осылай шежіреден көрінеді.
Атамыз Қазақтан да, үш ұл туып,
Ұрпағы өсіп-өніп келіп еді.
Ақарыс, Жанарыс пен Бекарыс деп,
Үш жүз деп оған есім беріледі,-

дегенді, басшылыққа ала келе, шежіре дерегіне жүгінсек Орта жүз деп аталатын Бекарыстан Келімбет мұнан Көсем, Көсемнен Сарманай, Сарманайдың бәйбішесінен Ақсопы, Ақсопыдан Найман, Найманнан Белгібай. Осымен Найманның немерелері: 1) Әлпештен туған Сүйініш; 2) Ақсұлудан туған Шүкірші. Белгібайдың үшінші әйелінен туған Келбұғы, Кетбұғы, Бағаналы, Балталы. Бұл алтауы Белгібайдың үш әйелінен.

Қызенейді алған Елатаннан туған Қоңыратты деген баламен жетеу, Көкжарлымен сегіз Бурамен тоғыз болады.

Тоғыз таңбалы Найманның яғни, тоғыз баланың үлкені Сүйініш – теріс таңбалы атанып кеткен.

Белгібайдың екінші әйелі Ақсұлудан Шүкірші бұдан Сармырза жалғыз. Сармырзадан Төлегетай жалғыз. Төлегетайдан Қытай бай жалғыз. (Осылай үш ата жалғыз – жалғыздан болғандықтан, Төлегетай бабамыз немерелерім көп болсын деп баласының атын Қытай койған екен деген аңыз бар). Қытайдан төрт бала туады. Үлкені Төртуыл, екіншісі Қаракерей, үшіншісі Матай, төртіншісі Садыр. Қытай балаларының жас кезінде қайтыс болып, төрт бала үлкен атасы Төлегетай тәрбиесінде ер жетеді. Олар күні бүгінге дейін төрт Төлегетаймыз дейді. Мына бір шумак өлең содан бері үзілмей ел аузында айтылып келеді.

Найманның шөбересі Төлегетай,
Айтады туады деп одан Қытай.
Қытайдың төрт баласы деп айтады,
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.

Жасында Қытай мырза дүние салып,
Білмеген балалары атын атай.
Төрт бала үлкен аға қолында өсіп,
Атанған сол себепті төрт Төлегетай.

Қаракерейден Мейрам, Мейрамнан Байторы, Байторыдан – Байыс. Ал Байыстың бәйбішесі Мұрыннан: Сары менен Мақта деген қыз туады.

Ал Қаракерей туралы Сапарғали Әлімбетов былай деп жазыпты:

Найманның Қаракерей сауыры еді,
Төртуыл, Садыр оған бауыр еді.
Інісі Матай келіп қосылғанда,
Салмағы Орта жүзге ауыр еді.
Арғында мұның теңі Алтай – Қарпық,
Үйсіннің Дулатындай өсімі артық.
Албан менен Адайдай сырды қоршап,
Атырабы Алатаудай жатқан шалқып.
Бір өзінен отыз аудан ел тарайды.
Орыс пенен Қытайға тең қарайды.
Қаракерей көлемі алып жатыр,
Үрімжі Семей менен екі араны.

Ал, Сарының бәйбішесінен Жолымбет туады. Жолымбеттен: Ажы, Рақ, Ажықұл, Арызбек, Қыдыр, Назар.

Арызбек жас кезінде жоғалып кетіп, Жолымбет бай іздеп барып, Арызбекті Арғыннан тауып, Қазыға жүгініске барғанда «Өзімнің аппақ Найманым» деп жанын беріп алып, содан Ақнайман, бір болыс ел. Ертістің арғы жағында Алтай тауында, Ақнайман, Қожамбет деген елмен көршілес Қытаймен шекарада тұрады.

Ақнайманның қолында Жолымбет бай 136 жасқа келіп қайтыс болған.

Жолымбеттің бар қара шақырағы Ақнайманның қолында қалыпты. Қазірде маңдайша таяныш бар деседі. Қой дерттеніп ауырса, сол маңдайша таянышка түнетеді екен.

Жолымбет бабам Найманның кейінгі ұрпағы, кезінде көп жасаған адам екен. Бір көрнекті ерекшелігі, жүз жеті жасында Дана деген әйелді алып осыдан келер жылы бір ұл туып ат қойыпты.

Ат қою деп еске саларда Матай Жаксыбай би. біздің ойымызға келмеген іс еді, осы баланың атын Қосмұрат қояйық. Бұл қарияның жүзден асқанда көріп, жемгем мен екеуінің мұратына екінші рет куә болсын деп азан шақырып ат қойып және мынандай бата беріпті:

Қосмұрат болсын бала аты,
Жеткізсін, өссін қанаты.
Ат аспанға дейтұғын,
Бұрынғының санаты.
Алланың берген баласы,

Тәңірдің барма таласы.
Жүз жаста көп ел алжиды,
Жүруге келмей шамасы.
Асқанда жүзден ұл берген,
Айналайын, Алланың,
Құріретіне қарашы.
Елесімізге ғибрат,
Асыл менен жасықтың,
Жермен көктей арасы.
Он үшке ортақпыз,
Қайырлы болсын нағашы, - деген екен.

Сонда Назар дейтін баласы қуанышқа кенеліп, Жақсыбай биге ат мінгізіп иығына шапан жауыпты дейді.

Жолымбет баба атақты шежіреші, әрі батыр, әрі бай, ұрпағы мол, төрт түлігі сай адам болыпты.

Ақмола облысында Жолымбет атындағы темір жол станциясы мен ауылы бар екендігі, қазақтың сырда тұрып Сарыарқаға келіп, қалмақтарды қуып жерін босатқаннан кейінгі тұрақтаған мекені екенін көрсетіп тұрғандай.

Енді Назарға тоқталсақ: Қаракерейден бері жеті Жолымбеттің ең қалындап өскені Назар руы екен. Сол себепті: Қарғыба мен Базарым қалың елім Назарым деп мәтелге айналған. (Сапарғали Әлімбетов).

Ішінде бес Байыстың Мұрын кесек Мұрынның Назарына жетпейді есеп,- деп айырықша көрсетеді.

Үш Назар бұл Найманның думан жері.
Найза ұшы, нокта басы, асқар белі.
Тоқабай, Жанай деген екі ауылдың,
Маңайын басқан емес дию – пері
Шерубай, Тана мырза заманында,
Сан күлген тақымында ердің – ері,- депті.

(Қали Аманбалайұлы).

Назардан Жанболат одан Тоқабай. Архивтік деректерге жүгінсек: Қызылорда облысындағы, Тоқабай бабамыздың атымен аталатын елді мекендер: Қызылорда облысы, Арал ауданының, Жіңішкеқұм ауылдық округінің орталығы Тоқабай бабамыздың атымен аталады. Тоқабай елді мекеніндегі, 25 орындық аурухана да Тоқабай бабамыздың атымен аталады. Осы аурухана Тоқабайдан 110 шақырымдағы Жіңішкеқұммен одан әрі 70 шақырым жердегі Атаншы ауылдарының тұрғындарына да дәрігерлік қызмет көрсетеді. Емхананың меңгерушісінің есімі Мәдина Сармағанбетова деп көрсетіліпті. Енді бір айта кетер Тоқабай бабамыздың екі баласы да батыр адамдар болыпты: фольклорлық аңыз әңгімелерге құлақ ассақ Тоқабай бабамыз алып денелі өте ірі адам болыпты. Бір жылдары құдыққа түсіп кеткен атан түйені беліне арқан байлап құдықтан суырып алыпты. Осы оқиғаға байланысты сол жылы туған баласының атын Атан қойыпты. Сол себепті, Атан атанып

кеткен көрінсін. Архивтік құжаттардағы Атаншы ауылы деп көрсетілген ауыл осы кісінің атына берілген ауыл атауы болу керек.

Екінші баласы Жомарт та қалмақтармен ақырғы шайқаста қарсыласын жер қаптырып, айтама соғыста жараланып жарасы асқынып барып, қайтыс болыпты. Зираты қазіргі Көкпекті ауданының шығыс жағына қарай 9 шақырым жерде жатыр.

Қазақтың сыр бойында болғандығы туралы Кәрібай ақынның мына бір өлеңі дәлелдей түсетіндей:

Біз келдік Сарыарқаға сырда тұрып,
Шығыпты сол мекеннен қалмақ құны
Айырылып алдағы мал, бастағы үйден
Күрке ғып үш ағаштың басын буып
Қалмақпен біздің қазақ соғысқалы,
Болыпты дәл жеті жүз жылға жуық.
Қан төгіп бейбіт елді қырғаннан соң,
Кәпірден сескеніпті көңіл суып-

делінген «1723 жыл қазақтың сыр бойында болғаны аңыз» деген сөзде осыны бекіте түседі.

Халық шежірісінде Жанболат бабамыз туралы

Жанболаттан Тоқабай, Жанай, Сары,
Шойтабай, Ырсак пенен Қарабай, Қожет тағы.
Тоқабайдан туылты Атақ жомарт.
Шойтабан Жарылғаппен туған бәрі
Бұлардың туысында міні барма,
Өнімін мақтаушы еді ескі кәрі.
Жомарттан туған екен тоғыз бала
Тусашы лсындай боп жанның бәрі.
Жомарттан Кегенбай, Бәйел менен Қоқан, Мақпал,
Бұларға бала тапқыш түскен әйел-депті

Тоқабай бабамыз туралы халық ақыны Сапарғали Әлімбетов «Молдабай бауан дастанында» Тоқабай руының көптігін былайша сипаттайды:

Тоқабай Жанболаттың өскен ұлы,
Жайлауға ши бойынан көшкен күні.
Қырық ауыл ауа көшсе жоқтамайтын,
Көптігінің белгісі дескен мұны.

Немесе Қали Аманбайұлының, Нұрғали Тұнғатаровпен айтысуында:

Әрине сөзге құлақ салар едім
Қолыма қу тақтайды алар едім.
Үстіннен көп Тоқабай қаптап өтсе,
Астыңда аяғымның қалар едім.

Немесе «Қыдырдың ізін басқан» деген теңеу өлеңі кезінде Тоқабай елінің ел ішінде өскелең ауыл екенін көрсетеді.

Токабай руынан атақты адамдар өте көп шыққан. Мәселен: Қара қылды қак жарған Кегенбай би, ол туралы Қали Аманболайұды:

Құт қонған Кегенбай мен Кокебайға,
Жалғанда ісі жакқан бір Құдайға.
Қадірін Арғын-Найман анық біліп,
Ұқсаған жомарттығы Атымтайға.

Ықылым замандағы патшалы Ресейдің архивтік құжаттарындағы бүкіл қазақ еліне белгілі болған атақты 17 билердің аты жөндері мен өмір сүрген уақыты, туған жылы, өмірден өткен жылы, билікті бастаған жылы, жасаған жасы, билік басында болған уақыты көрсетілген документте Найманнан Кегенбай-би ме Сасан-би Мынбай ұлы енгізіліпті.

Сол құжат бойынша билік басында 87 жыл болған Кегенбай-би ғана екен.

Қазақ ел бірлігін сақтаған әділ билері мен қол бастаған батырларын ардақ тұтқан ғой.

Біздің өңірде бүкіл Найманға билік айтқан қазақтың бір туар перзенті халқына жол нұсқаған, қара қылды қак жарып әділдік жолын ұстаған, қазақ халқы басынан не бір қиын кезеңдерді өткерген тұста, әр дайым халқының қасынан табылып, туған даласын жат жұрттың басқыншылардан қорғауға белсене араласқан, дала демократиясын одан әрі дамытып орнықтыруға барынша күш жұмсаған Кегенбай-би бабамыз туралы әнгімелер сөз кастерлей білетін адамдардың көпшілігіне таныс.

Осы атақты бидің есімі Қаркерей Қабанбай дастанында, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіре кітабында, сондай-ақ біздің өңірде ел аузындағы әнгімелерде жиі ұшырады.

Осындай деректерге сүйенген Серік ақын:

Сексен жеті жыл би болған,
Кегенбай атаң пір болған,
Өмір сүріп бір ғасыр
Қаймана жұртқа нұр болған- деп жырлапты.

Осы рудан шыққан Шерубай туралы Сабырбай ақын былай деп жазыпты:

Мұрыннан Шерубай мен Пана шықты.
Өз тобын заманында жара шықты.
Орыспен патша алдында заңдасқанда,
Бұларды Арыс танып, Алаш ұқты.
Батырдың Қожакелді құнын жоқтап
Сексенбай Хабаровпен таласыпты
Айтқаны Шерубайдың заңға сиып,

Немесе Біржан мен ақын Саранын айтысында:

Найманнан Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, ер Таукөбай,
Қай қазақ сөз бастаған одан бұрын-делінген

Не шыкса көптен шықпайма? Атақты адамдарға Тоқабай руы Өте бай. Кешегі кара қылды как жарған Кегенбай-би, Шерубай, Құнанбайдың атасы Ағанас батыр, Қаптағай батыр, Құнанбаймен құдандаласқан Нұран бай, жауырыны жерге тимеген Молдабай балуан, Аякөз, Малбағар батырлар. Ресей отаршылығына қарсы шығып каза тапқан Қожакелді батыр, Абылай, Қос Омар, Әулие Тұяқ, Бәйел-би шықты.

Енді сөз етіп отырған Ағанас батыр туралы Шәкерімнің Қабыш деген баласы былай деп жазыпты:

Қайын атасы Ағанас әділ кісі,
Бәйбішеден жалғыздың нағашысы.
Найманның биі болған соған барған,
Аты жеткен қазақтың жүгінісі.
Өскелең Тоқабайдың қауымынан,
Атан, Жомарт дейтұғын ауылынан.
Алтайдан түлеп ұшқан ақиықтай,
Ебінің екпіні артық дауылынан.

Осындай сол ауылдан туды бір ұл,
Өзі – нар, өзі – балуан, өзі бір-гүл.
Өскеменге, Семейге, Шәуешекке,
Белгілі бас балуан Молдабай бұл.

Аузымда ә дегеннен сөзім дайын,
Қаныда келтіремін сөз ынғайын.
Ежен мен Рүссия атын білген,
Балуан қайраты асқан Молдабайым.
Ташкенттен, Бұхар барған Қызыл жармен,
Ат бастатқан бір тоғыз былай тұрсын,
Алаштан кілем алған қара нармен.

Молдабай міне осындай болған мықты,
Бәрі де кездескеннің тізе бүкті.
«Көк бөрі» кеудесінен кеткен күні,
Жалғыз-ақ ол кісіні ажал жықты.

Халық биі Абылайдың мінезі ауыр көп сөйлемейтін, қандай биліктерге қатынасып отырса да, сөздің артын бағып, түйінді жерге келгенде шешімді бірақ айтады екен.

Омар қажы қоштасу жырында:
Ақылдың кені Абылай,
Қайраты асқан Молдабай.
Алладан Әмір келген соң,
Заманым болды-ау осылай,- деп жазыпты.

Екі Омар туралы жазылған жыр жолдарына назар аударсақ былай деп жазылыпты:

Екі Омар өз тұсында жаннан асқан,
Дұшпанның ерегескен көңілін басқан.
Атағы Абылайдай ардақты ерім.
Үш жүздің ортасында үлгі шашқан.
Аузына дуа қонған, басқа бақыт,
Сөйлесе сөзі ділдә, гауһар жақұт.
Бас қосқан Арғын – Найман съезінде,
Талайды тамсандырған таңырқатып.
Топ бастаған торының тұқымы еді,
Кешегі Шерекеңнен қалған сарқыт,- депті.

1826 жылы Қожакелді батыр Ресей патшалығы жендеттерінің қолынан оққа ұшады. Қожакелді батыр дүниеден көшерінде артындағыларға «Орысқа бодан болмауды» өсиет еткен екен.

Айдабол, Шанат, Қожамжар.
Орысқа бодан болмаңдар.
Орысқа бодан болсаңдар,
Өркештіде ком қалмас,
Құйрықтыда жал қалмас.
Жерінде шұрай сән қалмас.
Адамыңда өң қалмас.
Кіргізбе іштеріңе жат халықты.
Деп батыр қауіп ойлап сақтаныпты.
Өлген соң құнын сұрай Петерборға,
Үш кісі Жолымбеттен аттаныпты,-

деген өлеңді батырдың балалары мен немерелеріне арналған толғауының үзіндісінен аңғарамыз. Осы рудан шыққан Бөкенші де заманында Төбе би болған адам екен. Кәрібай ақынның Әсет пен айтысында Бөкенші туралы:

Мұрынның ақсақалы Бөкенші нар,
Билеуші Глебалды, Жанабай бар.
Асылбек, Қыдырмолла, би Бексолтан,
Омары Шерекеңнің өңкөй дегдар – делініпті.

Зейтенғазы ақын, қазіргі Қытайдың бас ақыны болып жүрген Зейтенғазыұлы Құрманбекте осы рудан. Қытай жерінде руы Уақ Жамалхан Қарабатыр қызымен айтысынан қысқаша үзінді.

Жамалхан

Құрманбек сөз сөйлейсің өрлегендей,
Айтыста ешбір бәйге бермегендей.
Өкіріп Найман шалдай өле қалсан,
Тақыр шапқа көмейін, жерге көмбей.

Құрманбек

Жамалхан сөздерімнің жалғаны жоқ,
Мен әйелден жеңіліп қалғаным жоқ.
Тоқсанда атам өлген қыз құшақтап,
Мен солай өлсем егер арманым жоқ.
Сен болсаң айтыстағы нағыз айым.
Мендағы тілдің майын тамызамын.
Айтыстың ай – жұлдызы өзің болсаң,
Төбеңнен Лазарт болып ағызайын.
Жамалхан ұнай ма екен бұл әдісің,
Өзінді өзін ауызға ұрамысың.
Айтыста, жалаң бассың саханада,
Қай өртке жанып еді шылауышың.

Алаш өкілдері Бияхмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармаков, Жағыпар Мұхаметжанов, Жұмәділ Мұхаметжанов, атакты қызыл комиссар, Екпін ауылында қола мүсіні тұрғызылған Ысқақ Кабековтер мен Сәрсенов Жанахметпен Дәлелдер.

Алаш өкілі Бияхмет Сәрсенов туралы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» деген поэмасында:

ОҚЫҒАН:

Біреуі Бияхмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғиға ұқсар көрсең түрі.
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,
Екенін біле алмайсың қандай қыры.
Ақылы да оның көп айласыда,
Көңілінің жылдам сезгіш айнасыда.
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын,
Түлкідей жалт етегін таймасы да,
Ісі де таланты да қалыспайды.
Жұмсаса тегінде халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
«Қазақ» деп жүрегінін қайнасы да,
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,
Шолпандыққа жарайды ай қасында.
Әуелде қатарынан туысы артық,
Сондықтан күн – күн сайын барады артып.
Ілімнің аймағында жақтыдағы,
Еріксіз туысымен алар тартып, - деп жырласа.

Жүсіпбек Аймауытов

Бияш өте досшыл, жолдасшыл, жалғыз калуға жарайтын, жанын қиоға шыдайтын ер еді. Еш нәрседен тауы шағылып, тез қайтпайтын қуанқы пысық еді. Бияш қысқаша айтқанда, алмас кылыштай, қырағы қаршығадай жігіт еді деп жазыпты.

Қолға алған әрбір жұмысы өрге басып, зор құлшыныс, бар ынтамен еңбектеніп жүрген іскер Бияхметтің жас ғұмыры кенеттен үзілді. 1920-1922 жылдардағы Қазақстанда болған жойқын ашаршылық салдарынан қазақ даласын кеңінен шарпыған оба ауруына душар болған Бияхмет Сәрсенов 1921 жылы 17 шілде күні 36 жасында Орынбор қаласында мезгілсіз қайтыс болды.

Бияхметтің мезгілсіз қазасына алыстағы ел-жұрты, туған-туыстары, қызметтес дос-жарандары қатты қайғырып аза тұтты.

Сол кездегі халық ағарту комиссариатының орынбасары көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытов Түркістан Республикасы мен Қазақстанның губерниялық қалаларына түгелдей телеграмма жазып Бияхметтің мезгілсіз қазасын хабардар етті.

Түркістан Республикасының бас газеті «Ақ жол» басқармасы: «Қазақ елінің көгіндегі үркердей азғана жұлдыздарының бірі сөнді. Бияхмет сол саналы жұлдыздардың арасындағы ең жарық, нұрлы көрінгендерінің біреуі еді. Оның өлімі қазақ жұрты үшін орны толмайтын қаза, қаруы қайтпайтын шығын», - деп өкініштерін білдіре қайғыра жазды.

Ал мұраттас досы Ғалымбек Бірімжанов осы газетке арнайы азнама мақала жазып өз өкінішін: «Оның алдан көздеген нысанасы, жүрек түпкіріндегі мақсаты қазақ халқының өз тізгіні өзіне тиіп, өзін-өзі билеу дәрежесіне жеткізу еді. Бұл тұрғыда жанын аямай, өлімге басын байлап, қызмет қылды» деп білдірді.

Семей қаласында шығып тұратын губерниялық «Қазақ тілі» газетінде Бияхмет туралы газет редакторы Маннан Тұрғанбаев пен жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Бияш» атты көлемді мақаласы жарияланды. Бұл мақала Бияхмет Сәрсеновтың өмірі мен қызметі хақында мол мағлұмат беретін дерек көзі болумен бірге, оның азаматтық биік тұлғасына қойылған мәңгілік ескерткіш десе де болғандай. Мақала авторлары Бияхметтің өмір кезеңдеріне толық тоқтала отырып, оның азаматтық қадір-қасиетіне жете баға берген: Төңкеріс заманға душар боп, әлеумет ісіне оқыған аздықтан қазақтың ана жұмысы да, мына жұмысы да Бияшты керек қылды, сүйреді. Оның араласпаған қызметі болмады.

БИЛІК ТҰРҒЫСЫНДА (ТҰҒЫРЫНДА)

Жылжумен жылдар өтті, бала ер жетті.
Кегенбай жігіт болды асыл текті.
Ер құны, елдің дауын шешетұғын,
Би болды ел ішінде қабілетті.

Енді осы Кегенбай Жомартұлы Найманның Байыс (Мұрын тармағынан) оның ішінде Тоқабай табынан шыққан. Ұзақ жасап 100 жасында дүние салған. Он үш жасынан билікке араласқан. Оның төменде баяндалатын биліктері шешендік сөз қактығысы елдің есінде жақсы сақталған.

Кегенбай би бір сапарында қалмақпен шапқыншылықтағы кісі құнына байланысты Шыңжаң өлкесіндегі Орқашар тауынап әрі асып, қалмақ ішіне дейін барыпты. Бұл жолы да, қалмақ биін сөзден жығып әділ билік айтып екі елдің дауын бітіріп қайтқан.

Қалмақ елі Кегенбай биді «Білдірмей шешетін, қан шығармай кесетін би екен» деп бағалапты.

Бидің жоңғар - қалмақ басқыншыларының шабуылынан құтқарудағы азаматтық орасан зор еңбегі ел аузындағы шешендік сөздер, әңгімелер мен аңыздарарқылы жарқын көрініс табады.

Қонтажы болған екен қаһарлы хан,
Жанына батып адам бара алмаған.
Ер құнын шешу үшін Кегенбай би,
Алдына Қонтажының барған адам.
Қазақтың жерін алып, малын алған,
Ел шауып, қызды әкетіп, ойран салған.
Жанына отыз адам ертіп барып,
Құтқарған қазағымды осы даудан.
Қонтажы Кегенбайды қабыл алған,
Бір жұма дау шешілмей дамылдаған,
Үш түрлі сұрағыма жауап берсең,
Билігіңді болайын орындаған.
Бұл сөзін Кегенбай би мақұл алған,
Сұра деп сұрағыңды айтып қалған.
Тыңдаған сонда тұрып хан сұрағы,
- Кімге опа береді дүние жалған?
Бар екен еліңізде үш жақсы адам,
Біріншісі-Серікбай «Матайлаған».
Екіншісі-Мүсәпір деп естіді,
Үшіншісі-Кегенбай деп ойланам.
Дегенде Кегенбай би күлген екен,
Жеңілгенін Қонтажы білген екен.
«Жесе тоймайды, құйса толмайды,
Бұл нағыз Серікбай» деген екен.
Мүсәпір деп қойылған аты жаман,

Екіншіңіз Мүсәпір деген адам.
Көргенін айтпайды, алғанын бермейді,
Дегенде Қонтажы хан көп ойланған.
Үшінші сұағыңыз қиын екен,
Халқыңыз бүгінгі күн жиын екен.
Ауыртпай кесіп, білдірмей шешетұғын.
Мен Кегенбай биіңіз, - деген екен.
Ел дауын, ердің құнын тура шешіп,
Еліне олжалы боп келген екен.
Жерін беріп, жесірді қайтарып ап,
Қазаққа Қалмақ теңдік берген екен.

Бұл дәуірде өз ұлтының ұйтқысы болып талай тағдыры таразыға түскенде, ел жұртының бірлігі мен тірлігін көксеген Кегенбай бидің алатын орны ерекше. Сол заманда өмір сүрген аса ақылман ірі қоғам қайраткері, дала демократиясын дамытып егемен ел болу үшін жұмсаған қажыр қайраты, азаматтық қызметі аз емес.

Кегенбай міне осындай болған адам,
Басына бақ пен қыдыр қонған адам.
Кіндігінен 16 бала өрбіп, осіп,
Жомарттан 11 бала ол тараған.
Кегенбай Жанболаттың өскен ұлы,
Ер құнын, елдің дауын шешкен ұлы.
Аруағы риза болсын бабамыздың,
Өмірде шығармайық естен мұны.
Қаз дауысты Қазыбектің немересі,
Бекболаттан Тіленші деген кісі.
Кісі өліміне билігін дұрыс бермей,
Дауга айналған аяғы мұның тұсы-

Әлқиса, бұған дейін Найман елінен барған билер тобына Қаракесек руы жуандық көрсетіп, жөнді жауап бермей қайтарса керек. Келесі жылында Кегенбай бидің өзі атқа мінеді. Басқа жаққа бет бұрмастан, ат тұмсығын Тіленші Бекболатұлының ордасына тірейді. Күтуші жігіттер бұларды қонақ үйге апарып түсіреді. Тіленші би Кегенбай бидің сырттай даңқын естігенмен, өзін көрмепті. Сондықтан да қандай адам екенін байқап келуге сыншы жібереді. Келесі күні қонақтармен бірге болған сыншыдан мәнжайын сұрағанда сыншының айтқаны: Қаршығыдай шағын денелі, өңменіңнен өтердей көзі бар, шоқша сақалды, сары сұр біреу отыр орталарында. Бір айыбы денесі томшадай ғана екен. Тымағының бір құлағы жымырулы, етек жеңін қымтап, бүктеулі камшысы жанында, жүресінен отырып сөйлесті. Өзі қонышына пышақ жонып отыр,- дейді қайтып оралған сыншы – қауіпті жауыңыз сол, басқалары дәнеңе емес,- депті. Сонда Тіленші – етек-жеңін қымтап ұстауы – елін шашыратпай, іргесін бүтін ұстайтын адам екен. Қамшысының бүктеулі жанында жатып, жүресінен сөйлеуі – елім үшін бәріне бекеммін дегені ғой. Қонышына пышақ

жанып отырғаны – ойпырмай, жауласуға да, дауласуға да дайынмын дегені ғой бұл – депті.

Бұл дауға барған екен Кегенбай би,
Тіленші көрсетіпті құрмет пен сый,
Тай сойып, қонақ асы жегеннен соң,
Тіленшіге айтыпты: Халқыңды жи

Шабуылды бұрын бастауды жөн көрген Тіленші келе сәлемдеседі де,
Кегенбайдан көзін алмай, іле сөйлеп кетеді:

-Уа, заманның тозғаны-ай,
Аттан тайдың озғаны-ай,
Шернеуіштен (кішкентай дегені) би қойып

Қайран елдің азғаны-ай! – деп саңқылдай жөнелгенде Кегенбай би іркілместен:

-Арғы атанды білуші ем,
Аруақты қарт еді.
Өз әкенді білуші ем,
Жақсылардың арты еді.
Келген қонақты сыйламау,
Қай қазақтың салты еді.
Малдың зоры соғым болар
Адамның зоры боғым болар,
Шойынның батпандайы құм болады,
Алтынның мысқылдайы пұл болады.
Құм жиылып тас болмас,
Құл жиылып бас болмас.
Сен шойын мен алтын шығармын, -

Дегенде Тіленші одан әрі айтқызбай, таяп келіп иығындағы шапанын
Кегенбайдың үстіне жаба салыпты. Тегі, одан әрі айтса, ұлы әжелерінің
қалмақтығын айтар деп қауіптенсе керек. Кегенбай би сол сапарында дау аяғын
біржола тындырып қайтады.

Жеңілген соң Тіленші,
Әділдікке сеніпті.
Ертеден қалған аңыз бол,
Тіленшіні жеңіпті.

Кегенбай айтқан осынау аталы сөз Ақсуат, Көкпекті, Жарма, Аяқоз
аудандарын мекендейтін сөз білетін адамдардың бәріне жақсы мәлім. Тегі
Тіленшімен болған осынау сөз қағысы бүкіл Арғынға тараса керек. Атақты
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің шежіре кітабында Найман ішінен бірінші
кезекте Кегенбай биді дәріптейді. Тоқабайдың жуаны Кегенбай, бай ел болды.
«Білсең Кегенбаймын, білмесең деген баймын» дейтұғыны мығымдығын
көрсетеді.

Қаракерей Қабанбай сынды батырлар осы Тоқабайдан, онан бергісі
Кегенбайдан да шыққан деседі деп жазылыпты (400 бет.)

Кегенбай би тоқсаннан асқан кезеңінде,
Үш сұрағы сөз болған өз елінде.
«Мойынынан, белден, аяқтан түскен кісен не?»
Дегенде, Бокбасар би шешіпті үшеуінде.
«Мойнындағы кісен – Алланын сүйген ұлынын мойнына,
Түсер, халық жүгін көтерер өзіңіз ғой.
Белден түскен кісен – жетесіз балаңыз ғой,
Аяқтан түскен кісен – жетесіз балаңыз ғой,
Аяқтан түскен – ағайынның жаманы, әйеліңіз
Шешуі осы үшеуі болады ғой,-

дегенде риза бопты Кегенбай би.

Олай болса сол кісенді мойнына ілдім , - деп
Би батасын Бокбасарға берген ұдай.
Ер дауын, ердің құнын шешер кезде,
Ертіпті Бокбасарды содан былай.

Билікті өз балаларына бермей руы Сары Жамантайұлы Бокбасарға беруі
бидің өз мүддесінен ел мүддесін жоғары қойғаны. «Тура биде туған жоқ» деген
халықтық қағидадан табаны таймай өткен кемеңгерлікті, даналықты көреміз.

Осындай қасиетті қып жаратыпты,
Кегенбай бабамызды патша құдай.
Артында аз болса да сөзі қалған,
Үш жүз үй шаңырағы көзі қалған.
Әкесімен екеуін қатар қойып,
Мәңгілік ұрпақтары зират салған.
Кегенбайдың бір жүзге жасы жеткен,
Көз жұмғанша бабамыз билік еткен.
«Екі арманым айтылмай бара жатыр»
Деп арманын өлерде айтып кеткен.
Бірінші арманым-жақсы әйелді ер құнына,
Жақсы атты нар құнына кесе алмадым.
Екінші арманым – мылтық ұстамаған,
Ерді әйел құнына кесе алмадым.
Ғажап қой ойлап тұрсаң қиялдары
Дұрыс қой шеше білсек ой-арманы.
Жақсы әйел ер қанаты серігі ғой
Мылтық алған батырлар ел қорғаны.
Баланы жай көріпті атам Найман
Тілепті бала бер деп бір құдайдан.
Құдайым шын тілегін қабыл етіп
Мұншама ел боп өстік Белгібайдан.
Ортасында Сүгірше ббабамыз бар,
Төрт ру халық болдық Төлегетайдан.

Бидің өмір сүрген заманында Арғын, Матай. Уақ, Қарауылжаеық, Сарыжомарт елдері шекаралас отырады. Осы елдердің бірінің өте бай адамы, жесір дауында ма, жер дауында ма, өзі сияқты мінезі өркөкіректеу, ұрт мінезді бай адаммен сөзге келісіп, қамшыласып, сабаласып жүріп, қарсылас байдың көзін шығарып алады. Артынан арада дау көбейіп, екі ауылдың арасы егес болып, ел арасы бөлініп, кісі өліміне дейінгі жанжалдарға барады. Ел арасын тыныштандырып бітімге келу мақсатында аяқ жетер жердегі билердің барлығына да жүгініске барады. Алайда, билердің мал кесігіне өзі онсыз да қисық мінезді адам келіспейді. «Кескен малының үстіне сондай мал қосып берейін, көзімді шығарған байдың көзін ойып алып беруге кесім шығарып бер» дейді екен.

Бұдан арғы арада да ел арасындағы егес тоқталмайды. Бұрын ешбір шешімін таппаған, асқынған даудың шешіміне жүгініске Кегенбай биге баруды ауыл ақсақалдары мен ел жақсылары ұсыныс жасап, келісімдерін береді. Осы ұйғарымнан кейін жанына бірнеше адам алып, Кегенбай бидің ауылына келіп түскен екен. Би аулының күтуші азаматтары бұларды қонақ үйге апарып түсіріп, қонақ асын беріп күтеді. Ертенінде би келген қонақтардың бұйымтай шаруаларын сұрайды. Қонақтар келген істің мән-жайын, егжей-тегжейін айтады. Болған билер мен шығарылған биліктерге келіспейтіндіктен, жүгініске келгендіктерін баяндайды. Наразылықтарын толық тыңдап ұғынысқан соң, Кегенбай би ойланғықырап, сөзді одан әрі жалғастыра отырып, сөз арасында «Қарсыластарыңыздың қыз баласы бар ма?» - деп сұрапты. Жүгініске келушілер: «Бар» - депті. Өңгіме тегігі шешімге тақар кезде олай болса құда болғайсың, құда болсаң немерен ұл болар, егер немерен ұл болса, ашамайға мінуге жарағанда келерсің, билігін сонда айтармын, - депті.

Құн даулаушылар би шешіміне түсініксіздікпен ауылына аттанып кетеді. Биге жүгініске келгендер еліне барған соң, ауыл ақсақалдарын, игі жақсы мен жайсаңдарын жинап бидің айтқанын ортаға салады. Жиналғандар: «Би тегін айтпас болар, қашанғы атысып, жауласа береміз, құда болсақ құда болайық» - деп келісімге келіпті. Бидің айтқанындай, айы-күні толғанда келіні ұл тапса керек. Кегенбай бидің сәуегейлігіне тәнті болған бірбеткей бай немересі ашамайға отыруға жарағанда бидің ауылына қайта оралады.

Кегенбай би құн даулап жүрген адамнан: «Көзін жетілді ме?» - деп сұраған екен. Сонда құн даулаушы: «Жетілді» - деп жауап беріпті. Сонда Кегенбай би «Судың түбін шым бекітер, даудың түбін қыз бекітер» - деген осы десе керек. Сонда билікке келген адам, Кегенбай бидің үстіне шапан жауып, ат жетелетіп, түйе берген екен дейді

Ертедегі кезде барымташылық тиылған ба? Әсіресе, айдаса жаудыкі, ысқырса желдікі болған жылқы түлігіне ұрылар алдымен түскен. Жанболат елі жайбаракат жазғы жайлауында отырғанда Арғын руының адамдары жылқы ұрлап, екі арада ұзақсонар дау басталады. Қолды болған жылқыларды иелері

таныса да алушылар ырық бермейді. Арғын билері арызды сиыр құймынақтатып шешпейді. Ондағы билік құрушы Сапа деген адам екен.

Жанболат елінің жылқы алдырған азаматтары осы жағдайды Кегенбай биге баяндайды. Шиеленіс мәнісін ұғынған соң би өз тарапынан Арғындарға екі мәрте адамдар жіберсе де шешімді жауаптарын ала алмай қайтады. Жауап жоқ болған соң Кегенбай би өзі барады. Сапа би егенбайдың атақ, даңқын сырттай естігені болмаса өзін көрмеген адам екен.

«Кегенбай би келді» - деген соң сәлем беріп, есіктен кіргеннен кейін Сапа:

«Кегенбай кайсы кісі?» - деп сұрапты. Сонда жанындағылар:

«Ол мына кісі болады» - деп таныстырғанда Сапа:

«Көлегедей адам ба десем, шынашақтай ғана екен ғой», - дегенде Кегенбай:

Алтынның бармақтайы пұл болады,
Шойынның қазанджайы құм болады.
Адамменен адамды айыра алмас,
Өзіңнің ата тегін кім болады, - дегенде

Сапа би үндемей үйден шығып кетіпті. Жиналып отырған Арғын ақсақалдары: Сапа, сен сөзден ұтылып, жеңіліп қалдың ғой», - деп дабырласыпты. Кегенбай би бұл жолы да ат шапан айыбымен ұрланған жылқыны айдаттырып еліне олжамен оралыпты.

Кегенбай би тек қана би емес, көріпкелі бар сәуегей адам болған. Кегенбай би бір көрген түсінде келешекте әлемнің бірталай жерін қамтитын мемлекет болар-сірә деген екен (Нұрғазы ақсақал). Соған қарағанда талай қым-қиғаш оқиғалар тағдыр таразысына түскенде осы данагөй биден шешімін тауыпты.

Кегенбай би айтқан осынау аталы сөз орта жүз ішінде Арғын, Найман елінде санада терең із қалдырған. Кегенбай бидің шешендік сөздері мен билік болмысы, көрегендігі сөз білетін адамдардың бәріне жақсы мәлім.

Алайда, билер мен шешендер сөзі десе шошынып, олардың асыл мұрасының әрбір сөзінен астар іздеп, қайдағы жат пиғылды аңғаруға бейімдік танытқан түрлі-түрлі қоғамдық-әлеуметтік себеп салдарынан болса, екінші көнекөз қариялар азайып, күн өткен сайын, жабулы қазан жабуымен қалып ұмыт болып бара жатқаны белгілі.

Дегенмен, бидің билік-шешендік сөздері көнекөз қариялардың, солардан естіген ағайындарының, жекелеген жинаушыларының еңбегінің нәтижесінде сақталды. Ертелі-кеш ел аузынан жиналған билік шешендік сөздері 1990 бидің билігі мен шешендік сөздерін жинаушылар деп Нәкей, Қонақ, Иген, Жәкежай, Момбай, Дүнгей молла, Ахметжан, Әпсәләмдерді айта келе, бұл әңгімелерді жадында сақтап, ұрпаққа жеткізген еңбектерін атап өткім келеді. Дегенмен, тарихтың, өнердің, білімнің кілті халықта ғой. Қаншама мағлұматтар жатыр десеңізші. Тек шашылып жатқан маржанды уақытын өткізбей жинап алатын мүмкіндіктер болса демекпін.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының жоңғар жорығына қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі, сол кездің ірі қолбасшысы саналатын

Қаракерей Қабанбай батырдың жасында елінен кетіп, жиырма бес жасында қайта оралғанда, бүкіл Арқа қазақтары жиылып, Аякөз бойында үлкен той жасайды. Қаракерей елінің білікті аламырлары Кегенбай би, Бұланбай, Бокбасар, Бексұлтан, Дәулет, Молқажан, Жауар т.б. бірнеше түйеге қырық саба қымыз артып ерулік алып тойға келеді. Неше күн той жасап, аяқтар кезінде айтқан кезінде айтқан уәдесі бойынша, Өмір батыр Байжігіт туын Қабанбайға тапсырады да батасын береді.

Сөйтіп, Мәмбет елінің кеткені келіп, кемтігі толып, кейінгі өмірлері тату-тәтті, берекелі болып өтіпті,-деп жұрт сөз егіседі екен деп Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садыхан жазады. Б.Садыханның руы Тоқабай,оның ішінде Жомарт болып келеді. «Қаракерей Қабанбай» атты поэмасында қабырғалы би Кегенбайдың аты бірінші аталып, данқы сол кезде мәлім болса да, сөйте тұра, «Қазақтың шешендік сөздері» деген кітапта, Кегенбай бидің шешендік билік сөздері, басқа жақтың билеріне телініп кетіпті. Кегенбай бидің аты аталмайды. Бірақ, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Құрама жиып ел еттім, құланды жиып мал еттім», Құрама кетер еліне, құланды кетер жеріне», деген сөздер осы Кегенбай айтқан сөз дегенді айтуы әбден ықтимал.

(«Қаракерей Қабанбай», Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садыхан, Шыңжаң Халық баспасы. Үрімжі 1991 жыл. Жауапты редакторы Оразбек Канафин және редактор Далелхан Смайыл).

Сөз арасында «Қаракерей Қабанбай» атты поэманың авторлары Сәнік пен Бейсенғали КНР-да ұлтшылдық желеуімен екеуі де түрмеде отырған. Осы отырған кездерінде естелік жазады. Түрмеден Бейсенғали бұрын шығады да, адресін Сәнікке тастап кетеді. Олар сол кезден бастап хат жазысып жүріп түрмеден босаған соң, Бейсенғалиды іздеп тауып алып, күні өтіп көп жатып қалған қағаздарының әр жері өшіп қалған көрінеді.Жинап «Қабанбай» дастанын жазған екен.

Сәнік КНР университетінің журналшы факультетін бітірген. Әйелі Шамша Бану Хамзақызы да журналист екен. Ал Бейсенғали оқығаншежіреші ақсақал көрінеді. (Ахметқазы) Бейсенғали 2001 жылдың күз айында дүние салған.

Қасиетті би атамыз еш жанды жатсынбаған, мейілінше қайырымды, мейірімді, жан біткенді бауырына тартқан, бытыраған елінің басын қосып, көшін түзеген болса керек. Оның айғағы, өз кіндігінен туған балаларынан басқа асырап алған Тарақты, Шахабай, Ораз, Естек, Сарыжомарт атты балалары болған.

Әр қилы замандағы ел басына түскен ауыртпашылыққа байланысты қоныс аударып бара жатқан елдің бірі:

Тарақты елі- Қарқаралыдан көшіп бара жатқан ел екен. Рулары Тарақты ішінде Әлі, оның ішінде- Көгедай. Көгедайдың үш баласын Абыз, Байшағыр. Тоқтар ауылдарын Би бабамыз тоқтатып, Кегенбай ішінен Құл атасынан Шерубай ауылы мекендеп отырған Сарыбұлақтан қыстаулық, Қарғыба-Базардан егістік, Қалбадан жайлаулық жер бөліп берген көрінеді.

Бұл аңызда Тарақты елі Шерубай ауылымен тегінде құдандалас ел екен, соны бетке алып көшіпті десе, енді бір әңгімеде қандай да бір қолайсыз жағдайлармен ауып бара жатқан ел екен дегенді айтады.

Қалайда Би атаның қамқорлығымен Кегенбай ауылын мекендеп, осы елге сіңіп, шежіреде бірге аталып кеткендігі ақиқат шындық екенін айтпасқа шараң жоқ.

Шахабай елі - Сады ұрпағынан тарайтын алты ауыл Шахабай елі бөлініп көшкелі жатыр дегенді естігенде, Би атаң алдынан кісі жіберіп, көшпесін деген хабар бергізіп, (сол жерден жер бергізем), егер түйелерін қойдап жүріп кетсе, келген жеріне тоқтасын деген екен. Шахабай елінің негізінде қоныс аудару себебі; Шахабай - Назардың тоқалының баласы екен. Сол тұста мал мен жер еншісіне өкпелі болып, бәйбіше балаларынан қысым көрген соң, Қытай елінде тұратын нағашыларына аспақшы болып кетіп бара жатқан жерінен, хабаршылар үлгеріп барғанша Нәуім қыстағының тұсына келгенде алдынан шығып тоқтатып, Бидің келетіндігі туралы хабардар етіп, дайындалыңдар деген көрінеді.

Айтқанындай Би атаң келгеннен кейін сол тоқтаған жері Нәуімді қыстаулыққа, егіндікке Кегенбай-Бәйел тоғамының Көкбұқа тоғамымен шекаралас жерінен жер беріп, енші бөліп, жайлауын би балаларының қайсысымен қанаттас болсаң, сонымен бірге болады деген кесім айтады. Сол биліктің куәсі ретінде Шахабай зираты сол бидің берген кесім жерінде әлі күнге дейін тұр. Би атаның батасы тиіп, Жанболаттың бір баласы Сары елімен құдандалас болып, ел аузында мынандай сөз қалыпты «Сарыда құдаң Боқбасар, билік айтса дөп басар, Шахабай құда Нәуімді, ел Қалбаға, Жолдыбайдың саласын малы да сыймай жатады»

Ораз табы – тегіндегі Кегенбай Оразбыз деп жүретін Шойтабан ұрпақтары Балшықбаев Жұмаділ, Әмірқасым, Қазыбек, марқұм Нұрсейтов Қапастар болып келеді.

Марқұм Балшықбаев Жұмаділмен «Социалистік» колхозында, кейін «Ақсуат» совхозында бірге жұмыс істедім. Осы кісіден ертедегі көнекөз қариялар айтатын аңыз әңгімелердегі Шойтабан Ораз тарихын сұрағанда былай деп әңгімелегені бар.

Шойтабан руының Ораз табы ру арасындағы жер дауымен жанжалдасып, арада араздық пайда болып, ағайын арасындағы жанжалдың өршіп етеки алып, ушығып кетуіне байланысты, жерді қойып, қорасынан қой шығартпауға барған соң, бірге отыруға мүмкіндік болмағандықтан, Қытай мемлекетін бетке алып, қоныс аударып бара жатқан елді «Жұрының кезеңінен» Кегенбай би ауған ауылды тоқтатып, көшу себептерін сұрағанда Ораз; «Жылқымызға құрық салды, басымызға сырық салды», - деген екен. Ораз да батыр адам болыпты. Шойтабан ұлдарының өз ішінен бүлік шығармайын деп көше керек. Ораз Ақ сұлуға; толғағың жеңіл болып тоғыз, еңкейгенде егіз тап,- деп бата беріпті.

Бидің батасы тиіп, содан былай Ақсұлудан үбірінді-шүбірінді болған деген аңыз бар.

Би бабаң қоныс аударып бара жатқан Ораз табын еліне алып келіп, елін жинап жер ауып бара жатқан Оразды менің балам деп есептеңдер. Оны шеттеткендерің менің ұрпағым емессіңдер деген екен. Сөйтіп, өз ұрпақтары қыстап отырған «Төлеуіш», «Жанабай», «Қазанқаб» қыстақтарына қоныстандырып, өзіне бала етіп алуы көне көз қариялардың әңгімесін бекітеді. Сол Ораз табы күні кешеге дейін өздерінің руын Кегенбай Оразбыз деп атап келген болатын. Сол қасиетті бабамыз болмаса, әлде қайда жүретінімізді кім білсін деп ел тұтастығын сақтап қалған бабамызға ризашылық сезімдерін білдіріп, басқасын қойғанда бала етіп алып, ұлан-асыр той жасағаны еш уақытта ұрпақтардың есінен кетпес деп әңгімелейтін.

Сол Сияқты Өтетілеу ішіне сіңген Естек, Қырықбай ішіне сіңген Сарыжомарт ұрпақтары да – бірге өсіп біте қайнасқан шежіреді бірге жазылған ұрпақтар. Бұлар өте ертеректе келіп осы ру аталарымен бірге өсіп, сіңісіп кеткенге саяды. Өйткені бұларды қандай да бір жағдайлармен келіп еді деген аңыз әңгімелер айтылмайды. Кегенбай би ұрпақтарының кейде он алты, кейде он сегіз болып айтылатын себептері де осыдан болуы керек.

Кейінгі «Ақтандақ» жылдарынан соң өмір сүрген ақсақалдар болмаса одан бұрынғылары тіс жарып ештеңе айтпаған көрінеді. Би бабаң мақсатым-құрамадан жисам да ел ету, құланнан жисам да мал ету деген қағиданы ұстаған қасиетті тұлға.

Міне, осы аталған балаларына енші беріп, ат шаптырып, той жасап, түгел ұрпақтарын жинап, кімде-кім осыларға сендер сіңбесіңдер, тумаған деп тіл тигізсе, жат мінез көрсетсе, сол менің үмбетім емес деп қатаң ескертіп, шегелесе керек.

Бабаның осы айтқан бата сөзін бұлжытпай орындап, ұрпақтары туған балаларымен бірге өсіп-өркендеп тамырын кең жайып, өздерін Кегенбай бидің ұрпақтарынан тарағанбыз деп зор мақтанышпен айтады екен.

Кезінде ел бірлігін сақтаған бабаның биік парасаты, дархан рухы, асқан кісілік келбеті міне осындай болған.

Қалай деседі. осы ата-бабаларының ұзақ жылдар бойы би балаларымен бірге өсіп, біте қайнасып, тегінде шежіреде қатар жазылып келгендігін алып тастай алмайсың.

Бұл асырап алған балаларынан басқа бидің өз кіндігінен өскен 350 үй Кегенбай ұрпақтары болғанын мегзейді. Революционер-жазушы Сакен Сейфуллинге, Ысқақ Кабековке, осы рудың азаматы Б.Сарсеновке алашордашыл деген ат қойып, айдар тағылды. Ел – іші қуғындауға түскен қым-қиғаш өткен ақтандақтар заманынан кейін, ауыртпалықтан жер ауып, шет елге кетіп айыпталып, ұсталып, тынышталған 1940-шы жылдың басында 50 үй ғана қалды. Осы 50 үйден 1941 жылы 73 жас өспірім, әскер қатарына алынып, одан 69-ы мүлдем еліне оралмапты.

Сәмен Тоғас ішінде Шерубай, оның ішінде Аталық Кегенбай би Жомарт ұлына жиен болып келеді екен.

Кегенбай би дүниеден озғанда Тоғас елі;
Нағашың еді Кегенбай,
Би атан айтты деген-ай!
Би атанның тұсында
Күндегі сауық күнім-ай!
Нағашың еді Жанұзақ,
Тұрмадың ата азырақ.
Би атам сапар шеккен соң,
Өшті ғой біздің шамшырақ,-деп

Айтқан жоқтау өлең үш ғасырдан астам уақыт бойы адамдар санасына сақталып ұмытылмай келеді. Бабалар сөзі шындығында даналық көзі ғой.

Кегенбай бидің зираты Көкпекті селосынан шығып, Ақсуат тас жолының бойымен тоғыз шақырым жүрсеніз, сол жағындағы шок тоғайлы шағын жазық жатады. Тоғай арасынан бұралаңдап, Көкпекті өзені ағады. Бұрын жазық ортасынан айналасында кішігірім зираттар бар үлкен екі төмпешік көзге шалынатын.

Тың көтерілген жылдары бір бұзық трактористер айналасындағы зираттарды қағып өтіп, бір талайын жыртып жіберген көрінеді. Ортасында төмпешік болып қалған зираттардың айшықты ағаш күмбездері бұдан ертеректе сонау отызыншы жылдары сол зираттан шығысқа қарай орналасқан екі километр жердегі сиыр базының төбесін жабу үшін бұзылып алыныпты да, айналасындағы қыш кірпіштен жиналған қорғандарының кірпіштері тозғаннан кейін, екі үлкен төмпешікке айналған.

Тарихи ескерткіштердің, ескілік аталуының бәріне жауыға қарайтын сондай бір қытымыр заман өтті ғой басымыздан. Сол екі километр қашықтықта /орналасқан/ салынған база қамалған ірі қараның белгісіз аурумен, әр күн сайын бір бастан шығын болып, қыстама аяқталғанда бәрі өліп біткен деседі. Кейіннен қой да, шашқа да қыстақтан бірақ қыс ішінде бәрі де өлді,- деседі, бірен-саран көне көз қарттар әңгіме тиегін ағытып.

Ал екі зираттың күмбездерін бұздырып, қыш кірпіштерін алдырған адам үрім бұтағымен жоғалған. Мұны естігенде Египеттегі перғауының оқиғасы ойымызға оралады. Египеттегі оның қабірін ақтарушылардың да көпшілігі белгісіз аурудан өлген еді ғой. Мұның себебі сарокафактың ішінде мыңдаған жылдар бойы сақталып қалған улы микробтарға байланысты екен! Сол кейіннен анықталды ғой. Мұндағы колхоз малдарының жаппай шығынға ұшырауына да сондай бір салдар себеп болды ма, кім білсін? Ал, қариялар қауымы мұны киелі аруақтардың шамдануы деп жориды. Қалай десек те әлгіндей фактінің болғаны анық. Бүкіл Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба!- деседі олар.

Осы жер бұрынғы «Ұзын бұлақ» совхозының егістік жері. Зират егістік жерге кіре орналасқан. Жылда жер жыртыатын трактористер, зираттың үстімен жүрмей, боразданы айналып өтіп салатын. Осыдан он шақты жыл бұрын осы арадағы егістікті бір казак, бір неміс жігіті «К-700» тракторымен жер жыртады. Неміс жігіті боразданы тура тартамыз дейді. Ал қазақ жігіті алдында киелі

зират жатыр, айналып өтуіміз керек дегенге қарамастан қандай түлен түрткенін кім білсін, тура боразда тартып келе жатып, зираттың төмешігіне көгеріле бергенде, трактор артындағы тіркеме плуг үзіліп, «К-700» тракторының шатуны кенет сынып, істеп шығады. Трактордың қатты үзілген шатунының дауысынан шошынып, неміс жігіті трактордан түсе қашып, қарсыдағы беткейге шығып кетеді. Артынан қуып барып ұстап алып келіп, зират басына әкеліп мал сойып, ұшықтап, құран оқып ишарат жасаған едік.-дейді қариялар. Дегенмен сол жігіт жарымжан болып ауырып, тракторын тастап кеткен көрінеді.

Малды қойғанда адамның осындай жағдайға ұшырауын тектен-тек жағдай деп түсінуге болмайтын бір сыр бар екендігін анық дей келе, бүкіл елге, Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба деген сөздің мағнасы да осы терең сырда жатқандай сезіліді.

Он үш жасында билік тұғырына ие болған Би бабаң ұзақ жасап 100жастан асқан шағында дүниеден көшкен соң, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне апармақ ниетпен жолға шығады. Бірақ, ло мақсатқа жете алмаған. Жазғытұрымғы ауа-райы кенеттен ысығындықтан, мәйітті орп-шымқаған мұз түгелімен еріп кетеді. Мұндай жағдайда кеміне жарты ай жүретін ұзақ жолға мәйіттің бұзылмай шыдауы мүмкін емес. Сондықтан, жоғарыда айтылған тоғайлы жазыққа, әкесі Жомарттың қасына жерлеп кайтқан. Әкесі Жомарт атақты батыр адам болыпты. Сексеннен асқан шағында Қалба тауы ішіндегі қалмақтармен өткен бір шайқаста жараланып барып, жайлау үстінде дүние салыпты. Әкесінің мұнда қойылған себебі, бұрынғы Буденный атындағы және «Ұзын бұлақ» совхоздарының жері ол заманда Тоқабай руының жазғы, күзгі жайылым жерлері болған. Жайлауы бұрынғы Николаевка елді мекеніне дейін барған.

ССРО Жазушылар одағының мүшесі Қалихан Алтынбаев, байырғы журналист, көкпектілік Абылай Сарбасов, «Семей таны» газетіне берген «Кегенбай бидің асы» деген мақаласында былай деп жазады: Жомарттан 11 бала туған. Оның ішінде Кегенбайдың өз кіндігінен өрбігендер ақар-шақар. Ал Тоқабай руының өсімталдығын сипаттау үшін халық ақыны Сапарғали Әлімбетовтың «Молдабай балуан» дастанынан үзінді келтірейік:

Тоқабай –Жанболаттың өскен ұлы.

Жайлауға ши бойынан көшкен күні,

40 ауыл ауа көшсе жоктамайтын

Көптігінің белгісі дескен мұны.

Осындай өскелең рудың Ақсуат пен Көкпектіні мекендейтін қалың тобы, басқа да арнайы шақырылған қонақтар, маусым айының бір шуақты сенбісінде аталмыш тоғайлы жазықта бас қосты. Мақсаттары- аруақты бабаларының басына жаңадан мазар тұрғызу және Кегенбай биге ас беру. Ақсуаттықтырды бастап келуші аутком төрағасының орынбасары Төлеуғазы Нұрғалиев та, көкпектіліерді ұйымдастырған «Большевик» совхозының соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, «Абай жолы» эпопеясында айтылатын ер БІзғұттының шөбересі марқұм Әлімхан Далбин мен зейнеткер Мәулен Қапанов, Жакежай Жадранов, ақсуаттықтарды бастап келушілердің ішінде Жамбыл

Ахметкалиев, Мақсұтқали Тергемесов, Сайлау Кәрібаев, Ақыман Қасымжанов, Серік Мырзағалиевтар болды.

Тоғайлы жазыққа 6 киіз үй, 2 шатыр тігілді. 6 автобус арлы-берлі тасымал қызметін атқарды. 8 мың кірпіш пен 7 тонна цемент жеткізілген. Әйелдер жағы астың жабдығын мүлтіксіз даярлапты. Ет пен шай кезектесіп, дастархан үстінде ыстық тағамдар көздің жауын алғандай. Түйенің шұбатын сүйсіне жұтқан ақсақалдар Кегенбай би туралы, осы өлкенің арғы-бергі тарихы туралы ағыл-тегіл әңгімеге кірісті. Ақсуаттық журналист Нұрбек Сейілханов сол әңгіменің жуан ішінде.

Екі топқа бөлінген қалаушы шеберлер мен жастар кешке жақын екі төбешік басына алты қырлы ақ мазарды ақ кірпіштен тұрғызып үлгерді. Таушаларына қойылған құлпы тастарға мына сөздер ойылып жазылған:

«Жомарт Тоқабай баласы, 1700-1780 жыл», Кегенбай би Жомарт баласы 1735-1835 жыл. Ескерткіш тұрғызған ұрпақтары, 1991 жылдың маусым айы».

Мазарлар жанына жиналған көпшілікке Төлеуғазы Нұрғалиев арнау сөз сөйледі.

Екі ауданнан келген Мағыпар Файзуллин, Ахметхан Қилыбаев, Әшім молдалар бабалар рухына құран-қатым шығарды. Ырымдаған көпшілік қатым тағамдарын қыл үстінен бөліп әкетті.

Асқа сойылған жылқының бас сүйегі Жомарт мазарына апарып қойылды. Кегенбай қанша атақты болғанымен, әке тұрғанда балаға жол жоқ. Рәсім солай.

«Көп түкірсе-көл» деген емес пе, бұл науқанға да 150 мың сомнан астам қаржы жиналыпты. Соның келушілірге үлестіргеннен қалғаны Ақсуат пен Семей мешіттерінің есебіне аударылды.

Көкпекті аудандық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамның төрағасы Кашаф Шабанов тарихи ескерткіш ретінде бұл екі мазарат мемлекет қамқорлығына алынып, арнайы төлқұжат берілетінін айтты.

Тоқабай осыдан үш ғасыр ғана бұрын өмір сүрген адам. Шалдардың 1916 жылғы мәліметіне жүгінсек Кегенбай, ұрпағы сол кезде 350 түтінге жетіпті. Әр түтінде орта есеппен 5 адамнан болғанда қанша шығатынын санай беріңіз. Қазір бұл сан көбеймесе, азайған жоқ және олардың басым көпшілігі әкелі-балалы Жомарт пен Кегенбайдың ұрпақтары. Демографиялық жағынан осының өзі қызық факт.

Ата-бабаны қастерлеу халқымыздың өзіндік этнография ерекшелігі әрі бүгінгі, ертеңгі ұрпағымызға ой саларлықтай үлгі-өнеге. Ал астың осылайша молшылық сипатта, салтанатты өткізілуі жариялылық пен демократияның тікелей жемісі ғой.

Осындай ойға тоқтаған көпшілік күн екінтіге құлағанда жөн-жөніне тарасты. Айшықты екі мазарат батар күннің шапағына малынып қала берді. Бір кезде ел намысын қорғаған атақты биге деген халқының махаббаты ғой бұл.

Сол сәтте ұлы Абайдың:
Сүйер ұлын болса сен сүй,

Сүйсінерге жарар ол-деген ғибратты сәуегейлік өлеңі ойымызға оралады,- деп жазды.

Би бабаң менің мақсатым - құрамадан жисам да ел ету. құланнан жисам да мал ету деген қағиданы ұстаған екен.

Атакты Біржан мен Сара айтысында айтылатын:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай
Қай қазақ сөз бастаған бұдан бұрын,-

деген шумақтағы Шерубай, Қос Омар, Тұяқ әулие, Малбағар, Аякөз батыр, Молдабай балуан, Бияхмет Сарсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Ысқақ Кабеков, Жағылар Мұхаметжанов, Тана мырза Кегенбай бидің ұрпақтары мен жақын туыстары болып келетін тарихи тұлғалардың атасы екендігін айтқан орынды болар.

Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар, кезінде ел бірлігін сақтауда өшпес із қалдырған, қара қылды қақ жарған әділдікпен даңқы шыққан Ұлы би есімімен аталатын аудан орталығында көше болуы керек-ақ. Бұл мәселенің тек Ақсуат емес, Көкпекті ауданына да қатысты екенін айта кеткен жөн. Тарбағатай ауданындағы Екпін, Аққала деген мағнасыз атаулары бар елді- мекенге Кегенбай би атын берсе, нұр үстіне нұр емес пе! Аудан басшылары осындай игілікті істерді жүзеге асырса, аруақ та, халық та риза болар еді-ау!

Қандай жұмысқа кіріссе де, тереңінен біліп, тез бітіретін Бияш болатын. Оның тағы бір қасиеті қатарға мұқтаж шәкіртке, жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын. Жарлы шәкірттерге жанын салып болысын: «Байғұстар бірдеме алып қалсын, оқуынан қалмасын»- деп ылғи біреуді орналастырып, бірдеме тауып беріп, құрақ ұшып жүруші еді..... Оқу комиссариятының қандай ісі болсын, бір өзі басқарып бара жатыр еді.

Көпшілік жұмыстан арқасы босағандай Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) Бияшқа сенім артушы еді.

Бүкіл қазақ зиялы қауымы, көсемдері Әлекең (Әлихан Бөкейханов) Ахаң, Жақаң болып Бияш деп еркелетіпатап кеткен Бияхмет Сарсеновтың өлімі қайғылы қошеметтілікпен жөнелтіліп, елі күнірініп зор аза тұтылып өтті. Оның кабірі басына жазылған эпитафиялық өлең тексі (ӘӨИ 802 папка) қорында сақталған екен. Копия-көшірме деп белгілеуіне қарағанда, ақын арнайы көшіріп алса керек. Он бес жолдық эпитафиялық жыр былайша аяқталыпты.

«...Араздаспай, қоштаспай,
Туған ата-анамен,
Туысқан іні-ағамен.
Еңбегі елге сіне алмай
Құмарынан шыға алмай
Ойламаған арада
Отыз алты жасында
Қайтыс болды қапыда.

Бияхметтің мезгілсіз қазасына аза тұтқан ел жұрты:

Қарадай қасқыр соққан ер Абылай,
Дуалы ауызы ғып жаратты жақ.
Жұмақан, Бияхмет кетті жастан,
Жаралған артық болып әуел бастан
Орынбор шаһарында дүние салған.
Баласын түгел Найман қайғы басқан- делніпті

Халқын адал қызмет етіп жүрген жерлестері Дәлел мен Жанахмет жайында

Дәлел мен Жанахмет жеткіншегім,
Озып тұр осы күнде алты алаштан.
Ташкен мен Москвада жарлық айтып
Ұлына түгел қазақ үлгі шашқан – деп жырлапты.

Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының 6 ауылында (Ақсуат ауданы, Ақсуат совхозының Тарбағатай бөктеріндегі Әлжан қыстауында) Дәулетіне саулеті сай ауқатты бай Әлжан Сақауовтың отбасында дүниеге келген.

Отыншы Әлжанов Зайсандағы орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, Омбы мұғалімдер семинариясына түсіп, толық курсың бітіріп мұғалім болуға куәлік алады. Содан кейін Отыншы Әлжанов дала генерал губернаторының 1894 жылдың 19 маусымындағы арнайы бұйрығымен губернатор кенсесінде қызметке қалдырылады.

Мұнда бір жылға жуық жұмыс істеп губернатордың сынағынан өтіп, 1895 жылы 5 наурызда Ақмола облыстық сотына тілмәштік қызметке тағайындалады. Ол мұнда қызмет ете жүріп 1897 жылғы жалпы Ресей халық санағын жүргізу науқанына қатысады. Осы жылдары ол шығармашылық жұмыспен белсене шұғылданады. Отыншы Әлжановтың Омбы қалалық орыс-қазақ пансионындағы дәріс беру шеберлігіне тәнті болған округтық оқу инспекторы А Алектаров оны оқу-ағарту саласына қызметке тартады. Осы салада істей жүріп, оқу ісі жөніндегі заң жобаларын қарайтын комиссиясы жұмысына қатнаса жүріп 1907-1909 жылдары оншақты мектеп ашады. Отыншы тек бірыңғай оқу ағарту ісімен шұғылданып қоймай, жергілікті халық милициясын құрып, 1916 жылдың дүрбеленінде қатты күйзелген Жетісу қазақтарын ақтар мен қызылдардың тонаушылығынан құтқару жолында жүріп, Ауданымыздың төл тумасы «Алашорда» ұйымының 35 мүшесінің бірі болған Отыншы Әлжанов, қилы тағдырдың тәлкегінде жүріп Мақаншы қаласын қызылдар шапқанда, Отыншыны шаһид қылып сүйегін өртеп жіберіпті. Отыншының қазасы бүкіл қазақ халқын күңіrentкен азалы өлім болды, бүкіл қазақ даласы аза тұтты. Қазақ тілінде шығып тұрған баолық газет журналдар каза намалар арнады. Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Көшеке Кеменгеров сияқты қайраткер, қаламгерлер Отыншы Әлжановтың қоғамдық-әлеуметтік қызыметін жоғары бағалап арнайы мақалалар жазған болатын.

Ол туралы: « Ұят қызметінде жүріп құрбан болған Отыншы Әлжановтың мезгілсіз қазасына қайғырымыз. Марқұм алашорданың бір мүшесі еді. Құрылтайдың өкілі еді. Алаш баласына Отыншының шығыны батады, орны ойсырайды, әсіресе балшықтан кісі жасап ала алмай отырған Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жан ауырарлық іс болды, тағдырға шара бар ма?»

Марқұмның жаны жақсы жайда болып, қалғандарына сабырлық берсін деп тілейміз деп жазды Ж.Аймауытов («Абай» журналы, 1918жыл, 22 тамыз №9)

Жағыпар Мұхаметжанов осы ауылдан шыққан жалынды журналист.

Осы Жағыпардың бір эпизодын айта кетуді жөн көрдім. 1949 жылы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын жазып аяқтап, оны Қазақстан жазушылар одағы Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алуға ұсынады.

Сол кезде роман қазақша баспа бетін көреді де, оны Сталинге оқыту үшін орысшаға тездеп аудару қажеттігі туады. Содан Мәскеуде аудармашы болып істейтін бір қазақ бар, аударса сол тездеп аударар дегенді әркімдер нұсқайды. Сонымен Мұхтар Жағыпарды іздеп табады. Өңгімелесіп танысканнан кейін, Жағыпар Мұхтарға құда болып шығады, және Өзбек жағынан да таныс естіген тәрізді.

«Абай жолы» романындағы Құнанбайдың әпкесі Тайбала, Сақаудың бәйбішесі екені, Сақау Мұхаметжанның әкесі, одан Жағыпар туса, қалай жақын болмайды?! Сонымен келісін он-он бес күннің ішінде «Абай жолын» орысшаға аударарды, машинкаға бастырады. Машинистка «со скопом» деген сөйлемді, «со скотом» деп басады. Мұхтар оқып отырып «со скотом» депті. Ол қате шығар дейді Жағыпар. Ол «со скопом» ның қазақшасы «қасы қолаңымен» деген сөйлем деп түсіндіреді. Сонымен «Абай жолы» романының мазмұны СССР жазушылар одағы арқылы, Сталинге түсіндіріліп, Мұхтарға Лауреат атағы беріледі. 1950 жылдары Жағыпар Алматыға келіп, Қазақстан Жазушылар Одағында аудармашы болып жұмыс істейді. Сол кездерде ол СССР журналистер Одағының мүшесі еді. Осы қызметінде іштей жүріп, ол Ленин-Сталин шығармаларын орыс тілінен қазақ тіліне аударарды. Батухан, Шыңғысхан тағы басқа көптеген романдарды қазақшалағаны бар.

Смағұл Жарылқасов – осы ауданның Қазақстан Республикасының егемендік алуда жан аямай, жар құлағы жастыққа тимей «Қызыл тау» қырандарының командирі.(қол басшысы болған). Смағұл Жармақов Көкпектідегі екі кластық қазақ-орыс мектебін бітіргеннен кейін, Омбының гимназиясының заң факультетінің толық курсың аяқтайды. Одан кейін Омбы генерал губернаторының жарлығымен Зайсан уезіне уездік соттың төрағасы болып тағайындалады. Сонда жұмыс істейді. Уезге сол кезде Ақсуат, Зайсан, Көкпекті, Тарбағатай аудандары қараған. Кеңес Үкіметін қалыптастыру кезеңдерінде Үржар, Мақаншы аудандарында «Қызыл тау қырандары» отрядында қолбасшылық қызмет атқарады. Совет үкіметі орнығып қалыптасқаннан кейінгі жылдарда колхоздарды ұйымдастыру кездерінде, Жарма, Көкпекті, Ақсуат, Тарбағатай, Зайсан жерінде көп уақыт еңбек

етті. Көкпектінің Ажы, Қосаба аталатын жерінде колхоз ұйымдастыруға үлес қосты. Көкпектіден бөлініп, Ақсуат аудан болғанда 1935 жылы аудандық соттың төрағасы болып жұмыс істейді. Сот жұмысын жолға қоюда жанын сала еңбек етіп жүргенде 1937 жылы үндеместе ұсталып, содан оралады.

Ысқақ Кабекұлы – Кеңес Өкіметін орнатуға белсене араласқан жалынды күрескер, қоғам қайраткері. Ысқақ Кабекұлы 1892 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында, жылы таудың «Биесимас» аталатын Кабек қыстағында, кедей шаруаның семьясында дүниеге келген.

1909 – 1910 жылдары Көкпектідегі екі кластық орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін, Омбы қаласына келіп семинарияға түсіп, адам дәрігері мамандығын алады, яғни ол Ақсуат өңірінен тұңғыш шыққан дәрігер. (Омбы облыстық мемлекеттік архиві ф.197л. 69).

1917 жылы ноябрьде Ысқақ Кабеков өзінің серіктері Көлбай Төгісов, Шаймардан Әлжанов, Әбдрахман Қылышбаев тағы басқалармен бірге қазақ Социалистік партиясы «Үш жүзді» құрды. Ысқақ ұлы қазақ төңкерісінің жеңісінен кейін Петропавл жұмысшы солдат және шаруалар советінің құрамына еніп, оның өте жауапты міндетті шаруашылық, саяси әскери жұмыстарға тағайындалды. 1917 жылы желтоқсанда Петропавл Өкімет билігі толығынан большевиктер басқарған жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңесінің қолына көшкен кезде Ысқақ Петропавл қалалық, уездік кеңес құрамына сайланды. Ескі Өкімет құлап, Совет өкіметі орнағаннан кейін өндіріс орындары мемлекет қарауына көшті. Оған басшылық ету мақсатында халық шаруашылық кеңесі құрылды. «Үш жүз» партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ысқақ Кабеков «үш жүздің» атынан Петропавл уездік кеңесінің құрамына сайланды. Ол мынандай жауапты органдарында істеді: Уездік қаржы комиссиясының мүшесі, уездік халық шаруашылық кеңесі жер бөлімінің бастығы, оның әскер бөлімінің жауапты қызметкері, Петропавл кеңесінің мұсылмандар арасындағы жұмыстар жөніндегі бөлім бастығы, Революциялық трибуналдық жанындағы ерекше тексеру комиссиясының мүшесі болып істеді.

Уездік халық шаруашылық кеңесі құрылғанда да оның ең ірі және жауапты саласы жер бөлімін басқару және Совдептің шешімімен уездік жер бөлімінің комиссары болып Ы. Кабеков тағайындалды. «Үш жүз» партиясының басшылары деп жазды. С. Сейфуллин 1917-1918 жылдары ердің ерін сынайтын тарихи күндерде қызылдар жағында болды, революция жағына шықты. Қорыта айтқанда, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Үш жүз» Қазақ Социалистік партиясы Совет Өкіметінің платформасын қарағумен қатар, адам сынарлық Азамат соғысының ауыр кезеңінде большевиктермен бірге майданда болды, ақ гвардияшыларға қарсы күрес жүргізді, «Алаш» партиясының кейбір мүшелерінің контрреволюциялық әрекеттерін әшкереледі. Қазақ еңбекшілерінің олардың зиянды ықпалына түспеуге көмектесті. Өкінішке орай, Қазақ Социалистік партиясының тағдыры тым келте болды. 1918 жылы I маусымда Петропавл қаласында бүлік шығарған Чех әскерлерімен ақ қазақ-орыстар, ақ гвардияшылардың қолына көшті. 4-ші маусымнан бастап Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездерін басқару шетел

империалистерінің көмегіне сүйенген уақытша Сібір өкіметінің қолына көшіп, Совдеп уақытша құлатылды. Бұл жерлерде адмирал Колчак бастаған Сібір өкіметі құрылды.(Орталығы Омбы қаласы).

Осыдан кейін бұрын жасырын жауыздық әрекет жүргізіп келген капиталистер, помещиктер, кулактар қайта бас көтерді. Большевиктер мен «Үш жүз» басшыларына қарсы «Ақ тиррар» басталды. Олар «саяси большевиктер тізімі» деп аталатын қара тізімге тіркеліп, Омбы, Петропавл түрмелеріне қамалды. Барлық жерде Совдеп мүшелеріне, большевиктер ұйымының басшыларына, революционерлерге қарсы жаппай жазалау басталды. Реакциялық элементтер ұымдасқан ақтар тобы, Совдеп мүшелерін, большевиктерді тергеусіз, сотсыз атып, асып өлтіре бастады. Ы.Кабековтың сенімді серігі К.Сутушевты ақтар түрмеге жеткізбей көшеде азаптап өлтірді. Ал 9-маусымнан 10-шілдеге ауған түнде И.А.Дубинин бастаған бір топ совдеп басшыларын ақ гвардияшылар атып өлтірді. Омбы облысының мемлекеттік архивіндегі «Петропавл түрмесіне қамалған саяси большевиктердің тізімі» деген документте 100-ге тарта адамның аты-жөні тіркелген. Солардың ішінде жалынды күрескер Ы.Кабеков оның революционер серіктері Шаймардан Әлжанов, Сүлеймен Төленгітов, Мұқан Исмағанбетов, Жұмағали Есмағанбетов, Мұхаметжан Өсербаев тағы басқалар бар.

Қазақстанда Кеңес Өкіметін орнатуға белсене қатынасқан көрнекті қайраткер Сәкен Сейфуллин өзінің 1922 жылы жазылған «Октябрь төңкерісінің құрбандары» деген көлемді мақаласында Ысқақтың өлімі туралы былай деп жазды: «Қызылжарда Совет тарапынан құрылған уездік комиссар Ысқақ Кабекұлы алғашқы Совет өкіметіне қарсы көтеріліс болғанда Совет Өкіметін қорғап майданға шығып, қолға түсіп атылды. Дәрігерлік оқуды оқыған нашардың ері еді» деп келіп, «Нашар кедей топтың ұлы еді»,- деді. (С.Сейфуллин, шығармалар 5 том 297бет)

Қазақ халқының еркіндігін аңсаған, егеменді ел болуын армандаған, ерлік қажырлы еңбегімен танылған, үлкен сенімге ие болған жерлесіміз комиссар Ысқақ Кабекөвке 1995 жылы мамыр айының 8-і күні Екпін ауылында Ысқақ Кабекөвтың 100 жыл толу мерекесі үлкен той ретінде аталып өтілді. Ы.Кабекөвке арналған ескерткіш ашылып, Ы. Кабекөвты мәңгі есте қалдыру мақсатымен Екпін ауылындағы Жданов атындағы орта мектепке оның есімі берілді. Осындай өткізілген дүбірлі тойда әуесқой композитор бауырымыз Жекен Нурсалиннің Ысқақ атамызға арналған «Дауылпазы даланың» аты өлеңі де осы аста жарық көрген еді.

Дауылпазы даланың

От жалында шындалған,
Қайыспаған сындардан
Күрестерде дем берді,
Үміттер иен ізгі арман

Қайырмасы:
Арманы бар баланың

Дауылпазы даланың
Ысқақ ата есімі
Мақтанышы жерімінің
-/- -/- -/-

Қызыл туды көтерген,
Алғашқы болып осы елден
Енді көрсең даланды,
Арманына жетер-ең

Қайырмасы:

Көгілдір ту көгімде
Бүгін думан елімде
Мәңгі бізбен біргесің,
Үлесің бар сенің де.

Мен жоғарыда атаған Алаш азаматтарының өмір жолдары 2003 жылы жарық көрген «Ақсуат-Атамекенім» атты кітапта толығымен жазылған.

Кешегі ел басына күн туған қаһарлы жылдарда қанды майдан жорықтарға қатысып, Отан үшін кеудесін отқа төсеген жігіттердің біразы ортақ жауды жеңіп, еліне кеудесі қуаныш пен орден-медальдарға толық оралды.

Ұлы жеңіс үшін кеудесін окқа төсеп қасиетті Отанымыздың тәуелсіздігі жолында өз өмірін қиған жандар-да аз емес.

Ұлы Отан соғысында жауын қойша айдаған атақты барлаушы Байғабыл Оралбаев өз басым Ұлы Отан соғысы атанған кешегі қанды қырғынға қатысып, тәуекел деп тас жұтып қайтқандардың бәрін де бөле жармай батыр деп санайтын адаммын дейтін. Үстіннен гүрілдеп бомба түспек түгілі, құлағыңның түбінен ызындап біреп маса ұшып өтсе де мазанды алып бітеді ғой. Ал айлар, жылдар бойы аузынан ажал бүріккен аждаһамен алысу, алысу ғана емес оны құртудың алпыс екі айласын ойлап тауып, омыртқасын опыру оңай дегенді кімнің ғана аузы барып айта алсын деп партизан Қасым Қайсенов айтқандай, осы ауданда әрқашан арқа тұтып, асқар таудай көретін, туған халқы мен отаны үшін жаумен аянбай белдескен ағайымыз кешегі Байғабылды батыр демей не дейміз.

Қошықов Бейсенбек – бұл адамды Ақсуат өңірінде көп адам біле бермейді. Барлаушылық қызметі де, ешкімге белгісіз, өйткені жас күнінде елден кетіп содан оралмаған адам.

1949 жылға дейін барлаушылық қызметте болады. Германиядан барлаушылықтан оралғаннан кейін шетелге жеті адаммен барлаушылық қызметке қайта аттанады. Берілген тапсырмаларды мұқият орындап, 1953 жылы Москваға ұшып келе жатқанда, самолетті атып түсіріп, екі адам парашютпен ұшып түсіп иен далада аман қалады. Сол аман қалған бір орыс, бір қазақ азаматы далада ақ таспен от жағып, шегіртке етін пісіріп жеп, неше түрлі азапты күндерді басынан өткеріп, үш ай дегенде Москваға оралады. Сол жолы өкше кетеді бір көзден айырылады.

Москваға оралғаннан кейін, бұрында марапаттан кем емес Бейсенбекті «Ленин», «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» ордендерімен марапаттапты. Алайда алған наградаларына қарағанда, Отанға сіңірген еңбегі қомақты екені көрініп тұр.

Рахымжанов Сағындық кейінге дейін барлаушылық қызметі белгісіз болып келген еңбегі кейіннен газет бетінде жарық көріп барлаушылық саласында отанына сіңірген еңбегі сүбелі екенін айта кеткен жөн болар.

Қасымханов Габдрахман - майданның басынан аяғына дейін Беларусь майданы (қол басшысы Совет Одағының Маршалы В.И. Чуйков) 82 гвардиялық дивизияда (командирі Армия генералы Г. Хотагуров) болыпты. Сталинград, Польша, Висла мен Одерді, Берлинді алуға қатысқан, Цитадель бекінісін, Валдерга фортын, стратегиялық маңызы бар деревняны алуға қатынасып ірі ерлік көрсетіп ерлігін листовкамен самолет арқылы таратқан батырдың бірі осы Габең. Онымен қоса партизандық қызметте атқарып жау қолынан тірідей тіл әкелген, 1945 жылы 1-ші майды Берлинде мейрамдап 9-май жеңіс парадына қатнасқан ер жүрек жауынгердің бірі.

Ардагер ағамыз марқұм Мәулітай Сыдықов – жау тылынан байланыс жасаттырып, жаудың қару-жарақ эшелонын жайратқан жаужүрек батырдың бірі.

Сондай-ақ 1944 жылдың сәуірінен 1945 жылдың аяғына дейін көптеген ірі қалаларды жау қолынан азат етуде ерекше көзге түскен Бейсенбек Садықановты, ел басына күн туған қаһарлы күндерде қолына қару алып отанын қорғаған Кәдірбек Айтжановты, Ұлы Жеңіс үшін кеудесін оққа төсеп қасиетті Отанымыздың тәуелсіздігі жолында өз өмірін қиған сүйектері майдан топырағында қалған ержүрек жауынгер Сейіт Көккөзов, екі майдан жауынгері Абуғали Қонақов, гвардия аға лейтенанты 1944 жылы 1 Прибалтика майданында ерлікпен қаза тапқан Құсайын Сыдықов, 30.01.1944 жылы ерлікпен қаза тапқан Гомель дивизиясының атқышы Қабдуәкір Нұрғалиев, Кәкетай Қонақов тағы басқаларды айтуға болады. Олардан басқа осы рудан 300-ден астам, он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтарды туған жерінен соғыс айырды. Олар майданнан оралмады. Толарсақтан қан кешіп Отан үшін халқының келешектегі бейбітшілік өмірі үшін жанын қиған жауынгер бауырлас туыстар. Бұлар туралы:

Олар өлді, еш қызық көре алмады,
Жер бетіне жас дәнді себе алмады,
Олар қайта еліне оралмады,
Күзде піскен егінді көре алмады.
Олар өлді тек аспан сау болсын деп,
Олар өлді туған жер бар болсын деп,
Олар өлді тек арман сөнбесін деп,
Олар өлді өзгелер өлмесін деп,-

деген шумақпен аяқтағым келеді.

Заманында қырғыз педагогикалық техникумында оқыған Абылғазин Егізбай, Өрісбаев Мұталаптар болатын. Бұлар техникумда оқып жүргенде

Ахмет Байтұрсыновтың лекцияларын тындаған Мұхтар Әуезовтың ағасы сабақ берген, Қаныш Сатпаевпен бірге дәріс алған адамдар екен. Оқуды бітіріп келгеннен кейін Абылғазин Егізбай Қызыл - Кесік мектебімен мектеп жанынан интернатты ашып ұйымдастырушы және осы мектептің 1934 – 1937 жылға дейін директоры болып жұмыс істепті. Нұрбаев Кәрімді оқытып тәрбиелеген де осы кісі екен.

Өрісбаев Мұғалап пен Смағұлов Жағыпарлар алғашқы ашылған мектептерде ұстаздық еткен мұғалімдер екен. Кейінгі қоғам қайраткерлері үш ауданды басқарған Мұрат Сапоров, үш ауданды басқарып Бородулиха, Тарбағатай аудандарының, Шығыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы Болат Сапоровтар.

Ғылым саласындағы: Математика ғылымының докторы марқұм Нұрекенов Тоқтар, педагогика ғылымының кандидаты, доцент Тыныбаева Өжікен, техника ғылымының кандидаты, доцент Тергемесов Қажыбек, биология ғылымының кандидаты доцент Карменова Нұрсипа.

Осы ғылым саласындағы ағаларының жолын жалғастырып Медицина ғылымының кандидаты болып Гүлдарияға Төлеуғазықызы қосылды.

Ол туралы Серік ақын:

Жаның жаз, көңілің көктем парасатты,
Халқыңа көп тигіздің шарапатты.
Медицина ғылымының кандидаты,
Аталып алдың үлкен марапатты,
Дәрігерлік көмегіңді халқың көрген,
Сауығып сырқатынан жарық көрген,
Өзіңмен мақтанамыз, шаттанамыз,
Тапты деп орынын анық түрден.
Ғылыми озық ойларын өрістеген,
Қиындықты еңсердің жеңіспенен.
Ақ халатты дәрігерсің мейірімі мол,
Ақ халатты аумайсың періштеден.
Қорған болып ғылымның бір шетіне,
Дауа тапшы сырқаттың мың дертіне.
Гипократтың атына адал болып,
Белене бер халықтың құрметіне - депті.

Журналистика саласында: ақын әрі журналист марқұм Сейілханов Нұрбек, ақын Серік Жұматов, тілші Ұзан Габдуллин, кинорежиссер Серік Апырымов, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген артист, әрі әнші Майра Ильясова Әлімғазықызы, көрнекті әнші Бақыт Исаева, дуэтте келістіріп ән шырқайтын, Қарлығаш, Сандуғаш Орынбаевалар, кәсіпкер Қабытаев Төлеубек Құрмашұлы.

Білімі мен жігері,
Сай келіпті түгелі.
Бақыткамал баспагер,

Семейде ісі ірі еді.
Москва, Семей жерінде,
Оқыды, түйді көпіліне,
Ұстаз әрі экономист,
Мамандығы тегінде.
Ақын жазушылардың
Тарихи құнды кітабын
Бақыткамал шығарып,
Өтеген елдің мұқтажын.
Бақыткамал тұрғанда,
Кітап олар шығарма.
Алғыс айтып оқырман,
Қуана берер бұғанды –

деп ақындар жырлайтын Бақыт Сәдубайқызы.

Өскеменде зейнетақы төлеудің орталығын, аудандарда филиалдарын алғашқы рет ашып, жұмысын калыптастырған, зейнеткерлердің ықыласына бөленген Ғайникамал Нұрғалиқызы еді. Ақындар:

Талапты да, талантты, қабілетті,
Қайсар да, қайраткерде әділетті,
Сегіз қырлы, бір сырлы парасатты,
Қазақтың қызына тән ақ жүректі.
Шуақ шашқан алысқа маңайына,
Қамқоршы да, ақылшы ағайынға.
Кісілік келбетімен іскерлігі,
Мәңгілік тағылым болып тарайды да.
Әрине биік әлі шығар шыңы,
Сәт сапар тілеуде елі, ұғар мұны.
Жарқырап шығыстың шок жұлдызындай,
Мол әлі де баршаға құяр нұры.
Халқыңның қызы болдың басы байлы,
Ешкімде марапатты азсынбайды.
Елбасының ілініп назарына,
Кеуденде «Құрмет орден» жарқырайды.
Еліңмен, жұртыңменен мақтанасың,
Сондықтан көп сенімін ақтағансың,
Бұл күнде мәртебелі депутат боп,
Тексеру комиссиясын асқарасың,- деп баға беріпті.

Журналист сықакшы Кәрімұлы Тұрлықан Президент сыйлығының иегері, өмірде бес кітабы жарық көрген қаламы жүйрік жазушының бірі. Әскери шендегі Мухаметжанов Тоқан, мемлекет қайраткері Жаментиков Тельман, Шегедеков Бағылан, Ерлан, осы рудың азаматтары. Ақылды да, байыпты болжампаздық үлгісімен, адамгершілік қасиеттердің толып жатқан, мәңгі ұмытылмас ешқашанда ескірмейтін өнегелі істерімен, парасатты даналығымен

мәңгілік ел есінде қалған аналарымыз: Мұрын, Мақпал, Өрік, Ақбарша, Зере, Күнкелер осы елдің мақтанышы. Барлығын айта келе осы әңгімеге арқау болып отырған баланы сөз етсек, баланың адам болып шығуы Алланың берген ақылы мен тегіне байланысты деген сөз бар. Ол былай өріліпті:

Текіден текті туады,
Тектілік тұқым қуады.
Тегі бекзат адамдар,
Әрқашан биік тұрады.- делініпті.

Сондықтан, әрине ұрпағымыз тегіне тартып, биіктен көрініп жатса неге қуанбасқа?!

№	Қазақ билерінің аты- жөні	Өмір сүрген уақыты		Билікті бастаған жасы	Жасаған жасы	Билік басында болған уақыты
		Туған жылы	Өмірден өткен жылы			
1.	Ноғай Едіге би Қабанұлы	1352	1419	9 - 10	67	57
2.	Үйсін Төле би Әлібекұлы	1660(68)	1750(56)	9	90	81
3.	Қаракесек Қазыбек би Келдібекұлы	1667	1764	13	97	84
4.	Алшын Әйтеке би Бәйдібекұлы	1644	1700	7	56	46
5.	Найман Кегенбай би	1735	1835	13	100	87
6.	Жалайыр Балпық би Дәріжалұлы	1696	1784	12	88	76
7.	Керей Жобалай би Байсейітұлы	1730	1818	10 - 12	88	76
8.	Сырым би Датұлы	1712	1802		90	
9.	Қарауыл Бекболат би Қанайұлы	1714	1795		81	
10.	Матай Қыдыралы Бөрібайұлы	1740	1807	9 - 10	67	57
11.	Есентемір Бөкен би	1771	1856	17	85	68
12.	Найман Сасан би Мыңбайұлы	1780	1830	12	50	38

13.	Матай Мұжық би Байжанұлы	(XVIII-ғ. Екінші жартысы мен XIX-ғ. бірінші жартысында өмір сүрген) – 13 жасында				
14.	Абай би Құнанбайұлы	1845	1904	10	59	49
15.	Шорман би	(XIX-ғ. өмір сүрген) – 11 жасында				
16.	Сыбан Аққожа би	(XVIII-ғ. аяғы XIX-ғ. басы) – 13 жасында				
17.	Киікбай Айтуғанұлы	(XIX-ғ. өмір сүрген) – 11 жасында				

Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс дейді сапарға шыққан кісі!
Ата-ананды үйдегі сыйлай білсең,
Сол емеспе пақыр-ау тиімдісі, -

деп Шал ақын жырлағандай, алдыңғы толқын ағаларының ізін басқан Серікбол Төлеуғазыұлыда, өзінің үлкенді құрметтеу, Әкені асқар тауға балап ақылын алу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жалғастырған, кішіпейіл, көпшіл, ақкөңілдік, ақниеттілік, сабырлылық, әдептілік, байсалдылық, зиялылық, имандылық, кісілік, қайсарлық, қонақжайлық, мұсылмандық, парасаттылық, салауаттылық, ұлтжандылық мінезімен, оған Алла берген осындай бекзаттық қасиеттерінің арқасында өзі істеп жүрген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери қарсы барлау департаменті қызметкерлері мен өзіне қарайтын әскери округтердің офицерлері мен солдаттары арасында өте сыйлы да беделді болыпты. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында Отанына қызмет етіп, ел қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауға арнаған Секонның өмір жолы кейінгі өскелең жастарды Отаншылдыққа баулуға үлгі-өнеге болады деп ойлаймын. Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен көрікті, артында бар оңалар деп жатады. Құдайға тәубә, Секонның артында қалған балалары ер жетіп келеді.

Ықылым замандағы патшалы Ресейдің архивтік құжаттарындағы бүкіл қазақ еліне белгілі болған атақты билердің аты жөндері мен өмір сүрген уақыты және билік басында болған мерзімдері туралы архивтік құжат деректері:

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	9
Әріптестер әлемінен.....	15
Алғыр қызметкер.....	16
Үлкен жүректі бауырым жөнінде бірер сөз.....	17
Оставил о себе добрую память.....	19
Он был хорошим примером.....	21
Личность Серикбола.....	22
Ортамыздың сәні еді.....	23
Достықтың туын тік ұстап, Қасқайып шығар алдыңнан.....	24
Қайталанбас қайран тұлға.....	25
Настоящий друг.....	29
Жалған дүние.....	30
Теңдесі жоқ нағыз дос.....	31
Жақсыдан шарапат.....	32
Асыл аға.....	32
Командир аға.....	33
Сыныптастардың сыры мен шыны.....	34
Оны ерекшелендіретін – адамдық қасиеті.....	35
Әттең, жалған өмір-ай.....	36
Тонның ішкі бауындай едік.....	38
Еске алудың қиыны-ай.....	40
Он жыл бірге оқыған қимас сыныптасым.....	42
Қайран Серікбол.....	43
Ұмытылмайтын дос.....	44
Ақжаркын еді.....	45
Бір ауылдың түлегі едік.....	46
Жан досым.....	47
Жан едің қия алмайтын.....	48
Туған ағайым еді.....	49
Для меня был как наставник.....	51
Ему всегда можно положиться.....	52
«Солнечный человек».....	52
Нағыз әке.....	53
Досымызға арнау.....	54
Өшпес бейне.....	55
Туыстар тебіренісі.....	58
Қайран жас, кемеліңе келмей кеттін.....	59
Орны бөлек бауырым.....	62
Құлагер ғұмыр.....	64
Ақкөңіл, адал азамат еді.....	65
Жақсының аты өлмейді.....	66
Арманға толы жүрек.....	67
Его отличало порядочность.....	69

Аналық ақыл.....	71
Жаны жайсаң еді.....	72
Ақжарқын бауырым-ай.....	74
Жаны жайсаң жарқыным едің.....	76
Аяулы інім едің.....	77
«Елім» - деген ер еді.....	78
Сағындым сені Секотай.....	79
Ақкөңіл бауырым еді.....	82
Жарқын ғұмыр.....	85
Дархан мінезімен ерекшеленген.....	86
Жарқырап өткен жасындай асыл бейне.....	87
Сүйікті жар, асқар таудай ардақты әке еді.....	89
Бір алланың рахметінде бол, Секошым!.....	94
Өзектегі өкініш.....	99
Теңдесі жоқ ағам туралы естелік.....	105
Аяулы да,ақылшы ағам еді.....	110
Әкемдей болған жездем еді.....	112
Ардақты ағам туралы естелік.....	113
Жан ағатайым, Серікбол!.....	114
Ең сүйікті жан.....	116
Ардақты ағам еді.....	117
Жоқтаулар.....	118
Анасының жоқтауы.....	119
Әкесінің жоқтауы.....	122
Ағасы Ниязбек Шаяхметұлының жоқтауы.....	124
Қожа-Ахмет Садуақасұлының көңіл айтуы.....	125
Қобалжыған көңіл, өткінші өмір иірімдері.....	126
Қазанама.....	131
Марапаттар.....	141
Алған мемлекеттік марапаттары.....	141
Қолтанбасы.....	143
Бабалар	147
бастауы.....	
Токабай елі.....	147
Билік тұғырында.....	156
Мазмұны.....	179

*Серікбол Төлеуғазыұлы туралы
естелік кітап*

АҚҚАН ЖҮЛДЫЗ

Редакторы: Мұрат Иманжапар
Техникалық редакторы: Қарынбаева Д.

Теруге 04.04.2013 ж. жіберілді. Басуға 15.04.2013 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 15.2.
Есептік баспа табағы 15.0. Тапсырыс № 217

«Үш биік» ЖІІС баспа орталығы
Семей қаласы, Герцен көшесі. 52/43
т.ел.: (7222) 77-34-02, 56-83-30

